Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен Қазақстан Республикасындағы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бағдарламада «E-learning» электронды оқыту жүйесі бойынша білім беру сапасын және басқару тиімділігін арттыру үшін оқу процесін автоматтандыру, педагогтар мен оқушыларды ең жақсы білім беру ресурстарына және технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсаты атап көрсетілді. [2]

Компьютердің білім беру құралы ретінде кең таралуының негізгі алғышарттарын ғалымдар төмендегідей саралайды:

1. Компьютер шексіз ақпарат әлемінде енуге және ақпаратты жүйелі түрде талдап, сараптауға мүмкіндік береді.
2. Компьютер адамның зерттеу-танымдық әрекетінің әмбебап құралы ретінде ерекшелінеді.
3. Өзге құралдардан компьютердің ерекшелігі – оның қатысымдық құрал бола білуі. Яғни, білімгер, ол арқылы қатысымның барлық түрлерін жүзеге асыра алады. Бұл – мәтіндерді оқу, сұхбат жасау, жазу, тыңдау әрекеттері. Тіл үйренуде бұл мүмкіншіліктер ең маңызды болмақ.
4. Құрал білімгерлерге өз әрекеттерінің нәтижесін айқын көрсете алады. Білім алуда дұрыс шешім жасай білуге деген оқушылардың өзіндік тәсілін, стратегиясын қалыптастырады.
5. Компьютердің көмегімен жаттығулардың кешенді түрлерін аз уақытта орындау мүмкіншілігі туындайды.

Ағылшын тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Тіпті нашар оқитын оқушылардың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, өйткені кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді.

Компьютерде мәтінмен жұмыс жасау барысында тапсырмалар төмендегідей бірнеше бөлімдерден болуы мүмкін:

1. Берілген мәтіннің тақырыбын ашу;
2. Мәтіндегі кейіпкер тобын ажырату (кейіпкердің аты-жөні, ұнамды ма, ұнамсыз ба?);
3. Қызықты оқиғалар бойынша суреттер салу;
4. Мәтін мазмұнында кездесетін қанатты сөздерді жазу;

5. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою;
6. Мәтіннің әрбір бөліктеріне тақырып қою;
7. Ұнаған тақырыбына қысқаша өз ойын жазу.

Компьютермен жұмыс жасағанда ең тиімді программалардың бірі – Microsoft Power Point. Ол мұғалімге қысқа мерзімде өзінің үлкен дидактикалық материалдармен қамтамсыз етіп, компьютерлік білімін даярлауға көмектеседі. Сондай-ақ, ол оқушылардың есте сақтау, көру, есту, ойлау, эмоционалды, автоматты және т.б. қабілеттерін ашады.

Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда оқушы:

- лексиканы оқып үйретеді;
- сөйлеу ырғағын;
- диалог, монолог және рөлдік ойындарды;
- хат жазуға үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі.

Ғалым М. Ушаков ағылшын тілін оқыту әдістемесін зерттей отырып, компьютерлік телекоммуникациялар ағылшын тілінде тірі, шынайы қарым-қатынастарды ұйымдастыруға мүмкіндік беретінін айтады. Бұл телекоммуникацияның дидактикалық қасиеті шынайы тілдік орта құру үшін керемет мүмкіндіктер туғызады [3, 18-бб.].

Интерактивтік оқыту технологиясы – бұл коллективтік, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту процесін ұйымдастыру.

Интерактивтік оқыту – бұл, ең алдымен, оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады. Сабақтағы интерактивтік әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушының әрқайсысына қажет есепті бірлесіп шешуге алып келетін ұйымдастыру және сұхбаттасып қарым-қатынас жасауды дамытуды ұсынады. Интерактив бір көзқарастың немесе бір ғана сөйлеуішінің басым болуы жағдайын болдырмайды.

Ағылшын тілі сабағында интерактивті тақтаны қолдану жолдары әр түрлі болып келеді. Ол сабақтың түріне, сабақ өту әдіс-тәсілдеріне, сабақтың тақырыбына, сабақтың құрылымына байланысты. Ағылшын тілі сабағында интерактивті тақтаны қолдану өте тиімді. Мұғалім аз күш жұмсап, көп нәтижеге жете алады. Тіл үйрену барысында мұғалім тақырып бойынша материалдар жинап, слайдтар мен тапсырмалар жасап дайындаса, оны бір сабаққа ғана пайдаланбай, сақтап қойып, қайталау сабақтарында қайта пайдалануына әбден болады.

Ағылшын тілі сабағында интерактивті тақтаны қолданудың қарапайым жолы компьютер арқылы тақта бетіне тақырып бойынша өтілетін жаңа сөздерді оқылуымен жазып ал аудармасын суреттер арқылы көрсетіп, тіл үйренушілерге ұсынуға болады. Нәтижесінде тіл үйренушілер жаңа сөздерді суреттер бойынша есінде жақсы сақтайды, жазылуын тақтадан оқығандықтан көру арқылы есінде сақтайды. Жаңа сөздерді арнайы жазылған дискілерді тақта арқылы оқушыларға тыңдатып, соңынан қайталатып айтқызу керек. Оқушылар дискіден тыңдаған ағылшын тілінде сөйлеушінің дауыс ырғағына, әріптерді дыбыстауына, сөздегі буындарға түсірген интонациясына көңіл бөле отырып, сол сөйлеушіге еліктеу арқылы жаңа сөздердің айтылуын есте сақтайды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиясын ағылшын тілі сабағында қолдану ерекшеліктеріне мыналарды айтуға болады:

1. Мультимедиялық мүмкіндіктерді қолдану: музыкалық немесе дикторлық дайындау, анимация, графикалық қойылым, бейнеклиптер, слайд-шоу және т.б.

2. Жүйенің басқару құрылымы – оқытушы өз ойын, көзқарасын, өз кезегінде материалдың ұсынылуын, әр түрлі аудиторияға бір ғана оқу мәліметтерін ұсынуға мүмкіндік алады және анықтамалық жүйе ретінде қолдана алады.

3. Жүйенің білімді бақылаумен тез арада нәтиже алуы, орындалған жаттығулардың бағалануы.

Осы ерекшеліктерді пайдалана отырып, мынадай жетістіктерге қол жеткізуге болады:

1. Кроссворд, кесте және сызбаларды құру үшін дербес компьютерді қолдану арқылы грамматикалық және лексикалық оқу материалдарын өңдеу;

2. Досына ағылшынша хат жазу мен дұрыс безендіруді үйрену, т.б.

3. Ағылшын кабинеті үшін ағылшын тіліндегі сөздерді сауатты безендіру мен көркемдеуді білу.

4. Дербес компьютерді пайдалану арқылы оқушылардың өзіндік және топтық жұмыс жасауды игеру мен білім алуды кеңейту.

5. Интернет желісін пайдалану арқылы оқушылар электронды пошта арқылы хат-хабар алмасу, өзінің ойын еркін жеткізу, білім қорына ену, сөздіктер мен энциклопедияларды пайдалана алады, т.б.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Жолдауында «Тілдердің үш тұғырлылығы» стратегиясын жедел іске асыру қажеттілігі атап өтілді.

«Тілдердің үш тұғырлылығы» жобасы Тілдерді дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына енгізілген. Жобаның басты мақсаты – қазіргі өркениет дәуірінде қазақ қоғамының бәсекеге қабілеттігін арттырып, тұғыры берік ұлт қалыптастыру. Бұл арада қоғамда мемлекеттік тілдің дамуын шектейді деген қобалжуға негіз жоқ. Елбасының өзі бұл жөнінде «Қазақ тілін оқыту әрдайым басымдықта бола береді» деп атап айтты. Ағылшын тілінің қажеттігі – бұл әлемдік бағыт және, сондай ақ, көзге көрініп тұрған қажеттілік. Ал орыс тілін жақсы білу – біздің байлығымыз, одан айрылу ойланбастық болар еді.

Егер біз қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік меңгерсек, біз үшін бұл аса зор артықшылық болады. Оқушылардың шығармашылығын, ізденушілігін дамытып, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін, білімге ынтасын арттыруға мүмкіндік туды. Қазіргі талап деңгейінде оқушыларды ойландыратындай, сезіндіретіндей, өздігінен жұмыс жасай алатындай ақпараттық-коммуникативтік құралдарды тиімді пайдаланса, ағылшын тілі сабақтарында үлкен жетістіктерге жетуге болады.

Әдебиеттер:

1. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы: РБК, 2000. – 200 б.
2. Қазақстан Республикасы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Президентінің 2010 жылғы. 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығы. – Астана, 2010.
3. Бәйнеш Ш.Б. Шетел тілін үйретуде ақпараттық технологиялардың қолданылуы // Ағылшын тілін оқыту әдістемесі. – 2009. – №2. –12-17 бб.
4. Сенғалиева С.С. Интерактивті тақта мүмкіндіктерін қолдану. Бастауыш сыныпта оқыту. – 2010. – №5. – 35 б.

Резюме

Развитие науки, появление новых информационных образовательных технологий, компьютеризация учебного процесса, а также необходимость реализации проекта «Триединство языков» требуют нового подхода к обучению английскому языку. В Послании Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Стратегия вхождения Казахстана в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира» подчеркнута необходимость подготовки учеников, соответствующих мировым стандартам. Рассматриваются проблемы методики обучения и реализация в учебном процессе информационно-коммуникативных технологий и интерактивных методов обучения. При этом особое значение уделяется изучению английского языка, созданию возможностей для формирования языковой и коммуникативной компетенций обучающихся посредством использования информационных технологий.

Summary

The development of science, appearance of update informational and educational technologies, computerizing of learning process, and the necessity of project realization «Triune of languages» require asome new approaches in learning English at universities. In the annual message of president of RK N.A. Nazarbayev «Strategy of Kazakhstan’s entering into the 50 highly competitive countries of world» is written that it is necessary to train students who meet the world’s requirements, taking into account the the learning of English, creation of possibilities for forming the language competence of students through using information technologies. New technologies and modern methods of teaching of English are discerned in this article.

In this article is offered introduction information technologies in scholastic process. That’s why higher education is to oriented to train competitive specialists who meet the modern social offer.

ҚЫЗЫЛОРДА БЕКЕТІНЕ КЕЛІП ТҮСЕТІН ЖҮКТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ-ЖӨНЕЛТУ ҚЫЗМЕТІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУДЫҢ МОДЕЛІ

Х.Қ. БЕКМҰРАТОВА,

М.Т. АЙМБЕТОВА,

магистранттар

Ж.Р. ҮРГЕНІШБАЕВА,

магистрант,

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы*

Қазіргі кезде әлемде кеңінен компьютерлік анықтама-хабар жүйелері беріледі, оладың көмегімен қысқа мерзім ішінде керек анықтаманы аламыз.

Теміржол тасымалы отанымыздың көліктік инфрақұрылымының негізгі элементі болып табылады. Сондықтан, аталмыш проблеманы стратегиялық тұрғыда шешу компанияның ғана емес, мемлекеттік деңгейдегі маңызды мәселе.

Жүк тасымалдауды ұйымдастыру теміржол саласының тоқтап қалусыз, үзіліссіз жұмыс істеуіне жүкті тасымалдауды жоспарлау негіз болады. Тасымалдаудың жоспары жылдық жоспарлау, айлық жоспарлау және өтінім негізіндегі жүк жөнелту болып бөлінеді.

Басты жоспарлау тасымал көлемін және теміржол саласы даму стратегиясын анықтауға мүмкіндік береді. Жылдық жоспарлау есебімен халықаралық тасымалдың транзитті тарифін қолдану сұрақтары ыңғайланады. Жоспарланған айлық тапсырыс бойынша жүк тасымалдау келісімнің бірі болып табылады. Жүкті тасымалдау тапсырысының түрі, оны ресімдеудің тәртібі, толтырылуы, орындалуы, есептеу мен енгізілген өзгерту Жүк тасымалдау Ережесімен қарастырылады.

Жүктерді тасымалдауды жоспарлауда тасымалдаушы, жүк жіберуші, жүк алушы, экспедитор тасымалдау үрдісінің қатысушылары болып табылады. «Теміржол көлігі туралы» ҚР Заңына сәйкес тасымалдаушы белгіленген мерзімде қабылдап алуды, ал жүк жіберуші тасымалдауға келісілген мерзімде жүк беруге міндеттеледі.

Қызылорда бекетіне келіп түсетін жүктерді қабылдау – жөнелтуші төмендегідей тапсырыстарды орындайды: тасымалдау, тиеу, түсіру, сақтау және жүкті беру.

Қабылдау – жөнелтуші станцияда төмендегідей міндеттерді орындайды:

- Кедергісіз жүкті қабылдау.
- Құжаттарды әзірлеу және қабылдау есебін жүргізу, жіберу, тиеу және түсіру.
- Қызметкерлермен тиеуге қатысушы жұмысшылардың еңбек барысындағы қауіпсіздігін бақылау.
- Тиеуге, түсіруге, өлшеуге жүкке қатысты жұмысты басқару және оған қатысатын техникамен механизмдерді дұрыс пайдалануды қамтамасыз ету.
- Өз уақытында жүкті жіберуге бар мүмкіндікті пайдалану, жұмыс барысында олардың бүлінбеуін, сақталуын, тиелуін, түсіруін ақау жібермей орындау.
- Түсіру тиеу алдында вагон аузындағы пломбаларды тексеру және олардың дұрыс болуын қадағалау.
- Келген жүкті қоймаларға дұрыс жинау және орынды дұрыс пайдалануын бақылау.
- Техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау өртке байланысты әрекеттерді қатаң бақылау және алғашқы өрт сөндіру әдістерін білуді үйрету.
- Таразыны жұмыс қалпында таза ұстау, жүкке маркировка жасауға керек құралдарды дайындау және вагондарға пломба басатын құралдардың дайын болуы.
- Коммерциялық актыларды жасауды білу жалпы формасын және ұсыныс жасауға арналған актілерді білу.

Қабылдау және тапсыру кезекшілігін қабылдау – жөнелтуші білуге міндетті және станцияда орнықтырылған кітаптарға қол қойғызып өткізу.

Қабылдаушы – жөнелтуші кезекшілікті алған кезде станцияда төмендегідей міндеттерді орындау:

- Қабылдаушы – тапсырушыдан жұмыс туралы ақпаратты білуге міндетті.
- Жүкті тексеру және жүкті қоймадағы жүкпен құжаттарды салыстыруға, оның салу және уақыт мезгілдерін шыққан және жіберген кездерін баратын жерін тексеруге міндетті.

- Егер жүктің құжаттары болмаса не жүктің өзі болмаса, тапсырушы – қабылдаушы жедел түрде өзінен жоғары тұрған тиісті орындарға бекітілген ереже бойынша коммерциялық акті жасауға міндетті және оны іздеуге атсалысуы керек.

- Тасылуға тиісті жүктің және басқа да заттардың құжаттарын, атын, ярлығын рәсімдеуге арналған барлық құжаттармен бланкілерді тексеруге міндетті.

- Таразылардың дұрыстығын тексеру және оған керек құрал-саймандардың дұрыстығын қадағалау жүкті түсіретін, тиеу-түсіру құралдарының жай-жапсарын білу өртке қарсы саймандардың дайын тұруы жарық және қойманың жағдайын қадағалау.

Тасымалдауға алынған жүктерді қабылдаушы – жөнелтуші қабылдау кітабына тіркеп ЛУ-60 формасымен рәсімдеп жіберуге дайын етеді.

Қабылдаушы – жөнелтуші жүкті жібермес бұрын станцияда барлық құжаттарға талдау жасап кететін жүктің бағытын білуге тиісті. Барлық жіберілетін жүкке жіберу тізімі екі данамен жасалады. Жіберілу тізімі анық, ашық жасалуға тиісті. Әрбір қатарға бір ғана заттың аты жазылуға тиіс. Тиелу, тиеу құжаттарымен әрі міндетті түрде жол ведомостын салыстыра отырып тиеуге міндетті. Қабылдаушы – жөнелтуші станцияда келесі қабылдаушы – жөнелтушіге міндетті түрде жол ведомостын құжаттармен бірге өткізеді.

ГУ-26 формасында жазылған өткізу тізімі басты құжат болып табылады. Сонымен қабылдап әрі жүкті тиеу, түсіру вагоннан қабылдаушы – жөнелтуші үшін негізгі жұмыс.

Жүкті вагоннан түсірер кезде поезда қабылдаушы – жөнелтуші өткізу тізімін жасайды. Бланкінің жоғарғы жағына жүкті түсіріп алған станцияның атын жазады, поездің, вагонның нөмірін, онда аты және жолдың аты әрі бекеттегі жүк қабылдаушының тегі көрсетіледі.

Қабылдаушы, жөнелтуші адамдардың қолтанбасы бекеттерде анық, айқын жазылып, сол мекеменің қызметтік мөрімен анықтайды.

Қызылорда станциясына келіп түсетін жүктерді қабылдау – жөнелту жұмыс орындарын автоматтандыру жұмысы алға қойылады. Бұл жүйе ену, өзгеру және ақпарат іздеу ережелерінен тұруға тиісті. Бұл қабылдау – жөнелту қызметі «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының мәліметі негізінде жүзеге асырылады.

Қабылдаушы – жөнелтушінің міндеттері мен функцияларын қарастырамыз. Бұл жағдайда автоматтандырылған жұмыс орны мына төмендегі тапсырыстарды шешуге міндетті:

- 1) Қабылдаушы – жөнелтуші туралы мәндерді ендіру;
- 2) Тарқатушы жайында мәндерді ендіру;
- 3) Жүк жіберушілер жайындағы мәліметтерді ендіру;
- 4) Қабылдау және жөнелту станцияларын есепке алу;
- 5) Алынған және жіберілген жүктерді есепке алу;
- 6) Тапсыру тізімін жасау және т.б.

Қазіргі таңда МҚБЖ-ны құру үшін көптеген жаңа заманғы жоғары деңгейлі бағдарламалау жүйесі бар. Алға қойылған есепті шешу үшін жаңа заманғы кең тараған мәліметтер қорын басқару жүйелерінің артықшылықтарын, кемшіліктерін және ортасын анықтап салыстырмалы таңдалады

Visual Basic бағдарламалаудың әмбебап құрал болып табылады, бірақ біз оның мүмкіндіктерін мәліметтерді өңдеу бойынша қосымша құру жағынан ғана қарастырамыз.

Көптеген бағдарламалар пакеттерінен айырмашылығы «Visual Basic»-те жасаушының барлық қалған интерфейс элементтерін қосатын басты терезе болмайды. Оның әрбір элементінде өзінің тәуелсіз терезесі болады, оларды басқаларына тәуелсіз экранның кез келген жеріне орналастыруға немесе алып тастауға болады.

«Visual Basic»-ті іске қосқанда құру режиміне түсесіз және қалыпты жағдай бойынша жаңа жоба құруға дайын форма ашылады. «Visual Basic»-тің негізгі мүмкіндіктері, ақпаратты өңдеу үшін қосымшаны құру кезінде қолдану, мәліметтерге қол жеткізу үшін олардағы объектілерді тарату Data Access Object (DAO), берілгендерді басқару элементтерінің жұмысы үшін арналған 32 разрядты мәліметтер процессоры – JET 3.0 көмегімен болады.

Visual Basic жаңа заманғы барлық визуалды жобалаудың жүйелері сияқты объектілі-бағытталған бағдарламалау болып табылады. «Visual Basic»-те жазылған кез келген қосымша объектілердің жиынтығын көрсетеді.

Кез-келген қосымшаны құру келесі кезеңдерден тұрады:

1. Тапсырма орнатып қою. Болашақ қосымшаның жұмыс принциптерінің сипатталуы, осы қосымшаның экрандық форма түрлері.
2. Интерфейстің құрылуы. Формадағы барлық объектілерін және қасиеттерін пайдаланып қосымшаның экрандық формасын құру.
3. Бағдарламалау. Процедуралардың бағдарламасын жазу және осы оқиғалар үшін процедура алгоритмін құру, қосымшаның жұмысы процесінде қандай оқиғалар орындалатынын анықтау.
4. Бағдарламаны жөндеу. Жобалау ортасында қосымша қанағаттанарлық жұмыс істеу үшін және процедуралардағы логикалық қателерді жою.
5. Жобаны сақтау және компиляция жасау (Жобалау ортасынан тыс өздігінен жұмысқа қабілетті, жобаның орындалатын қосымшаға айналуы).

Қосымша интерпретация немесе компиляция режимінде жұмыс істеуі мүмкін. Қызылорда бекетіне келіп түсетін жүктерді қабылдау-жөнелту қызметінің ақпараттық жүйесін Visual Basic әмбебап бағдарламау тіліндегі көрінісі төменде көрсетілгендей.



Әдебиеттер:

1. Брайан Сайлер, Джефф Споттс. Использование Visual Basic 6. Классическое издание // Special Edition Using Visual Basic 6. – М.: Вильямс, 2007.
2. Билл Семпф. Microsoft Visual Basic 2005 для «чайников» // Visual Basic 2005 For Dummies. – М.: Диалектика, 2006.
3. Игорь Сафронов. Visual Basic в задачах и примерах. – СПб.: БХВ-Петербург, 2008.
4. Дан Эпплман. Win32 API и Visual Basic. Для профессионалов // Dan Appleman's Visual Basic Programmer's Guide to the Win32 API. – СПб.: Питер, 2001.

Резюме

Практически все пользователи имеют дело с офисными пакетами Microsoft, причем многие из них адаптируют эти продукты в соответствии со спецификой своих конкретных задач, используя внутренний макроязык. Например, VBA. В статье изложены основы работы создания собственных приложений, а именно организации транспортирования железнодорожного груза в Visual Basic.

Summary

Practically all users deal with the office packages of Microsoft, thus many of them adapt these products in accordance with the specific of the certain tasks, using an internal macro language. For example, VBA. This article is sanctified to fundamental bases of work of creation of own applications, namely organizations portage railway load in Visual Basic.

ОПТИМИЗАЦИЯ ЗАПРОСОВ В РАСПРЕДЕЛЕННЫХ И ПАРАЛЛЕЛЬНЫХ СИСТЕМАХ УПРАВЛЕНИЯ БАЗАМИ ДАННЫХ

У.Ж. АЙТИМОВА,

кандидат физико-математических наук

Г.Д. ТАЖИКОВА,

магистрант,

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,

Республика Казахстан

Распределенные и параллельные системы управления базами данных (СУБД) предоставляют ту же функциональность, что и централизованные, если не считать того, что они работают в среде, где данные распределены по узлам компьютерной сети или многопроцессорной системы.

Рассмотрим вопросы, связанные с оптимизацией выполнения запросов в распределенных и параллельных СУБД, а также некоторые открытые вопросы по оптимизации времени обращения к устройствам хранения данных в СУБД и времени передачи данных по сети.

Обработка и оптимизация запросов

Обработка запроса (query processing) – это процесс трансляции декларативного определения запроса в операции манипулирования данными низкого уровня. Стандартным языком запросов, поддерживаемым современными СУБД, является SQL. *Оптимизация запроса (query optimization)* – это процедура выбора «наилучшей» стратегии выполнения запроса из множества альтернатив.

Для централизованной СУБД весь процесс состоит обычно из двух шагов: *декомпозиции запроса (query decomposition)* и *оптимизации запроса*. Декомпозиция запроса – это трансляция его с языка SQL в выражение реляционной алгебры. В ходе декомпозиции запрос подвергается семантическому анализу; при этом некорректные запросы отвергаются, а корректные упрощаются. Упрощение заключается, в частности, в исключении избыточных предикатов, которые могли быть привнесены за счет использования представлений, а также исходя из ограничений безопасности и семантической целостности. Упрощенный запрос преобразуется в алгебраическую форму.

Для заданного SQL-запроса существует более чем одно алгебраическое представление, причем некоторые из них могут быть «лучше» других. «Качество» алгебраического выражения определяется исходя из объема затрат, необходимых для его вычисления. Традиционная процедура состоит в том, чтобы сначала оттранслировать SQL-запрос в какое-нибудь выражение, а затем, применяя правила эквивалентных алгебраических преобразований, получать из него другие алгебраические преобразования, пока не будет найдено «наилучшее». При поиске «наилучшего» выражения используется функция стоимости, в соответствии с которой вычисляется сумма затрат, необходимых для выполнения запроса. Этот процесс и называется оптимизацией запросов.

В распределенной СУБД между шагами декомпозиции и оптимизации запроса включаются еще два действия: *локализация данных (data localization)* и *глобальная оптимизация запроса (global query optimization)*.

Исходной информацией для локализации данных служит исходное алгебраическое выражение, полученное на шаге декомпозиции запроса. В исходном алгебраическом выражении фигурируют глобальные отношения без учета их фрагментации или распределения. Основная роль локализации данных заключается в том, чтобы локализовать участвующие в запросе данные, используя информацию об их распределении. На этом шаге выявляются фрагменты, реально участвующие в запросе, и запрос преобразуется к форме, где операции применяются уже не к глобальным отношениям, а к фрагментам. Как отмечалось выше, правила фрагментации выражаются посредством реляционных операций (селекции для горизонтальной фрагментации и проекции для вертикальной). Распределенные отношения реконструируются путем применения инверсии правил фрагментации. Это называется *программой локализации*. Программа локализации для горизонтально (вертикально) фрагментированного отношения

представляет собой объединение (union) (соединение (join)) соответствующих фрагментов. Таким образом, на шаге локализации данных каждое глобальное отношение запрос заменяется его программой локализации, а затем результирующий фрагментный запрос упрощается и реструктурируется с целью получения другого «хорошего» запроса. Для упрощения и реструктуризации могут использоваться те же правила, что и на шаге декомпозиции. Как и на шаге декомпозиции, окончательный запрос над фрагментами может быть еще далек от оптимального; данный процесс лишь исключает «плохие» алгебраические запросы.

Исходной информацией для третьего шага является фрагментный запрос, т.е. алгебраическое выражение над фрагментами. Цель глобальной оптимизации – найти стратегию выполнения запроса, близкую к оптимальной. Напомним, что нахождение оптимальной стратегии – вычислительно трудноразрешимая задача. Стратегию выполнения распределенного запроса можно выразить в терминах *операций реляционной алгебры* и *коммуникационных примитивов* (операций send/receive), используемых для пересылки данных между узлами. На предыдущих шагах запрос уже был в определенной мере оптимизирован, в частности, за счет удаления избыточных выражений. Однако проведенная оптимизация не зависела от характеристик фрагментов, например их мощности. Кроме того, на предыдущих шагах еще не учитывались коммуникационные операции. Путем изменения порядка операций внутри одного фрагментного запроса можно получить много эквивалентных планов его выполнения. Оптимизация запроса заключается в нахождении «наилучшего» плана из множества возможных планов, исследуемых оптимизатором.

Оптимизатор запросов обычно представляется в виде трех компонентов: пространство поиска, модель стоимости и стратегия поиска. *Пространство поиска* – это множество альтернативных планов выполнения исходного запроса, которые эквивалентны в том смысле, что они дают один и тот же результат, но различаются порядком и способами выполнения отдельных операций. *Модель стоимости* – это способ оценить стоимость данного плана выполнения запроса. Для достижения точности модель стоимости должна основываться на точных знаниях о среде параллельных вычислений. *Стратегия поиска* – это способ обхода пространства поиска и выбора наилучшего плана. Она определяет, какие планы и в каком порядке следует выбирать и оценивать.

В распределенной среде функция стоимости, часто определяемая в единицах времени, оценивает затраты вычислительных ресурсов, таких как дисковое пространство, число обменов с дисками, время центрального процессора, коммуникации и т.д. Обычно это некоторая взвешенная сумма затрат ввода-вывода, центрального процессора и коммуникаций. В распределенных СУБД применяется упрощенный подход, когда в качестве наиболее значимых рассматриваются лишь коммуникационные затраты. Это справедливо для глобальных сетей, где из-за ограниченной пропускной способности линий связи пересылки данных обходятся значительно дороже, чем при локальной обработке. Чтобы определить порядок выполнения операций, необходимо оценить стоимость выполнения планов с другим порядком операций. Определение стоимости выполнения до реального выполнения запроса (статическая оптимизация) основано на статистике фрагментов и формулах для оценки мощности результатов реляционных операций. Таким образом, решения, принимаемые в ходе оптимизации, зависят от имеющейся статистики фрагментов.

Важным аспектом оптимизации запросов является *порядок выполнения соединений*, поскольку его изменение может привести к ускорению на несколько порядков. Базовый метод оптимизации последовательности распределенных операций соединения заключается в применении операции полусоединения (semijoin). Основное преимущество полусоединений в распределенной системе – это сокращение размеров операндов, участвующих в соединениях, и, следовательно, коммуникационных затрат. Однако в более современных методах, учитывающих, наряду с коммуникационными расходами, также и затраты на локальную обработку, полусоединения не используются, поскольку они приводят к увеличению объема локальной обработки. Результатом работы глобального оптимизатора является оптимизированное алгебраическое выражение, включающее коммуникационные операции над фрагментами.

Параллельная обработка запросов в целом подобна распределенной обработке запросов. Она опирается на преимущества внутрizaпросного параллелизма, а также межоперационного параллелизма. Под *внутрizaпросным параллелизмом* понимается одновременное выполнение сразу нескольких операций (например, операций выборки), относящихся к одному и тому же запросу. Внутрizaпросный,

как и межзапросный параллелизм реализуется на основе *разделения данных*, аналогичного горизонтальному фрагментированию.

Внутриоперационный (intra-operation) параллелизм достигается за счет выполнения операции сразу на нескольких узлах многопроцессорной машины. Для этого необходимо предварительное разбиение операндов, т.е. их горизонтальная фрагментация по узлам. Способ разделения базового отношения относится к области физического проектирования базы данных. Обычно разделение производится путем применения некоторой хэш-функции к тому атрибуту отношения, который будет часто являться атрибутом соединения. Набор узлов, в которых хранится отношение, называется *домашним набором (home)*. *Домашним набором узлов операции (home of an operation)* называется набор узлов, в которых она выполняется; он должен совпадать с домашним набором узлов ее операндов, чтобы операция имела доступ к своим операндам. Это значит, что для бинарных операций, таких как соединения, может потребоваться перераспределение (repartitioning) одного из операндов. В некоторых случаях оптимизатор, возможно, сочтет целесообразным провести перераспределение обоих операндов. Для реализации внутриоперационного параллелизма в параллельных СУБД применимы некоторые методы, разработанные для распределенных баз данных.

Межоперационный (inter-operation) параллелизм имеет место, когда одновременно выполняются две или более операции, независимые или связанные общим потоком данных. Термином *поток данных (dataflow)* мы обозначаем форму параллелизма, реализуемую методами *конвейерной обработки (pipelining)*. При *независимом* параллелизме операции выполняются одновременно или в произвольном порядке. Независимый параллелизм возможен, только если операции не содержат в качестве операндов общих данных.

Распределенная и параллельная обработка запросов

Как обсуждалось выше, на этапе глобальной оптимизации для исходного фрагментного запроса генерируется оптимальный план выполнения. При этом принимаются решения относительно упорядочения операций, перемещений данных между узлами, выбора тех или иных локальных или распределенных алгоритмов выполнения операций. С этим шагом связан ряд серьезных проблем. К ним относятся ограничения, привносимые стоимостной моделью, выбор подмножества языка запросов, соотношение между затратами оптимизации и затратами выполнения, интервал оптимизации/реоптимизации.

Существует естественная связь между затратами на оптимизацию и качеством результирующего плана выполнения. Высокие затраты на оптимизацию оправданы для регулярно выполняемых запросов, поскольку стоимость оптимизации окупается снижением затрат на выполнение и амортизируется многократностью выполнения. Однако нерационально тратить слишком много ресурсов на оптимизацию однократно выполняемых секундных запросов. Большую часть затрат оптимизации составляет поиск в пространстве решений, представляющих альтернативные планы выполнения. Для распределенных систем характерны большие размеры пространства решений, поскольку число распределенных стратегий выполнения очень велико. Следовательно, важное значение здесь имеют исследования, направленные на выработку эффективных методов обхода пространства решений, исключающих его исчерпывающий перебор.

Глобальная оптимизация запросов производится заранее до их выполнения, поэтому она называется статической. Основная проблема, возникающая в связи с этим, заключается в том, что модель стоимости, которая использовалась при оптимизации, со временем становится неточной, как из-за изменения размеров фрагментов, так и из-за реорганизаций базы данных, проводимых для балансировки нагрузки. Таким образом, задача состоит в том, чтобы определить оптимальные интервалы рекомпиляции/реоптимизации запросов с учетом соотношения затрат на их оптимизацию и выполнение.

Литература:

1. Griffiths Selinger P., Astrahan M.M., Chamberlain D.D., Lorie R.A. and Price T.G. Access Path Selection in a Relational Database Management System // SIGMOD. – 1979. – P. 23-25.
2. Baru C K, Fecteau G., Goyal A., Hsiao H., Jhingran A., Padmanadhan S., Copeland G. P., Wilson W.G. DB2 Parallel Edition // IBM Systems J. – 1995, 36, – № 2. – P. 293-296.

3. Koval V.N., Savyak V.V., Sergienko I.V. Tendencies of modern supercomputer systems development // Control Systems and Computers. – 2004, 6. – P. 31-44.
4. DB2 Information Center in the internet. – <http://publib.boulder.ibm.com/infocenter/db2help>.
5. Кузнецов С.Д. Методы оптимизации выполнения запросов в реляционных СУБД. – http://citforum.ru/database/articles/art_26_12.shtml.
6. Sumit Ganguly, Akshay Goel, Avi Silberschatz. Efficient and Accurate Cost Models for Parallel Query Optimization // PODS'96 Montreal Quebec Canada. -1996.– P. 173, 175 – 177.
7. Shanakar Ramaswamy, Sachin Sapatnekar and Prithviraj Banerjee. A Convex Programming Approach for Exploiting Data and Functional Parallelism on Distributed Memory Multicomputers // International Conference on Parallel Processing. -1994. – P. 3 – 4.

Түйіндеме

Мақалада таратылған және параллельді мәліметтер базасын басқару жүйесіндегі сұрақтарды орындалуын оптимизациялау сұрақтары қарастырылған. Мәліметтер базасын басқару жүйесіндегі мәліметтерді сақтау құрылғыларымен тиімді жұмыс атқару және жүйе арқылы мәліметтердің берілу уақыты жөніндегі кейбір сұрақтар қарастырылған.

Summary

In this article has shown all the matters of functions with optimical convex programming systems also, some matters for optimical exploiting dates on distributed memory on parallel processing.

ӘОЖ 004.421:004.715:316.772.5

КОМПЬЮТЕРЛІК ЖЕЛІЛЕРДЕ МАРШРУТТАУ АЛГОРИТМДЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Ұ.Ж. ӘЙТІМОВА,

физика-математика ғылымдарының кандидаты

А.Ә. ЫБРАЕВА,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,

Қазақстан Республикасы

Компьютерлік желі тез және дұрыс жұмыс істеуі үшін маршруттау алгоритмін пайдалануға болады. Маршруттау алгоритмдерін мынадай сипаттамаларымен ерекшеленеді [1]:

- алгоритм негізінде шешілетін есептері бойынша;
- желі туралы ақпараттар жинау және бейнелеу принципі бойынша;
- тиімді маршрутты есептеу әдісі бойынша.

Сонымен қатар маршруттау алгоритмдері жоғары дәрежеде келесі талаптарды қанағаттандыруы тиіс:

- таңдалған маршрут неғұрлым тиімді болуы тиіс;
- алгоритмнің іске асуы өте қарапайым болғаны, ал сонымен қатар оның пайдаланылуы есептеу қуаттылығына байланыссыз болуы керек;
- алгоритмнің кері қайтарылу орнықтылықтылығы жоғары болуы керек;
- алгоритмнің өзгертілетін шарттарға бейімделуі жылдам жүргізілетіндей болуы тиіс.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып маршруттау алгоритмдерінің мынадай түрлерін бөліп көрсетуге болады:

➤ пайдаланылатын маршруттарының маңыздылығы бойынша:

- 1) статикалық;
- 2) динамикалық;

➤ маршруттық ақпараттармен алмасу принципі бойынша:

1) арнаның күйі;

2) дистанциялық-векторлық;

➤ белгіленген маршруттарының саны бойынша:

1) бір маршруттық;

2) көп маршруттық;

➤ маршруттаудың құрылымы бойынша:

1) бір деңгейлік;

2) иерархиялық;

➤ доменге байланысы бойынша:

1) ішкі домендік;

2) доменаралық;

Маршруттаудың статикалық алгоритмдері маршруттау кестелерінің желі әкімшілігі қолдан құрған кестесіне негізделеді де, қарапайым байланысқан топологиялы үлкен емес желілерде ғана қолданылады [2].

Маршруттау кестесінің динамикалық немесе адаптивтік алгоритмдерінде және сәйкесінше маршруттардың өздері желі топологиясының өзгеруіне байланысты тұрақты жаңарып отырады.

Арналар күйі алгоритмдерінің дистанциялық-векторлықтан айырмашылығы – маршруттық ақпараттың қайда жәберілетіндігін және қандай ақпаратты тарату керектігін анықтайды. Маршруттық ақпарат таратылуы барлық желі маршрутизаторларындағы маршруттар кестесінің үйлесімді жұмыс істеуін реттеу үшін қажет. Арналар күйі алгоритмдері жаңартылған маршруттық ақпаратты азғантай бөліктерге бөліп алу арқылы оларды барлық бағыттар бойынша таратылуын қамтамасыз етеді. Дистанциялық-векторлық алгоритмдер үлкен көлемді ақпараттардың хабарламаларымен алмасуды ұйымдастыра алады, алайда мұндай алмасулар тек көршілес орналасқан маршрутизаторлар арасында ғана жүргізіледі.

Әр түрлі алгоритмдер бойынша қандай да бір түйін немесе ішкі желіге жетуі үшін бір немесе бірнеше маршруттарды анықтауы мүмкін. Көпмаршруттық алгоритмдерде өткізу қабілетіне және басқа да көрсеткіштеріне байланысты мүмкін болатын әр маршрутқа бумалардың жіберілу жолдарының арасынан таңдалу артықшылықтарын белгілеп көрсетуге болады. Сол таңдалғандардың арасынан бір маршрут негізгі, ал қалғандары резервтік болып белгіленеді [2].

Бір деңгейлік және иерархиялық алгоритмдер маршруттаудың сәйкес жүйелерінде ғана жұмыс жасай алады. Бір деңгейлік жүйедегі барлық маршрутизаторлар бір-біріне байланысты тең құқылы болып есептеледі. Иерархиялық маршруттау әрбір деңгей ішінде өзінің меншікті маршруттауынан тұратын иерархиялық ішкі желілерге бөліне алатындай үлкен желілерге арналады.

Маршруттау жүйесі домендер немесе аумақтар деп аталатын логикалық түйіндер тобына бөлінуге мүмкіндік береді. Олардың өздері өз кезегінде маршруттаудың жеке алгоритмдері бойынша домендер ішінде ғана әрекет ете алатын болса, басқалары домендерден тыс жұмыс істейді, ал кейбіреулері домендер арасында да жұмыс жасай береді [5].

Алгоритмдер маршруттарының арасынан тиімдісін анықтау үшін осы маршруттар бойынша мәліметтердің жіберілуін сипаттайтын көрсеткіштерді қолдануы мүмкін, ондай көрсеткіштердің мысалы ретінде маршруттың ұзындығы, байланыс арнасының сапасы және т.с.с. алынады. Мұндай көрсеткіштерді маршруттар өлшемдері деп атайды.

Өте күрделі алгоритмдердің өлшемдері ретінде бірнеше көрсеткіштердің аралас пайдаланылуын алуға болады.

Маршруттау алгоритмдерінде көбірек тараған өлшемдер ретінде мыналар алынады:

- маршрут ұзындығы – әдетте бұл хоптардың саны, яғни бумалардың қажетті адреске жету жолындағы өтетін маршрутизаторларының санын білдіреді;
- сенімділік – байланыс арнасының кері қайтарылу орнықтылықтылығы деңгейі немесе осы арна бойынша биттердің жалпы санына пайда болған қателіктер байланысы;
- өткізу жолағының ені – байланыс арнасының өткізу қабілеттілігін сипаттайды;
- кідіріс – буманың бастаудан белгіленген бөлімге дейінгі уақытта маршрутизаторлар өңделуі кезіндегі күтетін уақыт;

- түйіндер арасының физикалық қашықтығы;
- байланыс бағасы және т.б.

Желілік бағдарламалардағы барлық амалдық жүйелердің фундаменталдық бірлігі ретінде сокет алынады. Файлдық енгізу-шығарудың функцияна ұқсас файлдық жүйемен өзара әрекеттесу интерфейсі анықтайтын сокет бағдарламаны желімен байланыстырады. Сокеттердің бірнеше түрлері кездеседі, дегенмен жиірек кездесетіні мынадай үш түрі [3]:

- SOCK_STREAM – сенімді дуплекстік хаттаманы логикалық байланысты қосудың негізінде қамтамасыз етеді. Егер ең көп таралған TCP/IP хаттамалары болса, онда бұлардың арасында қазір ең кең таралғаны TCP деп есептеледі.

- SOCK_DGRAM – дейтаграммалардың сенімді жеткізілу қызметтерін қамтамасыз етеді. TCP/IP шеңберінде бұл UDP хаттамасы болады.

- SOCK_RAW – IP, TCP, UDP, ICMP хаттамаларының қызметтік өрістеріндегі тақырыптардың барлығына практика жүзінде қол жеткізе алады.

Практика жүзінде аталған сокеттердің алғашқы екі түрі жиірек қолданылады. Олардың жұмыстары жайлы көптеген мақалалар мен кітаптарда жазылған. Ал бұл дипломдық жұмыста сокеттердің (төменгі деңгейлік сокет) үшінші түрінің бағдарламалануы қарастырылады. Кей жағдайларда IP, TCP, UDP, ICMP бумаларын көрсетілген қызметтік өрістермен, айталық, порттарды сканерлеу, файервол арқылы өту, амалдық жүйесін анықтау немесе DOS-шабуылы жасалғанда пайдаланылуы мүмкін, құру қажет болады. Осы аталған жағдайларда ғана төменгі деңгейлік сокеттермен жұмыс істеген ыңғайлы болғандықтан, дипломдық жұмыста IP, TCP, UDP, ICMP бумаларының генераторы қарастырылады. RAW сокеттермен жұмыс істегенде ең алдымен Winsock 2.2 кітапханалары, оның негізгі құрылымдарын жұмыс барысында пайдалана білу қажет болады.

Әдебиеттер:

1. Олифер В.Г., Олифер Н.А. Компьютерные сети, принципы, технологии, протоколы. – СПб.: Питер, 2000.
2. Пятибратов А.П. и др. Вычислительные машины, системы и сети. – М.: Статистика, 1991.
3. Компьютерные сети: Учебный курс, 2-е изд. Microsoft Press. – М.: Русская редакция, 1999.

Резюме

При организации взаимодействия двух или более компьютеров для получения работоспособной сети достаточно использования базовой сетевой технологии, которая представляет собой согласованный набор протоколов, реализующих их программно-аппаратных средства для построения вычислительной сети. Протоколы и оборудование сетей, построенные на основе базовых технологий, специально разрабатываются для совместной работы, что избавляет от необходимости использовать дополнительные средства для организации их взаимодействия.

Summary

At the organization of interaction of two or more computers for receiving an efficient network use of base network technology suffices. The base network technology is the coordinated set of the protocols realizing them of hardware-software means, sufficient for creation of the computer network. Protocols and the equipment of the networks constructed on the basis of base technologies, specially are developed for collaboration that relieves of need to use additional resources for the organization of their vzamiodeystviye.

WEB-ҚОСЫМШАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ӨЗАРА ҚАТЫНАС ИНТЕРФЕЙСТЕРІ

Ұ.Ж. ӘЙТІМОВА,

физика-математика ғылымдарының кандидаты

А.Е. БАЛМАХАНОВА,

техника ғылымдарының магистрі,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,

Қазақстан Республикасы

Интернет торабындағы түрлі объектілердің өзара қатынасы (ISO-International Organization for Standardization) жалпы халықаралық стандарттық ережелері мен талаптарына сай құрылады [1].

Бұл стандарт үш тақырыптан тұрады: «Ақпаратты есептеу жүйесі – ашық жүйелер, өзара қатынасы – Эталонды модель». Әдетте оны қысқаша «Ашық жүйелердің өзара қатынасының эталонды моделі» деп айтады. Осы құжаттың негізі болып табылатын негізгі мақсаты, жүйеаралық ақпараттық өзара қатынас процесін, нақты анықталған қызметімен деңгейлерге бөлу.

Өзара қатынас моделі ретінде OSI (Open System Interconnection) Америка ұлттық стандарт институты ұсынған құрылым болды. ANSI (American National Standards Institute) ISO 7498 телебайланыс саласындағы стандарт болып табылады [1].

Әр салалы ұйымдық өзара қатынастың артықшылығы – ол деңгейлік стандарттың дербес жоспарымен қамтамасыз етеді және ақпараттық есептеу жүйесінің бағдарламалық қамтамасыз етуі және құрылымының модульді болуы, осы саладағы техникалық дамудың деңгейіне ықпал етеді.

Көп деңгейлік моделді қолданғанда, торап түйіндерінің арасында ақпараттың орнын ауыстыру үшін ең кіші бөлшектерге бөледі, демек, мәселелерді жеңіл шешуге ықпал етеді.

Көп деңгейлік модель ақпарат қалай бір қолданбалы бағдарламадан, мысалы, кестені өңдеуден, басқа компьютерлік торапта тұрған, сол кестені өңдейтін екінші қолданбалы бағдарламаға өту жолын сипаттайды [2].


Мысалы, 1-суретте көрсетілген А жүйеде В жүйесіне жіберетін ақпарат бар. А жүйесінің қолданбалы бағдарламасы, А жүйесінің 4-деңгейімен (жоғарғы деңгей) байланыса бастайды да, өз кезегінде, А жүйесінің 3-жүйесімен байланыса бастайды. Сөйтіп А жүйесінің 1-деңгейіне жетеді. 1-деңгейдің міндеті ақпаратты тораптың физикалық ортадан алып беру. Осыдан соң ақпарат тораптың физикалық ортадан өткеннен кейін В жүйесіне келіп түседі де, В жүйенің әр деңгейінде өңделіп отырады. Бұл құбылыс кері ретпен 1-ші деңгейде, сосын 2-деңгейінде жүреді, т.с.с. В жүйесінің қолданбалы бағдарламасына жеткенше орындалады.

Көп деңгейлік модель өзара қатынастағы жүйенің деңгейімен тікелей байланыстыру бағытын ұстамайды, демек, А жүйесінің аралас деңгейінің көмегіне сүйену керек. Мысалы үшін, А жүйесінің 4-деңгейі В жүйесінің 4-деңгейімен байланысқа түсуі керек дейік. Ол үшін А жүйесінің 4-деңгейі А жүйесінің 3-деңгейінің көмегіне сүйену керек. Сонда 4-деңгей «көмек алушы» болып есептелінеді, ал 3-деңгей «көмек беруші» болып есептелінеді [2].

Мысалы, А жүйесі В жүйесіне бір мәтінді жібергісі келеді дейік. Мәтін деректер немесе ақпарат деп алынады. Бұл мәтін А жүйесінің қолданбалы бағдарламасынан, осы жүйенің жоғары деңгейіне беріледі. А жүйесінің қолданбалы деңгейі В деңгейінің қолданбалы деңгейіне белгілі бір ақпаратты жіберуі керек, сондықтан ол өз деңгейінің басқарушы ақпаратты тақырып түрінде, берілетін тиісті нақты мәтіннің алдына орналастырады. Осындай жолмен құрылған ақпараттық блок, өз өзіне меншікті басқарушы ақпаратпен оны ескерте алатын А жүйесінің 3-деңгейіне беріледі [2].


Хабарлама мөлшері төмен деңгейлер арқылы торапқа жеткенге дейін өседі. Мұнда мәтіннің түпнұсқасы және онымен түгелдей байланысқан басқарушы ақпарат, В жүйесіне көшеді және В жүйесінің 1-деңгейімен жұтылады. В жүйесінің 1-деңгейі түскен ақпараттан тақырыбын бөліп алады және өңдейді, содан кейін ол келіп түскен ақпараттық блокты қалай өңдейтінін анықтайды. Мөлшерлері азайтылған ақпараттық блок 2-деңгейіне беріледі. Ол берілетін деңгейдің тақырыбын бөледі және

оның орындайтын әрекетін білу үшін сараптайды. Қашан ақпараттық блок В жүйесінің қолданбалы бағдарламаларына жеткенде, ол тек түпнұсқалы мәтінге ие болу керек [3].



Сурет 1. Берілгендерді жіберу ортасы

Көрсетілген қызмет туралы ақпарат деңгейлер арқылы, ақпараттық блоктар арқылы беріледі. Бұл тақырып деп аталынады. Тақырып әдетте берілген қолданбалы ақпараттың алдында болады.



Сурет 2. Әр түрлі деңгейдегі деректердің инкапсуляция блоктары

ISO 7498 стандартына сәйкес ақпараттық өзара қатынастың жеті деңгейі (қабаттары) белгіленеді:

1. Физикалық деңгейі (Physical Layer);
2. Каналдық деңгейі (DataLink Layer);
3. Тораптық деңгейі (Network Layer);
4. Транспорттық деңгейі (Transport Layer);
5. Сессиялық деңгейі (Session Layer);
6. Ұсыну деңгейі (Presentation Layer);
7. Қосымша деңгейі (Application Layer).

Екі не одан да көп жүйенің ақпараттық өзара қатынасы, ішкі деңгейлік жүйелердің ақпараттық өзара қатынасының жиынтығын береді. Сайып келгенде, локальді ақпараттық жүйелердің әрбір қабаты, сәйкесінше алыстатылған жүйенің қабатымен өзара қатынаста болады [3].

Ақпараттық жүйелердің қабаттары (деңгейлері) бір-бірімен өзара қатынаста болады. Онда тікелей өзара қатынасқа тек көршілес деңгейлер қатысады. Әдетте, орта деңгей төменгі деңгей ұсынатын қызметтерді пайдаланады, ал өзі өз кезегінде жоғарғы деңгейге қызмет етеді.

Интерфейс – берілген деңгейдің объект ісімен өзара қатынасы сәйкес жүзеге асатын ережелердің жиынтығы.

Тораптық өзара қатынастың иерархиялық ұйымдасуы, мәліметтердің тасымалдау технологияларында орны басылған өңделген құрылымдарды және олардың өзгерістерге тез бейімделуін қамтамасыз етеді. Мысалы, физикалық тасымалдаушы арқылы мәліметтерді тасымалдаудың жаңа әдісіне көшкенде, тек қана төменгі деңгейде өзгеріс орын алады. Егер хаттамалар жүйесі ISO 7498 талаптарына сәйкес ұйымдасса, жоғарғы деңгей өзгеріссіз қалады. Тәжірибе жүзінде берілген стандарттың талаптары хаттама стектері түрінде жүзеге асады [3].

Стек – өзара қатынас хаттамаларының иерархиялық ұйымдасқан тобы.

Стекке жататын хаттамалар арнайы интерфейссті иемденеді. Олар тек сол стектің сәйкес деңгейлерінің хаттамаларымен өзара қатынасы үшін арналған. Мұндай стектердің мысалы ретінде TCP/IP стегін келтіруге болады. Әдетте, 7-5 деңгейлер жоғарғы болып есептеледі және нақты тораптың ерекшеліктерін көрсетпейді. Пайдаланушының (хабарлама) мәліметтер блогы осы деңгейлермен біртұтас ретінде қарастырылады. Өзгерістерді тек мәліметтердің өздері өткеруі мүмкін.

Кейде 1-3 және 4 деңгейлер OSI төменгі деңгейлері болып саналады. Бұл деңгейлердің әрбірінде мәліметтерді ұсыну форматы анықталады. Стектің 4-деңгейінен біріншіге өту барысында пайдаланушының хабарламасы тізбектей фрагменттеледі және сәйкес деңгейдің мәліметтер блогының тізбегіне түрленеді.

Инкапсуляция – фрагменттелген мәліметтер блогының бір деңгейден басқа деңгейдегі мәліметтер блогына орын ауыстыру процесі [4].

Әдетте, жоғары деңгейлі хаттамалар деректері төменгі деңгейдегі хаттамалар деректерінің блогына инкапсуляцияланады (тораптық-каналдық). Сонымен қатар, аттас деңгейдегі хаттамалар үшін де инкапсуляция орындалуы мүмкін.

Әдебиеттер:

1. Джефф Раскин. Интерфейс: новые направления в проектировании компьютерных систем / Пер, с англ. – СПб.: Символ – Плюс, 2003.
2. Торрес Роберт Дж. Практическое руководство по проектированию и разработке пользовательского интерфейса – Пер. с англ. – М.: Издательский дом «Вильямс», 2002.
3. Коутс Р., Влеймник И. Интерфейс «человек – машина» / Пер с англ. – М.: Мир, 1990.
4. Гасов В.М., Соломонов Л.А. Инженерно-психологическое проектирование взаимодействия человека с техническими средствами: Практическое пособие / Под ред. В.Н. Четверикова – М.: Высшая школа, 1990.

Резюме

Пользовательский интерфейс представляет собой совокупность программных и аппаратных средств, обеспечивающих взаимодействие пользователя с компьютером. Основу такого взаимодействия составляют диалоги. Под диалогом в данном случае понимают регламентированный обмен информацией между человеком и компьютером, осуществляемый в реальном масштабе времени и направленный на совместное решение конкретной задачи: обмен информацией и координация действий. Каждый диалог состоит из отдельных процессов ввода-вывода, которые физически обеспечивают связь пользователя и компьютера.

Summary

The user interface represents set program and the hardware providing interaction of the user with the computer. The basis of such interaction is made by dialogues. As dialogue in this case understand the regulated exchange of information between the person and the computer, carried out in real time and directed on the joint solution of a specific objective: exchange of information and coordination of actions. Each dialogue consists of separate processes of input-output which physically provide communication of the user and the computer.

ӘОЖ 004.738.52

МОБИЛЬДІ СИЛЛАБУС КЕШЕНІ

Қ.Қ. ДӘУРЕНБЕКОВ,

техника ғылымдарының кандидаты

Г.М. ЕҢСЕБАЕВА, М.М. ЕГЕШОВА,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,

Қазақстан Республикасы


Егеменді еліміз әлемдік білім кеңістігінен орын алу мақсатын ұстана отырып, қарыштап нық қадам басып келеді. Өркениетті елдер қатарына көтерілуді көздеген елімізде ғылым мен техника дамып, экономикамыз өрістеп, көзделген мақсаттар мен міндеттерге жол ашылуда. Ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді. Қоғамды ақпараттандыру – экономиканың, ғылымның, мәдениеттің дамуының негізгі шарттарының бірі. Осы мәселені шешудегі басты міндет білім беру ордаларына жүктеледі.

Кредиттік оқыту технологиясы Қазақстанның жоғары білім жүйесіне ұлттық білім беру бағдарламаларын халықаралық мойындау, студенттер мен оқытушы-профессорлық құрамның ұтқырлығын қамтамасыз ету мақсатында енгізілді [1-2].

Кредитті технология бойынша оқытудағы маңызды құралдардың бірі ретінде алынған – силлабустар кешені. Силлабус – білім алушының оқу барысындағы дәрістері, зертханалық жұмыстары, практикалық / семинарлық сабақтары, білім алушының өз бетінше орындайтын жұмыстары мен білім алушының оқытушымен бірге орындайтын жұмыстарының тақырыптары мен оны ізденуге пайдаланылатын әдебиеттер тізімі көрсетілген құрал.

Қазіргі уақытта әрбір студентке тиімді әрі қарапайым қолжетімділік негізі болып отырған, ол – ұялы телефон. Сондықтан да осы силлабустың ұялы телефонда болғаны барлығымызға да ыңғайлы болар еді.

Мобильді силлабус кешені – кез келген білім алушыға жеткілікті құрал. Бұл кешенді қолдану ыңғайлы әрі жеңіл. Түсінікті белгілерде жазылған нұсқаулық сөздер арқылы керекті бөлімдерге өте отырып, силлабустың толық мазмұнын ала алады.



Сурет 1. Мобильді силлабус кешенінің функционалды моделі

Жұмыс барысында, толық силлабус нұсқасын алып, оны алдымен html (гипертексті белгілеу тілі) бетке айналдырылады. Ол беттер Adobe Dreamweaver бағдарламасын пайдалана отырып безендірілген. Керекті кодтарды енгізе отырып, сілтемелер дайындалды. Сілтемелер ішінде көрсетілген мағлұматтар берілген. Осы дайын бағдарламаны ұялы телефонға жүктейміз. Осы жүктеу жолында көптеген кедергілер мен қателерге жолықтық. Оларды қайта қалпына келтіріп, өңдей келе, қажетті ойымыздағыдай бағдарламаны ала алдық [4-7].



Сурет 2. Силлабус кешенінің бөлімдері

Мобильді кешеннің студенттерге қол жеткіліктігінің ең басты тұсы – оның кішкене көлемділігі мен тез түсініктілігі. Онда көп бетті парақтағаннан гөрі күнделікті қолда жүрген мобильді телефоннан табылуы өте ыңғайлы. Ондағы мағлұматтардың жинақы әрі түсінікті бөлімдерге бөлініп, нұсқау белгілермен көрсетілуі ешқандай қиындыққа алып келмейді. Мобильді силлабус кешені қазақ және орыс тілдерінде жазылған. Ол – білім алушының оқу барасындағы қажетті тапсырмалар тақырыптарын алу жолындағы ең ыңғайлы құралы. Әрбір студент оны тез түсініп, ұғынып ала алады.

Әдебиеттер:

1. Өмірбаев С.М. Білім. – Алматы, 2006. – №29.
2. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың ережесі // № 566. – 2007. – 24 қараша.
3. Қаланова Ш.М., Өмірбаев С.М. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына кредиттік оқыту технологиясын енгізу туралы. Жоғары кәсіби білімге сынақтар өлшемдерінің жүйесін енгізудің мәселесі: Бүкілресейлік кеңестің мағлұматтары. 23 сәуір, 2003 ж., Мәскеу қ., В.Н. Чистохвалова. – М., 2003. – 100 б.
4. Дж. Джеймс. Adobe Dreamweaver CS3. – М.: ТРИУМФ, 2008.
5. Гончаров А. Web дизайн. – СПб., 2004.
6. Никифоров М. Самоучитель Adobe Dreamweaver CS3. – М.: BHV, 2009.
7. Technology Group. Создание Web-сайтов. Adobe Dreamweaver CS3. – М.: ТРИУМФ, 2007.

Резюме

В статье приведены варианты разработанных программ для мобильного силлабуса, студенты могут быстро найти необходимую для них информацию с помощью мобильного телефона.

Summary

In the article the credit technology where by means of mobile syllabus, students can quickly find the necessary information for them is used. The biggest advantage is mobile syllabus, are available to all mobile phones.

УДК681.5.042:681.5.07

ИССЛЕДОВАНИЕ НАБЛЮДАЮЩЕГО УСТРОЙСТВА С ПОВЫШЕННЫМ ПОТЕНЦИАЛОМ РОБАСТНОЙ УСТОЙЧИВОСТИ

А.О. ДАУТБАЕВА,

кандидат технических наук

С.Е. МЫРЗАХМЕТОВА,

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,

Республика Казахстан

В настоящей работе предлагается подход к построению наблюдающего устройства с повышенным потенциалом робастной устойчивости для линейных систем с неопределенными параметрами и к построению функций Ляпунова, основанные на геометрической интерпретации прямого метода А.М. Ляпунова и градиентности динамических систем по отношению некоторой потенциальной функций заданные в пространстве состояний динамической системы.

Известно [1, 2], что введение обратной связи по вектору состояния, т.е. формирование закона управления по вектору состояния, позволяет надлежащим изменением собственных значений повлиять на динамические свойства замкнутой системы. При этом, если объект управляем, то значения корней

характеристического полинома замкнутой системы могут быть заданы любыми. В современных условиях основным методом решения задачи параметрического синтеза является определение закона управления, обеспечивающего заданные желаемые значения корней. Это задача модального управления [2, 3].

Однако формирование такого закона требует, чтобы все составляющие вектора состояния x были доступны для измерения, что часто не имеет места, поскольку наблюдается и измеряется только вектор выхода y . Поэтому необходимо располагать устройствами, позволяющими оценивать вектор состояния $x(t)$ по результатам наблюдения векторов $y(t)$ и $u(t)$. Такого рода устройства называются наблюдающими устройствами (или наблюдателями, идентификаторами состояния).

Для современных задач управления характерна все возрастающая сложность, связанная с неопределенностью в описаниях объекта управления и внешней среды [4]. Актуальной также является проблема построения наблюдающего устройства, обеспечивающего работоспособность при больших пределах изменения неопределенных параметров объекта управления. Такое наблюдающее устройство, реализующее оценку вектора состояния объекта управления с неопределенными параметрами, назовем робастным. Подробастностью понимают способность сохранять работоспособность системы в условиях неопределенности [4]. В общей постановке исследование системы на робастную устойчивость состоит в указании ограничений на изменение параметров системы, при которых сохраняется устойчивость. Универсальным методом исследования устойчивости динамических систем является прямой метод А.М. Ляпунова [5, 6].

Рассмотрим линейную стационарную замкнутую систему управления, которая описывается следующим уравнением состояния с неопределенными параметрами:

$$\begin{aligned} \dot{X}(t) &= Ax(t) + Bu(t) + f(t) \\ y(t) &= Cx(t) + v(t), \quad x(t_0) = x_0, \quad t \geq t_0, \end{aligned} \tag{1}$$

где $x(t) \in R^n$ – вектор состояния объекта,

$u(t) \in R^m, y(t) \in R^l$ – входной и выходной векторы,

A, B, C – соответственно матрицы объекта управления, и наблюдения. Объект подвержен действию возмущений $f(t)$ и «шума (погрешности) измерений» $v(t)$. Считается, что при работе системы доступны измерения, процессы $u(t), y(t), ax(t), f(t), v(t)$ – недоступны. Рассматривается задача получения оценки состояния объекта $x(t)$. Процесс $x(t)$, полученный с помощью некоторого алгоритма, должен в определенном (например, в асимптотическом) смысле приближаться к процессу $(x(t) \rightarrow x(t))$ при $t \rightarrow \infty$ независимо от исходного начального состояния объекта x_0 [7, 8].

Пусть матрица объекта управления A размерности $n \times n$ и матрицы b и c – соответственно управления и выхода имеют вид:

$$A = \begin{vmatrix} 0 & 1 & 0 & \dots & 0 \\ 0 & 0 & 1 & \dots & 0 \\ \dots & \dots & \dots & \dots & \dots \\ 0 & 0 & 0 & \dots & 1 \\ -a_n & -a_{n-1} & -a_{n-2} & \dots & -a_1 \end{vmatrix} \quad b = \begin{vmatrix} 0 \\ 0 \\ \cdot \\ \cdot \\ b_n \end{vmatrix} \quad c = |c_1 \ 0 \dots 0|$$

Для полностью наблюдаемого стационарного объекта при отсутствии возмущений можно получить асимптотически точную оценку состояния, с наблюдающим устройством в форме однопараметрических структурно устойчивых отображений [9].

Наблюдатель состояния можем представить в виде модели объекта управления, на вход которой поступает то же управляющее воздействие, что и на объект управления и, кроме того дополнительный сигнал коррекции (обратной связи). Этот сигнал получается из невязки между выходами объекта и модели.

Влияние сигнала невязки придает поведению модели качественно новые свойства (отличные от свойств объекта). Собственные движения модели и объекта оказываются различными, но переменные состояния модели служат оценками состояния объекта. Для стационарных систем наблюдатель описывается уравнением:

$$\begin{aligned}\dot{\hat{x}}(t) &= A\hat{x}(t) + Bu(t) + L(y(t) - \hat{y}(t)) \\ \hat{y}(t) &= C\hat{x}(t), \hat{x}(t_0) = \hat{x}_0, t \geq t_0\end{aligned}\quad (2)$$

где $\hat{x}(t) \in R^n$ – вектор состояния наблюдателя, служащий оценкой состояния объекта;

$\hat{y}(t) \in R^l$ – вектор выхода;

L – оператор обратной связи по невязке между выходами объекта и наблюдателя.

Синтез наблюдателя заключается в выборе оператора L . Мы будем рассматривать наблюдатель, у которого размерность вектора состояния такая же, как и у объекта (так называемый наблюдатель полного порядка, или наблюдатель Калмана).

Для построения наблюдателя рассмотрим ошибки оценивания $\varepsilon(t) = (x(t) - \hat{x}(t))$. Вычитая из (1) уравнение (2), получаем уравнение для ошибки:

$$\begin{aligned}\dot{\varepsilon}(t) &= A\varepsilon(t) - LC\varepsilon(t) + f(t) - Lv(t), \\ \varepsilon(t_0) &= \varepsilon_0 = x_0 - \hat{x}_0, t \geq t_0\end{aligned}\quad (3)$$

Как видно из этого уравнения, источниками ошибки $\varepsilon(t)$, являются начальное рассогласование $\varepsilon_0 = x_0 - \hat{x}_0$, возмущение и помеха измерений $v(t)$. Динамика переходного процесса ошибки $\varepsilon(t)$ определяется оператором $G(t) = A - L(t)C$.

Необходимо исследовать поведение процесса $\varepsilon(t)$. Динамика переходного процесса в таких системах определяется оператором $G(t) = A - L(t)C$. Если возмущения $v(f)$ и шумы $v(t)$ отсутствуют, то процесс оценивания должен быть асимптотически устойчив и $\varepsilon(t) \rightarrow 0$ при $t \rightarrow \infty$ для любых начальных значений x_0 и \hat{x}_0 . Оператор $G(t)$ зависит от параметров объекта управления (матриц A и C) и оператора $L(t)$, выбор которой определяется проектировщиком. Для полностью наблюдаемого объекта выбором оператора $L(t)$ можно обеспечить устойчивость и требуемое быстродействие процесса оценивания. При отсутствии сигнала коррекции ($L = 0$) динамика процесса оценивания полностью определяется динамикой объекта. В частности, для неустойчивых и нейтрально-устойчивых объектов асимптотическое оценивание было бы неосуществимо. Оператор $G(t)$, а следовательно и $L(t)$, влияет также на точность процесса оценивания при внешних воздействиях. Это влияние оказывается разным по отношению к возмущениям $f(t)$, с одной стороны, и помехам измерений $v(t)$ – с другой. Поэтому при определении $L(t)$ следует учитывать характеристики внешних воздействий и обеспечивать компромисс между требованиями быстродействия и точности системы.

Синтез наблюдателя заключается в выборе оператора L . Выбираем оператор L в форме:

$$L(t) = (x_1(t) - \hat{x}_1(t))^2 - k = (\varepsilon_1(t))^2 - k \quad (4)$$

С учетом (4) система (3) в развернутой форме записывается в виде:

$$\begin{cases} \dot{\varepsilon}_1(t) = \varepsilon_2(t) \\ \dot{\varepsilon}_2(t) = \varepsilon_3(t) \\ \vdots \\ \dot{\varepsilon}_n(t) = -c_1\varepsilon_1^3(t) + (c_1k - a_n)\varepsilon_1(t) - a_{n-1}\varepsilon_2(t) - \dots - a_1\varepsilon_n(t) \end{cases} \quad (5)$$

Стационарные (установившиеся) состояния системы определяются решением уравнения:

$$\begin{cases} \varepsilon_{2s} = 0, \varepsilon_{3s} = 0, \dots, \varepsilon_{n-1}; \delta = 0, \varepsilon_{ns} = 0 \\ -c_1 \varepsilon_{1s}^3 + (c_1 k - a_n) \varepsilon_{1s} - a_{n-1} \varepsilon_{2s} - \dots - a_1 \varepsilon_{ns} = 0 \end{cases} \quad (6)$$

Из (6) получаем стационарные состояния системы:

$$\varepsilon_{1s}^1 = 0, \varepsilon_{2s} = 0, \dots, \varepsilon_{ns} = 0 \quad (7)$$

Другие стационарные состояния системы будут определяться решением уравнения:

$$-\varepsilon_{1s}^2 - \left(\frac{a_n}{c_1} - k \right) \varepsilon_{1s} = 0, \varepsilon_{2s} = 0, \varepsilon_{3s} = 0, \dots, \varepsilon_{ns} = 0 \quad (8)$$

При $k - \frac{a_n}{c_1} > 0$ уравнения (8) допускают следующие установившиеся состояния:

$$\varepsilon_{1s}^2 = \sqrt{k - \frac{a_n}{c_1}}, \varepsilon_{2s} = 0, \varepsilon_{3s} = 0, \dots, \varepsilon_{ns} = 0 \quad (9)$$

$$\varepsilon_{1s}^3 = -\sqrt{k - \frac{a_n}{c_1}}, \varepsilon_{2s} = 0, \varepsilon_{3s} = 0, \dots, \varepsilon_{ns} = 0 \quad (10)$$

При отрицательном $k - \frac{a_n}{c_1}$ (т.е. $k - \frac{a_n}{c_1} < 0$) уравнения (8) имеют мнимое решение, что не может соответствовать какой-либо физически возможной ситуации.

Решения (9) и (10) сливаются с решением (7) при $k - \frac{a_n}{c_1} = 0$ и ответвляются от них при $k - \frac{a_n}{c_1} > 0$, т.е. в точке $k - \frac{a_n}{c_1} < 0$ происходит бифуркация. Оказывается, что состояния (8) являются глобально асимптотически устойчивыми при $k - \frac{a_n}{c_1} < 0$ и неустойчивыми при $k - \frac{a_n}{c_1} > 0$. Состояния (9) и (10) асимптотически устойчивы (но не глобальны).

Иными словами, ветви (9) и (10) появляются в результате бифуркации в тот момент, когда установившееся состояние наблюдающего устройства (7) теряет устойчивость, причем сами эти ветви устойчивы [7].

Проверку приведенных высказываний проведем с помощью идей второго метода Ляпунова, т.е. разработаем метод исследования устойчивости данной системы базирующееся на идее второго метода А.М. Ляпунова.

Универсальным методом исследования устойчивости динамической системы является второй метод А.М. Ляпунова. В качестве инструмента исследования, в которых используются некоторые специальные функции, называемы функциями Ляпунова и базируются на двух теоремах А.М. Ляпунова.

Теоремы Ляпунова имеют простое геометрическое истолкование. Они могут быть использованы для решения задачи построения функции Ляпунова.

Литература:

1. Автоматизированное проектирование систем автоматического управления / Под ред. В.В. Солодовникова. – М.: Машиностроение, 1990. – 332 с.

2. Андреев Ю.Н. Управление конечномерными линейными объектами. – М.: Наука, 1976. – 424 с.
3. Кузовков Н.Т. Модальное управление и наблюдающие устройства. – М.: Машиностроение, 1976. – 184 с.
4. Поляк Б.Т., Щербаков П.С. Робастная устойчивость и управление. – М.: Наука, 2002. – 303 с.
5. Барбашин Е.А. Введение в теорию устойчивости. – М.: Наука, 1967. – 225 с.
6. Малкин И.Г. Теория устойчивости движения. 2-е изд.– М.: Наука, 1966. – 540 с.
7. Бейсенби М.А., Ержанов Б.А. Системы управления с повышенным потенциалом робастной устойчивости. – Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2002. – 164 с.
8. Бейсенби М.А., Кульниязова К.С. Исследование робастной устойчивости систем управления прямым методом А.М. Ляпунова // Тезисы докладов Международной 11-й межвузовской конференции по математике и механике, посвященной 10-летию Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. – Астана, 2008. – С. 14.

Түйіндеме

Басқару мен бақылау бір басқару теориясының ең негізгі түсінігі болып табылады. Жеткілікті деңгейде басқарушылық кез-келген берілген қалыптағы жүйені келтіру мүмкіндіктерінің принциптерін бейнелейді, ал бақылаушылық – өлшеу нәтижелері бойынша жүйенің қалпын анықтау мүмкіндігі. Бұл қасиеттер автоматты басқару жүйесінің жұмыс жасау қабілеттілігін құру үшін өте маңызды.

Summary

The concept of controllability and absorbability are one of the basic concepts of the theory of management. At substantial level controllability means basic possibility of reduction of system in any set condition, and absorbability – possibility of definition of a condition of system by results of measurements. These properties are rather essential to construction of efficient systems of automatic control.

УДК 681.5.075:681.5.015

ПОСТРОЕНИЕ НАБЛЮДАТЕЛЯ ДЛЯ ОДНОПАРАМЕТРИЧЕСКИХ СТРУКТУРНО-УСТОЙЧИВЫХ ОТОБРАЖЕНИЙ

А.О. ДАУТБАЕВА,

кандидат технических наук

Ж.У. ИМАНОВА, А.Б. БЕКСЕИТОВА,

*Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан*

В современных условиях основным методом решение задачи параметрического синтеза является определение закона управления, обеспечивающего заданные желаемые значения корней, получил название, задача модального управления [1, 2].

Однако формирование такого закона требует, чтобы все составляющие вектора состояния x были доступны для измерения, что часто не имеет места, поскольку наблюдается и измеряется только вектор выхода y . Поэтому необходимо располагать устройствами, позволяющими оценивать вектор состояния $x(f)$ по результатам наблюдения векторов $y(f)$ и $u(f)$. Такого рода устройства называются наблюдающими устройствами (или наблюдателями, идентификаторами состояния) [3, 4].

Наблюдающее устройство, реализующее оценку вектора состояния, объекта управления с неопределенными параметрами назовем робастным. Под робастностью понимают способность сохранять работоспособность системы в условиях неопределенности [5, 6].

Рассмотрим линейную стационарную замкнутую систему управления, описывающуюся следующим уравнением состояния с неопределенными параметрами:

$$\begin{aligned} X(t) &= Ax(t) + Bu(t) + f(t) \\ y(t) &= Cx(t) + v(t), \quad x(t_0) = x_0, t \geq t_0, \end{aligned} \quad (1)$$

где $x(t) \in R^n$ – вектор состояния объекта;

$u(t) \in R^m, y(t) \in R^l$ – входной и выходной векторы,

A, B, C – соответственно матрицы объекта управления, и наблюдения.

Объект подвержен действию возмущений $f(t)$ и «шума (погрешности) измерений» $v(t)$. Считается, что при работе системы доступны измерению процессы $u(t), y(t), ax(t), f(t), v(t)$ – недоступны. Рассматривается задача получения оценки состояния объекта $\hat{x}(t)$. Процесс $\hat{x}(t)$, полученный с помощью некоторого алгоритма, должен в определенном (например, в асимптотическом) смысле приближаться к процессу $x(t)$ ($\hat{x}(t) \rightarrow x(t)$ при $t \rightarrow \infty$) независимо от исходного начального состояния объекта x_0 [7, 8].

Пусть матрица объекта управления A размерности $n \times n$ и матрицы b и c – соответственно управления и выхода имеют вид:

$$A = \begin{pmatrix} 0 & 1 & 0 & \dots & 0 \\ 0 & 0 & 1 & \dots & 0 \\ \dots & \dots & \dots & \dots & \dots \\ 0 & 0 & 0 & \dots & 1 \\ -a_n & -a_{n-1} & -a_{n-2} & \dots & -a_1 \end{pmatrix} \quad b = \begin{pmatrix} 0 \\ 0 \\ \times \\ \times \\ b_n \end{pmatrix} \quad c = |c_1 \ 0 \dots 0|$$

Для полностью наблюдаемого стационарного объекта при отсутствии возмущений можно получить асимптотически точную оценку состояния, с наблюдающим устройством в форме однопараметрических структурно устойчивых отображений.

Наблюдатель состояния можем представить в виде модели объекта управления, на вход которой поступает то же управляющее воздействие, что и на объект управления и, кроме того дополнительный сигнал коррекции (обратной связи).

Влияние сигнала невязки придает поведению модели качественно новые свойства (отличные от свойств объекта). Собственные движения модели и объекта оказываются различными, но переменные состояния модели служат оценками состояния объекта. Для стационарных систем наблюдатель описывается уравнением

$$\dot{\hat{x}}(t) = A\hat{x}(t) + Bu(t) + L(y(t) - \hat{y}(t)), \quad (2)$$

$$\hat{y}(t) = C\hat{x}(t), \quad \hat{x}(t_0) = \hat{x}_0, \quad t \geq t_0$$

Здесь $\hat{x}(t) \in R^n$ – вектор состояния наблюдателя, служащий оценкой состояния объекта;

$\hat{y}(t) \in R^l$ – вектор выхода;

L – оператор обратной связи по невязке между выходами объекта и наблюдателя.

Синтез наблюдателя заключается в выборе оператора L . Мы будем рассматривать наблюдатель, у которого размерность вектора состояния такая же, как и у объекта (так называемый наблюдатель полного порядка, или наблюдатель Калмана).

Для построения наблюдателя рассмотрим ошибки оценивания $\varepsilon(t) = (x(t) - \hat{x}(t))$. Вычитая из (1) уравнение (2), получаем уравнение для ошибки:

$$\varepsilon(t) = A\varepsilon(t) - LC\varepsilon(t) + f(t) - Lv(t), \quad (3)$$

$$\varepsilon(t_0) = \varepsilon_0 = x_0 - \hat{x}_0, \quad t \geq t_0$$

Как видно из этого уравнения, источниками ошибки $\varepsilon(t)$ являются начальное рассогласование $\varepsilon_0 = x_0 - \hat{x}_0$, возмущение и помеха измерений $v(t)$. Динамика переходного процесса ошибки $\varepsilon(t)$ определяется оператором $G(t) = A - L(t)C$.

Синтез наблюдателя заключается в выборе оператора L . Выбираем оператор L в форме:

$$L(t) = (x_1(t) - \hat{x}_1(t))^2 - k = (\varepsilon_1(t))^2 - k \quad (4)$$

С учетом (4) система (3) в развернутой форме записывается в виде:

$$\begin{cases} \varepsilon_1(t) = \varepsilon_2(t) \\ \varepsilon_2(t) = \varepsilon_3(t) \\ \vdots \\ \varepsilon_n(t) = -c_1 \varepsilon_1^3(t) + (c_1 k - a_n) \varepsilon_1(t) - a_{n-1} \varepsilon_2(t) - \dots - a_1 \varepsilon_n(t) \end{cases} \quad (5)$$

Стационарные (установившиеся) состояния системы определяются решением уравнения

$$\begin{cases} \varepsilon_{2s} = 0, \varepsilon_{3s} = 0, \dots, \varepsilon_{ns} = 0 \\ -c_1 \varepsilon_{1s}^3 + (c_1 k - a_n) \varepsilon_{1s} - a_{n-1} \varepsilon_{2s} - \dots - a_1 \varepsilon_{ns} = 0 \end{cases} \quad (6)$$

Из (6) получаем стационарные состояния системы:

$$\varepsilon_{1s}^1 = 0, \varepsilon_{2s} = 0, \dots, \varepsilon_{ns} = 0 \quad (7)$$

Другие стационарные состояния системы будут определяться решением уравнения:

$$-\varepsilon_{1s}^2 - \left(\frac{a_n}{c_1} - k \right) = 0, \varepsilon_{2s} = 0, \varepsilon_{3s} = 0, \dots, \varepsilon_{ns} = 0 \quad (8)$$

При $k - \frac{a_n}{c_1} > 0$ уравнения (8) допускают следующие установившиеся состояния:

$$\varepsilon_{1s}^2 = \sqrt{k - \frac{a_n}{c_1}}, \varepsilon_{2s} = 0, \varepsilon_{3s} = 0, \dots, \varepsilon_{ns} = 0 \quad (9)$$

$$\varepsilon_{1s}^3 = -\sqrt{k - \frac{a_n}{c_1}}, \varepsilon_{2s} = 0, \varepsilon_{3s} = 0, \dots, \varepsilon_{ns} = 0 \quad (10)$$

При отрицательном $k - \frac{a_n}{c_1}$ (т.е. $k - \frac{a_n}{c_1} < 0$) уравнения (8) имеет мнимое решение, что не может соответствовать какой-либо физически возможной ситуации.

Решения (9) и (10) сливаются с решением (7) при $k - \frac{a_n}{c_1} = 0$ и ответвляются от них при $k - \frac{a_n}{c_1} > 0$ т.е. в точке $k - \frac{a_n}{c_1} = 0$ происходит бифуркация. Оказывается, что состояния (8) являются глобально асимптотически устойчивыми при $k - \frac{a_n}{c_1} = 0$ и неустойчивыми при $k - \frac{a_n}{c_1} > 0$. Состояния (9) и (10)

асимптотически устойчивы (но не глобальны). Иными словами, ветви (9) и (10) появляются в результате бифуркации в тот момент, когда установившееся состояние наблюдающего устройства (7) теряет устойчивость, причем сами эти ветви устойчивы [7].

Проверку приведенных высказываний проведем с помощью идей второго метода Ляпунова, т.е. разработаем метод исследования устойчивости данной системы, базирующееся на идее второго метода А.М. Ляпунова.

Теоремы Ляпунова имеют простое геометрическое истолкование. Они могут быть использованы для решения задачи построения функции Ляпунова.

Допустим, что существует положительно-определенная функция $V(\varepsilon_1, \varepsilon_2, \dots, \varepsilon_n)$, для которой $dV/dt < 0$, и рассмотрим какую-нибудь интегральную кривую уравнения (5), выходящую в начальный момент времени из какой-нибудь точки окрестности начала координат. Если dV/dt есть функция отрицательно-определенная ($dV/dt < 0$), то каждая интегральная кривая, выходящая из достаточно малой окрестности начала координат, будет непременно пересекать каждую из поверхностей $V(\varepsilon_1(t), \dots, \varepsilon_n(t)) = C$, $C = const$ снаружи во внутрь, так как функция $V(\varepsilon_1(t), \varepsilon_2(t), \dots, \varepsilon_n(t)) = C$ должна непрерывно убывать. Но в таком случае интегральные кривые должны неограниченно приближаться к началу координат, т.е. невозмущенное движение устойчиво асимптотически.

Допустим, что существует функция Ляпунова $V_i(\varepsilon_1, \varepsilon_2, \dots, \varepsilon_n)$ $i = 1, 2, \dots, n$, для которой антиградиент $-\partial V_i/\partial \varepsilon$ задается вектором скорости системы (4), т.е. через:

$$\frac{d\varepsilon_i}{dt} = - \left(\frac{\partial V_i}{\partial \varepsilon_1} + \frac{\partial V_i}{\partial \varepsilon_2} + \dots + \frac{\partial V_i}{\partial \varepsilon_n} \right)$$

Полная производная по времени от вектор-функции Ляпунова $V(\varepsilon)$ с учетом уравнений состояния (5) определяется как скалярное произведение градиента функций Ляпунова на вектор скорости, т.е.:

$$\frac{dV(\varepsilon)}{dt} = - \sum_{i=1}^n \frac{\partial V_i(\varepsilon)}{\partial \varepsilon} \frac{d\varepsilon_i}{dt} = -\varepsilon_2^2 - \varepsilon_3^2 - \dots - \varepsilon_n^2 - \left[-c_1 \varepsilon_1^3 + (c_1 k - a_n) \varepsilon_1 - a_{n-1} \varepsilon_2 - \dots - a_1 \varepsilon_n \right]^2 \quad (11)$$

Отсюда из (11) имеем, что полное производное по времени от функций Ляпунова всегда получается знакоотрицательной функцией, т.е. достаточное условие устойчивости всегда будет выполняться.

Теперь по компонентам вектора градиента можем построить потенциальную функцию, т.е. функцию Ляпунова:

$$V(\varepsilon) = \frac{1}{4} c_1 \varepsilon_1^4(t) + \frac{1}{2} (c_1 k - a_n) \varepsilon_1^2 + \frac{1}{2} (a_{n-1} - 1) \varepsilon_2^2(t) + \frac{1}{2} (a_{n-2} - 1) \varepsilon_3^2(t) + \dots + \frac{1}{2} (a_1 - 1) \varepsilon_n^2(t) \quad (12)$$

Положительная определенность функций Ляпунова будет определяться условиями: при $c_1 > 0$

$$\begin{cases} -\infty < k < a_n / c_1 \\ 1 < a_{n-1} \\ 1 < a_{n-2} \\ \vdots \\ 1 < a_1 \end{cases} \quad (13)$$

Таким образом, за счет введения закона управления в форме скалярной однопараметрической структурно-устойчивых отображений при неопределенности параметра объекта управления стационарное состояние (7) будет устойчивым при изменениях параметров системы в пределах неравенства (13).

Литература:

1. Автоматизированное проектирование систем автоматического управления / Под ред. В.В. Солодовникова. – М.: Машиностроение, 1990. – 332 с.
2. Андреев Ю.Н. Управление конечномерными линейными объектами.– М.: Наука, 1976. – 424 с.
3. Кузовков Н.Т. Модальное управление и наблюдающие устройства. – М.: Машиностроение, 1976. – 184 с.
4. Поляк Б.Т., Щербаков П.С. Робастная устойчивость и управление – М.: Наука, 2002. – 303 с.
5. Барбашин Е.А. Введение в теорию устойчивости. – М.: Наука, 1967.– 225 с.
6. Малкин И.Г. Теория устойчивости движения. 2-е изд. – М.: Наука, 1966. – 540 с.
7. Бейсенби М.А., Ержанов Б.А. Системы управления с повышенным потенциалом робастной устойчивости. – Астана: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2002. – 164 с.
8. Бейсенби М.А., Кульниязова К.С. Исследование робастной устойчивости систем управления прямым методом А.М. Ляпунова // Тез. докл. Междун. 11-й межвуз. конф. по математике и механике, посв. 10-летию Евраз. нац. ун-та имени Л.Н. Гумилева. – Астана, 2008, 25-26 мая.– С. 14.

Түйіндеме

Робастты орнықтылықтың жалпы жүйесін зерттеу құрылымы А.М. Ляпуновтың тура әдісімен динамикалық жүйелердің орнықтылығын сақтай отырып, шектелген өзгеріс параметрлерін көрсетуден тұрады.

Summary

In the general statement system research on roasting stability consists in instructions of restrictions on change of parameters of system at which stability remains. A universal method of research of stability of dynamic systems is A.M. Lapunov's direct method.

ӘОЖ 004.7:004.738

МӘЛІМЕТТЕРДІ ТАСЫМАЛДАУ БАРЫСЫНДА ЖОҒАЛҒАН АҚПАРАТТЫ ЕСЕПТЕУДІ КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУ


Г.М. ЕҢСЕБАЕВА, А.Ө. ЕСІРКЕПОВА,

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы*

Заманауи ғылымда, техникада және қоғамдық өмірде ақпарат үлкен роль атқарады және онымен бірге ақпаратты алу, ақпаратты беру, оны өңдеу, сақтау, т.б. амалдары байланысты. Ақпарат – материалды емес болмыс, оның көмегімен кез-келген мүмкін болатын, нақты материалды және түсінікті болмыстарды сипаттауға болады.

Байланыс арналары – бұл ақпаратты жеткізу ортасы, ол ең алдымен өзі үшін мүмкін болатын ең үлкен жылдамдықпен мәліметтерді жеткізуімен сипатталса, шу – ол ақпаратты жеткізу барысындағы байланыс арнасындағы кедергілер. Кодтау – дискілік ақпаратты келесі тәсілдердің біріне түрлендіру: шифрлау, сығу, кедергілерден қорғау [1-3].

Кедергілер әсерінен бір элементтерді басқаларымен алмастыру барысында байланыс арналары бойынша ақпаратты тасымалдау барысында кодтық комбинацияда қателер пайда болады. Мысалы, екі элементті алмастыру кезінде екі еселі қателер пайда болады. Егер 0110111 кодтық комбинациясы 0100110 ретінде қабылданған болса, онда екі еселі қате орын алған. Кедергілерге орнықты кодтау теориясы К. Шеннон жүргізген зерттеулер нәтижесіне негізделеді [1, 2]. Зерттеу нәтижесінде арналардағы кедергілер тасымалдаудың нақтылығына шектеу қойылмайтындығын анықтайды. Тасымалдау жылдамдығына шектеу қойылғанда ғана тасымалдаудың ең жоғарғы нақтылығына қол жеткіземіз.



Сурет 1. Ақпаратты жіберудің жалпы сұлбасы

Қабылданған В мәліметтерінің ансамбль құрамындағы шартты кедергіде жіберілген А мәліметтер ансамбліне қатысты ақпараттың орташа саны (немесе шулы арналар бойынша бір ғана символмен жіберілетін орташа ақпарат саны) мына түрде анықталады [4]:

а) Бірігу энтропиясының көмегімен:

$$I(A, B) = H(A) + H(B) - H(A, B); \quad (1.1)$$

б) Шартты энтропияны қолдануымен:

$$I(A, B) = H(A) - H(A/B). \quad (1.2)$$

Өрнектің мағынасы: $H(A)$ шамасы – бұл энтропия көзі (кодер), ал $H(A/B)$ шамасы – қателіктен арналарда жоғалған орташа ақпарат саны.

$$I(A, B) = I(B, A) \quad (1.3)$$

Орындалудан (3.1)-(3.2) шыққан формулаларда төмендегі формуланы қолданған ыңғайлы:


$$I(B, A) = \sum_i \sum_j p(a_i) p(b_j / a_i) \log_2 \frac{p(b_j / a_i)}{p(b_j)}; \quad (1.4)$$

$$I(A, B) = \sum_i \sum_j p(b_j) p(a_i / b_j) \log_2 \frac{p(a_i / b_j)}{p(a_i)}.$$

Мысалы, байланыс арнасы келесі каналды матрицамен сипатталсын:

$$p(a, b) = \begin{vmatrix} 0,98 & 0,01 & 0,01 \\ 0,1 & 0,75 & 0,15 \\ 0,2 & 0,3 & 0,5 \end{vmatrix}$$

Символды өндіруде мәліметтердің пайда болу ықтималдығы $p(a_1) = 0,7$; $p(a_2) = 0,2$; $p(a_3) = 0,1$ -ге тең. 400 символдан тұратын a_1, a_2, a_3 әліпби мәліметтерінің тасымалдау барысында ақпараттың жоғалуы қаншаға тең?



Сурет 2. Шулы байланыс арнасында мәліметтерді тасымалдау барысында жоғалған ақпаратты есептеу

Ұсынылып отырған жоба шуы бар байланыс арнасында мәліметтерді тасымалдау барысында жоғалған ақпаратты есептеуді компьютер арқылы орындап, олардың нәтижесін алу тиімді, әрі уақытты үнемдейді.

Жоба объектілі-бағытталған Delphi бағдарламалау тілінде орындалады. Жобаның басты мәзірі таңдалатын және әр түрлі ықтималдықтағы есептеулерді орындауға арналған жұмысшы терезесінен тұрады.

Әдебиеттер:

1. Қайранов М.Ж. Ақпарат теориясы: Оқу құралы. – Тараз, 2010.
2. Лидовский В.В. Теория информации: Учебное пособие. – М., 2003.
3. Колесник В.Д., Полтырев Г.Ш. Введение в теорию информации (Кодирование источников): Учебное пособие. – Л.: Изд-во Ленингр. ун-та, 1980.
4. Ожиганов А.А., Тарасюк М.В. Передача данных по дискретным каналам: Учебное пособие. – СПб, 1999.
5. Потапов В.Н. Теория информации: Учебное пособие. – Новосибирск, 1999.

Резюме

В статье рассмотрено решение потерянной информации в процессе передачи данных шумных канальных связей, при которых получают очень выгодный результат и экономия времени с помощью компьютера.

Summary

In the article the solution of the lost information in data transfer process of noisy channel communications, and also very favorable result and time saving by means of the computer is considered.

АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.Ә. ЕСІРКЕПОВА,

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы*

Маманның кәсіби құзырлығының қалыптасуы құзырлықты меңгеру мен қолдану кезеңдеріндегі іскерлік үдерісін қамтуы қажет. Сол іскерліктер байланысы оқытушылар мен тәрбиеленушілер арасында өзара ықпалдасу жүйесі арқылы жүріп отырады.

Мұндай ықпалдасу жүйесінде меңгеру мен қолдану іскерліктерінің стратегиялық, тактикалық және оперативтік (жедел) компоненттерінің шарттары арқылы болашақ маманның кәсіби құзырлығының қалыптасу үдерісі айқындалады. Соған орай осы компоненттер студенттердің іс-әрекетінде болашақ маман құзырлығының субъектілік, нысандық және пәндік негіздерін түсіндіруге мүмкіндік туады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен техникалық құралдар жиыны. Жоғары білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жиі кездесетін осы анықтамасын біз де қолданамыз. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қазіргі оқыту технологиясын интерактивті бағдарламалық-әдістемелік сүйемелдеумен қамтамасыз ететін компьютерлік техника, телекоммуникациялық байланыс құралдары, инструменталдық бағдарламалық құралдар жиыны. Оқыту үдерісіндегі заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың негізгі міндеттері танымдық әрекеттерді басқару үдерісі мен заманауи ақпараттық білім қорларына қол жеткізудің интерактивті ортасын жасау ісі болып табылады.

Жоғары білім берудің ақпараттық ортасы, олардың арақатынастары төмендегіше анықталады:

- жоғары білім берудің ақпараттық ортасы;
- жоғары білім берудегі ақпараттық-пәндік орта;
- ғылыми-кәсіби білім беру ортасы;
- жоғары білім берудегі біріктірілген ақпараттық білім беру ортасы;
- жоғары білім берудегі ақпараттық оқыту сайты;
- жоғары білім берудегі біртұтас ақпараттық білім беру кеңістігі.

Қазіргі таңда жақсы дамып отырған ақпараттық технологиялардың келешек даму бағытының бірі мультимедиа технологиялары болып табылады. Мультимедиа бағдарламасы әр түрлі құрылымда берілуі мүмкін. Талдай келе, оған ресейлік және шетелдік деректерден бірнеше анықтамалар айтуға болады. Шетелдік авторлар соңғы кездері «мультимедиа» және «гипермедиа» терминдерін бөліп қарамайды. Көптеген авторлар «мультимедиа» терминін мазмұнды келген «гипермедиа» терминімен ауыстыруға тоқталады. Бұл екі термин бірлігі «ассоциативті, біріккен мультимедианы» сипаттайды. Ол «медиа» түсінігі құрылымы жағынан көп мағынада. Сонымен бірге «мультимедиа» термині бұрын әртүрлі өндірістік жағдайларды суреттегенде кеңінен қолданылды. Мультимедианың орнына бүгінгі компьютер қолданатын гипермедиа алу өте орынды. Бұл оның компьютер арқылы интерактивті басқару мүмкіндігін көрсетті. Бұл мультимедианың 60-шы жылдардағы көрсетілімдерін ажыратады.

Мультимедиа зерттеулердің бірқатары қолданылған кезде оқытудың тиімділігі арта түседі [1-3]. Бірақ ақпарат тым артық болса, жақсару көрінбейді. Ақпарат түрлі каналдарда қарама-қарсы болса, оқыту тиімділігі төмендейді. Бірақ бұл берілгендерді мультимедиа өнімдерін қолдану арқылы тексеріп отыру керек. Соңғы уақытта гипертексті құрылымына негізделген «гипермедиа» туралы көп айтылып жүр. Гипертекст – *hyper* – жоғары, мөлшерден тыс деген мағына береді. Қалыпты текст әр кез біркелкі, басынан аяғына дейін оқылады. Автор текст мағынасын түсінуге болатын құрылысын қолданады.

Мұндай құрылыс оқушыға мәтіннен оның маңыздырақ бөлігін ақпарат ретінде алуына мүмкіндік береді. Гипертекст тұтынушыға ретімен оқуға бақылау жасауын және нақты ақпаратқа бақылау жасай алады қамтамасыз етеді.

Гипертекстің нақты белгісі тект үзінділерінен тұратын түйіндер боп табылады. Түйінге балама ретінде «карта» түсінігі алынады. Сонымен түйін карта бойынша текстерден тұрады. Түйін – гипертексті құрайтын ақпараттың түпкі бірлік формасы. Гипертексті оқи отырып, оқушының қызығушылығына қарай тект картасында кез келген түйінге жетуге болады. Түйіндер сондай-ақ үлкен тект бөлігінен, түрлі құжаттардан, тіпті кітаптардан тұрады.

Гиперорта гипермедиа деп те аталып, текстерді, көріністерді, видеофильмдерді, файл, бағдарламаларды, дыбыс үзінділерінің өзара әрекеті боп табылады.

Гиперортамен жұмыста абоненттік жүйе мазмұны экран мониториянда көрініп отырады. Мұндағы тұтынушы бір нүктеден келесісіне білім аясымен жылжып отырады.

Гиперортаның маңызды белгісі ақпараттық кеңістікті бере алатындығында. Ақпарат блоктарының саны гиперортаны анықтаушыға байланысты. Нәтижесінде білімнің арнайы негізі қалыптасады. Гиперортада жұмыс істеуге қолданбалы бағдарламалар енгізіледі.

Ақпаратты беріп отыруды басқару үшін интерактивті қалыпта гипертексті ақпаратты жүйелер қолданылады. Гипертексті анықтауға төмендегі мәліметтер берілген:

- ақпараттар түйіні мен үзінділері көлемі әр түрлі;
- түйіндер аралығындағы нұсқалар бір түйіннен екіншіге өтуге мүмкіндік береді;
- жүйелік жұмыс нұсқаулар құрылымы арқылы болып отырады;
- ұйымдастырылған құрылым түрлі үлгілерді беруі мүмкін;
- ақпарат құрылымын гипертекст құрылымында көруге болады;
- тұтынушының гипертекст арқылы қайда баруды шеше алуы интерактивтіліктің жоғарғы деңгейі болып табылады.

Гипертекстің көптеген бөлімдерін бір уақытта бір неше тұтынушы қолдана алады.

Ресей деректерінен мультимедиаға анықтамалар алатын болсақ: <http://www.icsti.su/> сайтынан төмендегі мәліметтерді білуге болады.

Мультимедиа бірлескен сөйлеуді, талдауды, құжаттарды талдауды қамтамасыз етеді.

Бұл экранда дыбысталған мәтінді көрсете алады. Оқыту жүйесін қалыптастыру мультимедианың маңызды бағыты болып табылады.

Мультимедианың түзілуі, дыбыс пен түстерді қолдану видеофильмдерді дайындауға мүмкіндік ашты. Бұл:

- энциклопедиялар;
- оқулықтар;
- өнім каталогы;
- сілтемелер, сілтемелік құралдар;
- жүйеде жұмыс істейтін топтық құралдар;
- жасанды интелект құралдары.

Аудио-видео жүйені қолдану арқылы гиперортаның маңызы арта түседі.

Мультимедиа – технологиялар қосындысы, ол компьютерге енгізу, өңдеу, сақтау, мәтін, графика, анимация сандық көрсеткіштер, видео, дыбыс, сөйлеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мультимедианың құралдары – құрастыра алатын, өңдейтін, ақпарат түрлерін жинақтай алатын интерактивті қалыптағы компьютердің құрал-жабдықтары. Яғни, мультимедиа-технология – компьютердің құралды бағдарламалы жабдықтары арқылы өңдеу, сақтау, ақпаратты беруді қамтамасыз етуі.

Гипермедиалық орта – гипертекст пен ақпараттық мультимедиалық көріністері негізінде құралған компьютерлік орта.

Гипермедиа – ортаның оқу-ақпараттық бөлімі – оқушылардың тек белгілі бір оқу материалына бағытталған әрекеті емес, сонымен бірге оқушының ақпараттық ортада жаңа білім алуға ептілігі.

Оқыту мультимедиасы деп біз педагогикалық мақсат пен оқушының дамуын қамтитын дидактикалық бағдарламалы құралды айтамыз.

Қазіргі кезде 2 негізгі – мультимедиа-өнім және мультимедиа-редактор деп аталатын түрлерін бөліп алуға болады. Әрбір мультимедиа-технологияның мультимедиа-өнімдерін шығаратын мультимедиа-редактормен оны бір ақпараттық орта етіп қалыптастыратын компьютер ресурстарын біріктіруді қамтамасыз ететіні анық.

Әрбір мультимедиа-өнім өнім компонентінің жобасымен байланысқан құрамнан тұрады. Технологияға қатысты ол компьютерлі ақпараттық ортаның басқа элементтерінен тұрады.

Көптеген педагогтардың мультимедиа және гипермедиа терминдерінің айырмашылығын көрмей-тініне қарамастан біз дамыған ашық білім беру кезеңінде бұл айырмашылыққа ерекше назар аударамыз [4]. Сонымен, біздің түсінігімізше, гипермедиа – мультимедианың гипертексті құрылымының компьютерлі жүйеде орналасуы.

Жеке компьютерге CD-Writer, дыбыстық және видеокарта жиыны, жылдамдық процессорларының таралуы арқылы мультимедиа белгілі боп келеді.

Мультимедиа-компьютер қазір дыбыс пен видеоны талдауды, шығаруды, анимацияны орындай алады.

Тұтынушы аз ғана тәжірибесімен жеке таныстыруын, видеоөнімді, көріністерді шығара алады. Көптеген педагогтар мұны видеоөніммен жұмыста іске асыруға болады деп есептейді.

Көптеген гипертексті жүйелерде тұтынушы түйінге ақпаратты қоса алады және өзінің жеке түйін ақпаратын түзе алады. Осыдан гипертекст кең ауқымды, әр түрлі көзқарастардан тұратын динамикалық болып та келеді.

Гипертексті жүйе әдетте ақпарат желісін анықтау, қосымша жасау үшін қолданылады.

Жоғары білім берудегі оқу материалының толық көлемін студент тек жүйелік тұтастықта, яғни, естің, танымның, шығармашылықтың көмегіне қарағанда логикалық ойлау көмегімен және бөліктей емес жалпыланған түрде көбірек меңгеруі мүмкін. Бір аймақтағы білімді меңгеру білімдердің, біліктіліктерді және дағдылардың жиынын анықтайтын түсініктердің толық жүйесіне негізделетін басқа аймақтың мәліметтерін пайдалануды талап етеді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды педагогикалық бағытта қолдану, мультимедиа мен гипермедиа технологиясы құзырлылықты қалыптастырудың тиімді құралы екенін дәлелдейді.

Әдебиеттер:

1. Караев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения КТО: Автореф. дисс. ... д-ра пед. наук. – Алматы, 1995. – 41 с.

2. Бидайбеков Е.Б. Развитие методической системы обучения информатике специалистов совмещенных с информатикой профилей в университета Республики Казахстан: Автореф. дисс. ... д-ра пед. наук. – М., 1998. – 34 с.

3. Беркімбаев, К.М. Студенттердің кәсіптік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде қалыптастырудың тиімділігін зерттеу нәтижелері / «Шоқан тағылымы – 13» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конф. баянд. Том 6. – Көкшетау, 2008. – 272-275.

4. Андасова Б.З. Студенттердің өздік жұмысында электрондық оқулықты қолдану. // Білім берудегі менеджмент. – 2006. – №1. – 139-142 бб.

5. Бейсенова Гүлбахрам. Жаңа ақпараттық технологиялардың тиімділігі // Қазақстан мектебі. – 2006. – №6. – 11-19 бб.

Резюме

В статье предложены перспективные пути применения средств информационно-коммуникационных технологий при подготовке будущих специалистов. Нынешняя интерактивная информационно-методологическая технология обучения обеспечивает компьютерную технику, устройство телекоммуникационных связей, инструментально информационные средства. Использование информационно-коммуникационных технологий в сфере педагогики показывает, что мульти- и гипермедиа очень выгодное средство формирования технологии.

Summary

In this article prospects of application of means of information and communication technologies are offered by preparation of future specialists. Present online information and methodological technology of educating provides a computer technique, the device of telecommunication connections, instrumentalno information means. Use of information and communication technologies in the pedagogics sphere, shows that, multimedia and hypermedia very favorable means of formation of technology.

БОЛАШАҚ МАМАНДЫ ДАЯРЛАУДА АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

А.Ө. ЕСІРКЕПОВА, Г.М. ЕҢСЕБАЕВА,

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы*

Адамзат ХХІ ғасыр есігін әлемдік жаһандану дәуірінде, ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың өте жоғарғы деңгейде қарқын алып дамудың жағдайында ашты.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өткен жылғы «Әлемдік бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру» Стратегиясының маңызы ерекше болса, биылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа жолдаған Жолдауында оқыту үрдісінде ақпараттық- коммуникативтік технологияларды білім беру сапасын жақсартуда қолданыс аясын кеңейтуге баса назар аударды [1]. Бұл білім саласына көптеген жаңалықтар тасқынын әкелуде. Сонымен қатар әлемдік ақпараттық даму жүйесіне еркін енуге жол ашуда.

Қазіргі білім берудің мақсаты білім, білік, дағдымен қаруландыру ғана емес, солардың негізінде дербес, өзгермелі қоғамда лайықты өмір сүріп, жұмыс жасай алатын, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке ұмтылатын, ақпаратты өзі іздеп тауып, ұтымды пайдалана алатын, жан-жақты дамыған білімді, өз ісіне және басқаның ісіне әділ баға бере алатын кәсіби маман қалыптастыруды талап етіп отыр. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамытудың тұжырымдамасында білім берудің негізгі міндеті білімдік шоғырланудан нәтижеге бағытталған құзыреттілік тұрғыға көшу деп көрсетілген [2].

Ақпараттық-коммуникативті технологияларды білім беру саласында үйлесімді пайдалану студенттердің жеке, өз кәсібін меңгере жұмыс істеуіне негізделініп, өзіне қажетті мазмұн мен мәліметті ақпарат көзінен таңдап, талғап білуіне үйретеді.

Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең – ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) ақпараттық жүйелер мамандығын студенттеріне сабақ беру барысында барлық салаларына кірігізіп, оның табиғи жұмыс жасау ортасына айналып отыр. Сонымен бірге, қоғам өмірінің ақпараттануы және компьютерлік техника құралдарының кеңінен таралуы білім берудің мазмұнына ғана үлкен әсерін тигізіп қоймайды, ол оқу-тәрбие үрдісінің нысандары мен әдістеріне де ықпал етіп отыр. Мұндай оқыту әдістері мен нысандары «Білім берудегі АКТ» деген атау алды.

Біз «Білім берудегі АКТ» ұғымымен тығыз байланыста қолданылатын синонимдік технологиялық тіркестерге назар аудардық. Олар: «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «білім берудің жаңа ақпараттық технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары», «оқытудың электронды-коммуникативтік жүйелері, құралдары мен технологиясы».

АКТ мынадай өзара байланысты құраушылардан тұрады: үйретуші, тиісті бағдарламалармен қамтамасыз етілген компьютер, үйренуші және оқу материалы [3]. Мұндай жүйеде бірнеше құраушылардың өзара әрекеті (ақпаратпен алмасу) жүзеге асырылады: сценарист (теориялық материалды өңдеген және педагогикалық сценарий жазған адам); оқытудың бағдарламалық құралдарын әзірлеуші адам (программист); үйретуші (жүйені талдаумен және түзетумен айналысады); үйренуші (берілетін ақпаратты қабылдаушы және түсіндіруші); үйренушілердің үйрену, бейімделу деңгейін бағалау және талдау, оқыту үрдісін түзету мүмкіндігі бар компьютер; оқу және анықтамалық ақпаратты иллюстрациялау және манипуляциялау мүмкіндігі бар оқытудың қазіргі техникалық құралдары.

Педагогтардың АКТ пайдалану қызметі дайындығына сүйене отырып, біз мыналарды байқадық:

– Педагогтардың компьютерлік техниканы пайдалану қызығушылықтарының артқандығы;

– Оқыту құралдары ретіндегі компьютерлік техниканы пайдаланудың ең маңызды психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін сақтау. Мұндай ерекшеліктерге мыналар жатады: а) осы оқыту құралын пайдаланудың педагогикалық тұрғыдан тиімділігі; б) үйренушілердің оқу-танымдық қызметін ұйымдастырудың тиімді тәсілдері (компьютерлік техниканың жеке маңызды қызмет құрылымына кіруі, үйренуші мен компьютерлік техниканың ұтымды диалогын орнату, өзіндік қызметті дамыту арқылы оқу-танымдық қызметті жандандыру, оқу үрдісін өз бетімен бақылауды ұйымдастыру, компьютерлік техникамен өзара іс-қимыл барысында үйренушілердің шығармашылық дағдыларын қалыптастыру;

– Педагогтарды жалпы мәдени, психологиялық-педагогикалық, пәндік және кәсіби-педагогикалық даярлау үрдісінде АКТ-ны кешенді пайдалану.

Ғалымдар мен зерттеушілер В.В. Семеновтың, Т.В. Васильеваның, В.В. Рубцовтың және тағы басқалардың түрлі пікірлерін зерттей келе, оқыту үрдісінде компьютер атқаратын функциялардың барлық жиынтығын екі топқа бөлуге болады:

- Үйренушілердің оқу қызметіне байланысты функциялар;
- Әлеуметтік маңызы бар функциялар.

Бірінші топқа мынадай негізгі функциялар жатады: коммуникативтік, танымдық, білімдік, құндылықты-бағдарлаушы, диагностикалық. Екінші топты мынадай маңызды функциялар құрайды: ізгіліктілік, басқарушылық, теңестірушілік, оңтайландырушылық, оңалтушылық, көңіл көтеруші-тыныштандырушылық.

Оқу үрдісіндегі компьютердің алатын орны үйретуші бағдарламаның типіне сәйкес айқындалады. Арнайы әдебиеттерді талдаудың негізінде біз мынаны анықтадық: бірқатар үйретуші бағдарламалар білім мен дағдыларды бекітуге арналған. Басқалары жаңа ұғымдарды меңгертуді мақсат етеді. Оның үстіне, «қатысушылардың» өздеріне жаңалықтар ашу мүмкіндігін беретін бағдарламалар да бар, бұл тұста, компьютер көркемдік тәрбие жұмысында ерекшеленеді. Сонымен қатар, проблемалық оқытуды жүзеге асыратын үйретуші бағдарламалардың мүмкіндіктері мол, олар еңбекке және кәсіби оқыту ісінде нақты жағдайларды модельдеп, талдай отырып, үлкен пайдасын тигізеді. Себебі олар еп-дағдыларды қалыптастыруға, түрлі жағдайларда объективті шешімдер қабылдауға ықпал етеді.

Бұл жағдайда оқыту жүйесіндегі негізгі байланыстарды ескерсек, оқу үрдісін ұйымдастыруда мынадай жоспарды басшылыққа алған жөн:

- компьютерді пайдалану мақсаттарын айқындау;
- бағдарламалық жасауды (әзірлемені) сәйкесінше таңдау;
- әдістемелік көмек беретін материалдарды даярлау;
- үйренушілер топтарын ұйымдастыру.
- оқу кестесін құрастыру, компьютерді пайдалану уақытын бөлу;
- компьютердегі бақылау жұмыстарын пайдаланып немесе компьютерден тыс бақылау жүргізе отырып, тұрақты үзіліс кезеңдерінде үйренушілерге тексерулер ұйымдастырып отыру;
- енгізіліп отырған компьютерлік үйретуші бағдарламалардың табысты қолданылуын бағалап отыру;
- курс бойынша қорытынды емтихан (бақылау, курстық және т.б. жұмыстар жүргізу) алу.

Тәжірибе көрсеткендей, АКТ қолданудың бір шарты – сабақтарды педагогикалық бағдарламалық құралдарды пайдалану арқылы өткізу үшін онымен жұмыс жасау жөніндегі нұсқаулықтардың болуы. Үйретушінің уақыты жеткілікті және жұмысты орындауға деген тілегі болған жағдайда, ол үйретуші бағдарламаның мазмұнымен тереңірек танысып, мұндай нұсқаулықтарды өзі де құра алады. Алайда бұл жағдайда бірқатар талаптар назардан тыс қалмауы тиіс. Көптеген ғылыми еңбектерді талдай отырып, біз нұсқаулықтарға қойылатын бірқатар талаптарды белгіледік:

- нұсқаулық қысқа және қарапайым болуы тиіс;
- нұсқаулықтың инварианттық және вариативтік бөлімдері болуы тиіс.

Инварианттық бөлім кез келген тапсырманы орындау үшін қажетті мәліметтерді қамтуы тиіс. Мысалы, талдамалы ұғымды енгізу үшін үйренуші берілген бағдарламалық құралға арналған математикалық ұғымдарды жазудың ерекшеліктерін білуі керек. Вариативтік бөлігі үйренушілерге нақты оқу жұмысы шеңберінде қажет болатын мәліметтерді ғана қамтуы тиіс.

Енді біз «Ақпараттық-коммуникациялық құзырлық дегеніміз не?» деген сауалға жан-жақты тоқталайық. «Құзырлық» ұғымы латын тілінен аударғанда «жасай алу» деген мағынаны білдіреді.

Құзырлылық – бұл күнделікті өмірдің нақты жағдайларында пайда болатын проблемалар мен міндеттерді тиімді түрде шешуге мүмкіндік беретін қабілеттілік. Стенфорд комиссиясының директоры Г. Вайнер құзырлылықты адамның белгілі бір әрекеттер аймағына сәйкес бағыттылығы ретінде қарастырады. Ал белгілі ғалым М.М.Чошанов құзырлылықты білім, білік, дағдының өзара байланысы деп қарап, оның төмендегідей формуласын ұсынады: білімді қолданудың жылдамдығы + әдістердің оралымдылығы + ойлаудың сынаулығы. Аталған анықтамадан кейін біз «ақпараттық-коммуникациялық құзырлылық дегеніміз не?» анықтамасына тоқталайық. Ақпараттық-коммуникациялық құзырлылық – бұл оқу, тұрмыс және кәсіби бағыттағы міндеттерді шешуде ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті [4].

Әдебиеттерде «ақпараттық құзырлылық», «компьютерлік құзырлылық» терминдері жиі кездеседі. Ақпараттық-коммуникациялық технологияның жеделдетіп дамуына байланысты «ақпараттық-коммуникациялық құзырлылық» деген терминді қолдану тиімді. Ақпараттық-коммуникациялық құзырлылық – бұл адамдардың кез келген проблема мен міндеттерді компьютермен, ақпараттық құрылғылармен және телекоммуникациямен шешу мүмкіндігі. Біз өз жұмысымызда ақпараттық қоғам жағдайында педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық құзырлылығын қалыптастыру көрсеткіштерін төмендегідей анықтадық:

- білім беру жүйесінің әлемдік ақпараттық кеңістікке саналы түрде енуін қамтамасыз ету;
- ақпараттардың шексіз көлемі мен осы ақпараттарды аналитикалық түрде өңдеуді қамтамасыз етуге даярлау;
- ақпараттық ортада жеке тұлғаның шығармашылық сапасын дамыту мен қалыптастыру және өзіндік ақпараттық органы құру дағдыларын қалыптастыру;
- ақпараттық ортада коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру;
- ақпараттық ортада өзара байланыс қызметтерін қалыптастыру;
- ақпараттық ортада ақпаратты алу, таңдау, сақтау, қабылдау, түрлендіру, жіберу және бір-бірімен сабақтастыру мәдениеттерін қалыптастыру;
- интерактивтік телекоммуникациялық технологияларды (Интернет, қашықтықтан оқыту және т.б.) қолдануға даярлау;
- ақпараттық-білімдік органы модельдеу мен жобалау қабілетін қалыптастыру және осы дағдыны өзіндік кәсіби қызметтеріне қолдануға даярлау.

Қазіргі жағдайда педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық құзырлылығы кәсіби мамандықтың құрамды бөліктері болып табылады. Сондықтан бұл мәселе кәсіпорындарға болашақ мамандар даярлаудың көкейкесті мәселелерінің бірі ретінде айқындалады.

Студенттердің коммуникативті құзыреттіліктері мен ақпараттық құзыреттіліктерінің даму көрсеткіші айқын көрінеді. Өз беттерімен, бір-бірімен қарым қатынас, ой алмасу, қорытындылау деңгейлері сабақ барысында анық көрінеді. Сонымен қатар ақпараттық технологияларды пайдаланып оқыту мынадай нәтижелерге қол жеткізеді [3]:

- оқу материалын терең түсінуге;
- оқу мотивациясының артуына;
- алған білімнің ұзақ уақыт есте сақталуына;
- білім беруге жұмсалатын шығынның азаюына, т.б.

Негізгі құзыреттіліктерді әр сабақта, сабақтан тыс өтілетін іс шараларда дұрыс мақсат-міндеттерді қоя отырып, дамытуға болады. Студент бойындағы құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін оқытушы өзі белгілі құзыреттіліктерді иемдену керек. Ең негізгісі жаңа ақпараттық технологияларды біле отырып өзінің кәсіби қызметінде қолдана білуі қажет. Осы жоғарыда айтылған құзыретті игерсе, білім сапасын арттыруға, жаңа өмірге жаңаша бейімделуге, проблеманы шешуге, өмірде өз орнын табуға, өзін-өзі анықтауға әбден болады. Өмірлік тәжірибемен қаруланған қазіргі жаңа қоғамға сай тұлға қалыптасып, шығармашылықпен жұмыс істей алатын ойлау қабілеті жоғары тұлға қалыптасады.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы өте зор.

Әдебиеттер:

1. «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан». Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың халыққа Жолдауы. – Астана.
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылдарға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Білім-Образование. – Астана, 2004. – №1.
3. Беркімбаев К.М. Студенттердің кәсіптік құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде қалыптастырудың тиімділігін зерттеу нәтижелері // «Шоқан тағылымы – 13» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конф. Т. 6. – Көкшетау, 2008. – 272-275 бб.
4. Ходжаниязов Х.Т. Оқыту процесіндегі электронды оқулықты пайдалану // Білім әлемі. – 2004. – №4. – 14 б.

Резюме

Информационно-коммуникационные технологии в сфере образования дают возможность студентам индивидуально использовать информацию, которая основана на профессионализме.

Summary

Information and communication technologies use in education give the chance to students to use individually information which is based on professionalism and gives the chance to choose and study it.

ӘОЖ 004.7:004.738

КОРПОРАТИВТІ ЕСЕПТЕУ ЖЕЛІСІ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ КӨПАГЕНТТІК ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

А.Ш. МЫРЗАБАЕВА,

магистрант

А.А. МЫРЗАМҰРАТОВА,

магистрант,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,

Қазақстан Республикасы

Қазіргі таңда кәсіпорындарда жекелеген ЭЕМ-дерді жергілікті желіге біріктіру және оларды ауқымды есептеу желісіне қосу кең таралған. Бұл кәсіпорынның ішкі басқаруды тиімді ұйымдас-тыруына, бір жергілікті желіге біріктірілген машиналар арасында жедел ақпарат алмасуды жүзеге асыруға және кәсіпорынның шалғайда орналасқан филиалдары арасында өзара байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Мұндай интеграцияның кәсіпорын құжат айналымының электрондық түрге көшуімен байланысты болатын өзіндік қауіптілігі де бар.

Есептеу желілерінің қазіргі таңдағы қарқынды дамуы кезеңінде ақпаратты қорғау мәселесінде бұрыннан қолданыстағы дәстүрлі қорғаныс шараларын қолданумен ғана шектелу кәсіпорынға елеулі қаржылық шығындар әкелуі мүмкін. Бүгінгі күні жергілікті есептеу желісінің сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің танымал құралдары ретінде жергілікті желімен Интернет және басқа желілердің байланыс каналдарында орналасатын желіаралық экрандарды айтуға болады. Желіаралық экрандар жергілікті есептеу желісін ішкі қауіп-қатерден қорғауда дәрменсіз болады. Сондай-ақ қолданыстағы желі қауіпсіздігі жүйелерінде әлсіз буындардың болуы зиянкестердің сыртқы желіден де еш кедергісіз ақпарат алуына мүмкіндік береді. Әр түрлі сипаттағы және мақсаттағы зиянкестік шабуылдармен бірге қорғаныссыз желіге түрлі вирустардың әсер етуі ақпараттың жоғалуына, оны қайта қалпына келтіруге күш пен уақыттың жіберілуі кәсіпорынның өркендеуіне, тиімді жұмыс атқаруына кедергі келтіреді, қыруар шығындарға әкеледі.

Қазіргі таңда желі қауіпсіздігін тиімді қамтамасыз ететін көпагенттік жүйелер кең таралуда. Бұл жүйелер жергілікті есептеу желісінің барлық хосттарына қорғаныс қызметтерін үлестіруге мүмкіндік береді, ал бұл өз кезегінде желінің сыртқы да ішкі де шабуылдардан қорғаныс құралдарын қажеттілігіне қарай қайта құруға мүмкіндік береді және қайтарым жауабының жылдамдығын арттырады. Сонымен қатар, желі қорғанысының бұл тәсілі қорғаныс құралдары әкімшілігін жеңілдетеді алады.

Қолданыста жүрген көптеген желі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйелері монолиттік және әмбебаптық принциптер негізінде құрылады. Мұндай жүйелердің кемшілігі ретінде келесілерді айтуға болады:

- жаңадан пайда болған шабуылдарға жауап қайтару жылдамдығының төмендігі;
- қызмет көрсету ортасының өзгеріске ұшыраған жағдайында жүйені қайта құру қиындығы;
- талап етілетін конфигурация баптаулары мен тапсырмаларына сәйкес икемделмеуі;
- қарапайым пайдаланушы тарапынан да жүйені үнемі қадағалаудың қажеттілігі.

Бұл жүйелерде пайдаланушының желі қорғанысы саласындағы біліктілігінің жоғары деңгейде болуы желі қауіпсіздігінің кепілі болады. Кері жағдайда пайдаланушының қауіпсіздік жүйесі хабарламаларын жауапсыз қалдыруына, қажетті деректер базасын дер кезінде жаңартпауына, тіпті қауіпсіздік жүйесін мүлде алып тастауына әкеледі. Осыған орай желі қауіпсіздігін қадағалау мен қолдау жасау міндеті желі администраторына жүктеледі. Сонымен қатар бұл жүйелер өзара қайталанбалы болып келеді және жергілікті есептеу желісінің қауіпсіздік деңгейі мен талаптарына, тәуелсіз жүйе ресурстарына өте жоғары талаптар қояды.

Көптеген кәсіпорындардың жергілікті есептеу желілерінде қорғаныс шарасы ретінде басқа желілермен байланыс каналдарында желіаралық экрандар пайдаланылады. Жергілікті желінің барлық ішкі байланыстары өзара ашық болады. Бұл жағдайға қайсыбір машинаның желіаралық экраннан тыс сыртқы желімен байланысуы (мысалы, модем арқылы) не ақпарат тасымалдау құрылғыларын қолдануы бүкіл желі қауіпсіздігіне қауіп төндіреді (зиянкес программаның таралуы, құпия ақпараттың жергілікті желіден тыс шығып кетуі). Сонымен қатар желі қауіпсіздігін арттыру мақсатында желінің кейбір хосттарында қосымша программалық құрылғылар орнатылады. Бұл жекелеген хосттардың қауіпсіздік деңгейін арттырғанымен, бүкіл желіге келеңсіздіктер мен ыңғайсыздықтар тудырады, мысалы, баптау мен басқарудың күрделілігі, қорғаныс жүйесі компоненттерінің мерзімінде жаңартылмауы, желінің қайсыбір бөліктерінің қорғаныстан тыс қалуы және осының салдарынан сырттан болатын шабуылдарға желінің төтеп бере алмауы, құпия ақпараттың сыртқа шығып кетуі.

Желі қауіпсіздігін қорғаудың көпагенттік жүйесінде басқа тәсіл қолданылады. Мұнда желінің барлық хосттарына қорғаныс механизмдері таратылады және осы жағдайда қорғаныстың әр түрлі мәселелері әр түрлі агенттермен шешіледі де, ал олардың әрекеттері бір хост шеңберінде не бүкіл корпоративті желі бойынша анықталады. Көпагенттік жүйенің ерекше атап өтуге тұрарлық бірнеше қасиеттері бар:

- Қорғаныс нысандары мен құралдарының үлестірілу мүмкіндігі;
- Қорғаныс элементтерінің бір типтілігі;
- Бүкіл жүйенің жоғары деңгейлі икемділігі;
- Қорғаныс құралдарының жылдам жауап қайтару және жылдам қайта құрылу, қайта үлестірілу мүмкіндігінің болуы;
- Бірегей қорғаныс орталығының болмауы;
- Қарапайым пайдаланушыларға ақпарат қорғау мен желі қорғанысына қолдау жасауда жоғары талаптардың қойылмауы.

Типтік агенттің құрылу концепциясының негізінде көп модульді архитектура жатыр, ол агенттердің өздеріне туындаған жекелеген құбылысқа сәйкес икемделіп, әрекет ететін бірегей қорғаныс жүйесін қайта құруға мүмкіндік береді. Көп модульді архитектураның қолданылуы жүйені жаңарту мен қайта құруды жеңілдетеді. Жекелеген модульдерге күрделі өзгерістердің енгізілуі де жүйенің бүкіл құрылымына әсер етпейді, яғни басқа модульдерді қайта компиляциялап, қайта жинауды талап етпейді. Бұл архитектурада орталық ролін жүйенің бас модулі атқарады, ол барлық модульдерді синхрондап, өзара әрекеттерді реттейді. Сонымен қатар бас модуль білім қорын, ережелерді және жедел ақпаратты ұйымдастыруға жауапты болады. Негізгі барлық модульдер ішінен келесілерді ерекше атап өтуге болады:

– бас модуль – барлық модульдер арасында ресурстарды үлестіреді және өзара қарым-қатынас пен әрекеттесуді ұйымдастырады;

– талдау модулі мәлімет жинайды, агенттің қызмет ету ортасы мен айқындалған шабуылдар туралы статистикалық ақпараттарды жинақтайды;

– оқыту модулі агенттің дұрыс қызмет көрсетуі және желінің қорғаудағы элементі жайында пікірлерді қалыптастырады, желідегі көршілес агенттер орталары мен олардың әрекеттері туралы мағлұмат береді;

– қорғаныс модулі талдау модулі айқындаған шабуылдар мен зиянкес программаларға қарсы белсенді емес әрекет етуді анықтайды;

– сыртқы ортамен байланыс модулі ағымдағы желілік орта жағдайы туралы ақпарат жинақтауға, көрші агенттер жайлы мәліметтер алуға мүмкіндік береді. Бұл ақпараттар көрші агенттермен бірлесіп шабуылға төтеп беру әрекеттерін үлестіру мақсатында пайдаланылады;

– шабуыл және ендіру модулі қорғалатын желі элементтерінің белгілі әлсіз тұстарын іздеп тауып, оларды дер кезінде анықтаған соң қорғаныс модуліне қажетті баптаулар жүргізуге мүмкіндік береді;

– көршілес агенттермен өзара әрекеттесу модулі жергілікті есептеу желісінің біртұтас қорғаныс жүйесі аясында жекелеген агенттер арасындағы байланысты ұйымдастыруға жауап береді;

– есептер әзірлеу модулі агенттің деректер базасындағы мәліметтері негізінде қауіпсіздік жүйесінің есептерін қалыптастырады;

– тіркеу модулі желі агенттерінің ағымдағы жағдайы, жаңа модульдердің қосылуы, айқындалған шабуылдар мен аномалиялар туралы жазбаларды деректер базасына дер кезінде тіркеп отырады;

– криптографиялық модуль сертификаттарды тексеру мен шифрлау қызметтерін ұсынады;

– пайдаланушымен сұхбат интерфейсі – жүйе пайдаланушысы мен агенттің байланысу, әрекеттесу модулі;

– әкімшілік модулі – желі агенттеріне ортақ бұйрықтардың енуі, жаңа модульдер мен қорғаныс компоненттерінің қосылуы, агенттер білім қорларының толықтырылуы не жаңартылуына қатысты басқару интерфейсін ұсынады.

Әрекет етудің бастапқы мезетінде агентте модульдердің бастапқы жиынтығы болады және қажетті қорғаныс деңгейі, көршілес агенттер саны, архитектура туралы базалық мағлұматтар болады. Желінің қайсыбір түйініне агентті орнатысымен ол әрекет ететін ортасы туралы ақпарат жинай бастайды. Талдау модулінің жинақтаған мәліметтері негізінде оқыту модулі қызмет ету жағдайы мен шарттары, агенттің жақын көршілері, орын алу ықтималдығы жоғары шабуылдар мен қолданыстағы қорғаныс құралдары туралы пікірлер қалыптастырады. Бұл агенттің адаптациядан өтуіне өз құрылымын үздіксіз өзгеріп отырады әрекет ету ортасына сай үйлесімділікпен қалыптастыруына мүмкіндік береді. Статистикалық ақпараттың үздіксіз жинақталып отыруы агент орнатылған жүйе бөлігінің дұрыс жұмыс атқарып отырғандығы жайлы пікірлерді қалыптастыруға, пайдаланушы және программалық қамсыздандырудың әрекеттерінде ауытқулардың бар болуын дер кезінде айқындауға мүмкіндік береді.

Жеткілікті деңгейдегі үлкен желілерде көпагентті технологияны қолданған жағдайда ақпарат алмасудың ағымдық принциппен жүзеге асырылуы байланыс құралдарына да, желінің есептелу қуаттылығына да артық күш түсіреді. Осының нәтижесінде қорғаныс жүйесі желі ресурсының басым бөлігін қолданады. Қорғаныс жүйесінің бірегей ақпараттық орталақтарын қолдануға негізделген бағыттың да өзіндік кемшіліктері бар. Сондықтан да агенттер арасында нақты көрсетілген байланыстың шектеулі жиынтығын қолдану ең тиімді деп саналады. Бұл тәсілде желіге түсетін ауыртпалықты жеңілдетуге болғанымен, ол администратордың тікелей көмегінсіз желінің ағымдағы жағдайға орай икемделуіне және агенттер арасындағы байланысты қайта құруына мүмкіндік бермейді. Бұл өз кезегінде желі баптауларының өзгеруі мен агенттердің ажыратылуы жағдайында жылдам жауап беру қабілетінен айырады. Осындай келеңсіздіктерді болдырмас үшін агенттер жиынын есептеу орталары шарттарының ұқсастығына және әрекеттесу жылдамдығына қарай орайластырған жекелеген бірлестіктерге бөлу көзделеді. Бұл желі трафигін жеңілдетіп, агенттерді бірегей жүйеге біріктіруге мүмкіндік береді. Мұнда барлық негізгі ақпараттар ағымы бірлестік ішінде түйіседі де, көршілес бірлестіктермен байланыстар бүкіл қорғаныс жүйесі мүддесіне сәйкес келетін маңызды ақпаратпен алмасып отырады. Бірлестік ішінде агенттер қорғаныс функцияларын және қауіпті нысандардың резервтік көшірмелерін өзара бөлісе алады және бір-бірінің жұмысқа жарамдылығына қолдау көрсетіп

отырады. Сонымен қатар жекелеген хосттардың есептеу ресурстарын жеңілдету мүмкіндігін беретін қосымша модульдерді сақтауды үлестіруді ұйымдастыруға болады. Бұл жағдайда желінің жалпы сенімділігі бірлестіктердегі агенттер саны мен бірлестіктер арасындағы байланыстар санына тәуелді болады.

Агенттердің бірлестіктерге топтастырылуы олардың бір-біріне бірлестік ішінде қолдау көрсетіп отыруына ықпал етеді, яғни қайсыбір агент істен шыққан жағдайда көршілес агенттер бұзылу себептеріне талдау жасап, оны қайта қалпына келтіруге әрекет жасайды, агентті мүлде жоғалтқан жағдайда оны алмастырып бірлестік құрылымына қолдау жасайтын жаңа агенттер іздей бастайды.

Бірлестік ішіндегі әрбір агенттің көрші агенттер туралы ақпарат алып отыруы жүйеге жаңа модульдерді ендіру не орта шарттарының өзгеруіне сәйкес агенттердің жылдам икемделуіне жағдай жасайды. Зиянкестер тарапынан модульдерді қасақана алмастыру мүмкіндігін болдырмас үшін әрбір модуль берілген модуль туралы қажетті ақпараттық тақырыптармен және электронды цифрлық қолтаңба негізіндегі электрондық сертификатпен жабдықталады. Модульдерді сақтау тек бірлестік аясында ғана емес, бүкіл желі бойында да таратылуы мүмкін. Желінің қайсыбір түйіндерінің істен шығуы жағдайында бүкіл желі жұмысы тоқтап қалмас үшін модульдердің минималды көшірмелері сақтау орталықтарында орналастырылады. Жұмыс барысында агентке қайсыбір модуль керек болса, ол алдымен көрші агенттерге сұраныс береді, егер модуль бірлестіктен табылмаса, сұраныс басқа бірлестіктерге жіберіледі де модуль табылғанша үдеріс жалғаса береді.

Қазіргі таңда қолданыста жүрген желі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдары қызмет көрсету мүмкіндіктерінің шегіне жете пайдаланылуда, оған пайдаланушы талаптары мен қажеттіліктерінің барған сайын арта түсуі, желі ауқымының кеңеюі, ақпарат тасымалдаудың жаңа хаттамаларының пайда болуы себеп болуда.

Көпагенттік жүйеде желі қауіпсіздігі мен сенімділігін арттыру мақсатында монолитті жүйе емес, өзіне-өзі қолдау көрсететін үлестірілген қорғаныс жүйесі қолданылады. Бұл тәсіл желі құрылымына, қауіпсіздік деңгейлері талаптарына және желі ресурстарына сәйкес адаптивті қорғаныс жүйесін құруға мүмкіндік береді. Қорғаныс құралдарының бүкіл желі түйіндеріне үлестірілуі және бірегей басқару орталығының болмауы қорғаныс жүйесінің жалпы сенімділігін арттырады. Корпоративтік желілерді қорғаудың көпагенттік технологиясына негізделген бірегей жүйесінде жекелеген агенттердің жұмыла әрекет етуі жаңадан пайда болған күрделі шабуылдарға тиімді түрде қарсы тұру мүмкіндігін береді. Қауіпсіздік жүйесінің қайсыбір элементтерін жаңарту қорғаныс жүйесін үйлесімділікпен қайта құра отырып, үздіксіз даму үстіндегі әрі алуан түрлі сипаттағы шабуылдарғы төтеп беру мүмкіндігін арттырады. Корпоративті есептеу желісінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді көпагенттік технология негізінде аталып өткен мүмкіндіктерімен ұйымдастыру тәсілі бүгінгі күні жергілікті желі сенімділігін қадағалау мен қолдаудың перспективалық бағыты екендігін көрсетеді.

Әдебиеттер:

1. Котенко И.В. Многоагентные технологии анализа уязвимостей и обнаружения вторжений в компьютерных сетях // Защита информации. – 2004. – №2. – С. 72-76.
2. Тарасов В.Б. От многоагентных систем к интеллектуальным организациям: философия, психология, информатика. – М.: Эдиториал УРСС, 2002. – 352 с.

Резюме

В статье рассмотрены вопросы использования многоагентных систем защиты корпоративных сетей. Проведен сравнительный анализ существующих систем защиты с многоагентной технологией обеспечения безопасности сети. Показана многомодульная архитектура типовых агентов, основанная на взаимодействии различных компонентов системы.

Summary

In clause the questions of use multi-agent systems of protection of corporate networks are considered. The comparative analysis of existing systems of protection with multi-agent by technology of a safety of a network is spent. The multimodular architecture of the typical agents based on interaction of various components of system is considered.

КОНВЕРГЕНТТІ ЖЕЛІЛЕР

Е.А. НАУРЫЗБАЕВ,

магистрант,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,

Қазақстан Республикасы

Конверцияланған технологиялар еңбек өнімділігін жоғарылату, шығындарды төмендету бойынша қосымша мүмкіндіктерінің іске асырылуы үшін анық жолдарын ұсынады. Күн сайынғы операциялық процестер және үлкенірек тиімділікпен бір торапқа салған байланыс желісі клиенттермен, әріптестермен және жабдықтаушылармен әрекеттесуін жақсартады. Олардың қолданыста көп ұшырасатын қызмет түрлері төмендегідей:

- телефонияның дәстүрлі трафигін тарату;
- интернетке енуге рұқсат беруді ұйымдастыру және интернет трафигін магистралды арналар бойынша тарату;
- корпоративтік желілер трафигін тарату, жергілікті желілерді қосу;
- бейнеконференцияларды ұйымдастыру және IP-телефония трафигін тарату.

Соған қоса, бір қызмет түрін жеткізуге жарамды мәлімет тарату арналары келесі бір қызмет түрлерін жеткізуге үнемі жарамды деп таныла бермейді. Ұсынылатын қызмет көлемін арттыру операторлар мен провайдерлерді бірнеше әрі сан алуан желілерді қатар дамытуға мәжбүрлейді. Бұл – шығыны көп шара және айтарлықтай күрделі техникалық кедергілерге толы келеді.

Конвергентті желі – бұл әр түрлі трафик түріндегі мәліметтерді тарату үшін бірыңғай арнаны пайдаланатын инфрақұрылым. Ол құрал-жабдық түрлерінің әр алуандығын азайтуға, бірыңғай стандарттар мен бірыңғай кабелдік жүйені пайдалануға, көптеген қызмет түрлерін толыққанды жеткізу үшін коммуникациялық ортаны орталықтан басқаруға мүмкіндік береді. Конвергентті желілерді жобалау көрсетілетін қызмет түрлерін анықтаудан басталады. Бірінші кезекте оператордың көрсететін қызмет түрін анықтау, ағымдағы кезеңге дейін әр алуан трафик түрлерінің қатынасын бағалау және жуық болашақтағы белең алар жағдайды болжау мәселелерін шешу қажет.


Конверцияланған шешімі бар интеллектуалды желі қорғалған сенімді талап етеді. Қазіргі желінің қабілеттілігі әрбір талапты меншіктей алатын, өнімділік, интеллектуалдық және тоқтамаушылықты қамтамасыз ететін, берілетін мәліметтердің әр түрлі түрлері желіде қолданылатын болуы керек.

IP желісі арқылы дауыс тасымалдау.

IP протоколының негізінде құрылған 1-суретте көрсетілген желіде бүкіл деректер – дауыс, видео, текст, компьютерлік бағдарламалар не басқа да ақпараттар пакет түрінде тасымалданады. Осындай желідегі кез келген құрылғыда өзіне тиесілі IP адресі болады және тасымалданатын пакеттер тақырыпшасында көрсетілетін осы адреске сәйкес қабылдаушыға бағыттылады. Бір уақытта көп қолданушылар мен процестер арасындағы деректер бір ғана сым арқылы тасымалданады. IP желінің бір бөлігінде ақаулар пайда болғанда пакет тасымалдау айналып өтуге бағытталады. Және де IP протоколы сигнализация үшін бөлек бөлінген арна қажет етпейді.

Алғашқы кезеңде дауыс сандық түрге келтіріледі. Одан кейін қолданушыға тасымалданатын сандық түрге келтірілген деректердің физикалық көлемін азайту мақсатында тексеріледі және өңделеді. Және де бұл кезеңде қажетсіз кідірістер мен фондық шу азайтылып, қысу процесі орындалады.

Келесі кезеңде кезекті алынған деректер пакеттерге бөлшектеліп, протоколдың қосымша ақпараттары қосылады – қабылдаушы және жіберуші адрестері, пакеттің кезекті номері және қате дұрыстауға қажетті қосымша ақпараттар. Сонымен қоса пакеттің тікелей желіге тасымалдауға дейін керекті деректерді қабылдауға уақытша жинастыру орындалады.



Сурет 1. Пакеттер коммутациясын қолданатын желі

Қабылданған пакеттердің ішінен тасымалданған дауыс деректерін шығару да бірнеше кезеңнен тұрады. Дауыс пакеттері қабылдаушы терминалына келіп түскенде, ең алдымен олардың кезектегі орны анықталады. IP желілер жеткізу уақытына кепілдік бермегендіктен, кезек саны үлкен пакеттер ерте келуі мүмкін, сондай-ақ қабылдау интервалы әрдайым өзгерісте болуы мүмкін. Бастапқы кезектілікті қайтару үшін уақытша жинақтау орны бар. Бірақ, кейбір пакеттер мүлде жоғалып кетулері немесе жеткізу мерзімінің ұзақтығы рұқсат етілген күту уақытының шегінен ұзақ болуы мүмкін. Қарапайым жағдайларда қабылдаушы терминалы жоғалған немесе қате жіберілген деректерді қайта жіберуін талап етеді. Бірақ, дауыс тасымалдау жеткізу уақытына байланысты өте сезімтал болғандықтан, бұл жағдайда не қабылданған пакеттерді мүмкіндігінше қайта қалпына келтіретін аппроксимация алгоритмі қолданылады, не жоғалған пакет жай ғана есептелмейді, ал бос орынды келесі пакеттер орын алмастырады.

Видеоконференцияларды ұйымдастыру.

Адамгершілік қарым-қатынастың 90 пайызы көз мөлшерімен индикаторларға негізделген, сайып келгенде, видеоконференцияларды ұйымдастыруды жақсарту аудиоконференциямен салыстырғанда тиімділеу болып табылады. Штат бір-бірінің денесінің тілін санау керек және анықтай алу адамдар ықыласын көтереді және түсінімді жақсартады.

Артықшылықтар:

- Жедел мәжіліс өткізуі, пікірталастар және сараптамалар.
- Шығын, іссапарларға қатысты қызметкерлердің қатысуының төмендетуі.
- Алып тастаған рұқсаттың тәртібіндегі жиын және жедел ақпаратты өңдеуі.
- Қызметшінің дистанциялық үйренуі.
- Әріптестері бар өздігінен қарым-қатынастың жаңа деңгейі.

Әр түрлі орналастырылулардағы үкімет штаттық қызметкерлеріне видеоконференцияларын ұйымдастыру, кездесу, орын ауыстыруда шығынды азайтады және уақытты сығымдап, үкімет мекемелеріне, сонымен бірге бұл азайтуға көмектеседі, кездесуді алыс сапарға бармай өткізуге мүмкіндік береді. Жетілдірулер және видеоконференциялы ұйымдар, технологияның биік сапасы артынан бетпе-бет нақты көзбен ұшырасуларға тіршілік қабілеттілікті төмендетеді.

Мәліметтердің әр түрлі түрлерінің есептеуіш желілеріндегі пайда болуымен байланысты әр түрлі параметрлер бойынша зияткерлік классификациясы керек болады. Сол мәліметтердің қаншалықты нақтылы түрі жоғалтуларға және ол параметрлермен тапсыруға керек барлық қолданылатын қосымшалардың түрлерінің санының өсуімен көкейкестірек болып қалыптасатын тоқтауларға сын.

Видеоконмутациялы жоғары жылдамдықты мәлімет тарату инфрақұрылымы арқылы берілетін үздіксіз немесе сұраныс арқылы келіп жететін ағымдық ақпараттық мазмұн болып табылады.


Кабельді телекөрсетілім компанияларының бірнешеуі телефонды компаниялардың Internet және сөйлесу байланысының қызметтеріне жоғары жылдамдықты рұқсат алу сенімді дәстүрлі қызметтерін сату арқылы жетістікке жетті. Желілік қызмет провайдерлеріне қатынас бойынша бәсекеге қабілеттілікті сақтап қалу үшін телефонды компаниялар сонымен қатар телекөрсетілім, бейнекөріністерді Internet желісіне жоғары жылдамдықты рұқсат алуды қоса алғандағы алдыңғы қатарлы қызметтерді ұсынулары тиіс.

Үздіксіз ақпараттық мазмұнды желі бойынша алу, өңдеу және жөнелтуге дайындау бас бекеттерде жүзеге асырылады. Қосалқы класы ТВ қызметі саналатын үздіксіз ағымдық ақпараттық мазмұнды қызметтер ақпараттық мазмұнды жеткізудің ұзақ және үздіксіз графигін қамтиды. IP желілері үшін ақпараттық мазмұнның әрбір бөлшегі жеке IP-мен көрініс табады. Осыған орай желі ақпараттық мазмұнды бос бекеттен абоненттерге жөнелте алады.

Абонент жақтан телевизиялық қойылым немесе жеке компьютер ақпараттық мазмұнның жекелеген бөлшектеріне сұраныс жасайды, сонымен қатар ағымды жеткізу ісін бастау/тоқтату қажеттіліктері жөнінде желіге талдау жасайды. Ол үшін IP желілерінде IGMP-ге қосылу/ажырау жөніндегі дабылдық хабарламалар пайдаға асады.

Шұғыл түрде шешімін табуға қажетті маңызды архитектуралық мәселе белсенді үрдістің байқалуы болып табылады, ол кезде абонентке тек тұтыныстағы ақпараттық мазмұн ғана беріледі.

Желі берілген қосымша түрі үшін қажетті масштабтылықты және қызмет көрсету сапасын қамтамасыз етуі тиіс. Себебі бейне ағым таралу ісіндегі қажеттіліктерге өте сезімтал келеді, мәліметтердің жоғалуына бақылау жасаудың маңызы зор, сонымен қатар желі арқылы бейне ағым өткен кезде мәліметтерді тарату ісіндегі кешігу тербелістерін қатаң қадағалап отыру керек. «Видео» тарату желісінің сұлбасы 2-суретте көрсетілген.



Сурет 2. Видео тарату желісі

Протоколдар.

Протоколдар IP құрылғылардың (шлюз, терминал немесе IP-телефон) қоңырау шалу және қайта бағыттау, дауысбайланыс немесе видеобайланыс, абонент атын немесе номерін тасымалдауды орындайтын серверде немесе провайдердің гейткиперінде тіркелуін қамтамасыз етеді. Қазіргі кезде келесі VoIP протоколдар кең қолданыс тапты:

– SIP – дауыс, видео, тез арада хат алмасу жүйесінің хабарламаларын және әр түрлі жүктемелерді тасымалдауды қамтамасыз ететін сеансты байланыс орнату протоколы. Сигнализация үшін 5060 UDP портын қолданады және үнемі бақылауға қолдау береді;

– H.323 – SIP-ке қарағанда традиционды телефония жүйесімен біріктірілген протокол. Сигнализация 1720 TCP порт бойынша 1719 TCP порт терминалдарды гейткиперге тіркеуге арналған;

– IAX2 – 4569 UDP-порт сигнализация, медиатрафик;

– MGCP (Media Gateway Control Protocol) – медиашлюздермен басқару протоколы;

– MEGACO/H.248 – MGCP-дің жаңартылған түрі;

– SIGTRAN – ОКС-7 PSTN сигнализациясын IP арқылы бағдарламалық коммутатормен (softswitch) туннельдеу протоколы;

– SCTP (Stream Control Transmission Protocol) – IP желісі арқылы дауысты кепілді жеткізуді протоколы;

– 802.1 d(STP) – мекенді зерттеу. 2 деңгейлі ажыратып-қосқыштар мен арқалықтар интерфейс арқылы алынған әрбір кадрдан бастау алатын ақпарат көзінің ақпараттық мекенін есте сақтайды және де алынған ақпаратты өзіндегі MAC-мекендер мәліметтерін сақтайтын жадында сақтайды.

– 802.2 w(RSTP) – жөнелту немесе тазарту жөніндегі шешімдер. Интерфейс кадрды қабылдаған сәтте ажыратып-қосқыш аппараттық арналу мекенін талдайды және өзінің MAC-мекендер туралы мәліметтерді сақтайтын қажетті интерфейс іздейді.

– 802.1 s(MSTP) – цикл жасаудағы ерекше жағдай. Артық мәлімет үшін ажыратып-қосқыштар арасында бірнеше жол құрылған болса, онда циклденген ақпарат тарату жолдары пайда болуы мүмкін. STP (Spanning – Tree Protocol – жадының жабық хаттамасы) хаттамасы артық мәліметті сақтау барысында желіде пакеттердің циклденуін алдын алуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. www.wikipedia.ru.

2. Соколов Н.А. Конвергенция телекоммуникационных сетей. Терминологический аспект. – М., 2010.

Резюме

В статье рассмотрены технологии использования конвергентных сетей, а также параметры протоколов в использовании видеоконференции через сетевые устройства.

Summary

This article describes the use of converged networking technologies, as well as the parameters of protocols through the use of videoconferencing network devices.

УДК 519.853:514.853.001.12

НЕЛИНЕЙНОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ ДИНАМИКИ ОРБИТАЛЬНЫХ СТАЦИОНАРНЫХ ТОЧЕК ФОТОГРАВИТАЦИОННОЙ ОГРАНИЧЕННОЙ ЗАДАЧИ ТРЕХ ТЕЛ

А.Т. ТУРЕШБАЕВ,

кандидат физико-математических наук

У.Ш. ОМАРОВА, С.Е. МЫРЗАХМЕТОВА, Г.Г. УМАРСЕРИКОВА,

Кызылординский государственный университет имени КORKYT ата,

Республика Казахстан

Рассматривается фотогравитационная ограниченная задача трех тел, в которой оба основных тела являются источниками излучения световой энергии. Проводится нелинейное исследование устой-

чивости треугольных точек либрации в плоской задаче с учетом резонансных режимов 3-го и 4-го порядков. Показано, что в области устойчивости линейной системы всюду имеет место устойчивость по Ляпунову за исключением резонансного множества точек, в которых может быть нарушена устойчивость.

Движение частицы $P(x, y, z)$ пренебреженно малой массы будем изучать в поле двух гравитирующих и одновременно излучающих тел S_1 и S_2 , считааемых материальными точками, и обращающихся друг относительно друга по круговой орбите. Тогда движение частицы задается каноническими уравнениями [1]:

$$\frac{d\bar{q}_i}{dt} = \frac{\partial H}{\partial \bar{p}_i}, \quad \frac{d\bar{p}_i}{dt} = -\frac{\partial H}{\partial \bar{q}_i} \quad (i = 1, 2, 3), \quad (1)$$

где \bar{q}_i – суть декартовы координаты частицы $P(x, y, z)$;

\bar{p}_i – соответствующие канонические импульсы;

$H(x, y, z, \bar{p}_1, \bar{p}_2, \bar{p}_3)$ – аналитическая функция Гамильтона относительно координат и импульсов, которая в нашем случае имеет вид:

$$H = \frac{1}{2}(\bar{p}_1^2 + \bar{p}_2^2 + \bar{p}_3^2) + (\bar{p}_1 y - \bar{p}_2 x) - Q_1(1 - \mu)/R_1 - Q_2 \mu/R_2, \quad (2)$$

$$R_\alpha = \sqrt{(x - x_\alpha)^2 + y^2 + z^2} \quad (\alpha = 1, 2)$$

Здесь Q_1 и Q_2 – коэффициенты редукции масс основных тел.

В уравнения (1) вводим возмущения по формулам:

$$x = x_*^* + q_1, \quad y = y_*^* + q_2, \quad \bar{p}_1 = \bar{p}_1^* + p_1, \quad \bar{p}_2 = \bar{p}_2^* + p_2, \quad (3)$$

$$q_3 = p_3 = z_0^* = \bar{p}_3^* = 0,$$

и раскладывая гамильтониан в ряд по степеням возмущений q_i и p_i в окрестности рассматриваемой точки, принимаемой за начало координат, получим:

$$H = H_2 + H_3 + H_4 + \dots \quad (4)$$

$$H_2 = \frac{1}{2}(p_1^2 + p_2^2) + p_1 q_2 - p_2 q_1 + h_{200} q_1^2 + h_{020} q_2^2 + h_{110} q_1 q_2, \quad (5)$$

$$H_3 = h_{300} q_1^3 + h_{030} q_2^3 + h_{210} q_1^2 q_2 + h_{120} q_1 q_2^2, \quad (6)$$

$$H_4 = h_{400} q_1^4 + h_{040} q_2^4 + h_{004} q_3^4 + h_{310} q_1^3 q_2 + h_{130} q_1 q_2^3 + h_{220} q_1^2 q_2^2, \quad (7)$$

где $h_{20}, h_{11}, h_{02}, h_{30}, h_{21}, h_{12}, h_{03}, h_{40}, h_{31}, h_{22}, h_{13}, h_{04}$ коэффициенты [1], зависящие в сложной форме от массового параметра и Q_1 и Q_2 .

Полагая, что в системе отсутствуют резонансы 3-го и 4-го порядков, после применения преобразования Биркгофа, и ограничиваясь разложением до четвертого порядка включительно, функцию Гамильтона можно записать в виде:

$$H^* = \omega_1 r_1 - \omega_2 r_2 + c_{20} r_1^2 + c_{11} r_1 r_2 + c_{02} r_2^2, \quad 2r_i = q_i^2 + p_i^2 \quad (i = 1, 2) \quad (8)$$

Согласно теореме Арнольда-Мозера [2] при одновременном выполнении условий:

$$k_1 \omega_1 + k_2 \omega_2 \neq 0, \quad (9)$$

$$C(\omega_1, \omega_2) = c_{20} \omega_2^2 + c_{11} \omega_1 \omega_2 + c_{02} \omega_1^2 \neq 0, \quad (10)$$

где k_1, k_2 – целые числа, удовлетворяющие условию $0 < |k_1| + |k_2| \leq 4$ ($k = |k_1| + |k_2|$ – порядок резонанса),

а c_j – коэффициенты нормальной формы, зависящие от частот ω_1 и ω_2 линейной системы, для всех значений массового параметра m из области устойчивости линейной системы всюду сохраняется устойчивость по Ляпунову исходной системы (1). Исключения составляют множества точек, отвечающие резонансам 3-го и 4-го порядков.

При резонансе $\omega_1 = 2\omega_2$ нормализованный гамильтониан примет вид:

$$H = 2\omega_2 r_1 - \omega_2 r_2 + A(\omega_1, \omega_2) r_2 \sqrt{r_1} \sin(\varphi_1 + 2\varphi_2) + O((r_1 + r_2)^2), \quad (11)$$

где

$$A(\omega_1, \omega_2) = -\sqrt{\omega_2 (x_{1002}^2 + y_{1002}^2)}$$

при положительных значения Q_1 и Q_2 нигде не обращается в нуль. Откуда следует, что в ограниченной фотогравитационной задаче трех тел в области устойчивости линейной системы треугольные точки либрации всюду устойчивы по Ляпунову, за исключением множества точек, определяемого соотношением (9), для которых реализуется резонанс третьего порядка.

При наличии в системе резонанса четвертого порядка нормализованный гамильтониан в полярных координатах примет следующий вид:

$$H^* = 3\omega_2 r_1 - \omega_2 r_2 + c_{20} r_1^2 + c_{11} r_1 r_2 + c_{02} r_2^2 + B(\omega_1, \omega_2) r_2 \sqrt{r_1 r_2} \cos(\varphi_1 + 3\varphi_2) + O((r_1 + r_2)^{5/2})$$

$$\text{Здесь } B(\omega_1, \omega_2) = \frac{1}{3} \omega_2 \sqrt{3(x_{1003}^2 + y_{1003}^2)}.$$

Следует заметить, что если в классической задаче для конкретного значения m коэффициенты $B(\omega_1, \omega_2)$, c_{20} , c_{11} и c_{02} принимают постоянные значения (что намного упрощает исследование задачи), то в фотогравитационной задаче эти же коэффициенты не остаются постоянными и являются функциями координат x, y или Q_1 и Q_2 , вследствие чего задача резко усложняется. Используя результаты А.П. Маркеева [2], получим, что при резонансе 4-го порядка $\omega_1 = 3\omega_2$, определяемого множеством точек из области устойчивости линейной системы, треугольные точки либрации при:

$$\text{а) } F_1 > F_2 \text{ – устойчивы по Ляпунову, в) } F_1 < F_2 \text{ – неустойчивы,} \quad (12)$$

где $F_1 = c_{20} + 3c_{11} + 9c_{02}$, $F_2 = 3\sqrt{3}B(\omega_1, \omega_2)$.

Здесь коэффициенты c_j , являющиеся инвариантами функции Гамильтона (4) относительно канонических преобразований, зависят от коэффициентов $h_{\nu_1 \nu_2 l_1 l_2}$ однородных полиномов (6-7) степени m ($m = 3, 4$), которые в нашем случае являются функциями параметров системы – коэффициентов редукции Q_1 и Q_2 и безразмерной массовой μ .

Вследствие громоздкости выражений этих коэффициентов, полученных в результате нормализации, исследования проводились на компьютере при помощи специально разработанной программы.

Результаты нелинейного компьютерного моделирования показали, что для всевозможных значений параметров системы треугольные точки либрации на резонансном множестве точек 3-го порядка в обобщенной фотогравитационной ограниченной задаче трех тел всегда неустойчивы.

Построены области устойчивости треугольных точек для значения массового параметра $\mu = 0,01$ (рис. 1, 2). Установлено, что в этом случае (при $\mu = 0,01$) резонанс 3-го порядка $\omega_1 = 2\omega_2$ не реализуется.

Найдены участки области, соответствующие резонансу 4-го порядка $\omega_1 = 3\omega_2$, где выполняется

$$\left| c_{20} + 3c_{11} + 9c_{02} \right| > 3\sqrt{3}B(\omega_1, \omega_2),$$

что свидетельствует об устойчивости по Ляпунову исследуемых точек либрации в плоском варианте задачи (в случае пространственной задачи имеет место устойчивость в 4-м порядке); на других участках области, где неравенство меняет знак на обратный, имеет место неустойчивость исследуемых точек.





Рис. 1. Область устойчивости при резонансе 4-го порядка ($\mu = 0,01$):

1 – область устойчивости в линейном приближении;
2 – устойчивость; 3 – неустойчивость

Рис. 2. Область устойчивости при $C(\omega_1, \omega_2) = 0$:

1 – область устойчивости в линейном приближении; 2 – неустойчивость

На рис. 2 указаны области, в которых условие (10) не выполняется. В области устойчивости в первом приближении треугольные точки в плоской задаче трех тел всюду устойчивы по Ляпунову за исключением, быть может, множества точек, в которых реализуются резонансы $\omega_1 = 2\omega_2$, $\omega_1 = 3\omega_2$, и не выполняется условие $C(\omega_1, \omega_2) \neq 0$ теоремы Арнольда-Мозера. Следовательно, вопрос об устойчивости треугольных точек либрации в плоской фотогравитационной ограниченной задаче трех тел решен до конца.

Литература:

1. Пережогин А.А., Турешбаев А.Т. Об устойчивости треугольных точек либрации в фотогравитационной задаче трех тел // *Астрономический журнал*. – 1989. – Т. 66. – С. 859-865.
2. Маркеев А.П. Точки либрации в небесной механике и космодинамике. – М.: Наука, 1978. – 312 с.

Түйіндеме

Бұл мақалада фотогравитациялық шектелген үш дене есебі қарастырылған. Онда гравитациялық денелердің екеуі де жарық энергиясымен сәулелену көзі болып табылады. Үшпараметрлі үшбұрышты либрация нүктелерінің жиыны (Лагранждық шешімі) сызықты жүйелердің орнықтылық аймағында Ляпунов бойынша орнықты болатыны дәлелденген.

Summary

Carried out a nonlinear research of stability of three-parametrical family of triangular libration points (Lagrange solutions) in the space of system parameters taking into account resonant modes of 3rd and 4th order. It has been shown that in the field of stability of linear system the Lyapunov stability takes place everywhere except resonant set of points in which stability can be broken.

ӘОЖ 375.5:004.021

НЕГІЗГІ МЕКТЕПТЕ САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ КОМПОНЕНТТЕРІНІҢ БІРІ – АЛГОРИТМДІК МӘДЕНИЕТ

Н.Ә. ТҰРЛЫҒҰЛОВА,

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы*

Білім беру – қоғам өміріндегі негізгі салалардың бірі, сондықтан да білім беру жүйесінде оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін қарастыруға байланысты мәдениет ұғымы кеңінен қолданылуда.

Мәдениет ұғымы адамның шығармашылық күштері мен қасиеттерін дамыту деңгейі ретінде түсінікті болуы мүмкін. Мәдениет деп адамдардың білімі мен білігін, кәсіби дағдыларын, талғаммен және адамгершілік қасиеттерге ие болып интеллектуалды дамуын, олардың өзара қарым-қатынасының әдіс-тәсілдері мен формаларын айтамыз. Адамның жеке мәдениеті, біріншіден, оның ақыл-ой өрісінің даму деңгейімен, ал екіншіден, оның кәсіби немесе шығармашылық іс-әрекетінің сипатымен анықталады. Демек, жұмысы өнермен немесе ғылыммен тығыз байланысты адам дене еңбегімен айналысатын адамға міндетті емес мәдениеттің жоғарғы деңгейіне ие болуы тиіс.

Математикалық орта білімді жетілдіру мақсатында бағдарламаның жалпы білімдік мәнін жүйелі түрде талдау нәтижесінде мектепте оқыту әдістемесінің жаңа ұғымы – «оқушылардың алгоритмдік мәдениеті» 1970 жылдардың басында педагогикалық теория мен практикаға М.П. Лапчиктен енгізілген болатын [1]. Осы уақытта оқушылардың алгоритмдік мәдениетін қалыптастырудың жеткілікті біртұтас әдістемелік жүйесі іс жүзінде дайындалды, онда ЭЕМ-де программалауды оқытудың білім беру аспектілері айқын ерекшеленіп, басқа пәндерде алгоритмдік білім мен біліктілікті қолданудың кең ауқымды көрсетіле бастаған (В.М. Монахов, Н.Б. Демидович, Л.П. Червочкина, М.П. Лапчик). Оқушыны жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде қалыптастыру міндеті тұрған оқыту процесінде алгоритмдік және шығармашылық бастамаларының арақатынасын тиімді белгілеудің күрделі мәселесі қойылған болатын.

Бұл қоғам дамуының қазіргі кезеңінде адамдардың іс-әрекеттеріндегі мәдениеттердің қажетті элементі дербес компьютермен қатынас жасауының тілдік және алгоритмдік аспектілерін ұғынумен сипатталуына байланысты туындады. Компьютер – бұл айқын іс-әрекеттерді адамнан тез әрі жылдам орындай алатын тек өзінің техникалық күшіне сенген құрал. Компьютер көмегімен есептерді қалай шығару керек, бағдарламаны қандай тізбекпен құру керек және оны қалай пайдаланамыз, нәтиже қандай болуы тиіс, т.б. – бұл мәселелердің барлығы алгоритмдерді құру және пайдалану біліктілігімен сипатталатын адамның ойлау мәдениетінің ерекше қырын анықтайды. Алгоритмдік мәдениет – бұл алгоритм ұғымымен және оның қасиеттерін түсінумен, математика және информатика әдістерінің алгоритмдік сипатын түсінумен байланысты, алгоритмдік тілде есептерді шығарудың әдіс-тәсілдері мен құралдарын игерумен байланысты жалпы математикалық мәдениет пен жалпы ойлау мәдениетінің бөлігі болып табылады. Ал математикалық мәдениет – оқушылардың жалпы мәдениетіне табиғи енетін және оларды практикалық іс-әрекеттерінде еркін пайдаланатын математикалық білімдер, біліктер және дағдылар жүйесі. Алгоритмдеу элементтері математика мазмұнын, атап айтқанда, алгебралық өрнектерді ұқсас түрлендіруді меңгерудің сапасын арттырудың құралы болып табылады.

Ұқсас түрлендірулерді орындауда алгоритмнің бір түрі қолданылатыны белгілі. Сондықтан мұндай есептерді шығару кезінде оқушыларда ойлаудың алгоритмдік әдістері қалыптасуы үшін алғышарттар туындайды.

Алгоритм құру өте күрделі процесс болуы мүмкін. Шынында, шектелген операциялар жиынымен талап етілетін әрекеттерді енгізу керек. Оқушыға түсінікті алгоритмді компьютердің көмегімен жүзеге асырар кезде күрделі программа құруды талап ететін жағдайлар де кездеседі. Сонымен қатар, оқушының барлық іс-әрекеттері дербес компьютерге арнап құрылған алгоритм түрінде болмауы да мүмкін. Қолданушыға ұқсас ақпаратты қабылдайтын, оны түсінетін және оны орындай алатындай дербес компьютерді құру – жасанды интеллектті өңдеумен байланысты ерекше ғылыми бағыт бар. Қолданушылардың шығармашылық және танымдық үдерістерінде бейнелерді айырып тану, шешім қабылдау және т.с.с сияқты іс-әрекеттерін жүзеге асыруға компьютер шектеулі, сондықтан да, ең алдымен, бұл үдерістер элементар іс-әрекеттер тізбегімен толық сипаттала алмайды, басқаша айтқанда, алгоритмдендірілмейді. Сонымен, қолданушының интеллектуальді мүмкіндіктеріне жақындайтын жасанды интеллектті зерттеу көрінісі, дербес компьютерді құру тек дербес компьютердің дамуымен ғана емес, адамдардың ойлауы мен іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктері жайлы терең білімімен байланысты. Сірә, компьютерлік программа түрінде ұсынылған, алгоритмнен компьютерлік емес алгоритмдерге өту кезінде туындайтын негізгі мәселелердің бірі компьютерге түсінікті жазбаның формасымен байланысты. Сондықтан алгоритмдік мәдениетті меңгеру тек алгоритм ұғымы мен оның қасиеттерінің маңызын интуитивті түсіну, алгоритм қолданылатын әрекет ауқымындағы автоматтандырылудың мүмкіндіктері жайлы түсінікті ғана емес, орындаушыға (адамға немесе дербес компьютерге) түсінікті белгілі бір құралдар мен сипаттамалардың әдістері көмегімен алгоритмді түсіну біліктілігін, алгоритмнің негізгі типтерін білу және оларды қолдану тәсілдерін қосады.

Математикаға ене отырып, әр түрлі нысандар мен үдерістерді басқару программаларын құру жайлы сөз болғанда, алгоритмдер ұғымы кеңінен қолданылады. Мысалы, шахмат ойынының алгоритмдерін немесе мәтінді бір тілден екіншісіне аудару алгоритмін, сабақ кестесін құру алгоритмін, т.с.с. айтуға болады. Педагогика үшін алгоритмдердің маңызы оқушыларға есептерді шығарудың кейбір алгоритмін оқыту болып табылады, біз оларға тек осы алгоритмдердің көмегімен түрлендіруге болатын нысандарды басқару құралын ғана емес, өздерінің ойлау және іс-әрекеттерін басқару құралын береміз.

Мұғалім алгоритмді ауызша кеңес жүргізу кезінде пайдалана алады. Бұл жағдайда алгоритм бағдарламаланған нұсқаудың ролін атқарады.

Математикалық мәдениетті дамытудың тиімді әдістемелік жүйесін жасау үшін дамудың ерекшеліктері жайлы түсінік секілді математикалық білімдер үшін абстракциялаудың сипаттамалық деңгейлері мен кезеңдерін үйрену қажет. Оқу материалын жалпылау материалды жүйелендіру ролін атқаратын және жаңашылдық элементтерінен тұратын математикалық білімдердің негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Ұғымды, пікірлерді, теорияларды, т.с.с. жалпылау пәнішілік және пәнаралық байланыстарды іске асырудың практикалық жолдарының бірі болып табылады. Талдап қорытынды жасалған сабақтарда ғылыми танымның салыстыру, жіктеу, ұқсастық (аналогия), т.с.с. әдістерін қолданған жөн. Жалпылама алгоритмдендірілген сипаттағы әр түрлі тірек сигналдарын, блок-схемаларды, графикалық схемаларды, салыстырмалы және жіктелетін кестелерді қолданған пайдалы. Бұл оқушыларға оқу материалын ықшам түрде көрсетуге, оның басты аспектілерін айқындауға, оқытудың көрнекілігін қамтамасыз етуге, өзара байланыстар мен өзара ауысулардың логикасын көруге, математикалық ойлау және математика тілін түсініп қабылдауға мүмкіндік береді.

Есептерді шығаруға арналған компьютерлік бағдарламаларды жасау, оқу процесінде дербес компьютерді қолдану біліктілігі оқушыларда алгоритмдік мәдениеттің айқын деңгейінің бар екендігіне көз жеткізеді. Компьютерде одан әрі есептерді шығаруға қолданылатын есептерді шығарудың алгоритмдік тәсілі пікірдің нақтылығы мен дәлелдің дәлдігінің деңгейін көтеруді, ең ақырында оқыту процесінің ғылыми деңгейін арттыруды талап етеді. Математика және информатика курстарын оқытуда бұл талап сырттан, мұғалім тарапынан емес, оқушының есепті шығару әрекетінен туындайды.

Алгоритмдік мәдениет ұғымын айқындауда ғалымдар М.П. Лапчик, В.М. Монахов, т.б. «компьютерлік сауаттылық» ұғымын енгізудің мақсаттары мен міндеттеріне сүйенді. Осы зерттеуші педагогтардың пікірі бойынша «алгоритмдік мәдениет» ұғымының көлемі:

- практикалық іс-әрекетте туындайтын есептердің қойылымына дағдылануды;
- оларды сипаттауға формальді дағдылануды;

- математикалық модельдеу әдістері жайлы білімдері мен қарапайым математикалық модельдерді құру біліктілігін;
- негізгі алгоритмдік құрылымдарды білу мен есептерді шығару алгоритмін құруда осы алған білімдерін олардың математикалық модельдері бойынша қолдану біліктілігін;
- дербес компьютер құрылысы мен қызметін ұғынуды;
- жоғары дәрежелі бағдарламалау тілдерінің бірінде құрылған алгоритм бойынша бағдарлама құруға дағдылануды және оларды қолдану біліктілігін қосады.

Компьютер орындай алатын, алгоритмдерді құру біліктілігі мен дағдыларын меңгеру оқушылардың логикалық ойлауын дамытудың алғышарты болып табылады. Логика ойлау туралы ғылым ретінде, эмпирикалық фактілердің бастапқы информацияларынан басталады және компьютерлік сауаттылықтың негізін салады.

Оқу пәндері мазмұнының тереңдігі қазіргі қоғам жайлы терең теориялық білімді қалыптастыруға, ойлаудың логикалық-критикалық дамуына, біртұтас бейнеленуіне әсер етеді. Ойлаудың алгоритмдік стилі тек есепті шығару әдісі ретінде ғана емес, оның компьютерде шығарылуының тізбегі ретінде айқындалады. Осы тізбекті өзгеше алгоритм ретінде де қарастыруға болады. Бұл алгоритмнің жеке қадамдары есепті шығару кезеңдері болып табылады. Ал осы қадамдарға есептің қойылуы, алгоритмнің орындалуы, нәтижелерді талдау жататындығы белгілі. Информатикада бұл кезеңдер есептің қойылуында математикалық (сандар мен белгісіздер) емес, нақты объектілердің қатысуымен және нәтижесінде практикалық есептің моделі – математикалық есептің алынуымен ерекшеленеді. Алайда, құрылған математикалық модельдің күрделілігі туралы мәселе нақты моделі құрылатын объектінің немесе оқу пәнінің күрделілігіне тығыз байланысты. Демек, математикалық тәуелділіктер абстрактылы объектілерді сәйкес нақты объектілермен байланыстырады.

Сонымен, алгоритмдік мәдениетті игеру толығымен оқу үрдісіне тиімді әсер етеді. Бұл есептеу техникасы мен программалық қамтамасыздандыруды жетілдіру қолданушыны бірте-бірте компьютермен орындалатын көп еңбекті қажет ететін операциялардан арылтады. Бағдарламалау тілдерін өңдеу, мысалы, Visual Basic, Delphi, C++ қолданушыдан нәтижеге жетуге тиісті қадамдар тізбегін құруды талап етпейді. Бұл компьютерлермен жұмысқа дайындық тек ізделінді мәліметтерді түрлендірудің тізбегін құру біліктілігін ғана емес, ситуацияны талдау, оның формальді моделін құру, күтілетін нәтижені дұрыс сипаттау біліктілігін талап ететінін білдіреді. Мұндай тенденция мүмкіндігінше күшейтілсе, алгоритмдік мәдениеттің ролі оқушылардың тұлға ретінде дамуына және оқыту үрдісінің тиімділігін арттуына байланысты психологиялық-педагогикалық мәселелерді шешуде нақты байқалады.

Алгоритмдік мәдениеттің негізгі компоненттерін игеру – бағдарламалаудың басты кезеңі. «Нақты» бағдарламалау тілінде бағдарлама құру біліктілігі – компьютерлік сауаттылықты қалыптастырудың маңызды практикалық нәтижесі. Бұл компьютерде жұмыс істеуге дағдылануға тура мүмкіндік береді.

Алгоритмдік мәдениеттің жоғарыда атап өтілген компоненттері алгоритмді құрастыру (алгоритмдеу) және дербес компьютер үшін бағдарламалау дағдыларын қалыптастыруда өте маңызды. Ерекшелігі – олар қолданушының дербес компьютермен өзара әрекеттесуін ғана қарастырмайды. Бағдарламалауға дейінгі жалпы ұғымдардың, біліктіліктер мен дағдылардың жиынтығы ретінде қолданушы алгоритмдік мәдениетті сауаттылықтың кез келген бір бастапқы деңгейін қамтамасыз етеді.

Математикалық алгоритмдерді тұжырымдау, жазу және тексере білу, сонымен қатар оларды орындау әрқашан да математикалық мәдениеттің маңызды компоненті болып саналады. Бірақ мұнда «алгоритм» деген ұғым енгізілмеуі де мүмкін. Дербес компьютердің пайда болуына және бағдарламалаудың жалпы білім берудегі аспектілерін зерттеудің дамуына байланысты оқушылардың алгоритмдік мәдениеті деп аталатын арнаулы ұғымдар, біліктіліктер мен дағдылар тобы айқындалады. Осыдан кейін «компьютерлік сауаттылық» деген ұғымның негізі қаланды.

Компьютерлік сауаттылық пен алгоритмдеу ұғымдарының байланысы жайлы В.А. Молчановтың «компьютерлік сауаттылық» ұғымын психологиялық түсіндіруді жүзеге асыруға арналған диссертациялық зерттеуінің нәтижелерінде дәлелденген [156]. Автор «алгоритмдік есептердің шешімін регламентациялап іздеудің ең ортақ тәсілдері, біздің ойымызша, адамның жалпы ойлау мәдениетінің қажетті бөлігі болып табылатын» компьютерлік сауаттылықтың базистік компоненттерінің анықталған психологиялық мазмұнын іздеп, ашты [2, 142 б.].

Мектепке информатика курсы енгізілгеннен бері «оқушының алгоритмдік мәдениеті» ұғымының дамуымен байланысты бірқатар зерттеу жұмыстары жүргізілгенін атап көрсеткен жөн. Сонымен, В.С. Аблованың ғылыми еңбегі бастауыш сынып оқушыларының «логикалық-алгоритмдік мәдениетін» қалыптастыру мәселелеріне арналған [3]. М.П. Лапчиктің бұрын анықтаған оқушылардың

алгоритмдік мәдениетінің компоненттерін «математикалық есептердің шешімдерінің модельдері мен алгоритмдерінің өзара байланысын түсіну» компонентімен толықтыруды А.А. Шрайнер ұсынады [4].

Дербес компьютер орындай алатын алгоритмдерді құру біліктілігі мен дағдыларын меңгеру оқушылардың логикалық ойлауын дамытудың алғышарты болып табылады. Сондықтан алгоритмдік мәдениетті игеру оқу процесіне толықтай тиімді әсер етеді. Бұл есептеу техникасы мен программалауды қамтамасыз етуді жетілдіру қолданушыны бірте-бірте көп еңбекті қажет ететін операциялардан құтқарады, себебі оны компьютер өзі орындайды. Процедуралық емес тілдерді өңдеу (мысалы, Пролог) қолданушыдан нәтижеге жету мақсатында қадамдар тізбегін құруды талап етпейді. Бұл компьютермен жұмыс істеуге дайындықта тек берілген мәліметтерді түрлендіру тізбегін құру, есептің шешімін табу алгоритмін дайындау біліктіліктерін ғана емес, жағдайды талдай білуді, оның формальді моделін жасауды, қажетті соңғы қалып-күйін (ізделінді нәтижені) дұрыс сипаттау қажет. Осындай бағыттың күшеюінен алгоритмдік мәдениеттің рөлі, алгоритмдеудің негіздерін үйрену оқушылардың тұлға ретінде дамуымен және оқыту үрдісінің тиімділігін арттыруға байланысты психологиялық-педагогикалық мәселелерде шешімін табуда көбірек байқалып отырады.

Біздің ойымызша, «оқушылардың алгоритмдік мәдениеті» негізгі мектепте математика мен информатика курстарын оқытуда тиімді болуымен қатар, ғылыми педагогикада маңызы зор.

Әдебиеттер:

1. Лапчик М.П. Использование общеобразовательных аспектов программирования для ЭВМ в совершенствовании среднего математического образования: Дис. ... канд. пед. наук. – М., 1974. – 163 с.
2. Молчанов В.А. Развитие мышления школьников при усвоении основ информатики и вычислительной техники: Дис. ... канд. психол. наук. – М., 1990. – 142 с.
3. Аблова В.С. Формирование элементов логико-алгоритмической культуры учащихся в процессе обучения математике в начальной школе: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. – Орел, 1995. – 16 с.
4. Шрайнер А.А. Повышение качества математического образования учащихся посредством формирования и развития их алгоритмической культуры: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. – Новосибирск, 1997. – С. 8.

Резюме

Алгоритмическая культура – один из компонентов качественного образования. В основной школе при обучении курсов математики и информатики «алгоритмическая культура учащихся» не только является эффективной, но и имеет особое значение в научной педагогике.

Summary

Algorithmic culture – one of components of quality education. At the main school when training courses of mathematics and informatics «the algorithmic culture of pupils» not only is effective, but also has special value in scientific pedagogics.

ӘОЖ 004:025.4

GOOGLE-ДІҢ БҰЛТТЫ ҚЫЗМЕТТЕРІ

М.Ж. АЙТИМОВ, Б.К. ЖУСИПБЕК,

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы*

Қазіргі уақытта кең қолданылатын бұлтты қызметтерге Google-дің бұлтты қызметтері – Google Apps пен Google App Engine-ді жатқызуға болады.

Google Apps – келесі өнімдерде жұмысты ұсынуды беретін орта: мысалы, танымал GMail почталық сервисі, Google Talk хабарлама алмасу элементтері, Google Calendar календары, Google Docs және Spread Sheets электрондық таблицалары мен документтермен жұмыс істеу ортасы, Google бетінің

редакторы, яғни керекті ақпаратты тез құрып және көрсетуге болады. Google Apps жүйесінің барлық қолданушылары үшін рұқсат етілуіндегі барлық қызметтерді көрсетеді. Алдымен, Google Apps өте икемді, әр тұтынушының көңілінен шығатын жүйе болып табылатынын айта кетейік, бұл жүйе бірнеше пакеттен тұрады, яғни әр пакет өз тұтынушысы болуымен, өзінің әртүрлілігімен ерекшеленеді. Барлық пакеттер қызметтің толық тобын ұсынады (электронды пошта, календарь, құжатпен жұмыс, бет құру және т.б). Енді келесі ерекшелігін айтайық. Google Apps екі түрлі қызмет пакетін ұсынады. Олар:

– Стандарттық пакет (*Standard Edition*) – тегін, поштада 2 гбайттық бос орын бар, онлайн-ресурс арқылы көмек беру қызметі бар (бірақ телефондық көмек емес);

– Премьер пакет (*Premier Edition*) – поштада 10 гбайттық орын, 99,9% пошталық жұмысының кепілдендірілген қызметі, ресурстарды басқару мүмкіндігі, 24/7 режимінде онлайн-көмек. Барлық пакеттерден ерекшелігі тегін емес. Бұл пакеттің бағасы есептік жазбадағы қолданушылардың санына байланысты. Барлық қолданушылар жаңа функциялар және қызметтер шыққан жағдайда рұқсат ала алады.

Google Apps администраторы жүйеге қолданушы қосады (Google Apps домені), қолданушы жүйеде қосылған барлық сервистермен жұмыс істей алады. Google Apps-тың негізгі идеясы – барлық қызметтерді ауқымды интеграциялау. Бұл уақытты үнемдейді.

Google Apps интеграциясы үлкен дәрежеде, яғни почтаға келген құжатты, келген уақытта біреуден пошталық жәшіктен Google Docs & Spreadsheets жұмысы үшін ашуға болады. Сонымен, Google Apps бірнеше адамдардың жұмысы үшін ыңғайлы болатын орта құрады, олар әр түрлі жерден ортақ құжат құруына болады. Google Apps үйлесімділік жұмыс үшін ыңғайлы орта болып табылады.

Google App Engine Google инфрақұрылымындағы веб-қосымшаларын орындауға көмектеседі. App Engine қосымшасымен жұмыс істеу барысында сервердің қажеті болмайды, тек қосымшаны жүктеу керек және қолданушылар осы қосымшамен жұмыс істей алады. Қосымшаны өз доменіне шығарып көрсетуге болады немесе доменде тегін атты қолдануға болады. Appspot.com. қосымшаны барлығы үшін рұқсат етуге болады немесе топтық қатысушылар үшін ғана рұқсат алуға болады.

Google App Engine әр түрлі программалық тілде жазылған қосымшаларды қолдайды. Java App Engine орындалу ортасының арқасында Java стандарттық технологиясының көмегімен қосымша құруға болады. Оның ішінде JVM, Java программалау тілдерін немесе басқа тілдерді қосуға болады. Java және Python орындалу ортасы арнайы өңделген, яғни қосымша жүйедегі басқа қосымшалармен тез және қауіпсіз орындалуы үшін қажетті барлық қызметтер бар. App Engine-де тек қолданғанға ғана төленеді. Орнатқанға ақша төлеуді талап етпейді. Google App Engine қосымшаны оңай құруға рұқсат береді, мәліметтердің көлемі үлкен болса да жақсы жұмыс істей береді. App Engine мына қызметтерді қосады:

- негізгі веб-технологияларды толық қолдау және интернетте динамикалық жұмыс істеу;
- транзакциялары және сұраныстары үнемі сақталатын орта;
- жүктеуді автоматты түрде реттеу және масштабтау;
- қолданушылар аутентификациясы үшін API және оны Google аккаунты көмегімен электрондық почтаға жіберу;

- Google App Engine ортасын беретін толыққанды жұмыс ортасы.

Қосымша екі ортаның бірінде орындалуы мүмкін – Java және Python. Әр орта өзіндік стандарт хаттамаларын және веб-қосымшаларды өңдеу үшін негізгі технологияларды ұсынады. Қосымша қауіпсіз ортада жұмыс істейді. Қосымша басқа компьютерлерге API ұсынысы арқылы ғана интернетке рұқсат ала алады. Ал қалған компьютерлер HTTP-сұраныс жолымен ғана қосымшаға қосыла алады.

Қосымша файлдық жүйеге жазба орындай алмайды. Қосымша жүктелген кодымен жазылған қосымшаны ғана оқи алады. Қосымша App Engine мәліметтер сақтаушыны пайдаланып, сұраныстар арасындағы сақталған мәліметтер үшін кэш жадыны немесе басқа жұмысты пайдалана алады. Қосымша коды веб-сұранысқа жауап бергенді ғана немесе Stop тапсырмасы және кез келген жағдайда мәлімет жауабы 30 секунд ішінде қайтарылып орындалуы тиіс сұраныс құрушы жауапты жібергеннен кейін процесс құруға немесе код орындауға болмайды. Қосымша Java Servlet стандарты көмегінің ортасымен әрекет етеді және веб-қосымша стандарттық технологиясын қолдануға болады. Java орындалу ортасы Java 6 қолданады. SDK Java App Engine Java 5 және 6 көмегімен қосымшаны өңдей алады. Бұл ортаға Java SE Runtime Environment платформасы және кітапхана қосылады. Текстілік

орта JVM-де іске асырылады. Қосымша JVM-ның байттық коды Java қолдана алады. App Engine SDK мәліметтердің сақталуы үшін Java Persistence API және Java мәліметтер объектісінің интерфейсі іске асырылуын құрайды. Mail App Engine көмегімен электрондық поштадан хабарлама жіберу үшін API Java Mail-ды қолдануға болады. URL App Engine арқылы мәліметтерді алуға API HTTP java.net рұқсаты бар. Сонымен бірге App Engine өзінің қызметі үшін төменгі деңгейлі API-ді қосады, яғни қосымша адаптерлерді іске асырады және қосымшадан тікелей қызметті қолдана алады. JVM үшін веб-қосымшаны өңдеу үшін Java өңдеушілер Java және API программалау тілдерін қолданады. JVM компиляторы мен интерпретаторын қолдана отырып, веб-қосымшаларды басқа тілде де жазуға болады. Мысалы, Java Script, Ruby және API. Python App Engine орындалу ортасының көмегімен Python программалау тілін қолдана отырып қосымша құруға болады және Python интерпретатор оптимизациялау көмегімен орындауға болады. Python веб-қосымшасын өңдеу үшін инфрақұрылым және кітапханаларды қолдануға болады. Мысалы, Django Python орындалу ортасы Python-ның 2.5.2 нұсқаларын қолданады. Алдағы уақытта Python 3 қолдау мүмкіндігі қаралып жатыр. Python ортасы Python стандарттық кітапханасынан құрылады. Бірақ, барлық кітапханалар функциясын тестілік ортаға қолдану мүмкін емес. Қосымша коды, Python ортасы үшін құрылған тек Python-да жазылуы тиіс. Си тілінде жазылған кеңейтілімі қолданылмайды. Python ортасы мәліметтерді сақтау қызметі үшін API Python-ды ұсынады, URL және электрондық поштадан алынған Google аккаунттары, App Engine Webapp атты Python веб-қосымшасының инфрақұрылымын ұсынады, яғни қосымша құруды жеңілдетеді. Қосымшалармен бірге басқа кітапханаларды жүктеуге болады, бірақ олар Python арқылы жасалған болуы тиіс және стандартты кітапханалардың модульдерін талап етуі тиіс.

App Engine сұраныстар механизмін құра отырып, мәліметтер сақталу қызметін ұсынады.

App Engine мәлімет сақтаушысы басқа мәліметтер базасына ұқсамайды. Мәліметтер объектісі немесе Записи қасиеттер тобын және түрін көрсетеді. Сұраныстың көмегімен жазбаны анықталған түрде ала алады, яғни қасиеттер мәні фильтрленген және сортталған жағдайда. Қасиеттер мәні ол қасиеттер мәнін қолдайтындардың бірі болуы мүмкін. Мәліметтерді сақтау объектісі үшін ешқандай схема қажет емес. Мәліметтер объектісінің құрылымы қосымшалар кодымен анықталады. Java JPA/ JОО интерфейстері және Python мәліметтер қоры өзіне қосымшада қолданылатын құрылымдар үшін функциялар қосады. Қосымша мәліметтер қорына тікелей рұқсат ала алады, яғни құрылымның керекті бөлімін іске асыру үшін. Мәліметтер қоры келісілген және параллельді транзакцияны тиімді басқаруды қолданады. Қосымша бір транзакцияда мәліметтер қорымен бірнеше операция орындауға болады. Мәліметтер қоры Группа записей көмегімен өзінің желісінде транзакцияны іске асырады. Транзакция бір топтағы жазбаның әрекетімен іске асады. Әр топтағы жазба транзакцияның орындалуы үшін бірге сақталады. Жазба құру барысында қосымша оларды топқа біріктіруге алады.

App Engine Google аккаунты бар қосымшаның интеграцияларын қолдайды, қолданушылар аутентификациясы үшін сіздің қосымшаңыз қолданушыға Google аккаунтына кіруге және электрондық поштаның адресіне рұқсат ала отырып жүзеге асады. Google аккаунтын қолданғанда қолданушыға қосымшаңызды тез бастауға мүмкіндік береді. Егер қосымша Google қызметінде жұмыс істейтін болса, ол Google қызметі аккаунттарының және ұйымның қатысушылары үшін керекті функцияны қолданады. API қолданушылары қосымшаға жәй қолданушы қосымша администраторының тіркелген қолданушысы бола ма деп сұрай алады. Бұл административті сайт шекарасын іске асыруды жеңілдетеді. Қосымша интернеттегі ресурстарға рұқсат ала алады. Мысалы, URL App Engine қызметінің көмегімен веб қызметтерге немесе басқа мәліметтерге. URL арқылы алынған мәліметтер қызметі веб-ресурстарды алуды қамтамасыз етеді, яғни Google-дың көптеген басқа өнімдері үшін веб-беттер алады.

– *Электрондық пошта.* Қосымша App Engine қызметі арқылы электрондық поштадан хабарлама жібере алады. Электрондық хабарламаны жіберу үшін бұл қызмет Google инфрақұрылымын қолданады;

– *Суреттермен жұмыс.* Сурет қызметі қосымшаға суретпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. API көмегімен көлемін өзгертуге, айналдыруға және суретті JPEG және PNG форматында көрсетуге болады;

– *Ұйымдастырылған тапсырма.* Cron қызметі анықталған интервал арқылы орындалу үшін тапсырма ұйымдастыруға болады. Кеңінен білу үшін Cron Python және Java қызметінің құжаттарынан білуге болады;

– *Өңдеу процесі.* App Engine өңдеу инструментариясы Java және Python үшін веб-серверге қосымша қосады, яғни локальді компьютерде App Engine қызметін имитациялау әрбір SDK барлық API-ді өзіне қосады және кітапханаларын, сонымен бірге веб-сервер тестілік қауіпсіз ортасын имитациялайды.

Әрбір SDK App Engine қосымшаның қосылуы үшін арнайы құрал қосады. Қосымша кодын құрғаннан кейін мәліметтерді жүктеу үшін статистикалық файл және файл конфигурациясына осы құралды жіберу керек. Бұл құрал Google аккунтында электрондық поштаның адресін және оның паролін сұрайды. Қосымшаның жаңа шығарылымын құру кезінде оны жаңа нұсқа ретінде жүктеуге болады, ал жаңа нұсқасына ауысқанша ескі нұсқасы қолданушылар үшін жұмыс істей береді. App Engine-да ескі нұсқасы жұмыс істеп тұрғанда, жаңа нұсқаны тестілеуге болады. SDK Java кез келген платформада орындалады.

Әдебиеттер:

1. Клементьев И.П., Устинов В. А. Введение в Облачные вычисления. – Изд. УГУ, 2009 .
2. Eric A. Marks, Bob Lozano. // Executive’s Guide to Cloud Computing. – 2010.
3. <http://www.google.com/apps>.

Резюме

В статье рассмотрены ряд облачных сервисов, предоставляемых компанией Google и преимущества применения облачных сервисов в развитии бизнеса. Определены основные решения облачных сервисов, представлены принципы предоставления и использования облачных услуг.

Summary

In the article the several cloud services offered by Google, the main advantages of using cloud services for business. The main solutions cloud services, considered the principles of the provision and use cloud services.

УДК 681.335.2:004

ВИРТУАЛИЗАЦИЯ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ

М.Ж. АЙТИМОВ,

*Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы*

Бизнес қажеттіктері жұмыс процессінің ұйымдастырулары туралы біздің ұғымымызды өзгертеді. Соңғы онжылдықта кеңсенің ажырамас атрибуты және кеңсе жұмыстарының көпшілігін орындайтын құрал болып табылатын дербес компьютер бизнестің өсіп келе жатқан қажеттіктерін өтеуге үлгермеуде. Сонымен бірге, кәсіпорындардың масштабтарының өсуі, жаңа IT-инфрақұрылымдарды қолдану қажеттігі көптеген қаржылық қиындықтар туындатуы мүмкін.

Бұл қиындықтардан өту және шығындарды қысқарту, қызметкерлердің жұмыс орындарын виртуализацияның технологияларын пайдалана отырып құрылған инфрақұрылым базасында қайта құру негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Қазіргі уақытта бірнеше виртуальды машиналарды бір физикалық нұсқада іске қосу мамандар арасында қызығушылық туғызуда. Бұл тек IT-инфрақұрылымының өзгерістерге сәйкес бейімделуін жаңа деңгейге көтеріп қана қоймай, виртуализация негізінде қаржыны да үнемдеуге мүмкіндік береді.

Виртуализация технологиясының даму тарихы қырық жылдан астам уақыт деуге болады. Әр түрлі қолданбалы есептер, сонымен қоса мейнфреймдер үшін ең бірінші виртуалді машиналарды құруды ойлаған IBM компаниясы болатын. Өткен ғасырдың 60 жылдарында виртуализация таза ғылыми мүддені ұсынды және бір физикалық компьютерлер шеңберінде компьютерлік жүйелерді оқшаулау үшін арналған тиімді шешім болып табылды. Дербес компьютер пайда болғаннан кейін виртуализацияға

деген қызығушылық азая бастады. Өткен ғасырдың 90 жылдарының аяғы компьютерлердің аппаратты қуаттарының қарқынды өсуі және оларды тиімді пайдалану қажеттілігі туындағанда, әлемдік ІТ бірлестіктер программалық платформалардың виртуализация технологиялары туралы қайта есіне түсірді. Жалпы виртуализацияның мынадай негізгі түрлерін атап көрсетуге болады [1]:

- серверлердің виртуализациясы (толық виртуализация және паравиртуализация);
- операциялық жүйелер деңгейіндегі виртуализация;
- қосымшалардың виртуализациясы;
- жұмыс орындарының виртуализациясы.

Серверлердің виртуализациясы. Қазір виртуализация технологиялары туралы айтсақ, әдеттегідей, серверлердің виртуализациялары түсініледі, өйткені соңғысы ІТ нарығында өте танымал шешім болып қалыптасуда. Серверлердің виртуализациясы бірнеше виртуальды серверлердің бір физикалық сервердегі іске қосылуын білдіреді. Виртуальды машиналар немесе серверлер операциялық жүйенің түйінінде жүктелген сервердің физикалық құрылымдарын шығаратын қосымшаларды білдіреді. Әрбір виртуальды машинада қосымша және қызметтер орнатылған операциялық жүйелер орнатылуы мүмкін. Бұл типті өкілдер – VmWare (ESX, Server, Workstation) және Microsoft (Hyper-V, Virtual Server, Virtual PC) компаниялар өнімдері.

Берілгендерді өңдеу орталықтары олардың инфрақұрылымы мен салқындату жүйелерін қосқанда үлкен кеңістікті қажет етеді және үлкен көлемдегі ток қуатын тұтынады. Виртуализация технологиялары құралдарының көмегімен бір жоғары өнімді серверде көптеген физикалық серверлердің үлкен көлемдегі жұмысын атқаруға мүмкіндік беретін виртуальды машиналар түрінде орналасқан серверлердің жиынтығы орналасады.

Маңызды фактор ретінде қаржы үнемдеуді айтуға болады. Виртуализация үнемдеудің маңызды құралы болып табылады. Виртуализация қосымша физикалық серверлерді қолдануға деген қажеттілікті азайтып қана қоймай, сонымен бірге олардың орналастыру талаптарын азайтады. Виртуальды серверді қолдану басқару және пайдалану, ендіру жылдамдығы бойынша артықшылықтарын ұсынады, ол қандай да бір жобаны жасаудағы тосу уақытын азайтуға мүмкіндік береді.

Жақында Intel және AMD корпорацияларының x86 архитектурасындағы процессорлардың соңғы буындағы модельдері пайда болды, онда өндірушілер тұңғыш рет виртуализацияның аппаратты қолдауындағы технологияларды қосқан. Мұның алдында виртуализация программалық түрде орындалатын, ол өнімділіктің үлкен қосымша шығындарына алып келетін. Жиырмамыншы ғасырдың сексенінші жылдары пайда болған дербес компьютерлердің аппаратты ресурстарының виртуализациясының мәселесі болмаған болып көрінеді, өйткені әрбір пайдаланушы өзінің операциялық жүйесімен бүкіл компьютерді өз иелігінде қолданды. Бірақ компьютердің қуатының жоғарылауы және өзге факторлар x86-жүйесінің қолданылу аясының жағдайын жылдам өзгертті

Серверлік инфрақұрылым үшін виртуализация аздап кешірек қолданыла бастады және бұл, ең алдымен, есептеуіш ресурстардың біріктіру есептерін шешумен байланысты болды. Бірақ мұнда бірден екі тәуелсіз бағыттар қалыптасты:

– Біртекті емес операциялық орталарды қолдау (соның ішінде, мұра етілген қосымшалардың жұмысы үшін). Бұл жағдай бірлескен ақпараттық жүйелер шеңберінде өте жиі кездеседі. Техникалық мәселе бір уақытта бір компьютерде бірнеше виртуальды машиналардың жұмыс істеуімен шешіледі, оның әрқайсысы операциялық жүйенің данасын құрайды. Бірақ бұл тәртіптің іске асыруы әр түрлі жолдардан тұратын екі принциптің көмегімен орындалды: толық виртуализация және паравиртуализациялар;

– Біртекті есептеуіш орталарды қолдау қызметтер провайдерлерінің қосымшаларының хостингіне тән, операциялық жүйенің (операциялық жүйе деңгейінде виртуализация) ядросының бір данасы шеңберінде қызметтердің бөлектелінуі түсініледі. Әрине, мұнда виртуальды машиналардың вариантын да қолдануға болады, бірақ бір операциялық жүйенің бір ядросының базасында шеттетілген контейнерлердің құрылуы тиімдірек. x86-виртуализация технологияларының келесі даму кезеңі 2004-2006 жылдары басталды және олардың бірлескен жүйелерде жаппай қолданыла бастауымен байланысты болды. Сәйкесінше, егер бұрын негізінде өңдеушілер виртуальды орталарды орындайтын технологияларды жасаумен шұғылданса, онда енді алдыңғы қатарға осы шешімдерімен басқару есептері және олардың үлкен бірлескен ІТ-инфрақұрылымды біріктірілуі шыға бастады. Бір уақытта дербес пайдаланушылардың виртуализацияға сұраныстың айқын жоғарылауы байқалды (бірақ 90 жылдары

бұл өңдеушілер және тексерушілер болса, ал қазір сөз кәсіби және күнделікті ақырғы пайдаланушылар туралы).

Виртуализацияның технологияның дамытуының көптеген қиындықтары мен мәселелері x86 архитектурасының туындаған бағдарламалы-аппаратты ерекшеліктерін жеңуімен байланысты. Ол үшін бірнеше негізгі базалық әдістер бар.

Толық виртуализация (Full, Native Virtualization). Сырттан қосылған (қонақтық) операциялық жүйелердің өзгертілмеген данасына қолданылады, ал осы операциялық жүйелер жұмыстарын қолдау үшін қарапайым операциялық жүйе ретінде қолданылатын, олардың операциялық жүйелер түйінінің үстінен орындаудың эмуляцияларының жалпы қабаты қызмет етеді. Мұндай технология, көбінесе VMware Workstation, VMware Server (бұрынғы GSX Server), Parallels Desktop, Parallels Server, MS Virtual PC, MS Virtual Server, Virtual Iron орталарында қолданылады. Осы әдістің жақсы қасиеттеріне іске асырудың салыстырмалы оңайлығын, шешімнің әмбебаптылығын және сенімділігін тізіп айтуға болады, барлық басқару функцияларын операциялық жүйе-түйін (хост-ОС) өз мойнына алады. Кемшіліктері – қолданылатын аппаратты ресурстардың қосымша шығындары, сырттан қосылған (қонақтық) операциялық жүйелердің ерекшеліктерін есепке алуының жоқтығы, әлдеқайда кіші, аппаратты құралдарды қолданудағы қиыншылықтар.

Паравиртуализация (paravirtualization). Сырттан қосылған ОЖ ядросының өзгерісі, басқа виртуальды машиналармен шиеленіске түспей, аппаратура арқылы тікелей жұмыс істей алатын API-дің жаңа жиынын қосу арқылы орындалады. Бұл жағдайда гипервизор (hypervisor) деп аталатын арнайы жүйе барлық қызметтерді атқарады, бұнда толық операциялық жүйені іске қосудың қажеті жоқ. Қазіргі кезде осы нұсқа виртуализацияның серверлік технологияларының дамытуының өзекті бағыты болып табылады және VMware ESX Server, Xen (және осы технологияның базасында басқа жабдықтаушылардың шешімдерінде), Microsoft Hyper-V-ке қолданылады. Осы технологияның артықшылығы – операциялық жүйе – түйінге қажеттіліктің болмауында, іс жүзінде қонақтық операциялық жүйелер аппаратты жабдықтарға тікелей орнатылады, ал аппаратты ресурстар тиімді қолданылады. Кемшіліктері – жолдың іске асыруының күрделілігінде және мамандандырылған операциялық жүйені – гипервизорды құру қажеттілігінде.

ОЖ ядросы деңгейдегі виртуализация (operating system-level virtualization). Бұл вариант тәуелсіз параллель жұмыс істейтін операциялық орталарды құру үшін ОЖ түйінінің бір ядросын қолдануды білдіреді. Сырттан қосылған (қонақтық) бағдарламалық қамтамасыз ету үшін тек қана өзіндік желілік және аппаратты орта құрылады. Мұндай вариант Virtuozzo (Linux және Windows үшін), OpenVZ (Virtuozzo-ның тегін варианты) және Solaris Containers-те қолданылады. Артықшылықтары – аппаратты ресурстарды қолданудың жоғары тиімділігі, төмен қосымша техникалық шығындар, өте жақсы басқарылу, лицензияларды алуға шығындардың аздығы. Кемшіліктері – тек қана біртекті есептеуіш орталардың іске асыруы.

Қосымшалардың виртуализациясы. Компьютерде орындалатын қосымшалардың әрбір данасының өзгертілуі, операциялық жүйе өзара әрекеттесе басқарылатын қолданбалы бағдарламалардың күшті бөлектелінген моделін қолдануды білдіреді, оның барлық негізгі компоненттері: файлдар (жүйелік файлдарды қоса), реестр, шрифтер, INI-файлдар, СОМ-объектілер, қызметтер. Бағдарламалар, қосымша процедурасыз орындалады және сыртқы тасымалдаушылардан тікелей іске қосыла алады (мысалы, флэш-карталар немесе желілік папкалардан). IT, бөлім тұрғысынан қарағанда, мұндай жолдың анық артықшылықтары бар: баспалық жүйелерді жазудың жылдамдылығы және оларды басқару мүмкіндігі, қосымшалардың арасындағы қайшылықтар болмауы, сонымен қатар қосымшаларды үйлесімдікке тестілеу қажеттіктері. Бұл технология бір компьютерде, яғни анығырақ сол бір операциялық жүйеде бірнеше өзара үйлесімсіз қосымшаларды бір уақытта қолдануға мүмкіндік береді. Қосымшалардың виртуализациясы пайдаланушыларға сол біреуін алдын ала кескінделген қосымшаны немесе серверден қосымшалардың тобын іске қосуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар операциялық жүйеге ешқандай да өзгерістері енгізбей, қосымшалар бір-бірінен тәуелсіз жұмыс істейді. Іс жүзінде мұндай виртуализацияның нұсқалары Sun Java Virtual Machine, Microsoft Application Virtualization (бұрын Softgrid деп аталды), Thinstall (2008 жылдың басында VMware құрамына енді), Symantec/Altiris-те қолданылады.

Жұмыс орындарының виртуализациясы. Жұмыс орындарының виртуализациясы қолданушы интерфейсінің эмуляциясын білдіреді. Пайдаланушы қосымшаны көреді, алайда шын мәнінде қосымша жойылған серверде орындалса да, өз терминалында олармен жұмыс істейді, ал пайдаланушыға жойылған сервердің тек суреті ғана беріледі. Жұмыс тәртіптеріне байланысты қолданушы жойылған жұмыс столын және ондағы іске қосылған қосымшаны немесе тек қосымшаның терезесінің өзін ғана көре алады.

Әдебиеттер:

1. Клементьев И. П., Устинов В. А. Введение в Облачные вычисления. – Изд. УГУ, 2009 .
2. Eric A. Marks, Bob Lozano. Executive's Guide to Cloud Computing. – 2010.

Резюме

В статье показаны основные преимущества применения технологии виртуализации в облачных вычислениях и сферы применения технологии виртуализации в развитии бизнеса. Определены особенности развития технологии виртуализации, рассмотрены основные категории использования технологии виртуализации.

Summary

In article are considered main advantage of the using to technologies to virtualization in cloudy calculations and spheres using to technologies to virtualization in development of the business. The certain particularities of the development to technologies to virtualization, are considered main categories of the use to technologies to virtualization.

ӘОЖ 521.1

ӨЗАРА ГРАВИТАЦИЯЛАУШЫ БЕЙСТАЦИОНАР ҮШ ДЕНЕ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҮШБҰРЫШТЫ ДЕРБЕС ШЕШІМДЕРІ

М.Ж. МИНГЛИБАЕВ,

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қаласы*

А.Ж. СЕЙТМУРАТОВ,

физика-математика ғылымдарының докторы, доцент

Ж.П. АРИПБАЕВА,

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы*

Жұмыста бейстационар өзара гравитациялаушы үш дененің ілгерілемелі-айналмалы қозғалысы қарастырылған. Үш дене массаларының қосындысы Мещерскийдің жалпыланған заңымен анықталғанда өзара гравитациялаушы үш дененің айналмалы-ілгерілемелі қозғалысының жазық үшбұрышты қатаң дербес шешімдері табылған.

Кіріспе. Қазіргі кездегі астрономиялық бақылаулар ғарыштық объектілердің массалары, өлшемдері және пішіндері уақытқа тәуелді өзгермелі болатындығын көрсетіп отыр. Бейстационар үш дене мәселесін зерттеу бүгінгі күнде аспан механикасының өзекті мәселесі болып табылады [1].

Мәселенің қойылуы. Өзара Ньютон заңымен әсерлесетін $m_i = m_i(t_0)v$ массасы, пішіні және $l_i = l_i(t_0)\chi_i$ – өлшемі өзгермелі T_0, T_1, T_2 аспан денелерінің қозғалысын қарастырамыз. Мұндағы $v_i = v_i(t), \chi_i = \chi_i(t)$ уақытқа байланысты функциялар. Ал $A_i(t), B_i(t), C_i(t)-T_i$ – денесінің екінші ретті центрлік бас инерция моменттері, мұндағы t_0 – бастапқы уақыт. Мына болжамдарды қабылдайық:

1. m_i, l_i, A_i, B_i, C_i – берілген белгілі шамалар.

2. Бас инерция осьтері денеге байланысты өзгеріссіз қалады және өзіндік координаталары өстері бас инерция осьтері бойынша бағытталады және эволюция барысында өзгеріссіз қалады.

3. Денелерге қосылатын немесе денелерден бөлініп шығатын бөлшектердің салыстырмалы жылдамдықтары нөлге тең

$$u_{i\xi} - \xi_i = 0, \quad u_{i\eta} - \eta_i = 0, \quad u_{i\zeta} - \zeta_i = 0, \quad i=0,1,2 \quad (1)$$

$G\xi\eta\zeta$ – абсолюттік координаттар жүйесі;

$\xi_p, \eta_p, \zeta_i - T_i$ денесінің G_i инерция центрінің абсолюттік координаталары және $\varphi_p, \psi_p, \theta_i$ – Эйлер бұрыштары,

p_p, q_p, r_p – бұрыштық жылдамдықтар болсын. Онда (1) шартын пайдаланғанда ілгерілемелі қозғалыс теңдеулері мына түрде болады [2]:

$$m_i \dot{\xi}_i = \frac{\partial U}{\partial \xi_i} = \sum_{j=0}^2 X_{ij}, \quad m_i \dot{\eta}_i = \frac{\partial U}{\partial \eta_i} = \sum_{j=0}^2 Y_{ij}, \quad m_i \dot{\zeta}_i = \frac{\partial U}{\partial \zeta_i} = \sum_{j=0}^2 Z_{ij} \quad (2)$$

Абсолюттік координаталар жүйесінен салыстырмалы координаталар жүйесіне көшеміз. Салыстырмалы координата басы T_0 денесінің барицентрі болады, ал осьтері сәйкесінше абсолюттік координата осьтеріне параллель болады:

$$x_i = \xi_i - \xi_0, \quad y_i = \eta_i - \eta_0, \quad z_i = \zeta_i - \zeta_0, \quad i=1,2 \quad (3)$$

Денелердің ілгерілемелі қозғалыс теңдеулері мына түрде жазылады [2-5]

$$\begin{cases} \ddot{x}_1 = \frac{1}{m_1}(X_{10} + X_{12}) - \frac{1}{m_0}(X_{01} + X_{02}) = X_1, \\ \ddot{y}_1 = \frac{1}{m_1}(Y_{10} + Y_{12}) - \frac{1}{m_0}(Y_{01} + Y_{02}) = Y_1, \\ \ddot{z}_1 = \frac{1}{m_1}(Z_{10} + Z_{12}) - \frac{1}{m_0}(Z_{01} + Z_{02}) = Z_1, \end{cases} \quad (4)$$

$$\begin{cases} \ddot{x}_2 = \frac{1}{m_2}(X_{20} + X_{21}) - \frac{1}{m_0}(X_{01} + X_{02}) = X_2, \\ \ddot{y}_2 = \frac{1}{m_2}(Y_{20} + Y_{21}) - \frac{1}{m_0}(Y_{01} + Y_{02}) = Y_2, \\ \ddot{z}_2 = \frac{1}{m_2}(Z_{20} + Z_{21}) - \frac{1}{m_0}(Z_{01} + Z_{02}) = Z_2, \end{cases} \quad (5)$$

Мұндағы X_{ij}, Y_{ij}, Z_{ij} – Ньютон заңымен әсерлесетін күштер. Айналмалы қозғалыс теңдеулері төмендегіше жазылады:

$$\begin{cases} \frac{d}{dt}(A_i p_i) - (B_i - C_i) q_i r_i = P_i, \\ \frac{d}{dt}(B_i q_i) - (C_i - A_i) p_i r_i = Q_i, \\ \frac{d}{dt}(C_i r_i) - (A_i - B_i) q_i p_i = R_i, \quad i=0, 1, 2 \end{cases} \quad (6)$$

Мұндағы P_p, Q_p, R_p – сәйкес моменттер, ал Эйлердің кинематикалық теңдеулері классикалық түрін сақтайды.

$$p_i = \psi_i \sin \varphi_i \sin \vartheta_i + \dot{\vartheta}_i \cos \varphi_i, \quad q_i = \psi_i \cos \varphi_i \sin \vartheta_i + \dot{\vartheta}_i \sin \varphi_i, \quad r_i = \dot{\psi}_i \cos \vartheta_i + \dot{\varphi}_i, \quad i=0, 1, 2. \quad (7)$$

Салыстырмалы координаталар жүйесінде:

$$x_0 = 0, \quad y_0 = 0, \quad z_0 = 0. \quad (8)$$

Қарастырылған (4)-(7) қозғалыс теңдеулерінде жалпы жағдайда 15 белгісіз функциялары бар.

$$x_1, y_1, z_1; \quad x_2, y_2, z_2; \quad \Psi_0, \vartheta_0, \Phi_0; \quad \Psi_1, \vartheta_1, \Phi_1; \quad \Psi_2, \vartheta_2, \Phi_2; \quad (9)$$

Қарастырылған қойылымда (1)-(3) шарттары орындалғанда (4)-(7) қозғалыс теңдеулерінің қатаң дербес шешімдерін табу керек.

Жазық қозғалыс. Мына болжамдарды қабылдайық.

1. Бастапқы уақыт t_0 -де G_1, G_2 нүктелері (G_0xy) жазықтығында жатсын. Бастапқы жылдамдықтары да осы жазықтықта жатсын. Онда

$$z_1 = z_2 = \dot{z}_1 = \dot{z}_2 = \ddot{z}_1 = \ddot{z}_2 = 0 \quad (10)$$

бастапқы уақыт t_0 -де және $t > t_0$ -дін кез келген мәнінде орындалады, яғни жүйеде жазық қозғалыс болуы мүмкін.

2. Үш T_i денелерінің әрқайсысы $z'_i = 0$ жазықтығына динамикалық және геометриялық симметриялы және олардың сыртқы беті де осы жазықтыққа симметриялы. Әрбір дене тығыздығы симметриялы жазықтығына байланысты жұп функция, яғни:

$$\delta = \delta_i(t, x'_i, y'_i, z'_i/2) \quad (i = 0, 1, 2) \quad (11)$$

3. Бастапқы уақытта әрбір дененің экваторлық жазықтығы (G_0xy) жазықтығында жатсын. Онда бастапқы нутация бұрыштары нөлге тең болады:

$$\vartheta_0 = \vartheta_1 = \vartheta_2 = 0 \quad (12)$$

Осы жағдайда кез келген t мәні үшін T_i денелерінің айналу осьтерінің (G_0xy) жазықтығына перпендикуляр болады және олардың бағыты өзгеріссіз қалады.

Үш дененің жазық қозғалысы үшін дифференциалдық теңдеуді жазамыз. T_i денелерінің жазықтығы (G_0xy) жазықтығында болғандықтан мынаны жазамыз

$$\psi_0 = \psi_1 = \psi_2 = 0. \quad (13)$$

Сондықтан да (7)-ші теңдеулерден мына өрнектерді аламыз

$$p_i = 0, \quad q_i = 0, \quad r_i = \varphi_i. \quad (14)$$

4. Әрбір дене оның айналу осьтері арқылы өтетін өзара перпендикуляр екі жазықтыққа симметриялы болсын. Бұдан шығады:

$$(R_{ij})_0 = 0, \quad (X_{ij})_0 = (x_j - x_i) \cdot \tilde{F}_{ij}, \quad (Y_{ij})_0 = (y_j - y_i) \cdot \tilde{F}_{ij}. \quad (15)$$

Мұндағы

$$\tilde{F}_{ij} = \int_{(T_i)} dm_i \int_{(T_j)} dm_j \left[\frac{F_{ij}}{\Delta_{ij}} \right]_0. \quad (16)$$

Жазық қозғалыс кезінде айналмалы қозғалыс теңдеуінің шешімі:

$$\varphi_i = C_i^0 \varphi_i^0 \int_{t_0}^t \frac{dt}{C_i(t)} + \varphi_i^0, \quad (i = 0, 1, 2) \quad (17)$$

Қозғалыс теңдеулерін Ляпунов айнымалылары бойынша жазып, жазық қозғалыс кезіндегі дербес шешімін қарастырамыз:

$$\left. \begin{aligned} \ddot{\rho}_1 - \dot{\nu}^2 \cdot \rho_1 &= -\rho_1 \left\{ \frac{\tilde{F}_{01}}{m_0} + \frac{\tilde{F}_{10}}{m_1} + \frac{\tilde{F}_{12}}{m_1} \right\} + \rho_2 \left\{ \frac{\tilde{F}_{12}}{m_1} - \frac{\tilde{F}_{02}}{m_0} \right\} \cos \psi, \\ \frac{d}{dt} (\dot{\nu} \rho_1^2) &= \rho_1 \rho_2 \left\{ \frac{\tilde{F}_{12}}{m_1} - \frac{\tilde{F}_{02}}{m_0} \right\} \sin \psi, \\ \ddot{\rho}_2 - (\dot{\nu} + \dot{\psi})^2 \cdot \rho_2 &= -\rho_2 \left\{ \frac{\tilde{F}_{02}}{m_0} + \frac{\tilde{F}_{20}}{m_2} + \frac{\tilde{F}_{21}}{m_2} \right\} + \rho_1 \left\{ \frac{\tilde{F}_{21}}{m_2} - \frac{\tilde{F}_{01}}{m_0} \right\} \cos \psi, \\ \frac{d}{dt} [(\dot{\nu} + \dot{\psi}) \rho_2^2] &= \rho_1 \rho_2 \left\{ \frac{\tilde{F}_{01}}{m_0} - \frac{\tilde{F}_{21}}{m_2} \right\} \sin \psi, \end{aligned} \right\} \quad (18)$$

Бұл төрт екінші ретті дифференциалдық теңдеулерде төрт белгісіз функцияларлар $\rho_1, \rho_2, \nu, \psi$ бар. Осы теңдеулер дербес шешімдерді табуға мүмкіндік береді.

Лагранж шешімдер шарттары. Қарастырылған (18)-ші теңдеулердің үшбұрышты шешімі болу шарты төмендегіше:

$$\rho_1 = \rho_2 = \rho(t); \quad \dot{\nu} = \dot{\nu}(t); \quad \psi = \pm 60^\circ \quad (19)$$

$$\frac{1}{m_0} \tilde{F}_{01} = \frac{1}{m_2} \tilde{F}_{21}, \quad \frac{1}{m_1} \tilde{F}_{10} = \frac{1}{m_2} \tilde{F}_{20}, \quad \frac{1}{m_1} \tilde{F}_{12} = \frac{1}{m_0} \tilde{F}_{02} \quad (20)$$

Егер (20) шарты орындалса, онда (19) Лагранж шешімін береді.

Табылған (20)-ші тепе-теңдігі үш дене мәселесінің Лагранж шешімдерінің жеткілікті шартын сипаттайды. Егер (20) шарты орындалса, онда анықталмаған белгісіз екі функция теңдеумен анықталады:

$$\ddot{\rho} - \dot{\nu}^2 \cdot \rho = -\rho \left[\frac{\tilde{F}_{01}}{m_0} + \frac{\tilde{F}_{12}}{m_1} + \frac{\tilde{F}_{20}}{m_2} \right], \quad \rho^2 \dot{\nu} = c, \quad (21)$$

мұндағы c – интеграл тұрақтысы.

Сондай-ақ (19) шартынан танбаларға сәйкес Лагранждың екі шешімін аламыз. Траектория нүктелері G_1 және G_2 төмендегі теңдеулермен анықталады:

$$\left. \begin{aligned} \rho_1 &= \rho(t; c, \nu_0, \rho_0, \dot{\rho}_0), \nu_1 = \nu(t; c, \nu_0, \rho_0, \dot{\rho}_0), \\ \rho_2 &= \rho(t; c, \nu_0, \rho_0, \dot{\rho}_0), \nu_2 = \nu + 60^\circ, \end{aligned} \right\} (L_4) \quad (22)$$

$$\left. \begin{aligned} \rho_1 &= \rho(t; c, \nu_0, \rho_0, \dot{\rho}_0), \nu_1 = \nu(t; c, \nu_0, \rho_0, \dot{\rho}_0), \\ \rho_2 &= \rho(t; c, \nu_0, \rho_0, \dot{\rho}_0), \nu_2 = \nu - 60^\circ, \end{aligned} \right\} (L_5) \quad (23)$$

Әрбір үшбұрышты шешімін (L_4) және (L_5) арқылы белгіледік, олар төрт интеграл тұрақтысына тәуелді.

Келтірілген (21)-ші теңдеуді төмендегі түрде жазайық:

$$\ddot{\rho} - \frac{c^2}{\rho^3} = \rho \tilde{F}, \quad \rho^2 \dot{\nu} = c \quad (24)$$

Мұндағы \tilde{F} өрнегі (13) және (20) шартына сәйкес мына түрге келеді:

$$\tilde{F} = \frac{f}{\rho^3} (m_1 + m_2 + m_0). \quad (25)$$

Лагранждық шешімдер. Соңғы теңдеуде мына белгілеуді енгізейік:

$$m_1(t) + m_2(t) + m_0(t) = M(t) \quad (26)$$

$$\ddot{\rho} - \frac{c^2}{\rho^3} = \frac{f}{\rho^2} M(t). \quad (27)$$

Алынған (27) теңдеу – кеңінен белгілі Гюльден-Мещерский мәселесінің теңдеуі. Гюльден-Мещерский мәселесінің шешімі тек қана $M(t)$ функциясының дербес жағдайларында табылған [3]. Мысалы:

$$M(t) = \frac{M_0}{\sqrt{1 + 2\beta t + \gamma t^2}} \quad (28)$$

болса, онда (27)-ші теңдеудің дербес шешімі қарапайым болады:

$$\rho = \frac{\rho_0}{\sqrt{1 + 2\beta t + \gamma t^2}}, \quad v - v_0 = c \int_{t_0}^t \frac{\rho_0^2 dt}{\sqrt{1 + 2\beta t + \gamma t^2}} \quad (29)$$

Әдебиеттер:

1. Минглибаев М.Дж. Динамика нестационарных гравитирующих систем. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 209 с.
2. Дубошин Г.Н. Небесная механика. Аналитические и качественные методы. – М.: Наука, 1978. – 455 с.
3. Мещерский И.В. Работы по механике тел переменной массы. – М.: ГИТТЛ, 1949. – 276 с.

Резюме

В статье рассмотрено поступательно-вращательное движение взаимогравитирующих нестационарных трех тел. Сумма масса трех тел изменяется со временем по обобщенному закону Мещерского. Найдены плоские треугольные точные частные решения вращательно-поступательного движения взаимогравитирующих трех тел.

Summary

The translational-rotational motion of three non-stationary gravitating bodies were considered. The sum of the masses of the three-body by the generalized Meshchersky law and with the help of this law are obtained the exact triangular particular solutions of the rotational-translational motion of the three mutually gravitating bodies.

МОДУЛЬДІК ЖҮЙЕ БОЙЫНША ОҚЫТУ

Ж.Қ. АУБАКИРОВА, Ә.Ж. ТҰРҒАНБАЕВА,

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы*

Модульдік оқыту жеке тұлғаның ақыл-ойын, танымдылығын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, шешуге алғышарт болатын әлеуметтік мәні бар дағдыларды оқушы бойына қалыптастырады.

Оқу модулінің ерекшелігі – жалпы сағат санына қарамастан 1-2 сағат теория бөлігіне беріледі, қалғандарын практикалық жұмыстарға пайдалануға болады. «Мәтіндік редактор-MS Word» 8-ші сыныпқа 7 сағат берілген. Модульді – блокты жүйе бойынша оқытуды тақырып бойынша модуль құрудан бастаймын (1-кесте).

Модуль 5 бөліктен тұрады (1-кесте):

1-бөлігі – тақырыппен таныстыру, негізгі түсініктердің анықтамаларын беру және алған білімдерін бекіту.

2-бөлігі – теория бойынша сынақ өткізу.

3-бөлігі – сынақ, практикум өткізу (сынақ, бақылау).

4-бөлігі – тереңдетіп білім беру және оқушылардың қабілеттерін дамыту.

5-бөлігі – бақылау жұмысы (деңгей бойынша).

Сыныпты 4-5 оқушыдан бірнеше топқа бөліп, әр топтың жетекшісін тағайындау.

Кесте 1. Мәтіндік редактор тарауының модульге бөлінуі

Модуль құрылымы	Сағат саны	Модуль мазмұны	Уақыты
Кіріспе бөлімі	1 сабақ	Компьютерде мәтіндік ақпараттарды өңдеу. Мәтіндік құжаттарды өңдеу технологиясы туралы түсінік қалыптастыру.	45 минут
Сөйлесу бөлімі	2 сабақ	Оқулық кітаппен жұмыс (қажет анықтамаларды, командаларды дәптерге түсіру)	45 минут
	3 сабақ	– Интерактивті тақта бойынша алғашқы зертханалық жұмыстарды көрсету; – Қарапайым мәтіндік процессормен жұмыс жасайтын командаларды орындау үшін оқушылардың жеке жұмыс орындауын қадағалау.	20 минут 25 минут
	4 сабақ	Топтық жұмыс 1. (зертханалық жұмыс)	45 минут
	5 сабақ	Топтық жұмыс 2. (зертханалық жұмыс)	45 минут
	6 сабақ	Деңгейлік тапсырмалар	45 минут
Қорытынды	7 сабақ	Бақылау және тесттік жұмыстар	45 минут

4-сабақ – топтық жұмыс 1-ді жүргізу. Бұл бөлімде қарапайым мәтіндерді теру арқылы топтарға әртүрлі тапсырмалар беріледі.

1-ші топқа:

1. Мәтінді теріңіз.

Пирамидалар салу

Ніл өзенінің батыс жағында аспанмен тілдескен «Әдемнің жеті кереметінің» бірі – пирамидалар тұр. Олар Египет елінің елтаңбасы сияқты. Бұлар – перғауындардың мазарлары. Пирамидалар Каир қаласының маңындағы Гизада тұрғызылған. Осы жерде Хеопс, Хефран және тағы басқа перғауындардың пирамидалары бой түзеген. Ең бірінші пирамида Жосер перғауынға арнап салынған екен. Ал ең биік пирамида б.з.б. 2600 жылдардың шамасында Хеопс перғауынға арнап салынды. Оның биіктігі 150

метрге жуық. Пирамиданы айналып шығу үшін бір шақырымға жуық жол жүру керек. Грек тарихшысы Геродоттың есептеуінше, осынау үлкен құрылысты салуға 20 жыл уақыт өткен. Құрылысқа 2 млн 300 мың үлкен тас жұмсалып, оның ең кішісінің салмағы 2,5 тонна болған. Құрылысшылар пирамиданы салған кезде бөлмелерге ауа кіріп тұруын да ескерген [14].

Пирамиданың түпкіріндегі кең бөлмеде перғауынның денесімен бірге неше түрлі асыл заттар да бірге қойылған. Бірақ та пирамидалардағы асыл заттар ерте кезде-ақ тоналыпты.

Пирамидаларға таяу жерде басы адам, ал тұлғасы арыстан бейнесіндегі алып мүсін – Үлкен сфинкс бар. Тастан жасалған алыпқа қарағанда адамның зәресі ұшатыны сондай, жұрт оны «үрей атасы» деп атады. Пирамидалар мен сфинкс египеттіктерге перғауындардың жай ғана адам емес, құдіретті екенін санасына сіңіру үшін жасалған.

2. Терілген мәтіннің қатесін тауып, «Пирамидаларға таяу жерде басы адам, ал тұлғасы арыстан бейнесіндегі алып мүсін – Үлкен сфинкс бар. Тастан жасалған алыпқа қарағанда адамның зәресі ұшатыны сондай, жұрт оны «үрей атасы» деп атады. Пирамидалар мен сфинкс египеттіктерге перғауындардың жай ғана адам емес, құдіретті екенін санасына сіңіру үшін жасалған» үзіндісін қиып, жаңа құжатқа енгіз.

2-ші топқа:

1. Мәтінді теріңіз:

I Дарий

Камбиз Египеттен қайтып келе жатқанда қайтыс болды. Бағындырылған халықтар парсы өктемдігіне қарсы көтерілістерге шықты. Парсы патшасының тағына б.з.з. 522 жылы I Дарий (парсыша Дарайявауш) отырды. Оның билігінің алғашқы жылдары көтерілістерді басумен өтті. Көтерілістер орасан зор мемлекеттің жекелеген аймақтары арасындағы байланыстың нашар екенін, мемлекетті басқару жүйесін реттеу қажеттігін көрсетті.

Көтерілісті басып, тағына мықтап отырғаннан кейін I Дарий мемлекетті басқару жүйесіне өзгерістер енгізуді қолына алды. Алдымен елді 20 аймаққа бөлді. Әрбір аймақты патша тағайындаған хакімдер басқарды. Аймақтар белгілі бір өлшемде патшаға салық төлеп отыратын болды. Олар аймақ хакімдеріне емес, тікелей патшаға бағынатын болды [23].

I Дарий өз елінің шекарасын кеңейтуге де көп көңіл бөлді. Көрші елдерге жорықтар жасап отырды.

2. Терілген мәтінді форматтап, баспаға шығарыңыз.

3-ші топқа:

1. Мәтінді 24 шрифтта, 1,5 интервалда теріңіз.

Ежелгі Қытай мәдениеті

Қытайда өте ертеде иероглифтік жазу пайда болған еді. Қытай иероглифтері тігінен, жоғарыдан төмен қарай жазылады. Қытай жазуы әлемдегі ең қиын да күрделі жазу. Б.з.б II ғасырда Қытайда қағаз пайда болды. Сөйтіп әлемде бірінші рет қағазға жазу қалыптасты. Қытайдың сонау ежелгі замандардағы иероглифтік жазулары бүгінгі таңға дейін сақталған. Бізге ежелгі Қытайдың көптеген әдеби шығармалары белгілі. Солардың ең көнелерінің бірінде дүниенің жаратылуы туралы мәселе былайша баяндалады [4]:

Ұзақ уақыт әлемді ретсіз тұңғық басып тұрды. Еш нәрсені ажыратып білу мүмкін емес еді. Одан соң Жарық пен Түнек белгілі болды. Аспан мен Жер қалыптасты. Алғашқы адам пайда болды. Ол Паньгу деп аталды. Бұл өте алып адам ұзақ өмір сүрді. Ол өлгеннен кейін оның денесінен табиғат пен адам пайда болды. Оның демі жел мен бұлтқа, даусы күн күркіреуіне, сол көзі күнге, оң көзі айға, қолдары мен аяқтары дүниенің төрт бұрышына, кеудесі бес үлкен тауға, денесінен шыққан тер жаңбырға айналды. Қаны жердегі өзен боп ақты. Бұлшық еттері топыраққа, шашы шөп пен ағашқа айналды. Тістері мен сүйектерінен тастар мен металдар, ал миынан меруерттер мен асыл тастар пайда болды делінген.

2. Терілген мәтінді парақтарға бөліп, парақтарды нөмірлеңіз, аңызды қиып жаңа құжатқа салып, сақтаңыз.

4-ші топқа:

1. Мәтінді теріңіз:

Олимпиялық ойындар

Олимпиялық ойындар Пелопоннестің әдемі жеріне орналасқан Олимпия қаласында өткізілген. Гректер үшін Олимп қасиетті жер. Оның ортасында Зевс құдайына арналған храм бар. Ойын Зевс құдайының құрметіне төрт жылда бір рет өткізіліп отырған. Ол бес күнге созылған. Ойын кезінде Грекия қалаларының өзара соғысына тыйым салынған. Олимпия ойынында ең мықты деген атлеттер жүгіруден, секіруден, күресуден, диск пен найза лақтырудан өздерінің ептіліктерін, мықтылықтарын сынға салды. Олимпия ойынының алғашқы күні сайысқа қатысушылар, төрешілер құрбандық шалып, адал сайысу үшін ант берген. Ал қалған күндері сайыскерлер орталық алаңда жарыстар өткізді. Олимпиялық ойындарға барлық ерікті гректер жарысқа түсетін. Оған жазушылар мен ақындар да келген. Ойынның соңғы бесінші күні Зевс храмының алдында жеңімпаздарды марапаттаған.

2. Терілген мәтіннің қатесін тауып, мәтінді форматта.

5-ші топқа:

1. Мәтінді теріңіз.

Ромул және Рем

Аңыз бойынша, Римнің негізін ағайынды егіз екі бала Ромул мен Рем қалаған.

Бірде Ромул түс көреді. Түсінде құдайлар әуелей ұшқан он екі қаршыға құс арқылы Римнің он екі ғасыр бойы даңққа бөлетінін білдіреді. Осы түстен кейін Ромул мен Рем қала салуды ұйғарады, Римнің іргетасын қалайды. Алайда олардың ордасында жанжал шығып, Ромул Ремді өлтіреді. Ромул Римді өзі билеп, оның тұңғыш патшасы болады. Римдіктер қаланың іргесі қаланған аңыздағы б.з.б 753 жылдан бастап жыл санауды жүргізеді [25].

2. Терілген мәтін ішінен сәйкес кесте құрып, сөздерді мәтіннен қиып, 4-кестеге қойыңыз.

Кесте 2. Тапсырмаға арналған кесте

Қала есімі	Адам есімдері	Зағ атаулары

5-сабақ – топтық жұмыс 2-ні жүргізу. Бұл бөлімде алдыңғы зертханалық жұмыста орындалмаған тапсырмаларды топтар бір-бірімен ауыстырады. Солайша бірін-бірі бағалайды, қай жерде қате кеткендерін анықтайды.

6. Деңгейлік тапсырма.

Әрбір оқушыны жеке бағалауға байланысты компьютерде отырып, карточка таратылады. Зертханада топпен жұмыс істеген тапсырмаларды жеке-дара жасап көру. Мәтіндік құжаттарды құру, редакциялау, сақтау, оқу, шығару, кестелермен жұмыс, графиктік объектілерді мәтіндік құжаттарға қою секілді. Соған орай тапсырма оқушының деңгейіне байланысты болу керек.

Мысалы:

1-ші оқушы

I деңгей.

Word мәтнінде бір сөзді белгілеу үшін қажет әрекеттер тізбегін жаз.

(Курсорды сол сөзге қойып, тышқанның сол жақ батырмасын екі рет шерту керек).

II деңгей.

Word мәтнінде жолды белгілеу үшін не қажет?

(Жолдың сол жағына (сол жақ өрісіне) курсорды қойып, тышқанның сол жақ батырмасын екі рет шерту керек).

III деңгей.

Word мәтнінде сөйлемнің абзацын белгілеу үшін не қажет?

(Сөйлемнің сол жағына (сол жақ өрісіне) курсорды апарып, тышқанның сол жақ батырмасын 2 рет шерту керек).

2-ші оқушы

I деңгей.

Word терезесінде бетті шолу батырмалары қалай орналасқан?

(Құжат терезесінің төменгі оң бұрышында)

II деңгей.

Ағымдағы жолдың енгізілуін аяқтау үшін және келесі жолды абзацтан бастау үшін келесіні орындау керек.

(Enter пернесін басу).

III деңгей.

Word мәтінінде құжатты басқа атпен сақтау үшін қажет команда

(Файл – Қалай сақтау).

7. Тесттік жұмыс. Топтарға 10 сұрақтан тест беріледі.

8. Бақылау жұмысы.

Жазған конспектілерін ауызша сұрау арқылы бағалау.

Кесте 3. Бағалау парағы

№	Оқушының аты – жөні	Топтық жұмыс 1.(зертхана лық жұмыс) 1-2 балл	Топтық жұмыс 2.(зертхана лық жұмыс) 1-2балл	Деңгейлік тапсырма 3 балл	Тест 10 балл	Бақылау жұмысы 3 балл

17-20 балл – «5» деген баға

11-16 балл– «4» деген баға

5-10 балл – «3» деген баға

Әдебиеттер:

1. Бұзаубақова Қ.Ж. Жаңа педагогикалық технология. – Тараз: ТарМу, 2003.

2. Керимбаева М.С. Инновационные процессы в школе: проблемы, перспективы, поиск. – Алматы, 1995.

Резюме

В статье рассмотрена методика обучения текстового редактора Microsoft Word по модульной системе. Задания подготовлены по уровням сложности. Создана таблица оценки успеваемости учащихся.

Summary

In given clause the technique of training of the text editor Microsoft Word on modular system is considered. The tasks are prepared on levels of complexity. Creations the table of an estimation of progress of the pupils.

УДК 519.6:533:932

ЧИСЛЕННЫЙ МЕТОД РЕШЕНИЯ РЕТРОСПЕКТИВНОЙ ЗАДАЧИ ТЕПЛОПРОВОДНОСТИ

С.А. ДЖАРОВА,

*Кызылординский государственный университет имени Коркыт ата,
Республика Казахстан*

Сведение задачи Коши для уравнения теплопроводности к обратной задаче и к операторному виду.
Некорректная задача Коши для уравнения теплопроводности:

$$u_t = -u_{xx}, \quad x \in (0, l), \quad t \in (0, T) \quad (1)$$

$$u(x, T) = f(x), \quad x \in (0, l) \quad (2)$$

$$u(0, t) = u(l, t) = 0, \quad t \in (0, T) \quad (3)$$

может быть сформулирована в форме обратной задачи к некоторой прямой (корректной) задаче. Действительно, рассмотрим задачу (1):

$$u_t + u_{xx} = 0, \quad x \in (0, l), \quad t \in (0, T) \quad (4)$$

$$u(x, T) = q(x), \quad x \in (0, l) \quad (5)$$

$$u(0, t) = u(l, t) = 0, \quad t \in (0, T), \quad (6)$$

в которой по заданной функции $q(x)$ нужно определить функцию $u(x, t)$.

Задача (1.4)-(1.6) является корректной. Поэтому задача (1.1)-(1.3) сводится к следующей обратной задаче: по дополнительной информации о решении прямой задачи (1.4)-(1.6):

$$u(x, 0) = f(x), \quad x \in (0, l) \quad (7)$$

Требуется определить функцию $q(x)$.

Рассмотрим оператор:

$$A: q(x) := u(x, T) \rightarrow f(x) := u(x, 0),$$

где $u(x, t)$ – решение задачи (4)-(6).

Тогда в операторном виде обратную задачу можно записать следующим образом:

$$Ag = f$$

где $f(x)$ – заданная функция;

$q(x)$ – искомая функция.

Метод простой итерации в задаче Коши для теплопроводности.

Рассмотрим обратную задачу (1.4)-(1.7) в операторном виде

$$Ag = f$$

Будем решать эту задачу, минимизируя целевой функционал $J(q) = \|Ag - f\|_{L_2(0,1)}^2$ с помощью метода наискорейшего спуска. Этот метод состоит в последовательном вычислении приближений q_n по схеме:

$$q_{n+1} = q_n - \alpha_n J'(q_n), \quad n = 0, 1, \dots$$

где q_n – некоторое начальное приближение,

(q_n) – градиент рассматриваемого функционала, а параметр q_n определяется из следующего условия:

$$\alpha_n = \arg \min_{\alpha > 0} (J(q_n - \alpha J'(q_n)))$$

Покажем, как вычисляется градиент функционала в рассматриваемой обратной задаче. Вычислим приращение функционала $J(q)$:

$$\begin{aligned} J(q + \delta q) - J(q) &= \|A(q + \delta q) - f\|_{L_2(0,1)}^2 = 2\langle Aq - f, A\delta q \rangle + \|A\delta q\|_{L_2(0,1)}^2 = \\ &= 2 \int_0^l [u(x,0) - f(x)] \delta u(x,0) dx + \int_0^l (\delta u(x,0))^2 dx, \end{aligned}$$

где $u(x,t)$ – решение задачи прямой задач (1.4)-(1.6);
 $\delta u(x,t)$ – решение задачи:

$$u_t = -u_{xx}, \quad x \in (0,l), \quad t \in (0,T) \quad (8)$$

$$u(x,T) = \delta q(x), \quad x \in (0,l) \quad (9)$$

$$u(0,t) = u(l,t) = 0, \quad t \in (0,T) \quad (10)$$

Конечно-разностный метод решения прямой задачи

Математикалық модельдерді қолданып, дыбыстың графиктері тұрғызылды. Дыбысты тану кезінде Гаусс әдісін қолдану мысалдары келтірілді. Дыбысты танудан кейін морфологиялық талдау және жалғау, түбірді анықтау есептері пайда болады. Қойылған есеп сөз құрамын анықтау алгоритмін тудырады.

Резюме

В статье рассматривается речевой акустический сигнал, являющийся переносчиком весьма разнообразной информации. Подвергая речевой сигнал сложному анализу, можно получать информации о системе языка, о речи как процессе общения посредством языка. Приведены модели распознавания речи и определения энергии речи с помощью алгоритма двойственности.

На основе математических моделей построены графики речи. Приведены примеры использования метода Гаусса при распознавании речи.

«E-LEARNING» – ВИРТУАЛЬДЫ ОҚЫТУДЫҢ БІРНЕШЕ БАҒЫТТАРЫ МЕН ОНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Б.Ә. НЫСАНҚҰЛОВА,
Н. ҚҰЛМЫРЗАЕВ,**

*экономика ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы*

Электрондық оқытуды дамытуға арналған жоғарғы оқу орындарында электронды оқытуды енгізу мен пайдалану туралы бірнеше пайдалы ұйғарымдарды мысалға келтірейік [1]:

– Электронды оқыту (e-learning) – ақпараттық-коммуникациялық техниканың көмегімен оқыту;
– Мобильді (ұтқыр) оқыту (mobile learning) – ұтқыр құрылғымен электронды оқыту, білім алушының орнын ауыстыруымен немесе тұрған орнымен шектелмейді;

– Автономды оқыту (offline learning) – ақпараттық-телекоммуникациялық желіге қосылмаған компьютердің көмегімен оқыту;

– Аралас оқыту (blended learning) – автономды немесе күндізгі оқуды жүйелі оқу түріне біріктіру.

Жалпы айтқанда, 1996 жылдан бері ғылыми-педагогикалық ортада, құжаттар мен ғылыми жарияланымдарда «білімді ақпараттандыру» деген термин қолдану үйреншікті әдетке айналды. Расында да, ақпараттандыру – шынайы, әмбебап және адам өмірінің әр түрлі салаларында көрініс беретін заңдылық үдеріс. «E-learning» (электронды оқыту) термині көп таралуына қарамастан, бөтен терминдерге қосылмайды.

Қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологияның номенклатуралық құралы білім саласында потенциалды түрде пайдаланылып, тез әрі кең көлемде ұлғаюда. Олардың ішінде:

- Компьютерлер және сыртқы құрылғылар;
- Ғаламдық және шағын желілер;
- Ақпараттарды енгізу-шығару құрылғылары;
- Кең көлемдегі мұрағаттық ақпараттарды сақтайтын құрылғы;
- Графикалық немесе дыбыстық күйдегі ақпараттарды сандық күйге және оны керісінше пішімдеп айналдыратын құрылғылар;
- Дыбыстық көріністі (аудиовизуальной) ақпараттарды өңдеп-жөндейтін (манипуляция) құрылғылар;
- Машиналы-кестелер жүйесі;
- Программалық кешендер;
- Жанартылған тұрақты және ұтқыр желілер құрылғысы;
- Теледидарлы және радиолы байланыстар;
- Кинематография.

Бұл осымен шектеліп, аяқталмайды, сондықтан тізім ашық. Сөйтіп, білімге енген интернетті бөліп алуға болады, бірақ ол үшін жобаланбаған. Пайымдап қарасақ, 10 млн. тұтынушысы бар нарықты жаулап алу үшін телефонға 36 жыл, компьютерге 7 жыл қажет болса, ғаламторға (интернет) небәрі 4 жыл жеткілікті болды.

2003-2006 жылдар аралығында әлемдік білім нарығында ғаламтор базасындағы желінің қызметі 3 есеге артты. Атап айтатын жағдай, білім саласындағы интернет – компьютерлерді, гипермедиалық ақпараттарды және пайдаланушыларды өзара байланыстыратын адам тәріздес машина жүйесі. Бұл жүйелер TCP/IP протоколдарының арқасында өзара барлық элементтерінің байланыстарын қамтамасыз етеді. Интернет технологиясын жоғарғы оқу орындарына енгізу үшін шет елдер мен отандық тәжірибе көрсеткендей, бірнеше жүйелік мәселелерді шешіп алу керек:

– Материалды-техникалық қамтамасыздандыруды ұйымдастыру (программалар, компьютерлердің паркі, арналар);

– Оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жасақтау және иелену;

– Интернет-технологияны ендіру үшін өкілетті басқарма құрылымын құрастыру;

- Кадрлар дайындау – мұғалімдер, әдіскерлер, технологтар;
- Білім алушыларды даярлау;
- Интернет-оқыту процесін жоспарлау;
- Құжат айналымының жүйелерін бейімдеуден өткізу;
- Ұжымды дәлелдеу;
- Басшылықтың қолдау туралы уәдесін алу.

Елімізде жүргізілген зерттеу көрсеткендей, «E-learning»-ді шет аймақтарда енгізу айтарлықтай қиын фактор екені белгілі болды. Интернет технологияны дәрежесіне қарай «таза интернет-оқыту» деп атап бөлуге болады. Бұл оқытушы мен білім алушының арасында жүздесу байланыссыз, интернет-технологияның ұлттық оқу процесінде «аралас» және іштей оқу барысында тізбектеле орналастырылады. «E-learning»-ді енгізудің ең маңызды кезеңі контент, зерттеме болып табылады. Ол оқу-әдістемелік кешен түріндегі нақтылы құрылым болып жасалады және төмендегідей элементтер болуы міндетті:

- бағамға енгізу;
- оқу курсының бағдарламасы;
- ақпараттық оқыту;
- курстың зерттелуі бойынша нұсқау;
- электронды кітапхана курсы (хрестоматия);
- академиялық күнтізбелік;
- практикум;
- тесттер жинағы;
- глоссарий, қысқарту тізімі және аббревиатура;
- қорытынды.

Мұндай кешен немесе оның үзінділері интернеттің қатқыл тасушылары CD (DVD)-де орнықтырылады.

Оқу процесінде электрондық оқу-әдістемелік кешенді пайдалануға және әр түрлі оқу формаларында өткізуді ұйымдастырып, тиімділігін арттыруға болады. Оларды дәстүрлі терминдік қосымшамен «электрондылар» деп атағанмен, бірақ дәстүрлі дәрістер, семинарлар, кеңестер және т.б. нұсқаларына ұқсамайды. Айтылғандарды түйіндегенде, бүгінгі таңда электронды оқытудың төмендегідей тізімдерін көрсетуге болады:

- дәрістер;
- кеңестер;
- семинарлар;
- зертханалық-практикалық сабақтар;
- курстық жобалар;
- жеке;
- тестілеу;
- емтихандар, сынақтар;
- ойын түріндегі сабақтар;
- жағдайға байланысты практикумдар;
- оқудың ғылыми-зерттеу жұмыстары;
- экскурсия және мастер-кластар;
- электрондық оқулықтың портфолиосы.

Электрондық оқытудың, зертханалық жұмыстар мен оның қисындарын ұйымдастырудың 2 түрі бар:

- 1) Лабораториялық қондырғыға білім алушының жойылған желісін қосуды қамтамасыз ету;
- 2) Студенттің жұмыс орнында компьютер үлгісін тікелей процеске дәл келтіру.

Электрондық оқытуда электрондық оқыту портфолиосы кең қолданушылыққа ие болып, қажетті құжаттарды іріктеп алуға болатынын дәлелдеді. Бұл өз кезегінде білім алушының жетістіктерін көрсетеді.

Оқу портфолиосының мәні төмендегідей:

- Білім алушы өзінің білгенін көрсете алады;
- Білім алушының білім деңгейін бағалау сапалы деңгейге көтерілген.

Веб 2.0. бейнеконференцияжелісі сияқты ұтқыр қондырғылар интернеттің дамуына жаңа көзқараспен жиі байланыстырылады, дәлірек айтсақ, Веб 2.0. дегеніміз – пайдаланушылардың бірлескен өзара іс-қимылдары және веб-қосымшаларының жұмыс технологиясының жиынтығы. Қазіргі таңда Веб 2.0. сервисін оқу үдерісіне пайдалану келесідей көріністерден табылады [5]:

1. Блог (blog) – желіде материалдарды жариялау үшін және оқу мүмкіндігін беретін программалық орта.

2. Вики (wikiwiki) – ұжымдық гипермәтінді жасайтын құрал, өзгертулер енгізілгені туралы тарихы сақталады.

3. Делишес (Del.icio.us) – ішінара ұжымдық кіріске және іздеу мүмкіндігіне, веб-бетке белгілердің сипаттамасымен сақтау үшін қолданылатын сервис.

4. Ютуб (youtube) – видеожазуларды сақтайтын және көретін, талқылайтын құрал.

5. Фликр (Flickr) – фотосуреттерді сақтау мен оларды көруге мүмкіндік беретін сервис.

Бейнеконференция – бұл екі не одан да көп абоненттер арасын байланыстыратын телекоммуникацияның түрі, олардың арақашықтығына қарамастан бір-бірін көруге және естуге мүмкіндік береді.

Ұйымдарда «бейнеконференцияжелі» технологиясы бейнеконференция кезінде қолданылады. Қазіргі уақытта аталған желі жоғарғы оқу орындарында дәрістерді жариялауда пайдаланылатын, кеңестер мен пікірталастарды өткізуге, «жағдайға байланысты» материалын көрсету, рөлдік ойын ұйымдастыру, ақпараттардың табыс етілуінің, т.б. нұсқаларына және сұхбаттың әр түрлі техникалық көрсетілімін, қозғалыс немесе кескінді жоғары сапада беруге мүмкіндік жасайды. Видео және телеконференцияларды қолданудағы негізгі тәсілдердің түрлері:

- Оқу орнына сапарға барудың қажет еместігі, уақыттың және қаражаттың үнемділігі;
- Әр түрлі жерлерде орналасқан көп адамдардың бір уақытта оқу сабақтарына қатысу мүмкіндігі;
- Жақсы білім үйретушілермен қашықтықтан сабақтар өткізу.

Әдебиеттер :

1. Позднеев Б. Качество – это соответствие стандартам // Качество образования. – 2009. – №1-2. – С. 46-49.

2. Толковый словарь терминов понятийного аппарата информатизации образования. – М.: ИИО РАО, 2005.

3. Андреев А.А. Интернет в системе непрерывного образования // Высшее образование в России. – 2005. – №7. – С. 91-94.

4. Усков В.Л., Иванников А.Д., Усков А.В. Качество электронного образования // Информационные технологии. – 2007. – №3. – С. 24-30.

5. Андреев А.А. Семкина Т.А., Леднев В.А. Направления применения сервисов Интернета Web 2.0 в учебном процессе. Информационные технологии в гуманитарном образовании – 2008 // Матер. Междун. науч.-практ. конф. (Пятигорск, 24-25 апреля 2008 г.) В 2 ч. Ч. I. – Пятигорск: ПГЛУ, 2008. – С. 39-45.

Резюме

В статье дано толкование основных терминов e-learning, приведен перечень задач, которые надо решить при внедрении электронного обучения, структура учебных комплексов и виды занятий при электронном обучении. Обращается внимание на применение сервисов веб 2.0. Рассмотрено новое направление в образовании – открытые образовательные ресурсы, которые включают в себя контент и программное обеспечение.

Summary

The authors give an interpretation of the basic e-Learning terms, look at the structure of educational content. Special attention is paid to an application of web 2.0. services, videoconferences, mobile education. An open educational resources as a new direction in education is considered.

БІЛІМ БЕРУДІ АҚПАРАТТАНДЫРУДЫҢ БІРІЗДЕНДІРІЛГЕН ҚҰРАЛДАРЫН ЖАСАУ

А.Ж. СЕЙТМУРАТОВ,

физика-математика ғылымдарының докторы, доцент

А.Б. АЙМЫРЗАЕВА,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,

Қазақстан Республикасы

Соңғы уақыттарда дәстүрлі болған «қағаздан жасалған» оқулықтар мен және оқу құралдарымен компьютерлік, демонстрациялық және басқа техникалармен қатар, оқыту құралдарының түрлік құрамы электрондық оқулықтар, электрондық оқу құралдары, Интернет сайттар және басқа телекоммуникациялық құралдар сияқты жаңа педагогикалық қызмет құралдарымен толықтырылды. Көрініп тұрғандай, мұндай мәселелер білім салаларының мазмұнына біріздендірілген өңдеуді қалыптастыру сұрақтарымен тығыз байланысты.

Білім салаларының мазмұны біріздендіріліп, өңдеудің формальды әдістерін құру қадамдары осы зерттеу шеңберінде білім беруді ақпараттандыру және оларды ақпараттық толықтыру құралдарын құруға теориялық-техникалық біріктірілген жолды әзірлеуге әкелді, ол ақпараттық біріктіру деген жұмыс атауын алды және мәліметтердің арнайы құрылған құрылымдарына сәйкес белгіленген білім салалары түсінігінің мәндік бағыныштылығын бейнелейтін ақпараттық құрылымдарды біріктіруді компьютерлік техника көмегімен автоматтандыруға негізделген. Ақпараттық біріктіру технологиясы нақты пәндерді оқытудың әдістемелік жүйесінің ерекшеліктеріне еш байланыспайды. Сонымен қатар мұндай технология оқытудың нақты әдістемелік жүйелеріне сай келуге қабілетті ақпараттандыру құралдарын құруға бағытталған.

Сипаттау барысында көрсетілгендей, кез келген оқу курсының мазмұны белгілі бір мөлшерде адамзат білімінің пәндік салаларының бірінің мазмұнын бейнелейді. Сондай-ақ оқу процесінің негізінде алынған пәндік саланың бөлігін білім саласы деп санауға болады. Мұнан басқа түсініктердің көптігі мен нақты пәндік немесе білім беру салаларының арасындағы қисынды байланыстарды бөлу сұрақтары қарастырылған болатын. Мұндай түсініктер жүйесі тезаурустар деп аталған болатын.

Айтып өтетін жайт, түсініктер мен олардың арасындағы байланыстарды ерекшелуге негізделген әдіснама кейбір ғылыми басылымдарда бар, соның ішінде, В.А. Петрушин «Сарапшылық оқыту жүйелері» кітабында былай деп жазады, яғни «...оқыту процесінің екі негізгі бағытын ажыратады: түсініктерді оқыту және икемділіктерді қалыптастыру. Түсініктерді оқытуда жаңа концептуальды және нақты оқу материалдарын көрсетуге және түсіндіруге назар аударылады; түсініктерді анықтау, олардың қасиеттері мен қатынастарын сипаттау, объектілер мен процестердің сандық және сапалық сипаттамалары туралы мәліметтерді келтіру, түсінік қасиеттерін мазмұнды және формальды негіздеу және т.б.».

Кейбір белгіленген білім салаларының шеңберінде құрылған білім берудің электрондық басылымдары мен ресурстарын оқыту процесінің екі бағытының әр түрлі пропорцияларында ескеруге болады, осыған байланысты ақпараттандырудың мұндай құралдарында білім саласының түсінігі, сонымен қатар дағдылар мен икемділіктер, проблемалық жағдайларға қатысты ақпараттар сияқты түсініктер болуы мүмкін. Көптеген түсініктер білім беру саласы туралы білім жүйесін анықтайды, ал проблемалық жағдайлар туралы ақпарат шешілетін міндеттер туралы білім жүйесін анықтайды. Білімді осылай берудің мақсаттылығы В.А. Петрушиннің пікірі бойынша былай анықталады, пәндік сала туралы білім, оның түсініктер жүйесі туралы қазіргі ғылыми түсініктерді бейнелей отырып көптеген қалыптасқан оқу пәндері үшін тұрақты және консервативті қатар шешілетін міндеттер туралы білім әлдеқайда мобильді компонентті құрайды, оның мазмұны ағымдағы оқу мақсаттарына байланысты болады. Басқа жағынан алғанда, пәндік сала туралы білім оның құрылымын және мазмұнын, ал шешілетін міндеттер туралы білім семантиканы сипаттаумен қатар прагматикалық ақпараттарды сипаттайды.

Бұл зерттеудің сипатталатын бөлігін қарау объектісі пәндік мазмұнға тікелей қатысы бірінші типтегі білім жүйесі болып табылады және оның ішінде білім салаларына және мән қалыптастыратын түсініктердің көптігіне негізделеді. Сондай-ақ ақпараттық біріктіру технологиясын білім беру салалары туралы білімді қалыптастыру жолдарының бірі ретінде қарастыруға болады.

Бұрын берілген анықтамаларымен қарама-қайшылыққа шықпай-ақ білім беру саласының тезаурусы көбейту тапсырмасының нақты тәсілін және ондағы қатынастарды көрсетеді. Егер T деп көбейту түсінігін белгілеген жағдайда, ол осы білім беру саласының мән беруші кері болып табылады. Ал V деп элементтердің арасындағы барлық байланыстарды көбейтуді белгілесек, онда Z_v тезаурусын V арқылы декартты туындысына сәйкес тексерілген T -ны өз-өзіне көбейту ретінде қарастыруға болады:

$$Z_v = \langle T \times T \rangle |_v,$$

Мұнда T – көбейту элементтерінің арасындағы қатынас. Құрылымдыларға қатынасқа сәйкес «бөлігі болатын», «ие болу», «бір түрлі болу», «мынадайлардан тұрады» және т.б. түрінде анықталатын байланыстар жатады. Педагогикалық мәнділікке ие семантикалық байланыстарға «жинақтау», «нақтылау», «аналогия», «дәлдеу», «жеңілдету», «ауытқу» және «түзету» қағидалары бойынша анықталатын байланыстар жатады.

Бұл қағидалардың мәні келесіге негізделеді.

$T T'$ -ның жиынтығы болып табылады. Егер T' анықтамасы кейбір константтарды, барлық жиынтық кванторындағы өзгермеліге ауыстыру анықтамасынан алынады. Нақтылау жинақтау үшін кері қатынасты құрайды.

T' T -ның аналогиясы болып табылады. Егер T анықтамасының константына T' анықтамасынан констант бейнесі бар болса.

Егер T' T -да пайдаланылатын мәліметтерді көбейту үшін пайдаланылатын қосымша қасиеттерге ие болатын болса $T' T$ -ның дәлдеуі болып табылады.

Жеңілдету дәлдеудің кері қатынасын көрсетеді.

Егер T' әрекеті T сияқты мақсатқа ие болып, бірақ жетістікке әкелмесе, онда $T' T$ -дан ауытқу болып табылады.

Түзету ауытқу үшін кері қатынасты көрсетеді. Жинақталған қатынастардың тағы екі типіне сәйкес құралған түсінікаралық байланыстар – «мұрагер болу» және «базасы болу». «Мұрагер болу» қатынасы ретінде «нақтылау» немесе «дәлелдеу» семантикалық қатынастың бірі таңдап алынуы мүмкін. «Мұрагер болу» қатынасының мәні мынадан тұрады, $T' T$ -ның мұрагері болып табылса, онда $T' T$ -ның түсінігіне және қасиетіне ие болады, бірақ бұл қасиеттер мен түсініктер T' -де қайта анықталмайды. Кері қатынаста «ата болу» ретінде сипатталады.

«Базасы болу» қатынасы ретінде «белгілі болу» типіндегі құрылымдық қатынас немесе «жеңілдету» типіндегі семантикалық қатынас таңдап алуы мүмкін. Дәлірек айтсақ, T' түсінігі, егер T анықтамасы T' анықтамасына айтарлықтай сүйенетін болса, T үшін базалы болып табылады. Мысалы: «кесінді» деген геометриялық түсінік үшін «түзу» және «нүкте» түсініктері базалы болып табылады. Кері қатынасты «өзекті болу» деп атаймыз.

Пәндік немесе білім беру тезаурусын жобалауда қатынастардың бірі байланыс қалыптастырушы ретінде таңдап алынады. Егер негізгі ретінде «ата – мұрагер» қатынасы таңдап алынса, онда тезаурус жіктеуді құрайды, жоғарғы деңгейлерінде, әлдеқайда жалпы түсініктер орналасқан. Мұндай жүйелердегі түсініктер мен байланыстардың мысалы ретінде жануарлар мен өсімдіктердің биологиялық жіктелуін, химиялық элементтердің деңгей бойынша жіктелуін көрсетуге болады. Егер байланыс қалыптастырушы ретінде «өзекті – базалық» қатынасы таңдап алынған жағдайда тезаурус курделі объектіні немесе процестің деңгей бойынша сипатталуын көрсетеді, ал оның жоғары деңгейлері әлдеқайда курделі (құрылымдық немесе идеялық) объектілерге сай келеді. Есептерді шығару кезінде курделі механикалық қондырғыларды (кеме, автомобиль қозғалтқышы, компьютер) деңгей бойынша сипаттау немесе мақсаттарды (әрекеттерді, дағдылырды) сатылау мысал бола алады.

Білім беру саласында тезаурусты құруда білім беруді ақпараттандырудың біріздендірілген құралдарын жасау кезінде, оны пайдалануда байланыс қалаптастырушы қатынастарды таңдау мақсаттары мен нысандармен және оқу процесінде оны ары қарай қолдану контекстімен анықталады.

Әдебиеттер:

1. Бидайбеков Е.Ы., Аймукатов А.Т. Обучение компьютерной графике и геометрическому моделированию в курсе информатики политехнического колледжа. – Алматы, 2008.
2. Үсенов С.С. Формирование понятийной системы информатики. – Кызылорда, 2003.

Резюме

В статье предлагается обобщенная технология формирования тезаурусов образовательных областей. Сформированные подобным путем тезаурусы должны стать своеобразным сырьем для последующего построения электронных иерархических структур и их обработки с целью автоматизированного построения унифицированных средств обучения.

Summary

The given research touches upon the generalized technology of creating the thesaurus of educational areas. The created by such a way thesaurus should become a unique material for further constructing the electronic hierarchic structures and their processing with the aim of automatic structure of unified means of training.

УДК 37.012

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЭЛЕКТРОННЫХ УЧЕБНИКОВ В ПРЕПОДАВАНИИ ИСТОРИИ

А.Ж. ТУЛЕГЕНОВА, Н.И. ЕСИМХАНОВА,

*Аркалыкский государственный педагогический институт имени И. Алтынсарина,
Республика Казахстан*

Образование признано одним из важнейших приоритетов долгосрочной Стратегии «Казахстан-2030». Общей целью образовательных реформ в Казахстане является адаптация системы образования к новой социально-экономической среде. Президентом Казахстана была также поставлена задача о вхождении республики в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира. Совершенствование системы образования играет важную роль в достижении этой цели. Международный опыт подтверждает, что инвестиции в человеческий капитал, и, в частности, в образование, начиная с раннего детства до зрелого возраста, вносят существенный вклад в экономику и общество. Данные принципы определены как цель Государственной программы развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы, а это повышение конкурентоспособности образования, развитие человеческого капитала путем обеспечения доступности качественного образования для устойчивого роста экономики [1].

В своем выступлении перед студентами с лекцией «Казахстан на пути к обществу знаний» от 5 сентября 2012 года Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев отметил: «Мы движемся к постиндустриальному миру, в котором правит триада «образование – наука – инновации». В связи с этим качественное образование, которое Вы получаете, является лишь стартовым интеллектуальным капиталом. Вам нужно непрерывно работать над собой, повышать свое образование, профессиональные компетенции» [2].

В настоящее время в условиях информатизации образования меняется парадигма гуманитарных наук, изменяется структура и содержание образования. В Послании Президента народу Казахстана от 27 января 2012 года было сказано, что в ходе модернизации системы образования важно осуществить внедрение в процесс обучения современные методики и технологии [3].

Новые методы обучения, основанные на активных, самостоятельных формах приобретения знаний и работе с информацией, вытесняют демонстрационные и иллюстративно-объяснительные методы, широко используемые традиционной методикой обучения, ориентированной, в основном, на коллективное восприятие информации.

Одними из наиболее популярных компьютерных средств обучения стали электронные учебники (ЭУ), позволяющие реализовать функции обучения, самообучения, демонстрации изучаемого материала, тренировки в применении изученного материала, контроля и самоконтроля, систематизации усвоенных знаний и являющиеся таким образом многоцелевым средством обучения. Электронный учебник ставится в один ряд с автоматизированными обучающими системами.

Поэтому использование электронных средств обучения и введение их в учебный процесс сегодня особенно актуальны.

Главной задачей использования электронных учебников по истории является интенсификация учебного процесса, повышения его эффективности и качества.

Одним из приоритетных направлений процесса информатизации современного общества является информатизация образования – процесс обеспечения сферы образования методологией и практикой разработки и оптимального использования новых информационных технологий, ориентированных на реализацию основных целей обучения и воспитания.

Этот процесс инициирует преподавателя высшей школы на выполнение следующих обязательных условий:

- совершенствование методологии и стратегии отбора содержания, методов и организационных форм обучения, воспитания, соответствующих задачам развития личности обучаемого в современных условиях информатизации общества;
- создание методических систем обучения, ориентированных на развитие интеллектуального потенциала обучаемого, на формирование умений самостоятельно приобретать знания, осуществлять информационно-учебную, научно-исследовательскую, самостоятельную деятельность по обработке информации;
- создание и использование компьютерных тестирующих, диагностирующих методик контроля и оценки уровня знаний обучаемых.

Электронные средства обучения, обладающие повышенной мультимедийностью и динамичностью, способствует выработке фрактальной методологии, переходу к образному многомерному мышлению.

Электронный учебник – компьютерное, программное средство, предназначенное, в первую очередь, для предъявления новых исторических источников, дополняющей печатные издания, служащее для группового, индивидуального или индивидуализированного обучения и позволяющее контролировать полученные знания и умения обучаемых. Являясь современным средством обучения, ЭУ существенно повышает качество и эффективность обучения, мотивацию студентов и оптимизирует деятельность преподавателя [4].

Электронные учебники по историческим дисциплинам применимы не только в качестве средства обучения, совершенствующего процесс преподавания, безусловно повышающего его эффективность и результативность, но и зарекомендовали себя в качестве:

- инструмента познания окружающей действительности и самопознания;
- средства развития личности обучаемого;
- объекта изучения (например, в рамках освоения курса истории древнего мира);
- средства информационно-методического обеспечения;
- средства коммуникаций в целях распространения передовых педагогических технологий;
- средства автоматизации процессов контроля, коррекции результатов учебной деятельности;
- средства организации самостоятельной, научно-исследовательской работы и интеллектуального досуга студентов.

Особого внимания заслуживает описание возможностей электронных учебников, использование которых создает предпосылки для интенсификации образовательного процесса по истории:

- незамедлительная обратная связь;
- компьютерная визуализация учебной информации об объектах или закономерностях исторических процессов, явлений, как реально протекающих, так и «виртуальных»;
- архивное хранение достаточно больших объемов информации с возможностью ее передачи, а также легкого доступа и обращения пользователя;
- автоматизация процессов информационно-методического обеспечения, организационного управления учебной деятельностью и контроля за результатами усвоения.

Возможность электронного учебника существенным образом влияет на развитие личности обучающегося, качественно иную подготовку специалистов новой формации и обеспечивает:

- развитие мышления, (например, наглядно-действенного, наглядно-образного, интуитивного, творческого, теоретического);
- эстетическое воспитание (например, путем использования возможностей компьютерной графики, технологии Мультимедиа);
- развитие коммуникативных способностей;
- формирование умений принимать оптимальное решение или предлагать варианты решения в сложной ситуации;
- развитие умений осуществлять научно-исследовательскую деятельность;
- формирование информационной компетентности и информационной культуры.

Анализируя теоретические и практические аспекты по методике использования электронного учебника на занятиях по истории, можно сформулировать следующие выводы:

– внедрение в процесс обучения истории электронного учебника позволяет формировать высокую познавательную активность студентов, их самостоятельность в процессе образовательного государственного стандарта специальности «История»;

– электронный учебник позволяет студентам создавать собственные мультимедийные проекты, интерактивные доклады, рефераты, глоссарий, хронологические таблицы, схемы и карты;

– электронный учебник является основным образовательным электронным изданием, созданным на высоком научном и методическом уровне.

Практическое использование электронных учебников повышает эффективность и качество процесса обучения, активизирует познавательную деятельность студентов за счет компьютерной визуализации, углубляет межпредметные связи, индивидуализирует и дифференцирует процесс обучения, способствует формированию культуры учебной деятельности, информационной культуры обучающегося и обучающего.

Литература:

1. Указ Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года №1118 «Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы». – Астана, 2010.

2. Выступление Президента Н. Назарбаева перед студентами Назарбаев Университета. Казахстан на пути к обществу знаний // Казахстанская правда. – 2012. – №299-300.

3. «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана». Послание Президента – Лидера Нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана // Казахстанская правда. – 2012. – №32.

4. Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании. – М.: Школа-Пресс, 2007.

Түйіндеме

Бұл мақалада қазіргі кезеңдегі қазақстандық білім беруді модернизациялаудың басым бағыты ретінде тарихты оқытуда электронды оқулықтарды қолданудың өзектілігі мен тиімділігі қарастырылады.

Электронды оқулықтарды тәжірибеде қолдану оқу үрдісінің тиімділігін жоғарылатып, сапасын көтереді, компьютердің мүмкіндіктері арқылы студенттердің таным қызметінің белсенділігін арттырады, пәнаралық байланыстарды тереңдетеді, оқытуды даралау мен дифференциалдауды күшейтіп, оқушы мен оқытушының оқу мәдениеті мен ақпараттық мәдениетінің қалыптасуына ықпал етеді.

Summary

In the given article the urgency and the efficiency of use of electronic textbooks in teaching History are considered as the priority direction to modernizations of the modern Kazakhstan education.

Practical use of electronic textbooks raises the efficiency and quality of the process of the education, actuates cognitive activity of the students to account of the computer visualization, deepens the relationship between the subjects, individualizes and differentiates the process of the education, promotes the formation of culture to school activity, informational culture of trained and training.

ИНФОРМАТИКАНЫҢ СОҢҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ЕСЕПТІ ЭЛЕКТРОНДЫ ЕСЕПТЕУ МАШИНАСЫ КӨМЕГІМЕН ШЫҒАРУ

А. Ж. СЕЙТМҰРАТОВ,

физика-математика ғылымдарының докторы, доцент

Ұ. Б. ЮЛДАШЕВА,

магистрант

Д. Ж. ЖАНЫСОВА,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Мақалада математикалық есептерді шешуде есептеу алгоритмдерін құрастыру және информатиканың соңғы жетістіктерін пайдалана отырып есепті электронды есептеу машинасы көмегімен шығару, соның ішінде алгебралық және трансценденттік теңдеулерді шешудің сандық әдістеріне берілген есептерді шығару мақсатында төмендегі есептер қарастырылады.

Айталық, бізге

$$F(x) = 0$$

түріндегі теңдеу берілсін. Мұндағы $F(x)$ – алгебралық немесе трансценденттік функция. Егер біз $F(x)$ функциясының графигін пайдалансақ, онда теңдеудің түбірлері, жуықтап алғанда, абсцисса осімен қиылысу нүктелері болмақ. Есепті ықшамдау арқылы берілген теңдеуді оған мәндес


$$f_1(x) = f_2(x)\pi$$

теңдеуімен алмастыруға болады. Мұндай жағдайда $f_1(x)$ және $f_2(x)$ функцияларының графигтері салынып, Ох осіндегі осы графигтердің қиылысу нүктелерін көрсететін кесінділері белгіленеді.

Мысал 1. $\sin 2x - \ln x = 0$ теңдеуінің түбірлерін айыру керек.

Түбірлерін графикалық түрде айыру үшін оны оған мәндес $\sin 2x = \ln x$ түрге келтіреміз. $y = \sin 2x$ және $y_2 = \ln x$ функцияларының графигтерін жеке-жеке саламыз.

Графикке қарап, оның ζ бір түбірі болатынын көреміз және ол $[1; 1,5]$ кесіндісінде жатады.



Түбірлерді айыру туралы есептерді шешу барысында келесі жайттардың пайдасы бар:

1. Егер $[a; b]$ кесіндісінде үздіксіз $F(x)$ функциясы оның шеткі нүктелерінде әр түрлі таңбалы мәндер қабылдаса (яғни $F(a) \cdot F(b) < 0$), онда берілген теңдеудің осы кесіндіде кем дегенде бір түбірі бар болады.


2. Егер $F(x)$ функциясы монотонды (кемімелі немесе өспелі) болса, $[a; b]$ кесіндісіндегі түбір жалғыз ғана болады.

Тексеру үшін $F(x) = \sin 2x - \ln x$ функциясының $[1; 1,5]$ кесіндісінің шеткі нүктелеріндегі мәндерін есептейік: $F(1) = 0,909298$; $F(1,5) = -0,264344$. Байқауымызша, $[1; 1,5]$ кесіндісінде түбірдің болатынын аламыз.

Қарапайым жағдайда түбірлерді графикалық айыруды қолмен есептеуге болады, кейде күрделі жағдайларда теңдеудің түбірі берілген кесіндіде болуын (санын) анықтауда компьютердің қолданбалы бағдарламасын пайдалануға немесе программалау тілінде программа құрастыруға болады.


Айталық, $F(x) = 0$ теңдеуінің барлық түбірлері $[A; C]$ кесіндісіне тиісті болсын, яғни $F(A) \cdot F(C) < 0$. Бізге теңдеудің түбірлерін айыру керек, яғни бір түбірден жататын барлық $[a; b] \subset [A; C]$ кесінділерді көрсету керек.

$F(x)$ -тің мәнін $x = A$ нүктесінен бастап оң жаққа қарай қандайда бір h қадаммен қозғала отырып есептейміз.




$F(x)$ -тің көршілес екі әр түрлі таңбалы мәндері пайда болған кезде, алынған кесіндіге түбір тиісті болатынын аламыз.

Теңдеудің шешімін программалау тілі көмегімен қарастырайық. Осыған сәйкес келетін алгоритмнің жалпы схемасын көрсетейік. Қойылған есептің нәтижесі экранда көрсетілген x_1 және x_2 параметрлерінің мәндері (белгіленген кесіндінің шеткі нүктелері) болады.



Мысал 2. $\cos x = 0,1x$ теңдеуінің $[-10; 10]$ кесіндідегі түбірлерін $0,1$ қадаммен бөліктерге бөліңдер.

Бұл есепті Excel көмегімен шешуге болады. Компьютер экранында $y = \cos x - 0,1x$ функциясының графигінен басқа мәндері анықталған кесте және одан $0,1$ қадаммен жеті бөлінген кесінділердің нәтижесін алуға болады: $-9,7 < x_1 < -9,6$; $-9,0 < x_2 < -8,9$; $-4,3 < x_3 < -4,2$; $-1,8 < x_4 < -1,7$; $-1,4 < x_5 < -1,5$; $5,2 < x_6 < 5,3$; $7 < x_7 < 7,1$.



Түбірлерді айыру алгоритмінің схемасы бойынша программаны оңай құрастыруға болады. Төменде Turbo Pascal тілінде құрылған программаны ұсынамыз:

```

Program Separat_root;
uses crt;
var a,b,x1,x2,y1,y2,h:real; n,k:integer;
function f(x:real):real; {F(x)=0}
begin f:=cos(x)-0.1*x;
end;
begin
clrscr;
writeln (' Енгізу a,b,h '); read (a,b,h);
k:=0; x1:=a; x2:=x1+h; y1:=f(x1);
while x2<b do
begin y2:=f(x2);
if y1*y2<0 then
begin inc(k);
writeln (k, ' - түбірі [ ', x1:4:1, ', ', x2:4:1, ', ' );
end;
x1:=x2; x2:=x1+h; y1:=y2;
end;
repeat until keypressed
end.

```

Программаның орындалу нәтижесі:

```
Введите a,b,h
-10 10 0.1
1-й корень [-9.7;-9.6]
2-й корень [-9.0;-8.9]
3-й корень [-4.3;-4.2]
4-й корень [-1.8;-1.7]
5-й корень [ 1.4; 1.5]
6-й корень [ 5.2; 5.3]
7-й корень [ 7.0; 7.1]
```

Әдебиеттер:

1. Бахвалов Н.С., Жидков Н.П., Кобельков Г.М. Численные методы. – М.: Наука, 1987. – 600 с.
2. Епанешников А.М., Епанешников В.А. Программирование в среде Turbo Pascal 7.0. – М.: Диалог – МИФИ, 1995. – 240 с.
3. Мудров А.Е. Численные методы для ПЭВМ на языках Бейсик, Фортран и Паскаль. – Томск, 1991. – 272 с.

Резюме

В статье рассмотрены пути решения задач алгебраических и трансцендентных равенств с применением в систематическом порядке прикладных задач числовыми методами.

Summary

In article decisions of problems of algebraic and transcendental equalities with application in a regular order of applied problems numerical methods are considered.

ӘОЖ 378.016:53:004

ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА КОМПЬЮТЕРДІ ЖӘНЕ МУЛЬТИМЕДИАНЫ ПАЙДАЛАНУ

Ж. ИСКАКОВ,

*физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Алматы энергетика және байланыс университеті*

Б. ҚАЛИЕВ,

*физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы*

Жаңа материал мен оны жеткізу формасы арасында белгілі тәуелділік бар екендігі анық [1]. Көру және есту арқылы материалды баяндау ақпараттың жартысына дейін игеруге мүмкіндік беретіндігі белгілі. Жоғары оқу орнындағы физика курсының ішкі ерекшелігіне байланысты бұл пәнді дәрістік баяндау бәрінен бұрын болмысындағы физикалық көрсетілімдермен (демонстрациялармен) сүйемелденеді. Физикалық көрсетілімдер физиканың оқу пәні ретіндегі ажырамас бөлігі бола отырып, тек дидактикалық қана емес, сонымен бірге мотивациялық жүктеменің ролін алып, оқырманның


назарын аударып қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Егер бейнекамера мен мультимедианы қоса пайдалансақ оның тиімділігі онан сайын артады. Дегенмен, өкінішке орай, болмысындағы тәжірибелер барлық уақытта жүзеге аса бермейді. Тіпті оны көрсеткен жағдайдың өзінде де тәжірибенің идеясын модельдік баяндау қажет [2, 47-49]. Сонымен қатар бұған көзбен бақылау мүмкін емес, мысалы, аса жоғары жылдамдықта не өте баяу өтетін, макро, микро, наноөлемдегі және т.б. көрсету мүмкін емес жағдайларда өтетін құбылыстарды қосыңыз және де кейбір физикалық құбылыстарды көрсету үшін бағасы қымбат, көлемді көптеген құрылғылар жиынтығы қажет болады [3, 48 б.]. Көрсетілімдік тәжірибелердің бейнелегіштік және модельдегіштік жақтарын компьютерге беруге болады. Компьютердің бай графикалық мүмкіндігі көрсетілімдік тәжірибелерді түсіндіру үшін ғана емес, физикалық білімінің аналитикалық құрамдасын көрнекі баяндауды ұйымдастыру үшін пайдалануға жағдай жасайды. Сонымен, «Компьютерлік физика» оқулықпен, зертханалық жұмыстармен және есептер шығарумен қатар физиканың құрамды бөлігі болып қалыптасты.

Техникалық инженерлік мамандықтардың стандарттарына сәйкес физика пәні семестр оқытылады. Компьютерлік технология дәріс сабақтарында анимацияларды көрсетуде, зертханалық сабақтарда виртуалдық жұмыстарды орындауда, машықтану сабақтарында физикалық құбылыстарды модельдеуде қолданылады. Біз «Физика» пәнінің дәріс сабақтарында көрсетілетін компьютерлік анимациялардың қысқаша мазмұнын ашуды және компьютерлік зертханалық жұмыстар жайлы айтуды жөн көрдік. Компьютерлік слайдтар статикалық және динамикалық формада жасалынған және анықтамалықтармен қамтамасыздандырылған. Мультимедиялық проектор көмегімен компьютерлік көрсетілімдер келесі дәрістік шартты тақырыптар бойынша келесі мазмұнда жүзеге асырылады:


1. «Материялық нүкте мен қатты дене кинематикасы». Материялық нүктенің радиус векторы, траекториясы, жүрген жолы, орын ауыстыруы кескінделеді.

2. «Материалық нүктенің және қатты дененің динамикасы». Сырықтың инерция моменті интегралдау жолымен есептелетіндігі моделденеді. Оның симметрия осіне қатысты айналысы, сәйкесті инерция моменті, бір ұшы арқылы өтетін, симметрия осіне параллель оське қатысты айналысы және оған қатысты инерция моменті Штейнер теоремасымен есептелетіндігі көрсетіледі.

3. «Энергия және жұмыс. Сақталу заңдары». Арбашадағы математикалық маятниктің артқа қарай қозғалысының арбашаның алға қозғалысын тудыратындығы және керісінше қозғалыстар арқылы импульстің сақталу заңы көрсетіледі (1-сурет). Механикалық жұмыс графикалық кескінделіп, геометриялық мағынасы анықталады. Кинетикалық энергияның жылдамдыққа байланыстығы велосипедпен ұшақтың қозғалысы арқылы демонстрацияланады. Шардың горизонталь жолмен қозғалысы мысалында кинетикалық энергияның өзгерісі туралы теорема, серіппенің деформациясы кезінде потенциалық энергияның мәнінің өзгерісі туралы теорема тағайындалады. Математикалық маятник көмегімен потенциалық энергияның кинетикалық энергияға және керісінше түрленуі моделденеді. Көлбеу жазықтық бойымен алюминий және ағаш цилиндрлердің домалауы арқылы импульстің сақталу заңы онай көрсетіледі.



Сурет 1(а). Импульстің сақталу заңы. Шар артқа қарай қозғалғанда арбаша алға қарай қозғалады



Сурет 1(ә). Импульстің сақталу заңы. Шар алға қарай қозғалғанда арбаша артқа қарай қозғалады

4. «Статистикалық үлестірулер». Молекулалардың ретсіз қозылысы, олардың ыдыс қабырғасына қысымы МКТ негізгі теңдеуіне сәйкесті ілгерілемелі қозғалысынан болатындығы көрсетіледі.

5. «Термодинамика негіздері». PV диаграммасында адиабаталық процесс, газдың жұмысы, тура, кері циклдар, Карно циклы, оның жұмыс принципі, TS диаграммасында изопроцестер, тура цикл, Карноның тура циклы графикалық суреттік кескінделеді, термодинамиканың екінші бастамасының статистикалық мағынасы демонстрацияланады.

6. «Заттардағы электростатикалық өріс». Конденсатор астарлары арасындағы диэлектриктің үйектелу процесі көрсетіледі. Екі диэлектрик шекарасында E және D шамалары үшін шарттар көрнекі кескінделеді.


7. «Электр өрісінің энергиясы. Тұрақты электр тогы». Біртекті және біртектісіз тізбек бөліктері ұштарындағы кернеу шамалары, электростатикалық күштер әсерінен зарядтардың тізбек бөлігіндегі, электростатикалық және тосын күштердің әрекетінен ток тасымалдаушыларының тұйық тізбек бойымен қозғалысы демонстрацияланады, Кирхгофтың бірінші және екінші ережелері графикалық кескінделеді.

8. «Тербелістер, сипаттамалары және оларды қосу». Серіппелі және математикалық маятниктер тербелістері, олардың периоды, амплитудасы модельденеді, гармоникалық тербелістер векторлық диаграммамен кескінделеді.

9. «Өшетін және мәжбүр тербелістер». Өшетін тербелістер графикалық кескінделеді.

10. «Серпімді толқындар». Дыбыс зорайтқыштың ортада дыбысты таратуы модельденеді, су бетіндегі толқындық процесс көрсетіледі.

11. «Электромагниттік толқындар». Электромагниттік толқындардың электр және магнит өрісі кернеуліктерінің көлденең тербелістерінің ортада таралуы модельденеді (2-сурет).



Сурет 2. Электромагниттік толқынның таралу моделі

12. «Толқындық оптика». Толқындық түйдек модельденеді, дисперсия қисығы, ортаның жұту коэффициентінің түскен жарық толқын ұзындығынан тәуелділігі графиктері динамикалық кескінделеді.

13. «Жылулық сәуле шығару». Абсолют қара дененің физикалық моделінің жұмыс принципі көрсетіледі.

14. «Электромагниттік сәуле шығарудың корпускулалық қасиеттері». Фотонның жұтылып, атомнан электронның шығуы, фотоэффекті кезінде жарық фотондарының катодқа түсіп, одан электрондардың ұшып шығуы және анодқа қарай қозғалысы, тізбекте фототоктың пайда болуы, фотондар саны, яғни жарық ағыны артқанда, ұшып шығатын электродтар санының немесе фототок шамасының өсетіндігі көрсетіледі, фотоэффект заңдары кескінделеді, түскен электромагниттік сәуленің атомдағы электронда шашырауы – комптон эффектiсi модельденеді.

15. «Заттың корпускулалық-толқындық дуализмі материяның әмбебап қасиеті ретінде. Шредингер теңдеуі». Де Бройль толқыны болжамының тәжірибелік расталуы компьютерде дифракциялық бейненің алынуымен кескінделеді, шексіз терең потенциалдық шұңқырдағы бөлшектің стационар күйі үшін толқындық функцияның, оның квадратының бас кванттық санның әр түрлі мәндеріндегі графиктері бір және екі өлшемді кеңістіктерде көрнекі кескінделеді. Бөлшектің потенциалдық туннель арқылы классикалық және кванттық жағдайларда өту құбылысы энергетикалық диаграммада компьютерлік модельденеді.

16. «Шредингер теңдеулерінің шешімдері». Негізгі энергетикалық деңгейге электрондық көшулер кезінде Бальмер сериясына сәйкес көрінетін түсті сәулелердің шығуы компьютерлік модельденеді, химиялық элементтердің Менделеев кестесінен әрбір элементтің сипаттамасы алынады.

17. «Кванттық статистика және оның қолданылуы». Қатты дененің жылусыйымдылығының Эйнштейн және Дебай теориялары бойынша жылусыйымдылықтың температураға тәуелділігінің графиктері кескінделеді.

18. «Қатты денелердің аумақтық теориясы». Шала өткізгіштердің меншікті, электрондық және кемтік өткізгіштігінің химиялық байланыс тұрғысынан және аумақтық теориясы бойынша пайда болуы модельденеді.

19. «Кванттық электроника элементтері». Мәжбүр сәуле шығару энергетикалық модельденеді.

20. «Ядролық физика. Атом ядроларының радиоактивтік түрленуі». Нейтронның, оң және теріс пи мезондардың радиоактивтік ыдырауы модельденеді, ыдыраудың сұлбасы және анықтамалық материал беріледі. Мұнымен қатар ядролық және элементар бөлшектер физикасы бойынша даярланған статикалық слайдтар көрсетіледі.

Моделдеу зертханалық жұмыстардың «виртуальдық» ұқсастарын жасау үшін қолданылады. Нақты зертханалық жұмыстарда студент нақты аспаптар көмегімен нақты тәжірибе жасайды, сонан кейін физикалық шамалардың мәндерін және олардың қателіктерін есептей отырып өлшеу нәтижелерін өңдейді. Компьютерлік жұмыста студент виртуальдық нысандармен сәйкесті әрекет жасайды. Бұл кезде модель зерттелетін құбылысқа сәйкес болу керек. Компьютерлік зертханалық жұмыс қарапайым көрсетілім сияқты әдеттегімен салыстырғанда қосымша мүмкіндіктерге ие болады: үлкен көрнекілік, құбылыстардың көрінбейтін механизмін зерттеу мүмкіндігі, параметрлерді өзгертудің аса кең ауқымы, ойдағыны, тіпті нақты тәжірибеде мүмкін еместі іске асыру мүмкіндігі. Оның кемшілігі, аспаптарды фотографиялық дәлдікпен кескіндеуге болғанымен, студенттерді нақты аспаптардағы жұмыстармен таныстырмайды. Осы себепті компьютерлік практикум нақтыны толық ауыстыра алмайды, бірақ ғылымдағы нақты тәжірибені компьютерлік тәжірибе толықтыратындай толықтыра алады. «Физика» пәні бойынша компьютерлік зертханалық жұмыстар атаулары мынадай: «Атвуд машинасында кинематика және динамика заңдарын оқып үйрену», «Көлбеу маятник әдісімен үйкеліс коэффициентін анықтау», «Сокқы кезінде импульстің және энергияның сақталу заңдарын оқып үйрену», «Стокс әдісімен сұйықтың тұтқырлығын анықтау», «Ауа молекуласының еркін жолының орташа ұзындығын және эффектив диаметрін анықтау», «Электрстатикалық өрістерді зерттеу», «Диэлектриктің үйектелуін зерттеу және конденсатордың сыйымдылығын анықтау», «Тұрақты ток заңдарын оқып үйрену», «Жердің магнит индукциясының горизонталь қураушысын өлшеу», «Гармоникалық тербелістерді қосу», «Жарық интерференциясы құбылысын зерттеу»; «Жарық дифракциясы құбылысын зерттеу», «Жарықтың үйектелу құбылысын зерттеу», «Микробөлшектердің толқындық қасиеттері», «Стефан-Больцман тұрақтысын анықтау». Компьютерлік анимациялар

ретінде виртуалдық зертханалық жұмыстардың жекелеген фрагменттерін пайдалануға болады. Ол үшін виртуалдық жұмыстар тізімінен дәріс сабақтардың тақырыбы мен мазмұнына сай физикалық құбылыстарды көрсететінін тандап алу керек. Компьютерлік көрсетілім кезінде тәжірибелік қондырғы сұлбасы келтіріледі және тәжірибенің бастапқы шарттары таңдалады. Мұнан әрі тәжірибе барысы аспаптардың көрсетуін имитациялаумен өтеді. Бұл кезде жұмыстың интерактивтік режимі кеңінен қолданылады, оқытушы оқырманмен бірге шамалардың алғашқыда берілетін мәндерін тандап алады. Сонымен, студенттер зерттеуге қатысушылар болып шығады.

Әдебиеттер:

1. Кирмайер М. Мультимедиа. – СПб: BHV, 1994. – 33 с.
2. Кренцис Р.П., Сидоренко Ф.А., Кротов Д.В. Компьютерное и видеосопровождение лекций по общей физике // Физическое образование в вузах. – 1995. – Т. 1. – №1. – С. 47-51.
3. Красавин В.В., Зайцев Ю.А. Имитационные эксперименты по физике в учебном процессе // Физическое образование в вузах. – 1996. – Т. 2. – №1. – С. 48-50.

Резюме

В статье указывается, в каких случаях эффективнее использовать на лекциях по физике компьютерные демонстрации с применением мультимедийного проектора и другие возможности информационно-телекоммуникационной технологии. Приводится перечень тем лекций по физике, в которых демонстрируются компьютерные статические и динамические слайды, раскрываются их содержания. Предлагаются пути использования в качестве компьютерных демонстраций отдельных фрагментов физических виртуальных лабораторных работ.

Summary

The effective use of lectures on physics, computer demonstrations using multimedia projector and other features of information and telecommunications technology is considered in this article. There are a list of lectures on physics that demonstrate computer-static and dynamic slides that reveal contents. Ways to use as a computer demonstration of separate fragments of physical virtual labs are suggested.

УДК 811.512.

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ОБУЧЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ РУССКОМУ ЯЗЫКУ В РЕЖИМЕ *ON-LINE*

С.Т. ЖАРБУЛОВА,

кандидат педагогических наук,

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,

Республика Казахстан

В «Концепции развития образования РК до 2015 года» указано на необходимость обеспечения перехода к новым технологиям обучения, ориентированным на углубление и развитие профессиональной компетенций, особенно на формирование системы дистанционного обучения базе Интернет-технологий [1].

В современных условиях информатизации учебного процесса системы многоуровневого профессионального образования информационные технологий обучения занимают особое место в методике преподавания русского языка. Использование информационно-коммуникативных технологий обучения осуществляется путем обязательного использования программно-педагогических средств обучения. Понятие информационно-коммуникативных технологий обучения появилось в связи с развитием

универсальных mass-media и автоматизацией процесса образования. На практике неоспоримо доказано то, что информатизация учебного процесса способствует решению психолого-педагогических задач.

Сегодня в КГУ имени Коркыт Ата действует дистанционная подготовка специалистов на базе второго высшего образования, что является одним из показателей соответствия новым требованиям организаций учебного процесса в системе многоуровневого профессионального образования. Дистанционное обучение является перспективным направлением развития системы образования в целом. Это связано с тем, что на основе использования информационно-коммуникационных технологий дистанционное обучение позволяет решать ряд педагогических задач, главной из которых является реализация стратегической программы образования «на протяжении всей жизни». Здесь предоставляется возможность совершенствования профессиональной компетенции на основе повышения квалификации без отрыва от производства, а также, что немаловажно для улучшения социальной жизни специалиста: предоставления возможности для получения второго высшего образования без отрыва от производства [1]. Совершенствование системы дистанционного обучения предполагает улучшение организационных, методических, технологических, а также технических вопросов, которые обусловлены необходимостью реализации «Стратегии «Казахстан-2030»», где одним из приоритетов выделяется развитие человеческих ресурсов, его творческого и научного потенциала [2].

Отличием дистанционной формы от традиционной является отсутствие возможности живого диалога участников образовательного процесса, весь процесс обучения проходит в виртуальном режиме, при постоянном опосредованном взаимодействии преподавателя со студентом [3].

Дистанционное обучение отличается от заочного образования тем, что при дистанционной форме обеспечивается систематическое и эффективное взаимодействие на основе компьютерных телекоммуникаций. В нашем примере, обучение профессиональному русскому языку основано на интерактивном взаимодействии преподавателя со студентом. Основная часть учебного процесса проходит в интерактивном режиме, что имеет свои положительные, а также отрицательные стороны в обеспечении качества ЗУН.

При формировании и развитии знаний, умений и навыков по профессиональному русскому языку студентов казахской группы преподаватель сталкивается с многочисленными педагогическими сложностями. Во-первых, при организации учебного процесса в режиме ON-LINE преподаватель вынужден использовать усложненные формы методического обеспечения занятий, что является основополагающим информационно-инновационных технологий обучения.

Обучение профессиональному русскому языку студентов казахской аудитории на основе информационно-коммуникационных технологий базируется на системе педагогических принципов (см. таблицу).

Система принципов обучения профессиональному русскому языку

Система принципов обучения в режиме ON-LINE			
Когнитивная визуализация	Модульность	Системное квантирование	Проблемность
наглядность	дифференциация	дозированность учебного материала	рефлексия
познавательной активность	индивидуализация	системность работы	корректировка действий при применении правил в новых условиях письма
доступность	самостоятельность	экономия учебного времени	мотивация
эстетическая направленность обучения	ступенчатость	генерализация обучения	сознательность
	вариативность	увеличение скорости овладения учебным материалом	прочность
	структуризацию	модельное вариативное обучение	логичность
	блочность		

Во-вторых, организация учебного процесса в режиме *ON-LINE* требует иные формы педагогических условий, так как обучение должно проводиться в виртуальном режиме. При такой интерактивной работе преподаватель сталкивается с трудностями диагностирования уровня ЗУН студентов. Процесс обучения и общения в сетевом режиме проходит опосредованно и только в письменной форме, поэтому появляются некоторые трудности. В ходе практической работы мы выявили несколько видов психолого-педагогических трудностей, например:

– необходимо в совершенстве владеть компьютерной техникой, что немаловажным фактором является в организации учебного процесса в режиме *ON-LINE*; помимо методической разработки курса, от преподавателя дополнительно требуется освоить методику дистанционно-информационных технологий обучения языку специальности;

– очень важный аспект в организации дистанционного учебного процесса – психологический аспект; особенность заключается в том, что и преподаватель, и студент не находятся в биоэнергетическом поле контакта. Здесь отсутствует «видимость», сопричастность речемыслительной деятельности субъектов образовательного пространства. Субъекты (преподаватель и студент), находясь в дистанционном пространстве, соприкасаются «с одиночеством», впоследствии «слабый» студент может потерять мотивацию к учебе, «сильный» студент развивает навыки самообразования;

– преобладание письменной формы диалогизации учебного процесса. Развивая навыки письменной грамотности, ослабевает развитие устной речи, фонематическая сторона профессионального русского языка слабо проявляется при выполнении лексико-грамматических и стилистических заданий;

– снижается приоритет учебных занятий, чему способствует нарушение хронометража учебного времени;

– отсутствие контроля личностно-деятельностной активности студента.

Однако при высокой личностной мотивации к совершенствованию ЗУН учеба в режиме *ON-LINE* может быть наиболее эффективной.

Литература:

1. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2015 жылға дейінгі тұжырымдамасы // Жоғары мектеп. – 2004. – №1. – 5-8 бб.
2. Концепция педагогического образования РК // Программы университетов и педагогических институтов. – Астана: МОН РК, 2009.
3. Шадриков В.Д. Информационные технологии и педагогика. – М.: Изд-во СГУ, 2002. – 298 с.
4. Сабыров Т.С. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары. – Алматы, 1997. – 180 б.

Түйіндеме

Үздіксіз көп деңгейлі білім беру жүйесінде мамандардың кәсіби құзіреттілігін жетілдіруге коммуникативтік-инновациялық технология негізінде *ON-LINE* режимінде кәсіби орыс тілін жетілдірудің әдістемелік тұрғыдан көптеген өзекті мәселелері нақтыланды. Білім беру үдерісінің сапасын қамтамасыз етуде білімдендірудің педагогикалық ұстанымдар жүйесі айқындалды. Ұстанымдар жүйесі өз тарапынан білімгерлердің кәсіби құзіреттілігін дамыту мақсатында педагогикалық жағдайды жетілдіруді айқындады.

Summary

In the modern terms of informatization of educational process of the system of multilevel trade education informative technologies of educating occupies the special place in methodology of teaching of Russian. The use of informatively-communicative technologies of educating comes true by the obligatory use of programmatic-pedagogical facilities of educating. At forming and development of knowledge, abilities and skills on professional Russian a teacher clashes the language of students of the Kazakh group numerous pedagogical complications. During high personality motivation to educating studies in the mode of *ON – LINE* will be the most effective traditional form of educating.

РЕГУЛЯРИЗАЦИЯ УРАВНЕНИЯ ГЕЛЬФАНДА-ЛЕВИТАНА МЕТОДОМ УСТАНОВЛЕНИЯ

А.А. АБЕЕВА,

*Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан*

В данной работе рассмотрены методы регуляризации уравнения Гельфанда-Левитана:

1. Метод простой итерации.
2. Метод установления.

Приведены результаты численных расчетов для интегрального уравнения Гельфанда-Левитана первого рода.

Введение. Исследование любой обратной задачи содержит в себе как необходимый составной элемент исследование соответствующей прямой задачи. Основной целью работы является исследование методов решения обратных задач.

Уравнение Гельфанда-Левитана. Рассмотрим оператор Штурма-Лиувилля на конечном интервале:

$$l_q y(x) = -y''(x) + q(x)y(x), \quad 0 < x < \pi \quad (1)$$

$$D(l_q) = \{y(x) \in W_2^2(0, \pi) : y'(0) - hy(0) = 0, y'(\pi) + Hy(\pi) = 0\}$$

и предположим, что нам неизвестны потенциал $q(x) \in L_2(0, \pi)$ и коэффициенты h, H , входящие в краевые условия.

Теорема 1. При каждом фиксированном $0 < x < \pi$, ядро $G(x, t)$ из представления (1.1.5) (1) удовлетворяет линейному интегральному уравнению:

$$G(x, t) + F(x, t) + \int_0^x G(x, s)F(x, s)ds = 0, \quad 0 < t < x$$

Это уравнение называется уравнением Гельфанда-Левитана.

Постановка задачи. Дано уравнение

$$Aq = g, \quad q \in Q, \quad g \in G,$$

где $A: Q \rightarrow G$ – непрерывный оператор;

Q, G – гильбертовы пространства.

Будем рассматривать функционал $J(q) = \langle Aq - g, Aq - g \rangle$. Градиент $J'(q)$ функционала $J'(q)$ определяется по формуле:

$$J'(q) = 2A \cdot (Aq - g)$$

Так как написана выше в уравнении неизвестная функция $q(t)$. Для определения этой функцию применим метод простой итерации:

$$\alpha \in (0, 1/|A|^2)$$

$$q_{n+1} = q_n - \alpha A \cdot (Aq_n - g) \quad \alpha \in (0, 1/|A|^2)$$

и метод установления – берется некоторое значение решения этого дифференциального уравнения:

$$\frac{dq(t)}{dt} = -A_h^*(A_h q(t) - g_\delta) \equiv -J' q(t)$$

Как известно $Aq := \int_x^{-x} f(t-s)q(s)ds$. Теперь найдем $A \cdot (Aq - g)$ в следующем виде:

$$(Aq - g) = \int_x^{-x} f(t-s)q(s)ds - g(t)$$

$$A \cdot (Aq - g) = \int_x^{-x} f(t-s) \left[\int_{-x}^x f(t-s)q(s)ds - g(t) \right] dt$$

Регуляризация метода установления. Метод установления заключается в том, что в качестве приближенного решения уравнения:

$$Ag \in g, q \in Q, g \in G \quad (2)$$

берется некоторое значение решения дифференциального уравнения:

$$\frac{dq(t)}{dt} = -A_h^*(A_h q(t) - g_\delta) \equiv -J' q(t), \quad q(0) = q_0$$

Метод установления сходится при точных исходных данных к решениям уравнения (2) и порождает регуляризующее семейство операторов с параметром регуляризации t .

Метод установления очень близок к методу простой итерации, который по существу является дискретной аппроксимацией метода установления. Поэтому его исследование можно проводить по той же схеме, что и для метода простой итерации.

Численные расчеты. Для проведения численных расчетов решения уравнения:

$$Aq(t) := \int_{-x}^x f(t-s)q(s)ds = g(t), \quad (0 \leq x \leq \pi)$$

на отрезке $(-x, x)$ вводилась равномерная сетка с шагом $h = \frac{x}{N}$. Интеграл в левой части уравнения приближался по формуле трапеций:


$$\int_{ih}^{(i+1)h} f(t)dt = h \frac{f(ih) + f((i+1)h)}{2}$$

Таким образом, решение задачи сводилось к решению системы линейных алгебраических уравнений $Ay = b$, где $A - (2N+1) \times (2N+1)$ матрица:


$$A = \begin{pmatrix} \frac{h}{2} f_0 & hf_{-1} & \dots & \frac{h}{2} f_{-2N} \\ \frac{h}{2} f_1 & hf_0 & \dots & \frac{h}{2} f_{-2N+1} \\ \dots & \dots & \dots & \dots \\ \frac{h}{2} f_{2N} & hf_{2N-1} & \dots & \frac{h}{2} f_0 \end{pmatrix}$$

Расчеты проводились для ядра $f(t-s) = \sin(t-s)$ и пробного решения $q(t)$. Затем путем решения прямой задачи вычислялись данные обратной задачи $g(t)$. Начальное приближение для МПИ и МУ выбиралось $q_0 = 0$.

1. Выбиралась пробная функция $q(t) = t^2$:



2. Для нее считалась правая часть $g(t)$:



По функции $g(t)$ строилась матрица A системы линейных уравнений вида $Aq = g$. Затем для функций q вычислялась правая часть g . Таким образом, рассматривалось только решение самого уравнения Гельфанда-Левитана.

1. Затем забывая про $q(s)$, решается обратная задача методом простой итераций:

$$\alpha \in (0, 1 / \|A\|^2) \quad q_{n+1} = q_n - \alpha A \cdot (Aq_n - g)$$

начальное приближение: $q_0(s) \Rightarrow Aq_0 = 0$ и методом установления.

Литература:

1. Кабанихин С.И. Обратные и некорректные задачи. – Новосибирск: Сибирское научное издательство, 2008.

2. Алифанов О.М., Артюхин Е.А., Румянцев С.В. Экстремальные методы решения некорректных задач. – М.: Наука, 1988.

Түйіндеме

Бұл жұмыста 1-ші ретті Гельфанд-Левитан теңдеуі және теңдеуді регуляризациялаудың әр түрлі әдістері қарастырылған. Соның ішінде жай итерация әдісі мен орнықтылық әдісі алынып отыр. Бұл әдістердің теңдеуді шешуде маңыздылығы зор. Осы әдістерді қолдана отырып теңдеуді шешудің сандық шешімдері алынды.

Summary

The present work was considered equation of Gel'fand-Levitana. Also considered were various methods of regularization of the equation, namely-simple iteration method and the method of establishment. The choice of these methods for research is explained by their high efficiency in solving problems. Numerical experiments were presented to solve the equation.

ӘОЖ 371.3:007

СЫМСЫЗ БАЙЛАНЫС ТЕХНОЛОГИЯСЫ – WiMAX

**Г.А. БАҚАЛБАЕВА, А.Б. КЕНЕСАРЫ,
Н.С. ҚҰЛМЫРЗАЕВ,**

*экономика ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы*

WiMAX (Worldwide Interoperability for Microwave Access) – бұл интернетке сымсыз кең жолақты қол жеткізуді ұсыну технологиясы. WiMAX IEEE 802.16 стандартына негізделеді. WiMAX технологиясын 2001 жылы негізін салған халықаралық WiMAX Forum дамытады.

WiMAX – бұл әрдайым сізбен бірге болатын интернет! Яғни сіз желі жабынының кез келген жерінде болуыңыз мүмкін, сол кезде жылдамдығы жағынан әдеттегі сымды интернетпен салыстырылмалы, бірақ сымсыз кең жолақты кіру мүмкіндігіңіз болады. Сізге керегі бар болғаны кішігірім Cuman модемі.

Сіз фильмдер қарап, on-line ойындар ойнай аласыз, үлкен файлдар көшіріп, теледидар қарай аласыз және әншейін интернетпен ыңғайлы жұмыс істей аласыз. Ешқандай әбігерленіп Wi-Fi нүктелерді іздеудің, файлыңыз тіпті өте үлкен болса да, ол жүктелгенше немесе жіберілгенше ұзақ күтудің қажеті жоқ. Нағыз атына заты сай Интернет, мобильді, қол жетімді, жылдамдықты және сізге қажет дерлік барлық жерде, WiMAX. Мобильді WiMAX-тың тағы бір артықшылығы – оны жүріп келе жатып та пайдалануға болады. Сіз қалада 120 км. / сағ. дейін жылдамдықпен қозғалып, байланыста бола бересіз.

WiMAX (ағыл. Worldwide Interoperability for Microwave Access) – кең спектрлі құрылғылар (жұмыс станциялары, портативті компьютерден бастап ұялы телефонға дейін) үшін алыс қашықтықта әмбебап сымсыз байланыс ұсыну мақсатында жасалған телекоммуникациялық технология. «WirelessMAN» деп аталатын IEEE 802.16 стандартына негізделген.

«WiMAX» атауы 2001 жылдың маусымында WiMAX дамыту және таныту мақсатында «WiMAX Forum ұйымымен құрылған. Форум WiMAX-қа «xDSL және дербес желілерге балама болатын тораптарға жылдам әрі сымсыз қосылуға мүмкіндік беретін технологиялар стандартында жасалған» деген сипаттама береді.

WiMAX – бұл деректерді ондаған мегабит жылдамдығымен жіберуге арналған кең арналы сымсыз байланыс стандарты, ол технология жаңа мультимедиялық сервистің негізі бола алады және мультимедиялық контентпен жұмысты қамтамасыз етеді. Жүйелік сәулетінің арқасында толықтай IP протоколына негізделген және қолданыстағы жүйелік инфрақұрылымдар стандартымен үйлесімді, жаңа технологиялар базасындағы жүйелерге қарағанда, мұндай жүйелерді күшейту және пайдалану тиімді және жеңілдей түсті.

Жылжымалы байланыс жүйесінде жоғары жылдамдықты деректерді жіберуді жүзеге асырудағы ең қиын бөлік базалық станция – ретранслятор – мобильді абонент («соңғы шақырым») учаскесі

болып табылады. Бұл бөлікті тұрғызудағы нұсқа Wi-Fi (Wireless Fidelity, сымсыз байланыс) және WiMAX (Worldwide Interoperability for Microwave Access, микротолқынды қолжетімділіктегі әлемдік үйлесімділік, сымсыз кең жолақты байланыс технологиясы) технологияларын қолданатын абоненттік радиоқолжетімділікке негізделуі мүмкін.

WiMAX келесілерді шеше алады:

– Wi-Fi қолжетімділіктік нүктелерін бір-бірімен және Интернеттің өзге де сегменттерімен байланыстыру;

– сымсыз кең жолақты қолжетімділікті ерекшеленген желілерге және DSL (Digital Subscriber Line, цифрлық абоненттік байланыс) баламалары ретінде қамтамасыз ету;

– деректерді жіберудің жоғары жылдамдықты қызметтері мен телекоммуникация қызметтерін ұсыну;

– географиялық орналасуға тәуелсіз қолжетімділік нүктелерін тудыру.

Қазақстанның қалаларында, елді мекендерінде WiMAX кең жолақты радиоқолжетімділік желісін MetroEthernet тасымалдау инфрақұрылымын қолданумен, қала ішінде деректер тарату мен дауыс жеткізудің жоғары қызметтерін көрсету мүмкіндіктерімен ұйымдастыруға болады.

MetroEthernet – деректер беру, Интернетке қатынау және т.б. қызметтер көрсетуге арналған желі. Ол – IEEE (Institute of Electrical and Electronics Engineers) институтымен стандартталған технологиясы. Сонымен қатар ұзақ қашықтықта «соңғы шақырым» мәселесін шешу үшін xDSL кабельдік технологияларды толықтыратын кең жолақты сымсыз байланыс радиотехнологиясы болып табылады.

WiMAX технологиясы ғылыми ықпалдастық, әр түрлі ортадағы (микроэлектроника мен схемотехникадан бастап байланыс теориясы, есептеу техникасы, қазіргі заманғы өндірісті ұйымдастыру әдісіне дейін) техникалық және технологиялық жетістіктерге негізделеді.

WiMAX технологиялар икемді: жиіліктер жолағы 1,25 МГц-тен 28 МГц-ке дейін болатын 2-66 ГГц диапазонында жұмыс істей береді. Қолжетімділік тәртібі – OFDM (Orthogonal Frequency Division Multiplexing, жиіліктерді ортогональдық бөлумен мультиплексирлеу).

WiMAX – кең көлемді құрылғылар спектріне арналған, үлкен қашықтықта сымсыз Интернетті қамтамасыз ету мақсатында жасалған телекоммуникациялық технология. Басқа радиоқолжетімділік технологияларға қарағанда, WiMAX қаладағы тығыз құрылысқа қарамастан базалық станцияны тікелей көрмесе де жұмыс істей алады. Бұл үлкен мегаполистер үшін өте көкейтесті сұрақ, арнайы мұнара орнатпай-ақ, биік ғимараттардың шатырына базалық станцияны орнату жеткілікті. Осындай әрекет желіні үлкен қашықтықта тез дамытуға септігін тигізеді. Бұл технологияның тағы бір маңызды артықшылығы: радиожабын радиусы 100 метрден аспайтын Wi-Fi-ға қарағанда WiMAX-тың жабын аймағы кейбір жағдайларда 50 км-ге жетеді. Сондықтан бұл технология сымды желі немесе xDSL технологиясын енгізу мүмкіндігі жоқ шалғай аудандарда Интернет немесе қарапайым телефонияға қолы жетпеген адамдар үшін өте пайдалы. Ал мұндай пайдаланушылар Қазақстан бойынша аз емес, сондықтан WiMAX біздің елде жеткілікті дамуда. Бүгінгі күнде осы технология бойынша Қазақстан қалаларында (мысалы, Астана, Алматы, Ақтау, Қарағанды, Тараз және т.б. қалаларында) Интернет қосылған. Қазіргі кезде WiMAX байланысын сымды телефония ресурсы орнатылмаған қалалық аудандарда қолдану экономикалық орынды. Intel компаниясының мамандары мен маркетингтарының бағалауынша, жақын болашақта дүние жүзі бойынша IEEE 802.16 стандарттағы WiMAX технологиясын қолданатын миллиардқа жуық пайдаланушы Интернетке қосылады.

WMAN (Wireless Metropolitan Area Network, сымсыз қалалық байланыс) өнімінің ең табыстысы кең құрылғылар спектріне (жұмыс станциялары, шағын компьютерлер, ұялы телефондар және т.б.) әмбебап сымсыз байланысын беру мақсатында құрылған WiMAX технологиясы болды. WiMAX жабдықтарының барлық техникалық шешімдері негізінде құрылатын IEEE 802.16 стандарттары сымсыз қолжетімділік желілердің операторлық класына жатады. IEEE 802.16 стандарттары жиыны желілерінің құрылымы дәстүрлі GSM (Global System for Mobile Telecommunications, мобильдік байланыстың ауқымды жүйесі. Цифрлық ұялы байланыстың жалпы еуропалық стандарты) желілеріне ұқсас (базалық станциялар ондаған километр қашықтыққа дейін әрекет етеді, оларды орнату үшін төбелерді құру міндет емес, үйлердің төбелерінде станциялар арасындағы тікелей көріну шартын сақтау барысында орнатуға болады). Қазіргі замандағы кең жолақты сымсыз қолжетімділік (КСҚ) технологиясының кең қолданыстағы қызмет атқаратын түрі, IP (Internet Protocol, Интернет хаттама)

архитектура және MIMO-OFDM (Multiple-Input – Multiple-Output-Orthogonal Frequency Division Multiplexing, көптік-кіру – көптік-шығу – ортогональды жиіліктік мультиплексирлеу) технологиялық принципіне негізделген WiMAX технологиясы болып табылады. 2014 жылға қарай орташа мобильді кең жолақты байланыс айына шамамен 7 Гб трафикті генерациялайды деп күтілуде. Бүгін WiMAX КСҚ рыногының едәуір бөлігін алады. Juniper Research болжамдарына жүгінсек, 2013 ж. соңына қарай WiMAX абоненттік базасы 50 млн. адамды құрайды, ал 2020 жылы WiMAX дүниежүзілік мобильді байланыс нарығының 20%-ын ала алады (Forpoint Group). Сонымен, бұл технология әлі ұзақ уақыт бойы сұранысқа ие болады. Intel процессорлық компаниясының арқасында WiMAX технологиясы 2007 жылы ITU (International Telecommunications Union, Халықаралық электр байланыс одақтастығы) IMT-2000 (International Mobile Telecommunications – 2000, мобильді байланыстың 3-ші буынның құру ITU Халықаралық бағдарламасы) стандарттарына, яғни 3G технологиялар жиынтығына енгізілді. Бірақ 2010 жылы шілдеде Intel компаниясы WiMAX өңдеу бөлімшесінің жабылғанын, бірақ WiMAX-ты өз чиптарымен қолдайтындығын жариялады. 802.16a (2003 ж.) стандарты 2-11 ГГц диапазон аралығында жұмыс істеуін қарастырады және екінші реттік желілерде (xDSL, Ethernet және т.б.) қолданылуы мүмкін. WiMAX стандартының соңғы нұсқауларын құрушылар кейбір техникалық принциптерін түзетіп, жоғары өнімділікке қол жеткізді (өткізу қабілеттілігін арттырды, пакеттік өңдеу кезіндегі кідірістерін қысқартты, радиожабынды жақсартты). Мысалы, IEEE 802.16.d (бекітілген (fixed) WiMAX) технологиясының негізгі артықшылығы – деректер берудің жоғары жылдамдығы және де тиімді алгоритмдер мен радиотарату хаттамаларымен анықталатын өте жақсы техникалық сипаттамалар [1]. IEEE 802.16m релизі КСҚ байланысының аса жоғары өнімділігін қамтамасыз ететін аса озық функционалға ие. Іс жүзіндегі ең перспективті шешім ретінде IEEE 802.16e/m (802.16e WiMAX атымен де танымал) технологиясы болды. Олардың пайда болуы 3G мобильді стандарттарындағы шектеулерді жеңумен байланысты.

WiMAX технологиясы бірқатар келесі артықшылықтарға ие:

- сымды (xDSL, T1, E1), сымсыз және спутниктік жүйелерге қарағанда WiMAX желісі жаңа тұтынушыларға экономикалық жағынан тиімді түрде қызмет көрсетеді және олардың мүмкіндіктерін арттырады;

- стандарт байланыс операторының технологиясы деңгейлерін біріктіреді (кішкене желілерді біріктіріп, оларға Интернетке қолжетімділік құруға мүмкіндік береді), сондай-ақ, «соңғы шақырым» технологиясын да біріктіреді («соңғы шақырым» технологиясы – провайдер желісіне қолжетімділік нүктесі мен тұтынушы компьютер арасындағы бөлік). Бұл бірігу әмбебаптылық пен сенімділікті арттырады;

- сымсыз технологияларды пайдалану, оны эксплуатациялау және орнату кезінде өте қарапайым. Оған жаңа тұтынушыларды қосу оңайырақ және қосымша қаражатты, қосымша жұмыс күштерін қажет етпейді. Себебі ол керек кезде масштабталу қасиетіне ие;

- дамушы және алыс, қиындықтар туғызатын аймақтарда (мысалы, батпақ, тау, орман) сымсыз технологияны орнату қарапайымдылығы;

- қызмет көрсету қашықтығы радиобайланыстың негізгі параметрлері болып саналады. Қазіргі уақытта кең жолақты сымсыз технологиялар желі объектілері арасындағы тікелей көрінушілікті қажет етеді. WiMAX OFDM технологиясының арқасында тікелей көрінушілік жоқ объектілер арасында байланысты қамтамасыз етуге қабілетті және бұл кездегі арақашықтық ондаған километрлермен өлшенеді;

- WiMAX технологиясы алғашқыдан IP-протоколын иеленген және соған байланысты жергілікті желілерді оңай интеграциялауға мүмкіндік береді;

- WiMAX технологиясы бір орында орналасатын (фиксирленген, бекітілген), орын ауыстыратын, үнемі қозғалыста болатын объектілерге бір инфрақұрылымда жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

WiMAX Forum WiMAX-қа қолжетімділік құрудың төрт түрін анықтады.

Фиксирленген қолжетімділік (fixed access) құру. Бұл қолжетімділікті құру кезінде пайдаланушы құрылғы қызмет көрсету контракт бойынша келісілген уақыт бойы, яғни, контракт аяқталғанша орын ауыстырмауы тиіс. Қызмет көрсету кезінде тұтынушы қалаған уақытында желіге кіре алады немесе одан шыға алады, сондай-ақ, өзінің қалауы бойынша «ең жақсы» деген базалық станцияны таңдауына мүмкіндігі бар. Ал, қарапайым жағдайда пайдаланушы құрылғы тек бір ғана базалық станцияның

секторымен немесе ұясымен қатынас жасайды. Ол істен шыққан немесе онымен байланысу қиыншылығы туындаған кезде басқа базалық станцияға ауысу процесі автоматты түрде орындалады.

Әр түрлі орындардан қолжетімділік (nomadic access) құру. Бұл қолжетімділікті құру түрінде пайдаланушы құрылғы бір сеанс біткенше бір жерде тұрақтауы тиіс. Ал, егер де ол сол сымсыз желінің басқа жеріне орын ауыстырса, онда желі оның жазылуының атрибуттарын анықтайды және өзге сессия орнатылады. Бірақ, бұл кезде алдыңғы пунктте айтылған мүмкіндіктер сақталады.

Ауысу режиміндегі қолжетімділік (portable access) құру. Бұл қолжетімділікті құру кезінде пайдаланушы құрылғы сымсыз желімен шектелген аймақта жаяу жүріс жылдамдығымен жүрген кезде байланыс жасауға мүмкіндік алады. Сессия кезінде байланыс желісінің бір ұяшығынан немесе оның бір секторынан екіншісіне ауысқан кезде басқарудың барлық мүмкіндіктері берілмейді. Яғни, желі мүмкіндіктері шектеулі болып қалады.

Қарапайымдатылған мобильді қолжетімділік (simple mobile access) құру. Бұл қолжетімділікті құру кезінде сымсыз желі шекарасының ішінде көлік жылдамдығымен қозғалып келе жатқан құрылғыға шынайы уақытты қажет етпейтін қосымшалар сессиясын тоқтатпауға мүмкіндік береді. Секторлар мен ұяшықтардың арасында орын ауыстыру кезінде басқаруды беру сеансты жоғарыда көрсетілген типті қолданбалар үшін үзіліссіз етеді.

Толық мобильді қолжетімділік (full mobile access) құру. Бұл қолжетімділік құру түрі сымсыз байланыс аясындағы территорияда пайдаланушы құрылғы өте үлкен жылдамдықпен қозғалған кезде байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Гарант (кепіл) түріндегі басқаруды беру, базалық станция секторларын немесе ұяларды ауыстырған кезде барлық қосымшаларға үздіксіз жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Прокис Джон. Цифровая связь. – М.: Радио и связь, 2000. – 800 с.
2. Вишневский В.М. Широкополосные беспроводные сети передачи информации. – М.: Техносфера, 2005. – 592 с.
3. Сергиенко А.Б. Цифровая обработка сигналов. СПб.: Питер, 2003. – 608 с.
4. Стекольщик Б. Цифровая связь. – М.; СПб.; Киев, 2003. – 450 с.
5. Васильев В.Г. Технология широкополосного беспроводного доступа WiMAX стандарта IEEE802.16. – Киев: UNIDATA. 2007. Доступ к эл. ресурсу: [<http://unidata.com.ua>]
6. WiMAX System Evaluation Methodology // Created on July. – 2008, V2.1.
7. «WiMAX Forum». Доступ к эл. ресурсу: [<http://www.wimaxforum.org/>]

Резюме

В статье обоснована необходимость исследования и разработка модели передачи данных в сети по технологии WiMAX. Изучены зависимости параметров среды передачи и самой технологии при расчете проектирования покрытия WiMAX. Рассмотрены методики передачи данных и расчета покрытия сети WiMAX. Определены основные задачи, что выполняются ее компонентами.

Summary

The necessity of research and development of a model network communications technology WiMAX. The dependence of the parameters of the transmission medium and the technology in the calculation of the design cover WiMAX. The techniques and predachi data and calculating coverage WIMAX. The main tasks that are performed by its components.

ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕЛЕРІ, СТАНДАРТТАР МЕН СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

Г.М. УСАЙНОВА, Н.Ж. ИБРАГИМОВА,

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы*

Жеке тұлғаны дамыту тұжырымдамасы әрбір нақты адамның өз мүмкіндіктерін есепке ала отырып, соны іс жүзінде көрсету мен жетілдіру арқылы білім беруді жекелеп жүргізудің сипат алғанын көрсетеді. Бұл оқушылардың және мұғалімдердің өздерінің әртүрлі жеке мүмкіндіктеріне сәйкес алуан түрлі білім беру бағдарламаларын жасау арқылы іске асырылады. Білім беруді жетілдірудің осы бағытындағы маңызды фактор болып білім алушылардың қазіргі және болашақта қолданылатын ақпараттық коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану арқылы оқуға деген өз ынтасын, өздерінің жеке басының когнитивті іс-әрекет жасауға икемділігін қалыптастыру ісі саналады.

Білімді негізгі қоғамдық капиталға айналдыру және білім алуға байланысты табыстың өсуі осы тауарды пайдаланатын адамның, жалпы қоғамның және нақты бір мекеменің пайда табуына байланысты болып отыр. Осыдан барып білім беру саласын аралас түрде қаржыландыруға, осы саладағы нарықтық қатынастарды дамытуға негіз болатын мүмкіндіктер пайда бола бастайды.

Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында «Орта білім беру ұйымдарының 90%-ында электронды оқыту жүйесі қолданылады» деп жоспарланған [1].

Электронды оқыту білім саласындағы нарықтық қатынастарды жетілдіру жолы болып табылады. Бүгінде ақпаратты өңдеу мен халықаралық деңгейде еңбек түрлерін бөлу әлемдік экономиканың ең негізгі ерекшеліктері болып отырған кезде білім алу кез келген маманның жеке және кәсіби табысының негізгі көзі болып қала береді.

Электронды оқыту жүйесінің мақсаты – интеллектуалды ұлт және білімге негізделген экономика жасау, қала мен ауыл білім деңгейін теңестіру.

Мектептік ұйымдардағы электрондық оқытудың басты мақсаты: ашық ақпараттық білімдік кеңістіктегі ұшқыр ақпараттынастық өзара әрекеттестіктің негізінде қағидасы «бүкіл ғұмыр бойы оқу» болуы тиіс мектеп оқушыларының ақпараттынастық тұлғалығын қалыптастыру.

Мектептік білім беру ұйымдарындағы электрондық оқытудың негізгі міндеттері:

- жаппай сапалы білім беруге бағытталған озық білімдік ресурстар мен технологияларға білімдік процестің барлық қатысушыларының тең қатынас құруын қамтамасыз ету;
- толық бағалы білімдік кеңістікті құру және әрбір мектеп оқушысының жеке-дара дамуын кешенді сүйемелдеуді қамтамасыз ету;
- жаппай сапалы білім беруді қамтамасыз ететін білімдік процесті технологияландыру;
- жалпы орта білім беруді басқару жүйесін автоматтандыру;
- мектеп оқушылары мен мұғалімдердің ақпараттынастық мәдениетін дамыту.

Электронды оқытуды ұйымдастыруда оқу процесін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін электронды оқыту ортасын таңдау маңызды. LMS\LCMS (Learning Management System) таңдауда негізгі критерийлерге келесі критерийлерді жатқызуға болады [2]:

– *Функционалдылық.* Жүйеде форумдар, чаттар, білім алушының белсенділігін талдау, курстар мен оқушыларды басқару сияқты әр түрлі деңгейдегі қызметтер жиынының болуын білдіреді;

– *Сенімділік.* Бұл параметр басқару ыңғайлылығын және шаблондар базасы мен контентті қайта баптау қарапайымдылығын сипаттайды. Басқару ыңғайлылығы мен сыртқы әсерлерден қорғау жүйеге қолданушының қатынасына және оны қолданудың тиімділігіне маңызды әсер етеді.

– *Тұрақтылық.* Әр түрлі жұмыс режиміне және қолданушының белсенділік дәрежесіне қатысты жүйе жұмысының орнықтылық дәрежесін анықтайды;

– *Құндылық.* Жүйенің өзіндік құнынан, сонымен бірге ондағы курстарды жасауда және ендіруде кеткен шығындардан құралады;

– *Контентті жасаудағы құралдардың болуы.* Оқу контентінің құру редакторлары курстарды жасауды жеңілдетумен қатар, әр түрлі мағынадағы білім беру материалдарын біріктіруді де жинақтайды;

– *SCORM пайдалану.* SCORM стандарты электрондық курстармен ауысудың халықаралық негізі болып табылады және жүйеде оны пайдаланбау мобилділік пен ауыспалы курстарды құрудың мүмкіндігін төмендетеді;

– *Білімді тексеру жүйесі.* Онлайн режимінде білім алушының білімін бағалауға мүмкіндік береді. Негізінен бұндай жүйе тесттерден, тапсырмалардан және білім алушының форумдағы белсенділігін бақылаудан тұрады;

– *Қолдану ыңғайлылығы.* Жаңа жүйе таңдау кезінде оны қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету керек. Бұл маңызды параметр, өйткені кейбір оқушылар пайдалану кезінде қиындық тудыратын технологияларды қолданбай қоюы мүмкін. Оқыту технологиясы барынша түсінікті болуы тиіс. Оқу курсына көмек мәзірін оңай таба алатындай және бір бөлімнен келесі бөлімге тез әрі жеңіл өтетіндей болуы керек;

– *Модульділік.* Электронды оқытудың қазіргі заманғы жүйесінде курс басқа курстарда қолдана алатын микромодульдер жинағынан немесе оқу материалдарының блоктарынан тұрады;

– *Қатынауды қамтамасыз ету.* Білім алушылар оқу бағдарламасына қатынас жасауда уақыт және кеңістік бойынша орналасуына байланысты қиындықтармен, сонымен бірге білім алушының мүмкіндігін шектейтін факторлармен кездеспеуі тиіс.

Стандарт – бұл формат, стандарттау институтымен бекітілген немесе сапа түрінде кәсіпорындарда қабылданған. Программалау тілі, операциялық жүйелер, берілгендерді таныстыратын форматтар, байланыс протоколдары, электрондық интерфейстер және т.б. сияқты үшін арналған стандарттар бар.

Кез келген ақпараттық технологияларды қолданушылар үшін стандарт түрлері өте маңызды. Әрбір қолданушы осы стандарттау арқасында құрал-жабдықтарды және түрлі өндірушілердің жеке қажеттіліктерінен туындаған программаларды аралас пайдалануына болады. Егер бірдей стандарт болмаса, онда қолданушы тек бір ғана өндірушінің құралдары мен программаларын қолданумен шектелуі қажет. Құрал-жабдықтармен қатар стандарттарға программалық қамтамасыздандыру, электрондық оқытудағы программалар қолданылады.

Оқытуды ұйымдастырудың жүйелеріндегі орын алатын негізгі кемшілік әр түрлі өндірушілердің жүйесінде басқарылатын функциялардың әр түрлі орындалуы болып табылады (мысалы: қолданушыны тексеру, қолданушы жайлы ақпаратты өңдеу, нәтижелер жайлы есепті дайындау және т.с.с). Бұл оқу материалдарының өзіндік құнының көбеюіне әкеп соқтырады. Бұл бірнеше себептермен түсіндіріледі.

Біріншіден, оқу материалдарын даярлайтындар үшін оқытуды ұйымдастырудың әр түрлі жүйелері үшін бөлек қолданбалы бағдарламалар құрастыру қажет етеді, сонымен қатар олардың дайын оқу материалдары әр түрлі платформада сәтті қолданылуы үшін.

Екіншіден, оқытуды ұйымдастырудың жүйелерін құрушылар оқу материалдарын іске қосу үшін өздерінің мүмкіндіктері келгенше ақша бөлу жағдайы жиі кездеседі.

Соңында, ереже бойынша дайындаушылар мен сатушылар арасында шығындарды бөлу мүмкіндіктері жоқ, олар пайдаланушыларға өздерінің өнімдерін шектейді және өнімнің дәл сериясына өз таңдауларын тоқтатады.

Электрондық оқыту саласында кеңінен таралған стандарттарға жататындар [3-5]:

– IMS – Instructional Management Systems (оқытуды ұйымдастырудың жүйелері);

– IEEE – Institute of Electrical and Electronic Engineers (электротехника және электроника институты);

– AICC – Airline Industry Computer Based Training Committee (авиацияда компьютерді оқытудың халықаралық комитеті);

– ADL – Advanced Distributed Learning (анықталған оқытудың ұзақтығы);

– ARIADNE – (АРИАДНА консорциумы);

– SCORM – Sharable Content Object Reference Model (оқу материалдарын ауыстыру моделі).

Бүгінгі күні білім беруді ақпараттандыру және салалық стандарттар дамуы бағыты бойынша негізгі ұйымдастырушылар ADL, AICC, ALIC, ARIADNE, CEN/ISSS, EdNA, DCMI, CEN/ISSS, EdNA, DCMI, GEM, IEEE, IMS, ISO, PROMETEUS болып табылады. Бұл ұйымдардың қызметі мынаған бағытталған:

– ашық білім беру жүйесінде (IEEE) стандарттаудың тұжырымдық моделін құру; AICC, IMS, ISO/IEC JTC1 SC36 білім беруде технологиялық жүйелердің архитектураларын жасау;

– корпоративті оқыту мен компанияның қызметкерін (AICC) қайта дайындау үшін ішкі стандарттарды жасау.

Қазіргі кезде халықаралық ассоциацияда белсенді дамып келе жатқан – IMS Global Learning Consortium консорциумы. Консорциум қызметі базалық стандарттар жүйесін құруға бағытталған. Консорциумның құрған спецификацияларының көпшілігі мына сипаттамалардан тұрады: оқу ақпаратын іздеу және сақтау форматын стандарттау; оқытуды басқару жүйесінің құрылу ерекшеліктерін стандарттау; берілгендермен ауысу форматын стандарттау; оқу процесіне қатысушылар ақпаратын стандарттау; оқу материалдарының білім беру контенттері элементтерін стандарттау; оқу материалдарының жасалу ерекшеліктері мен форматын стандарттау.

IMS ауқымды оқыту Консорциумының (IMS Global Learning Consortium) жасаған стандарттары жоғарыда айтылған қиындықтарды жеңуге, функциональдық сәйкестікке негізделген оқыту технологиясын ендіруге мүмкіндік береді. IMS-дің кейбір спецификациялары бүкіләлемдік дәрежеге ие болған және оқу өнімдері мен қызметтерінің стандарттарына айналып отыр. IMS спецификацияларының негізгі жасалу бағыттары – метадалық, құрамын безендіру, сұрақтар мен тесттердің сәйкестігі және мазмұнын басқару.

Оқытудың жаһандық консорциумының өндіруімен дайындалған IMS(IMS Global Learning Consortium) стандарты функциональдық сыйымдылыққа негізделген оқытудың технологиясына енгізілген қиыншылықтардан арылуға көмектеседі. Кейбір IMS-тің спецификациялары дүниежүзілік қолдау тапты және оқу өнімдері және оқу қолданыстары үшін арналған стандарттарға айналды. IMS спецификациясының негізгі бағыт жоспары – метаберілгендер, мазмұндар жинағы, сұрақтар мен тест жинақтарының сыйымдылығы, сонымен қатар мазмұнды басқару болып табылады.

Метаберілгендер үшін стандарттар оқу объектілерін ұйымдастыру, оларды бағалау және орналасу жағдайын анықтау үшін атрибуттардың ең кіші минимальды жинағын анықтайды. Объектінің типі, объектінің авторының аты, объектінің иесінің аты, объектінің форматы және таратылу мерзімі оқу объектілерінің мәнді атрибуттары болып табылады. Қажеттілігіне байланысты бұл стандарттарға педагогикалық сипаттағы атрибуттарды, яғни оқыту стилі немесе оқытушының оқушымен қарым қатынасы, білім алу деңгейі және алдын ала дайындық деңгейін сипаттауды енгізуге болады.

IMS негізіндегі мазмұнды басқару спецификациясы оқу материалдарының мазмұны және жұмыс ортасы, берілгендермен компоненттер арасында алмасуды, стандартты процедураны тұрақтандырады. IMS жасаған құрамын безендіру ақпараттық моделі интернеттің көмегімен құрылған, материалдардың сәйкестігін қамтамасыз ететін берілгендер құрылымын және жұмыс ортасын немесе бағдарламаны орындауды басқару құралдарын сипаттайды. IMS жасаған құрамын безендіру ақпараттық моделі оқу материалдарын ауыстыруда қолдануға болатын стандартты құрылымдар жинағын анықтау үшін жасалған. IMS сұрақтар мен тесттер жүйесінің сәйкестілік спецификациясы интернетті қолдану арқылы жасалған сұрақтар мен тесттер жүйесінің сәйкестілігін қамтамасыз ететін берілгендер құрылымынан тұрады. Бұл спецификацияның негізгі мақсаты – қолданушыларға материалды сұрақтар мен тесттер арқылы импорттауға және экспорттауға мүмкіндік жасау, сонымен қатар, оқу бағдарламасының мазмұны мен бағалау жүйесінің сәйкестілігін қамтамасыз ету болып табылады.

IMS дайындаған мазмұнын басқару спецификациясы жұмыс ортасы мен оқу бағдарламасының мазмұнды компоненттері арасындағы берілгендер алмасуының стандартты қызметін қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана: Ақорда, 2010 жылғы желтоқсанның 7-сі. №1118.
2. Андреев А.А., Солдаткин В.И. Дистанционное обучение: сущность, технология, организация. – М., 1999. – 196 с.
3. Агапов С.В. Средства дистанционного обучения. Методика, технология, инструментарий. – СПб.: БХВ-Петербург, 2003. – 336 с.
4. Тихомиров В.П., Солдаткин В.И., Лобачев С.Л. Виртуальная образовательная среда: предпосылки, принципы, организация / Международная академия открытого образования. – М., 1999. – 164 с.
5. «Методика и технологии дистанционного обучения» сайтынан алынған материалдар. ido.tsu.ru/bank.php/course.
6. <http://www.studentsworks.ru/> сайтынан алынған материалдар.

Резюме

Система электронного обучения позволяет автоматизировать учебные процессы и организовать коллективную работу в рамках учебных процессов. Преимущества данной формы обучения по сравнению с традиционными методами заключаются в возможности выбора индивидуальной траектории изучения учебного материала, регулирования темпа его освоения. В статье рассмотрены принципы и технология организации этого процесса.

Summary

The system of E-learning allows to automate and organize collective works in education process. The advantage of the given forms of learning in comparison of traditional methods concludes the possibilities of choice in individual ways of rates. Principles and technologies of organization of this process have been considered in this work.

УДК 336,717,1:004,9(574)

ВИРТУАЛЬНЫЕ КАРТОЧКИ КОММЕРЧЕСКИХ БАНКОВ КАЗАХСТАНА И ПРЕИМУЩЕСТВА ИХ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ

И.Ж. КУЛАКАЕВА,

магистр экономики,

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,

Республика Казахстан

Океан Интернета огромен. Уже сегодня никто не способен обозреть все его просторы. Но и в быт большинства людей Интернет еще не успел войти. Поэтому многие имеют о возможностях этой Всемирной сети весьма туманное представление. Но само слово Интернет, которое сегодня все еще нелегко найти в словарях общеупотребительной лексики, знакомо едва ли не каждому ребенку и домохозяйке.

В печатных изданиях в последнее время регулярно появляются рассуждения об электронном бизнесе и о том, что скоро все мы будем обходиться без обычных денег, а в виртуальных торговых точках на сайтах в Интернете станет более удобно покупать любые товары, чем в обычных магазинах. Авторы таких статей порой пускаются в пророчества и спешат поделиться своими фантазиями об удобстве использования электронных денег и о том, что в таких виртуальных супермаркетах, специализированных магазинчиках и крошечных лавчонках будет громадный, неограниченный выбор товаров, а покупатели при этом будут экономить свое время, а также немалые деньги, так как виртуальные магазины не нуждаются в торговых площадях, складах и многочисленном персонале. Да и сами электронные деньги дешевле обычных в обслуживании, поскольку их не надо печатать, пересчитывать, охранять, инкассировать, заменять износившиеся банкноты...

Некоторые аналитики даже прогнозируют предстоящий геополитический передел мира, когда через Интернет к финансам богатых покупателей в развитых странах, среди которых Интернет распространяется наиболее активно, смогут получить доступ изготовители недорогой и внешне броской, пользующейся массовым спросом потребительской продукции из самых удаленных районов Юго-Восточной Азии и Китая. Таким путем огромные средства из развитых стран устремятся в страны Тихоокеанского бассейна и тем самым заложат основу экономического и политического процветания этого региона в XXI веке.

Подобный прогноз маловероятен для Казахстана, с ее исхудавшей промышленностью и стремлением «делать деньги» на сырье и ресурсах, хотя с переходом к рыночной экономике здесь развернулась достаточно оживленная торговля, причем не только ширпотребом, но и качественной фирменной продукцией развитых стран. Так почему бы и казахским бизнесменам не приобщиться к торговле через

всемирную компьютерную сеть? Может ли начинающий предприниматель открыть в Интернете свой собственный магазин, приносящий прибыль от виртуальной торговли?

Многие фирмы не без успеха торгуют через Интернет самыми разнообразными товарами. Не говоря о торговле одеждой, запчастями, игрушками, автомобилями, туристическими путевками, компакт-дисками, билетами в оперу или на самолет, расходными материалами, компьютерными аксессуарами и компонентами – да и, в принципе, чем угодно. Многие банки уже давно позволяют клиентам удаленно управлять своими счетами через Сеть. А кое-где даже можно заказать горячую пиццу с доставкой на дом.

Субъективный повод к раскрытию правовых аспектов подобной темы – необходимость проанализировать и попытаться набросать целостную картину происходящего в сфере финансовых технологий (и в нашем понимании финансов) в конце XX века. И – соответственно – картину того, как эти изменения повлияют на хозяйство в целом – будущее уже наступает! И вот что интересно: если два-три года назад электронная коммерция, «цифровые деньги» и клиентские электронные платежи воспринимались у нас в стране как экзотика, то сегодня тем же самым экспертам, что тогда настойчиво рекомендовали банкирам и предпринимателям обратить внимание на новые формы финансовых инструментов, приходится сдерживать энтузиазм последних, напоминая им, что, вообще-то, технологии технологиями, но под их внедрение нужны бизнес-планы и четкое представление, что же именно финансовые институты собираются продавать своим клиентам. Кроме того, для четкого функционирования любой хозяйственной деятельности необходима достаточная правовая база, то есть интерес государства, но интерес государства, в первую очередь, проявляется в налогообложении, а там, где есть налоги, по мнению большинства, нет места прибыли.

Сегодня сказать «компьютер», «информационные технологии» или «Internet» – значит или не сказать ничего, или сказать все сразу. Сплав современных вычислительных и коммуникационных технологий выворачивает мир, в котором мы живем, буквально наизнанку, и не замечать этого можно лишь при очень большом желании. Меняется все: формы человеческого общения, общественные институты – изменения пересекают человеческий опыт. Мы не можем не задавать себе вопросы:

– К чему приведет развитие компьютерных сетей как деловой и коммерческой инфраструктуры?

– Какие новые возможности и рынки открываются для компьютерных и телекоммуникационных компаний? Для банков и других финансовых институтов? Для торговых сетей? Для информационных и маркетинговых посредников?

– Что это будет значить для граждан-пользователей сетей?

– Как компьютерные и коммуникационные технологии могут быть использованы для интеграции в новое динамичное мировое хозяйство?

В настоящее время интенсивно обсуждаются проблемы специальных Интернет-денег, с помощью которых можно было бы вести коммерческую деятельность непосредственно в среде Интернет. Но существует ли сама проблема? Действительно ли нынешняя денежная система нуждается в новых денежных инструментах для использования их в Интернете? Упомянутые эксперты по электронной коммерции отнюдь не уверены в этом, и они попытаются показать, что на самом деле проблемы коммерции и финансовой деятельности в Интернете вполне реализуемы на базе существующих денежных инструментов.

Стратегический и правовой анализ механизма работы всемирной Сети, регламентации платежных отношений с использованием компьютерных технологий, потребительской «корзины знаний» в этой области – это элементы, с помощью которых в данной работе осуществляется оценка электронной коммерции как принципиально нового (по крайней мере, для Казахстана) института гражданских транзакций. Несомненно, понимание важности подобной оценки придет с пониманием самой природы той среды, в которой развивается виртуальная торговля, поскольку как законодатель, так и потребитель привыкли мыслить категориями материальными, и товар, и деньги для всех нас – нечто реальное, способное быть нашим (то есть, лежать в нашем кармане, в крайнем случае, на нашем счету, но никак не за пределами досягаемости), иначе говоря, способное быть.

Сегодня Интернет позволяет нам делать покупки, не выходя из дома. Такая максимально удобная форма шоппинга оказалась сопряжена с некоторыми опасностями. Не станем обсуждать проблему того, что при покупке «вслепую» вы можете получить совсем не то, что ожидали увидеть. Поговорим

об опасности электронного воровства и о самих виртуальных картах, которые это самое воровство сводят к нулю. Специалисты по электронным платежам рекомендуют своим клиентам для расчетов в сети Интернет использовать только виртуальные карты и перед тем, как покупать что-либо, оценить надежность фирмы-продавца. Стоит учесть, давно ли работает на рынке, хорошо ли известна фирма, есть ли у нее обычный, не электронный, почтовый адрес. Всегда имеет смысл воспользоваться рекомендацией знакомого, уже имеющего опыт виртуального общения с данной конкретной фирмой. Виртуальные карточки предназначены исключительно для расчетов в Интернете. У «сетевых» карт нет ни магнитной полосы, ни электронного чипа, поэтому расплатиться ими в магазине или снять деньги в банкомате технически невозможно. «Пластик» просто исполняет роль носителя идентификационных реквизитов (номер платежной карточки, фамилия владельца, код CVV2/CVC2) – переписав или запомнив их, карту можно смело положить в стол. «Для использования виртуальной карты требуются только ее реквизиты. Операция оплаты ничем не отличается от той, что происходит при расчетах в глобальной Сети по обычной карточке. Виртуальный «пластик» позволяет не «светить» в Интернет-магазинах свои основные карты, все-таки риски мошенничества в Интернете сейчас велики. Впрочем, в плане безопасности виртуальные карты защищены ничуть не лучше «обычных». Главная мера предосторожности, предлагаемая банками для виртуальных карт, – установка небольших лимитов: мол, если уж деньги и пропадут, то немного. Используя виртуальную карту для оплаты понравившейся вам вещи в интернет-магазине, необходимо соблюдать главное правило – не держите деньги на такой карте, а перед совершением покупки переведите на нее сумму чуть больше той, что требуется для оплаты заказа (учтите, что часто продавец не включает в цену стоимость почтовых расходов, это оговаривается отдельно и плюсуется к сумме операции уже перед самой оплатой). Предлагаем рассмотреть тарифы по виртуальным карточкам в 6 казахстанских банках (см. таблицу): БТА Банке, Казкоммерцбанке, Халык Банке, Альянс Банке, АТФ Банке и Сбербанке России.

Тарифы по виртуальным карточкам в 6 казахстанских банках

Наименование операции	БТА Банк	Казкоммерцбанк	Халык Банк	Альянс Банк	АТФ Банк	Сбербанк России
Наименование виртуальной карточки	Visa Virtuon	MasterCard Virtualcard	Visa Virtuon	Visa Virtuon/ Master Card Virtual	Visa Virtuon	VISA Virtuon
Стоимость годового обслуживания	1600 тенге со страховым депозитом 3200 тенге без страхового депозита	1 580 тенге	1300 тенге	700 тенге	750 тенге	1500 тенге
Необходимость наличия основной карточки	нет	да	нет	нет	нет	нет
Валюта	Тенге, Доллары США, Евро	Тенге	Тенге, Доллары США, Евро	Тенге, Доллары США, Евро	Тенге, Доллары США, Евро	Тенге, Доллары США, Евро
Комиссия за зачисление на карточку наличным путем	0 тенге	0 тенге	0 тенге	0 тенге	0 тенге	0 тенге
Комиссия за зачисление на карточку безналичным путем	0 тенге	0 тенге	0 тенге	0 тенге	0,50%	0 тенге

Комиссия за перевод с карточки на карточку через банкомат	80 тенге	Внутри счетов одного клиента – бесплатно	120 тенге	Тарифы различаются в зависимости от типов карточек и карточных продуктов	100 тенге	150 тенге
Возможность перевода с обычной карточки через интернет-банкинг	да	да	нет	да	да	да
Срок действия карточки	1 год	1 год	3 год	1 год	2 года	2 года

1. В основном банки предлагают виртуальные карточки международной платежной системы Visa – VisaVirtuon, что и логично, так как наши банки более активно работают и продают карточки этой системы (в Казахстане их выпущено уже более 5 млн. штук).

2. Стоимость годового обслуживания разбросана от 700 тенге (Альянс Банк) до 3 200 тенге (БТА Банк). Средняя стоимость у Халык Банка – 1 300 тенге.

3. Кроме Казкоммерцбанка, остальные банки не требуют наличия обычной платежной карточки в банке. Но тут двойная ситуация – если нет обычной карточки, проводить различные операции пополнения/перевода денег становится труднее, так как с обычной карточки можно деньги перевести и через банкомат (в отличии от виртуальной).

4. Валюта ведения счета как по обычным карточкам – тенге, доллары США, евро. В Казкоммерцбанке виртуальная карточка привязывается к обычной тенговой, при оплате в других валютах будет производиться конвертация. Тут подводный камень – можно потерять определенное количество денег на курсе конвертации.

5. Зачисление денег наличным путем на виртуальную карточку во всех банках производится бесплатно.

6. Зачисление денег безналичным путем на виртуальную карточку во всех банках (кроме АТФ Банка) осуществляется бесплатно, что похвально. Так как удобней сделать безналичный перевод, чем стоять в очереди в кассу банка. В АТФ Банке решили на этом зарабатывать – комиссия 0,5% от суммы.

7. Самая удобная услуга для данных карточек – возможность перевода с карточки на карточку через банкомат (в случае наличия обычной карточки банка). Тут на фоне всех выигрывает Казкоммерцбанк – внутри счетов одного клиента – бесплатно! Очень удобно и способствует продвижению данной карточки. В других банках тариф за данную услугу варьируется от 80 тенге (БТА Банк) до 150 тенге (СберБанк России). Средняя стоимость у Халык Банка – 120 тенге. С Альянс Банком вообще непонятно – единого тарифа за услугу нет, тариф варьируется в зависимости от типов карточек и карточных продуктов.

8. Приложение к услуге, описанной в предыдущем пункте – возможность осуществить перевод денег с карточки на карточку через Интернет-банкинг. Она предоставлена всеми банками, кроме Халык Банка. Тарифы по данной услуге идентичны тарифам по переводам через банкомат.

9. Срок действия карточки в банках различен, в зависимости от политики безопасности банка – где-то принято обезопасить клиента и перевыпускать карточку каждый год (БТА Банк, Казком, Альянс Банк), а где-то они выпускаются как обычные карточки – на три года. Вся основная информация имеется, осталось определиться с банком, выпустить виртуальную карточку и начать делать виртуальные покупки в наиболее безопасном режиме.

Какие преимущества предоставляет виртуальная карточка? Вы можете расплатиться по этой карте в виртуальных магазинах всего мира, принимающих к оплате карты VISA. Это значит, что с помощью Виртуальной карточки Вы сможете совершать самые разные покупки, не выходя из дома! Главным преимуществом Виртуальной карты является безопасность. Вы можете зачислить на карточку только ту сумму, которая необходима Вам для совершения «виртуальных» покупок, таким образом, не подвергая риску остальные Ваши средства. Кроме того, подобная практика позволяет лучше контролировать свои расходы. Даже если у Вас уже есть карточка VISA, то, приобретая виртуальную карточку, Вы можете:

– Не опасаться, что номер Вашей действующей карточки VISA станет известен злоумышленникам и будет использован для осуществления несанкционированных сделок в Интернете;

3. Технология ролевой игры. Ролевая игра – это ситуация, в которой участник берет нехарактерную для него роль, поступает непривычным образом. Цель – выработать оптимальное, основанное на уверенности в себе поведение в той или иной жизненной ситуации. Этапы ролевой игры: постановка задачи – определение поведения, которое нуждается в коррекции или тренаже, инструктаж и обучение участников исполнения роли запланированной ситуации, разыгрывание ситуации, моделирование желательного поведения, отработка оптимального поведения, получение обратной связи.

Тренинговые технологии предназначены для проведения интерактивных занятий. Основные стадии тренинговых технологий.

1. Подготовка (только для преподавателя):

- определение цели;
- сбор и анализ материала;
- формулировка задач и проблем для отдельных подгрупп;
- определение порядка работы;
- приготовление необходимых рабочих средств.

2. Информирование:

- подгруппы получают информацию о порядке работы;
- подгруппам выдаются задания;
- подгруппам выделяются рабочие материалы;
- подгруппы занимают свои места;
- подгруппы получают время для выполнения задания.

3. Разработка:

– подгруппа определяет своих ответственных (руководителя, ведущего протокол, спикера, лаборанта, хронометриста и др.);

- исходя из задания и используя рабочие средства, группы отрабатывают свою задачу;
- группы формулируют результат своей работы в виде отчета;
- группы проверяют свою задачу в отношении совместно заданной цели.

4. Анализ результатов:

– подгруппы встречаются в составе общей группы для совместного анализа результатов своей работы;

- спикеры подгрупп выступают с презентацией результатов работы;
- результаты работы подгрупп обсуждаются;
- результаты отдельных подгрупп координируются и обобщаются с выведением общего результата.

При необходимости общий результат фиксируется письменно всеми участниками.

Литература:

1. Стоунс Э. Психопедагогика. Психологическая теория и практика обучения: пер. с англ. – М.: Педагогика, 2004.

2. Кривцова С.В., Мухаматулина Е.А. Тренинг: навыки конструктивного взаимодействия с подростками. – М.: Генезис, 2007.

3. Борисова Н.В., Шатохина Л.Ф. Технологические подходы и интерактивные методы. – М., 2005.

4. Грехнев В.С. Культура педагогического общения. – М.: Просвещение, 2002.

5. Пути повышения эффективности обучения / Сост. Г.А. Победоносцев. – М.: Просвещение, 2000.

Түйіндеме

Білікті мамандарды даярлауда интерактивті оқыту басқа оқу түрлерімен салыстырғанда тиімді әдістердің бірі болып табылады. Интерактивті оқыту – бұл диалог негізінде студент пен оқытушы арасында байланыс орнататын күрделі процесс. Интерактивті оқытудың негізі – студенттерді тәрбиелеу барысында барлығы дерлік танымдық процеске араласады және білгендері мен ойлағандарын ортаға салып, ой бөліседі. Студенттермен бірге жүргізілген таным процесінде әрбір қатысушы өз үлесін қоса алады және білімімен, ойларымен мәлімет алмасады.

Summary

One of effective methods of preparation of the qualified personnel, among other forms of education, interactive methods of training are widely adopted. Interactive training is a difficult process of interaction of the teacher and the students, based on dialogue. The essence of interactive training consists that educational process is organized in such a manner that practically all students appear involved in knowledge process, they have possibility to understand and рефлектировать that they know and think. Joint activity of students in the course of knowledge, development of a material means that everyone makes the special individual contribution, there is an exchange of knowledge, ideas, ways of activity.

ӘОЖ 004.7:378:004.72:004.451

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ КОМПЬЮТЕРЛІК ЖЕЛІСІН ҚҰРУ ҮШІН КӨП ЕСЕПТІК ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ НЕГІЗІНДЕ ТИІМДІ ЖЕЛІЛІК ШЕШІМДЕРДІ ТАҢДАУ

*А.Е. БАЛМАХАНОВА,
техника магистрі*

*Г.Ж. НҰРОВА,
математика магистрі,*

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы*

Соңғы 5 жылда ақпараттық технологияның дамуы біздің елімізде қарқынды дамыды. Дербес компьютердің даму процесі күннен-күнге даму үстінде, болашақта компьютерлер кез-келген мекеменің ауыстырымсыз және қажетті атрибуты болып табылады.

Ақпараттық технологияның интенсивті дамуының себебі болып ақпараттың сапалы да, тез өңделуінің жоғарылауы болып табылады. Компьютерлерді желіде байланыстыру еңбектің өнімділігін жоғарылатуға мүмкіндік берді. Компьютерлер өндірістік қажеттіліктер үшін және білім алу үшін қолданылады.

Компьютерлік желілерді түрлі белгілері мен қасиеттері бойынша бөлуге болады, бірақ көбіне территориялық қасиеттері бойынша, яғни желінің қамту аумағы бойынша жіктейді. Егер жалпы желіге бір-бірінен айтарлықтай қашықтықтағы компьютерлер немесе жергілікті желілер біріктірсе, онда мұндай құрылымды таратылған немесе аймақтық желі деп атайды. Қазіргі кезде ірі компьютерлік желілер саны жүздеген мыңдармен есептеледі.

Компьютерлік техниканың дамуымен жұмыс процесінде қолданылатын бағдарламалық өнімдерді өндіру көлемі артты. Сәйкесті әрбір жеке жобаларға қатысты бағдарламаның саны да артты. Сонымен қатар осы ұжымдар бір-бірінен географиялық алыс қашықтықта орналасуы мүмкін. Осының барлығы жеке компьютерлер арасында өзара байланыстың тиімді әдісін құру қажеттігін туғызды.

Компьютер аралық байланысты ұйымдастырудың үш негізгі тәсілі бар:

– қатар тұрған компьютерді олардың коммуникациондық порттарын басып өтетіндей арнайы кабельдермен қосу;

– бір компьютерден екіншісіне модем арқылы өткізілген немесе спутниктік байланыстың көмегімен мәлімет жіберу;

– компьютерлерді компьютерлік жүйеге біріктіру (қосу).

Дербес компьютердің құрылымы екі компьютерді байланыстыру үшін тізбектелген коммуникациялық порттардың болуын қарастырады. Осы технологияның дамуы локальді есептеуіш желілердің пайда болуына әкеп соқты. Бірінші желілер стандартты коммуникациялық порттар негізінде құрылды. Бірақ олардың ақпарат алмасу жылдамдығы өте төмен болды. Осы мәселені шешу мақсатында ақпарат

беру жылдамдығы компьютердің ішкі шинасының жылдамдығына тең, разьемы бар арнайы желілік тақшалар жасалынды.

Бір немесе бірнеше машиналар мынадай арнайы функциялар атқарады:

1. *Файлдарды ортақ пайдалану.* Файлдарды бір мезгілде пайдалану үшін рұқсат беру.
2. *Файлдарды жіберу.* Сыртқы тасымалдауыштарды пайдаланбай ақпарат жіберу
3. *Файлдарды және ақпаратты пайдалануға рұқсат беру.* Кез келген жұмыс станциясында қолданбалы бағдарламаларды жүктеу
4. *Қолданбалы бағдарламаларды пайдалану.* Бір уақытта бірнеше жұмыс станциясында бір бағдарламаның көшірмесімен жұмыс істеу.
5. *Қолданбалы бағдарламаларға бір мезгілде берілгендерді енгізу.* Осы функциялардың барлығын файл-сервер деп аталатын арнайы бөлінген машина орындайды.
6. *Принтерді пайдалану.* Жергілікті есептеуіш желілер бірнеше пайдаланушыларға бір немесе бірнеше принтерді пайдалануға мүмкіндік береді.
7. *Электронды пошта.* Хаттарды, қызметтік қағаздарды есептерді және тағы басқа құжаттарды басқа пайдаланушыларға жөнелтуде пайдаланылады.

Жергілікті есептеуіш желілердің архитектурасы әлде қайда күрделі болып табылады. Кейбір жағдайларда шина топологиясы емес жұлдызша немесе сақина құрылымдары пайдаланылады. Күрделі желілерді құруда қосымша құрылғыларды пайдалану қажеттігі туындайды. Егер жергілікті есептеуіш желісі бірнеше сегменттерге, мысалы, екі және одан да көп географиялық кластарға бөлінсе, онда осы сегменттерді байланыстыру үшін *хаб* – кабельдік орталық пайдаланылады. Әр типті хаб әр алуан кабельдер жүйесінің сегменттерін біріктіруге мүмкіндік береді. Хаб портына жеке торды да, сондай-ақ басқа хабты да немесе кабельдің сегментін қосуға болады.

Әр түрлі желілер арасында байланыс орнату үшін *маршрутизатор* пайдаланылады. Маршрутизатор жалпы протокол мен жүйелерді көпірге қарағанда тиімді біріктіреді. Ол, мысалы, үлкен хабарламаларды өте ұсақ бөлшектерге бөлуге мүмкіндік туғызады да, осынысы арқылы әр түрлі көлемдегі пакеттері бар локальды жүйелердің өзара әрекеттерін қамтамасыз етеді. Нарықта осындай құрылғыларды шығаратын фирмалар бар. Бірақ бұл құрылғылар анықталған шарттар негізінде нақты бір мәселені шешуге арналған. Сондықтан бірінші мәселе – аппараттық мәселе туындайды. Желіні құруда аппараттық құрылғылар арасындағы өзара үйлесімділік болу қажет.

Екінші мәселе – бағдарламалық қамсыздандырылуы. Желіде жұмыс істеу үшін желілік операциялық жүйелерді (Network Operating System – NOS) өндірушілер бар.

Қазіргі таңда IDC компаниясының бағалауы бойынша келесі операциялық жүйелер кеңінен қолданылады.

- NetWare v2.x и v3.x, Novell Inc. 65 %
- LAN Server, IBM Corp. 14 %
- LAN Manager, Microsoft Corp. 3 %
- UNIX 5 %
- Windows NT Advanced Server 10 %

Осы аталған желілік операциялық жүйелер негізінде жғары оқу орнының тиімді желілік ортасын құру маңызды болып табылады. Осыған байланысты келесі мәселере туындайды:

1. Жоғары оқу орнында үлкен көлемді компьютерлер бар және бірі бірімен ақпарат алмасу мүмкіндігі шектеулі.
2. Ақпаратты сақтау мен өңдеудің әртүрлі әдістері және үлкен көлемді ақпарат негізінде жалпыға ортақ берілгендер қорын құру мүмкін еместігі.
3. Жергілікті есептеуіш желісінде бірнеше компьютерлер тек нақты есептерді шешеді.
4. Жинақталған бағдарламалық және ақпараттық қамсыздандыру толық көлемде пайдаланылмайды және сақтаудың жалпы стандарты жоқ.
5. Ауқымды желіге қосылу мүмкіндігі болған жағдайда барлық пайдаланушыларды топқа біріктіріп, топ арқылы ақпараттық арнаға қоосылу қажет болады.

Осы мәселелерді шешу мақсатында жоғары оқу орнында ортақ ақпараттық желіні құру ұсынылды. Ортақ ақпараттық желісі келесі функцияларды орындауы қажет:

1. Берілгендерді өңдеу мен әр түрлі уақытта және типте сақталған ақпараттарды барлық пайдаланушыға қолдануға мүмкіндік беретін ортақ ақпараттық кеңістікті құру.
2. Ақпаратты жоғалту мен бұзылуларға төзімді есептеуіш жүйені құру арқылы ақпараттың дәлдігі мен сақтау сенімділігін арттыру. Сонымен қатар, берілгендер мұрағатын құру мүмкіндігін пайдалану.
3. Ауқымды берілгендер қорын құру арқылы технологиялық, технико-экономикалық және қаржылық-экономикалық ақпаратты жинақтау, сақтау және іздеу жүйесін құру.
4. Ауқымды есептерді шығару және тиімді шешім қабылдау мақсатында берілгендерді өңдеу мен осының негізінде талдау мен болжау жүйесін құру.
5. Авторизацияланған пайдаланушыларға ақпарат алуға рұқсат беру.

Әдебиеттер:

1. Олифер В.Г., Олифер Н.А. Компьютерные сети, принципы, технологии, протоколы. – СПб.: Питер, 2000.
2. Хамакер К., Вранешич З., Захи С. Организация ЭВМ. – СПб.: Питер, 2003. – 848 с.
3. Гук В.В. Аппаратные средства IBM PC . – СПб.: Питер, 2002. – 928 с.
4. Галкин В.А., Григорьев Т. Телекоммуникации и сети. – М.: Изд. МГТУ им. Н.Э. Баумана, 2003. – 608 с.
5. Компьютерные сети. Учебный курс. – М.: Русская редакция, 2004. – 576 с.
6. Блэк Ю. Сети ЭВМ: протоколы, стандарты, интерфейсы. – М.: Мир, 2003.
7. Нанс Б. Компьютерные сети. – М.: БИНОМ, 1996.

Резюме

Учитывая экономические возможности вуза, на основе имеющейся информационной базы предлагается построить компьютерную сеть, обеспечивающую требования к сети и применение сетевых решений с помощью операционных систем.

Summary

Based on these operating systems to build a network solution applicable to the construction of a network of high school with the necessary requirements for the network, based on available hardware base, as well as the economic opportunities of the university.

ӘОЖ 37.016

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫҢ ДИНАМИКАСЫН СТАТИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

З.Ж. БАЙМАНОВА,

техника магистрі,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,

Қазақстан Республикасы

«Динамика» сөзі гректің «dynamikos» деген сөзінен алынып, «күшке тиісті, күшті» деген мағынаны береді. Бұл термин қозғалыс-әрекетті, өсу-даму жағдайын білдіреді.

Құбылыстардың белгілі бір уақыт ішінде өзгеруі статистикада динамика деген атпен, ал осы процесті сипаттайтын көрсеткіштер қатары динамика қатарлары деген атпен жүргізіледі. Құбылыстардың белгілі бір уақыт аралығында өзгеруін сипаттайтын статистикалық көрсеткіштер қатары динамикалық қатар деп аталады.

Динамикалық қатарлар екі бөліктен тұрады: бірі – уақыт моменттері немесе кезеңдер, ал екіншісі – оларға тиісті көрсеткіштер. Қарастырып отырған даму уақытының жалпы ұзындығын аралықтарға бөліп қарасақ, әрбір қиылысу нүктесі момент (сол сәт, мезет, мезгіл) деп аталады, ал бір моменттен екіншісіне өткен уақыт аралығы (жыл, тоқсан, ай, күн және т.б.) кезең деп аталады.

Динамикалық қатарлар ұзақ мерзімді тенденцияларды, кейбір кезеңдерге тән циклдік немесе локалдық өзгерістерді, күнделікті тербелістер мен маусымдық өзгерістерді өз бойына жинақтай алады.

Динамикалық қатардың төмендегідей сипаттары бар:

- ұзақ мерзімді қозғалыс бағыты, яғни жалпы ғасырлық тенденция;
- қысқалау кезеңдерге тән циклдік немесе локалдық өзгерістер;
- кейбір жылдарға тиісті тербелістер мен маусымдық өзгерістер.

Статистикада динамикалық мәліметтерді құрамдас бөліктерге (компоненттерге) жіктеу және өлшеу әдістері, оларды есепке алып, келешекте күтіліп отырған даму болашағын бағалау жолдары жасалған. Динамикалық қатардың көрсеткіштері салыстырмалы болуға тиіс.

Динамикалық қатарларды мезеттік немесе кезеңдік етіп құру ерікті іс емес, ол қарастырылып отырған құбылыстың маңызына, оның мөлшерін анықтау әдісіне байланысты. Динамикалық қатарларды бастапқы абсолют шамалар және өнімдік көрсеткіштер негізінде құруға болады. Өнімдік, яғни нәтижелік көрсеткіштер дегенде, абсолют шамаларды қайта өңдеу нәтижесінде алынған салыстырмалы орташа шамалар негізінде құрылған қатарларды түсінеміз.

Динамикалық қатарларды талдау процесінде бірқатар көрсеткіштер табылады:

- 1) абсолют қосымша өсу (яки азаю);
- 2) өсу (яки азаю) коэффициенті немесе қарқыны;
- 3) қосымша өсу (яки азаю) коэффициенті немесе қарқыны;
- 4) 1% қосымша өсудің (яки азаюдың) абсолют мәні.

Жоғарыда атап көрсетілген көрсеткіштерді жан-жақты қарап шығайық.

1. Абсолют қосымша өсу немесе азаю әрбір кейінгі кезеңнің дәрежесінен бастапқы кезеңнің немесе өзінен бұрынғы кезеңнің дәрежесін азайту жолымен анықталады.

2. Өсу яки азаю коэффициенті немесе қарқыны әрбір кейінгі кезеңнің дәрежесі бастапқы кезеңнің немесе өзінен бұрынғы кезеңнің дәрежесіне қарағанда неше есе яки неше пайыз үлкен не кіші екендігін көрсетеді.

3. Қосымша өсу (азаю) қарқыны да екі әдіспен анықталуы мүмкін. Бірінші әдісті қолданғанда, әрбір кейінгі кезеңнің дәрежесінен бастапқы кезеңнің дәрежесі азайтылып, 100-ге көбейтіледі де, бастапқы кезеңнің дәрежесіне бөлінеді.

Ал екінші әдісті қолданғанда, бастапқы кезеңнің дәрежесі әрбір кейінгі кезеңнің дәрежесінен азайтылып, 100-ге көбейтіледі және өзінен бұрынғы жылдың дәрежесіне бөлінеді.

Кезеңдік қатарларда орта дәреже арифметикалық орташа формасында есептеледі.

4. 1% қосымша өсудің (азаюдың) абсолют қосымша өсу мәні шынжыр тәрізді қосымша өсу қарқынына бөлінеді.

Трендті орталықтанған сырғанақ орташа дәрежелер арқылы есептеу жолымен анықтау мәселесінің қорытындысында назарларыңды мынаған аударғымыз келеді: бұл түпкі маңызы тұрғысынан тақ санды дәрежелерден хронологиялық орташаны есептеп табуға негізделеді. Расында да жоғарыдағы мысалда алғашқы сырғанақ орташа – бастауыш дәрежеден бастап төрт қатар шектерінің жиындысын төртке бөлу жолымен анықталады, яғни:

$$\bar{Y}_1 = \frac{Y_1 + Y_2 + Y_3 + Y_4}{4}, \quad (1)$$

ал екіншісі екінші дәрежеден бастап тағы төрт қатар шектері жиындысын төртке бөлу нәтижесінде алынады, яғни

$$\bar{Y}_2 = \frac{Y_1 + Y_2 + Y_3 + Y_4}{4} \quad (2)$$

Содан соң олардан қарапайым арифметикалық орташаны есептеп, алғашқы орталықтанған сырғанақ орта дәрежені табамыз, яғни:

$$\bar{Y}_1 = \frac{Y_1 + Y_2}{2} \quad (3)$$

Бұл теңдіктегі \bar{Y}_1 және \bar{Y}_5 -лердің орнына олардың тең өрнектерін қойсақ, онда бес дәрежеден есептеп шығарылатын хронологиялық орташаның формуласы келіп шығады:

$$\bar{Y}_2 = \frac{Y_1 + Y_2 + Y_3 + Y_4 + Y_2 + Y_3 + Y_4 + Y_5}{2 \cdot 4} = \frac{Y_1 + 2Y_2 + 2Y_3 + 2Y_4 + Y_5}{2 \cdot (5 - 1)} \quad (4)$$

Басқа орталықтанған сырғанақ орта дәрежелер де нақ осындай тәртіппен анықталады.

Динамиканың тенденциясын анықтау мақсатымен қатарларды өңдеу әдістері ішінде ең қолайлысы – тренд теңдеуін құру және сол негізде тегістелген дәрежелерді есептеу болып табылады. Бұндай жағдайда бастапқыда қатар мәліметтері бойынша даму тенденциясын өрнектеу үшін ең тиімді функция таңдап алынады, ол аппроксимациялаушы функция деп аталды. Содан соң бұл функция шағын квадраттар әдісінің көмегімен шешіледі, ал қарапайым тренд теңдеулері келтірілген:

- 1) Түзу сызықты функция түріндегі теңдеу: $\bar{Y}_t = a_0 + a_1 t$
- 2) Көрсеткішті функция түріндегі теңдеу: $\bar{Y}_t = a_0 + a_1^t$
- 3) Екінші ретті парабола тәріздес теңдеу: $\bar{Y}_t = a_0 + a_1 t + a_2 t^2$

Бұл жерде: \bar{Y}_t – қатардың теориялық дәрежелері (« t – бойынша тегістелген игрек» деп оқылады); t – уақыттың шартты белгісі, әдетте кезеңдер реттік санмен белгіленеді. Мысалы, t : 1, 2, 3, ... n . a_0 , a_1 және a_2 – аналитикалық функцияның көрсеткіштері (белгісіз шектері).

Маусымдық тербелістер – кейбір мезгілдер мен айларда көп жылдық қатарларда ұдайы байқалатын тұрақты тербелістер.

Маусымдық тербелістер дегенде біз жылдың кейбір мезгілдері мен айларында құбылыстар мен процестердің көп жылдық динамикасында ұдайы байқалып тұратын тұрақты тербелістерді түсінеміз.

Статистикада маусымдық тербелістерді зерттеу төмендегі мақсаттарды көздейді:

- қатар дәрежелерінде байқалатын маусымдық тербелістерді айқынырақ сипаттау және өлшеу;
- көрсеткіштерді маусымдық ықпалдан тазартып, олардың ай сайынғы, кезең сайынғы өзгерістерін таза күйінде өлшеп практикалық мәселелерді шешу кезінде пайдалану;
- экономикалық даму перспективаларын белгілеу кезінде маусымдық тербелістерді есепке ала отырып, тиісті көрсеткіштерді анықтау.

Маусымдық толқынды әдістер бар. Олардың арасында ең қарапайымы – маусымдық индекстерді жасау. Бұл үшін жылдық орта дәрежені есептеп, оны кейбір айдың, тоқсанын немесе жылдың дәрежелермен салыстыру керек, яғни:

$$L_{\text{маус}} = \frac{Y_1}{\bar{Y}} \cdot 100 \quad (5)$$

Маусымдық индекстерді есептеу динамика қатарларында байқалатын маусымдық тербелістерді бағалаудың бір жағы болып табылады. Оның екінші жағы – дәрежелердің жалпы құбылмалықтың қалыптасуында маусымдық толқындардың иеленетін орнын анықтау. Ал бұл жалпы құбылмалылық дәрежесін кездейсоқ тербеліске, трендке және маусымдық толқындар үлесіне бөлу мәселесін туындатады. Оны дисперсиялық талдаудың көмегімен шешуге болады. Бұндай талдау сатылы түрде төмендегідей тәртіппен жүзеге асырылады:

1. Барлық жылдар үшін айлық немесе тоқсандық мәліметтер негізінде тренд теңдеуінен, не көп дәрежелерден сырғанақ орташаны есептеп тауып, олар негізінде тегістелген дәрежелер анықталады:

\bar{Y}_{ij} – бұл жерде $i = \bar{1}, \bar{n}$ – жылдың рет саны, маусымның $j = \bar{1}, \bar{m}$ (ай, тоқсан, т.б.) рет саны;

2. Әрбір шынайы дәреже тиісті тегістелген дәрежеге бөлініп, маусымдық индекстер – \bar{Y}_{ij} есептеп шығарылады;

3. Әрбір ай немесе тоқсан үшін орташа жылдық маусымдық индекстер табылады;

$$4. \bar{Y}_j = \frac{\sum_{i=1}^m \bar{Y}_{ij}}{m} \quad \text{Бұл жерде: } m - \text{жылдар саны;}$$

5. Тиісті айлар немесе тоқсандар үшін тегістелген дәрежелер орташа маусымдық индекстерге көбейтіледі. Соның нәтижесінде маусымдық толқынды есепке алатын тегістелген дәрежелер пайда болады:

$$\bar{Y}'_{ij} = \bar{Y}_j \bar{I}_j \quad (6)$$

6. Маусымдық толқынның ықпалы арқылы туындайтын айырмалар мен олардың квадраттары есептеп шығарылады:

$$d_{ij} = \bar{Y}_j - Y_{ij} \quad \text{және} \quad D_{ij} = \sum_{i=1}^m \sum_{j=1}^n (\bar{Y}'_{ij} - \bar{Y}_{ij})^2 \quad (7)$$

7. Кездейсоқ тербеліс есебінен пайда болған айырмалар мен олардың квадраттары анықталады:

$$d_{ij} = \bar{Y}_j - \bar{Y}'_{ij} \quad \text{және} \quad D_{ij} = \sum_{j=1}^m \sum_{i=1}^n (\bar{Y}'_{ij} - \bar{Y}_{ij})^2 \quad (8)$$

8. Тренд есебінен пайда болған айырмалар және олардың квадраттары есептеп табылады:

$$d_{ij} = \bar{Y} - \hat{Y}_{ij} \quad \text{және} \quad D_j = (\bar{Y}_j - \hat{Y}_{ij})^2 \quad (9)$$

9. Ең соңында жалпы айырмалар мен олардың квадраттары табылады:

$$d = Y_{ij} - \bar{Y}_{ij} \quad \text{және} \quad D = \sum_{j=1}^m \sum_{i=1}^n (Y_{ij} - \hat{Y}_{ij})^2 \quad (10)$$

Айырмалардың маңыздылығы Фишер \tilde{y} – өлшемінің көмегімен анықталады.

Әдебиеттер:

1. Абдурахманов М.А. Статистика. – Астана, 2008. – 400 с.
2. Береславская В.А., Стрельникова Н.М., Хинканина Л.А. Теория статистики: Учебное пособие. – Йошкар-Ола: МарГТУ, 2004. – 136 с.
3. Голуб Л.А. Социально-экономическая статистика: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2003. – 272 с.
4. Елисеева И.И., Юзбашев М.М. Общая теория статистики. – М.: Финансы и статистика, 2002. – 300 с.
5. Ефимова М.Р., Петрова Е.В., Румянцев В.Н. Общая теория статистики: Учебник. 2-е изд., испр. и доп. – М.: ИНФРА-М, 2005. – 416 с.

Резюме

Статья основана на использовании точного аналитического метода числа в исследовании большого количества экономических появлений и процессов в наше время экономической жизни. Это позволяет развить некоторые части математики, а именно, математического прогноза, экономико-статистических методов, в частности, методы выгодного планирования и управления широко развиты. Следующие аналитические методы используются для решения предположения, показанной во время процесса работы и проверки прогноза: анализа теоретических и практических исследований, правительственного стандарта высшего образования, программ и учебников, литературы и электронного ресурса, изменения населения, наблюдения, прогноза и экспериментов.

Summary

This work is based on the usage of exact number analysis method in investigating the large number of economical appearances and processes in nowadays economical life. It enables to develop some parts of mathematics, namely mathematical prognosis, economical-statistical methods and etc. Especially methods of beneficial planning and controlling are widely developed. The following analysis methods were used to solve the assumptions displayed during the work process and to check the revealed prognosis: analysis of theoretical and practical investigations, governmental higher education standard, programs and textbooks, literature and electronic resource, alteration of population, investigating the observation, prognosis and experiments.

БІЛІМ БЕРУ ПОРТАЛДАРЫН РЕСУРСТАРМЕН ТОЛЫҚТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

С.С.ҮСЕНОВ,

педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Д.М. БАЛТӨРЕЕВ,

магистрант,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,

Қазақстан Республикасы

Бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне баса мән бермейінше, білім берудің ақпараттық технологияларын, дәлірек айтқанда, электрондық оқулық және бейнефильмдерді, басқа да электрондық басылымдарды оқытуға ендімейінше, кез келген әлеуметтік-экономикалық саланың алға басуы мүмкін емес.

Білімді негізгі қоғамдық капиталға айналдыру және білім алуға байланысты табыстың өсуі осы тауарды пайдаланатын адамның, жалпы қоғамның және нақты бір мекеменің пайда табуына байланысты болып отыр. Оқу процесінде ақпараттық технологиялар маңызды емес, оларды білім беруде қолдану қаншалықты жетістікке жеткізетіндігі маңызды.

Білім беру процесінде қазіргі заманның талабына сай қымбат технологияларды қолдануға қарағанда, күнделікті қолданып жүрген, бағасы да төмен технологиялар тиімдірек. Өйткені қымбат технологиялар талапқа сай нәтиже беру, бермеуі белгісіз.

Білім беру жүйесінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияны дамытудың тиімді құрылымы білім беру порталдары болып табылады. Порталдың негізгі міндеті – жоғары технологиялы оқу процесінің қолдауы арқылы бірыңғай білімді ақпараттандыру ортасын дамуына өз үлесін қосатын маңызды функциялармен толықтырылады. Порталдың білім және технологиялық саясаты, сонымен бірге, оның ағартушылық қызметі әдістемелік және технологиялық арнаға ақпараттандыру процесін бірте-бірте ендіру әдісі болып табылады.

Компьютерлер мен желілерді пайдаланудың технологияларын дамытудың қазіргі заманғы тұжырымдамасы тек ақпараттық ресурстарды өңдеу, сақтау, кіріктіру немесе орын ауыстыру үшін ғана емес, және де өзара әрекеттестік ортасы ретінде бастауын бірінші компьютерлік желіден алады. Интернет технологиялардың көмегімен хабарламалар алмасу ретінде ұсынылған компьютерлік желідегі өзара әрекеттестіктің ортасына өзара әрекеттестіктің келесі модельдерін жатқызады: электрондық пошта бойынша пошта хабарламаларын алмасу (біреу біреуге); жөнелту тізіміндегі пошта хабарламаларын алмасу (көп көпке); пайдаланушылар мен веб-сайттардың авторларының арасында хабарламалар алмасу; (көп біреуге және біреу көпке). Бұған ғылыми және оқу-әдістемелік ресурстарды алмасуға арналған порталдың технологиясын үстемелеуге болады. Портал білім беру процесінің барлық деңгейінде бірлестіктен бастай және аймақтықтан аяқтай отырып, ресурстарды кіріктіруге қызмет ете алады [1].

Портал – бұл шапшаң қатынас құруға, дамыған пайдаланушылық интерфейске және алуан түрлі мәліметтің, қызметтер мен сілтемелердің кең ауқымына ие болатын желілік телеқатынастық торап, бұл бағыт көрсету мен баптауға қарапайым интерфейс арқылы ақырғы пайдаланушыға ұсыну үшін ресурстарды біріктірудің, ақпарат көздерін таңдаудың парасаттық аспабы [1].

«Портал» термині алғашқыда архитектура саласына жатқан болатын, ол ғимараттағы ең басты, шерулік кіретін жерді білдіреді. Интернеттің орталықсызданған табиғаты алғашқыда оған арнаулы кіретін жерді ұйғармаған болатын. Ұзақ уақыт бойы іс жүзінде Интернетке кірудің жалғыз ғана нүктелері іздестіру мәшинелері мен каталогтар болды. Сонымен, Интернеттегі «портал» терминімен алғашқыда AOL, Excite, Yahoo, MSN секілді сайттарды атай бастады, атап айтқанда, пайдаланушылардың көпшілігі оларды желіге өздерінің саяхатын жөнелту нүктесі ретінде қолданды.

Қазіргі заманғы Интернет-порталдар анықтамалық, талдаушылық, қатынастық, білімдік және басқадай ақпараттық қызметтер көрсетуге бағдарланған жеткілікті түрде ірі және күрделі желілік ақпараттық-технологиялық кешендер болып табылады. Дайындау кезінде терең және жан-жақты тұжырымдамалық зерттеу жолдары мен бірлестік ақпараттық желілерді құру мүмкіндіктерін, бағыты әртүрлі салалық пен аймақтық ақпараттық желілік ресурстарды қалыптастыру тәсілдерін ғылыми-әдістемелік және технологиялық негіздеуді талап етеді [5].

Білім беру порталы келесі функцияларды ұйымдастыруға мүмкіндік береді: мамандарға ақпарат пен қатынас құралдарын ұсыну, бөлімдер мен ресурстар арасындағы байланысты жақсарту, авторлық құқықты сақтау, оқу курстарына, білім технологияларына, білім қызметтеріне конкурстар жариялау, ақпарат алмасу мүмкіндігі, әр түрлі сервистерді ұсыну (ЧАТ, форум, пошталық таратулар) [1].

Білім беру порталы – бұл оқу порталы (білімді бақылау, беру, құру және қол жеткізген білім өлшемін дәлелдеуі). Егер де порталда оқыту функциялары жоқ болса, онда мұндай портал білім жүйесінің тек ақпараттық порталы болады [1].

Оқыту мақсатына арналған құрылымданған контент, гетерогенді мәліметтер көзінен ақпарат алу (реляциялы және көпөлшемді мәліметтер базасы, құжаттарды басқару жүйесі, электронды пошта жүйесі, web-серверлер, гипермәтін сақталатын серверлер мен түрлі файлдық жүйелер, -аудио, -бейне-ақпараттар), клиенттік ортаны ұйымдастыру мүмкіндіктері болуы керек, сонымен бірге жүйедегі жұмыстың орындалуын нақты адамның немесе топтық қауымның қадағалауын ұйымдастыру.

Қазақстанда, Ресейде Интернет желі домендерінде орнатылған университет порталдарының бірқатар өз кемшіліктері бар. Осы кемшіліктер порталдың дамуына шектеу қояды және оларды қолдану тиімділігін төмендетеді.

Көп жағдайда портал әр түрлі негіздегі қолданушылар тобын құрайды және порталға енудің бір ғана жолы болғандықтан, қолданушылар жалпы ақпараттардан хабардар болғаннан кейін барып, өзіне қажетті ақпаратқа қол жеткізе алады, яғни әрбір қолданушының сұранысы мен қажеттілігі үшін Интернет желісінде жеке ақпарат құралдарын беру мүмкіндігі қарастырылмаған, сонымен қатар, басқа да көптеген шектеулер кездеседі. Бұл шектеулер Интернет желі базасында орналасқан бүгінгі білім жүйелеріне тән.

Порталда ақпаратты дербестендіру қызметін ұйымдастыру үшін қызметтері білім порталына сәйкесті қолданушылардың негізгі категорияларын анықтау қажет.

Ақпаратты білім ортасының ресурстары мазмұны бойынша көптеген әр түрлі ұйымдастыру көздерінен тұрады: лекциялық және ақпарат беру материалдарынан, оқыту модельдерінен, иллюстративті материалдардан, эксперимент зерттеу нәтижелерінің материалдарынан, әлеуметтік зерттеу нәтижелері және басқа да ғылыми-педагогикалық қоғамның қызығушылығын тудыратын және мекеменің ғылыми-білімінің әрекетін көрсететін нәтижелерден. Ресурстардың ерекше түрін белгілі ғылыми зерттеулерді жүргізетін және практикалық жұмыстарды Интернет желісі арқылы орындауға арналған жабдықтарды қолдануға рұқсат беруді қамтамасыз ететін бағдарламалық және аппараттық бағдарламалық жинақтар құрайды.

Портал ресурстарын келесі түрде жүйелеуге болады:

Ресурстардың бірінші категориясы – бұл үлестірілген кітапхана қоры. Әрбір бөлек ресурсты ұйымдастыру жабдықтары, форматы және түріне тәуелсіз оқу орындарындағы оқу процесінде виртуальды өкілдікті қолдануға арналған барлық ресурстар жинақталған. Ақпараттық ресурстар берілген ресурстың құру-ұйымдастыру электрондық кітапханасында сақталады, сонымен қатар олар портал каталогында бір мезетте бейнеленеді.

Ресурстардың екінші категориясы – портал ережесі бойынша каталог жасайтын және оны бейнелейтін ақпаратты білім ортасынан тыс серверлерінде орналасқан ішкі ресурстар. Бұл түрдегі ресурстарға зертханалық практикумды, жобалау және модельдеу жүйелерін және басқа да мультимедиялық ресурстарды жатқызуға болады. Берілген категорияның барлық ресурстары бірінші категория ресурстарының базасына қосыла алады және деңгейі әр түрлі портал каталогына ену мүмкіндігі бар.

Ресурстардың үшінші категориясы – бұл ұйымдастыру үшін оқу орындары ұсынған әртүрлі міндеттері бар ресурстар. Порталдың кез келген өнімін ұсына алатын электронды магазин құрылады (Интернет магазин). Өнімді алу үшін төленетін ақы мен өнімді алу ретін қамтамасыз етуді анықтайды.

Ресурстардың төртінші категориясы – бұл оқу орнында өткізілетін іс-шаралар мен конференциялар, семинар жайлы ақпараттардан тұрады. Кез келген категориядағы ресурстарды құру оқу орнының виртуальды өкілдігінде жүргізіледі, ал портал жабдықтары ақпаратты білім ортасының барлық қолданушыларына ақпаратты жеткізу, тарату, ақпаратты алу кезінде бірыңғай ашық ақпаратты білім кеңістігін құруды қамтамасыз ете отырып, барлық ортада ақпаратты тарату мен каталогын құруды қамтамасыз етеді.

Порталды ақпаратпен толықтыру жөнінде сөз болған жағдайда, контент пен ресурс түсініктерінің айырмашылықтарын білу қажет.

Контент – бұл мәтін, графика, мультимедиа және басқа да ақпараттық толықтырулар жинағы (34.012-200, п.3.6 СТ РК сәйкесті анықталған).

Ақпараттық ресурстар – бөлек құжаттар немесе бөлек құжаттар массиві, ақпарат жүйесіндегі құжаттар массиві мен құжаттар жинағы (кітапхана, архив, қорлар, мәліметтер базасы, басқа ақпараттық жүйелер).

Яғни, контент оқыту құралы емес. Контент – бұл электрондық басылымдарды құрайтын элементтер, яғни ақпараттық ресурстар.

Стандарт бойынша пәннің контентінің құрылуына жауапты адам пәнді өңдеуші (құрушы) деп аталады [3]. Активті оқу қызметін қамтамасыз ететін және қашықтықтан оқыту мақсаты мен міндетін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін бағдарламалар жинағын жүйенің бағдарламалық жабдықтамасы деп атайды [3, п.3.14].

Яғни контент пен ресурс тікелей бір-бірімен байланысты екенін байқауға болады.

Контент оқу құралдарын құруға арналған материал қызметін атқарады. Оқыту құралдары – бұл оқу мазмұнын ұсыну формаларының бірі. Көп жағдайда оқу құралдары компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялар арқылы құралады.

Әдебиеттер:

1. Нұрғалиева Г.Қ., Тажигұлова А.І., Туенбаева Қ.Т. Білім беру порталдарын жасау әдістемесі. – Алматы, 2010.
2. 2005-2010 жылдарға арналған ҚР Білім жүйесін дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
3. СТ ҚР 34.012-2004. Қашықтықтан оқытудың техникалық және бағдарламалық жабдықтары. Жалпы техникалық талаптар; № 596 18.04.2008 ж. Білім жүйесін лицензиялау Ережесі.
4. Семин Ю.Н. Интегративный подход к проектированию содержания общеинженерной подготовки в техническом вузе // Образование и наука. Изв. Уральск. науч.-образов. центра РАО. – 2000. – №3 (5). – С. 48-58.
5. Шлыкова С.А., Бурсин И.Л., Запольская Л.С., Насадкина О.Ю. Информационно-образовательные ресурсы Интернет-библиотеки Карельского виртуального университета: проблемы и перспективы // Всероссийская научно-методическая конференция Телематика 2002. – СПб, 2002; http://tm.ifmo.ru/db/doc/get_thes.php?id=196.

Резюме

В статье рассматриваются образовательные порталы и особенности их дополнения ресурсами. Представлены систематизация ресурсов портала, данные о ресурсах и контенте.

Summary

This article discusses the educational portals and their features add resources. A well presented systematization portal resources, resource data and content.

ОТАНДЫҚ СҮТ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІН ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕСІ

А. ҚАЗБАЙҚЫЗЫ,

экономика ғылымдарының кандидаты

Қ. ҚАЙЫРБАЙ,

магистрант,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Соңғы жылдары ауыл шаруашылығының жалпы өнімі құрылымында көлемнің үштен екі бөлігін ала отырып, мал шаруашылығы өнімдері жетекші орынға шықты. Оған саланың тұрақты түрде серпінді дамуы және соған сәйкес өнім өндіру көлемінің артуы әсер етті.

Сүт және сүт өнімдерін өндіруде оңтүстік өңірдің мүмкіншілігі мол, ауа-райы қолайлы, табиғи ресурстарға бай, өнеркәсіптік негіздегі ірі өндіріс ошағына айналуға әлеуеті жеткілікті. Сүт өндіруді ұлғайту үшін тауарлы сүт фермалары мен мал бордақылайтын орындарды көптеп салу керек.

Дегенмен, отандық өнімнің қарқынды дамуына кері әсерін тигізетін бірнеше себептер бар. Елімізде сүт өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарының өндірістік қуатының толық іске қосылмағандығы, негізгі шикізат сапасының төмендігі, сүтті сақтау және тасымалдау жүйесінің дұрыс жолға қойылмағандығы бұл іске қолбайлау болып отыр. Тұтынушылардың талғамына сай отандық сүт және сүт өнімдерін дайындау үшін сапалы шикізат көзін қалыптастыру мәселесі маңызды орын алады.

Қызылорда облысы ауыл шаруашылығы саласы дамыған, еліміздің негізгі аграрлық аймақтарының бірі болып саналады. Қалыптасқан шаруашылық жүргізу жағдайлары мен өндірісті ұйымдастыру формалары шаруашылық етудің соңғы нәтижесі – рентабельділік деңгейіне әсер етіп отыр. Мал шаруашылығының негізгі өнімдерінің республика және Қызылорда облысы бойынша рентабельділік деңгейі 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1. Мал шаруашылығы өнімдерінің 2008-2011 жылдардағы рентабельділік деңгейі, %.

Өнім түрлері	ҚР бойынша				Қызылорда облысы			
	2008	2009	2010	2011	2008	2009	2010	2011
Сүт	21,6	23,4	21,6	23,2	18,2	19,1	25,0	15,9
Ірі қара мал еті	-0,9	3,6	7,2	8,5	-5,8	-4,5	2,1	3,7
Қой еті	12,6	10,0	11,2	12,5	8,6	7,1	7,5	8,1
Шошқа еті	0,2	0,2	3,2	3,9	-4,2	-4,0	1,2	2,0
Жұмыртқа	10,1	19,8	17,8	16,9	12,7	13,7	15,3	16,7
Ескерту – ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері негізінде								

2011 жылы республика бойынша ауыл шаруашылығы өндірісінің орташа рентабельділігі 23,8% болса, оның деңгейі мал шаруашылығында 27,1%. Қызылорда облысы бойынша сәйкесінше 15,3% және 11,8% болды. Өсімдік шаруашылығында соңғы 5 жылда рентабельділік деңгейі 7-68% аралығында ауытқыса, мал шаруашылығында соңғы жылдары ғана табыстылық байқалады. Мұндай жағдай 2011 жылы астық бағасының екі еседей жоғарылауына байланысты өсімдік шаруашылығының рентабельділігінің өсуімен байланысты.

Мал шаруашылығында сүт өндірісінің маңызы үлкен, біріншіден, 2011 жылғы ауыл шаруашылығы өндірісіндегі сүт өндірісінің үлесі 15,7%, ал мал шаруашылығы өніміндегі үлесі 34,3% болса, екіншіден, сүт адамзаттың тұтынуындағы міндетті және айырбасталмайтын тағам. Соңғы жылдары республикамызда сүт өндірісі тұрақтанып, сүт және сүт өнімдері нарығының дамуы байқалуда. Оның жыл сайынғы орташа өсімі 4,9% құрап отыр.

Сүт өндірісі жыл сайын өсіп отырғанымен, ол ішкі сұранысты толық қамтамасыз ете алмайды. Ішкі нарықтағы жетіспеушілік импорт есебінен қанағаттандырылып отыр. Елімізге әкелінетін сүт өнімдерінің импортының көп бөлігін сыр, қойытылған сүт, құрғақ сүт, сары май алады. Ал экспорт көлемі жыл сайын кеміп келеді. Оның негізгі себептері ретінде ішкі нарықта құрғақ сүтті тұтыну көлемінің өсуі мен отандық өнімдердің бағалық бәсеке қабілетсіздігін атап өтуге болады. Сонымен бірге, сүт өнімдерінің ішкі нарығын зерттей келе, сүт өндірісіне қатысты екі мәселені атап өту керек: шикі сүттің сапасы және сүт өндірісінің маусымдылығы. Бұл сүт өндірісінің аз көлемде ұсақ шаруашылықтарда шоғырлануына, сүтті өңдеу технологиясының дамуына байланысты [1].

Сүт және сүт өнімдерінің ассортиментінің көптігі мен өндірістің түрлі технологияларын қолдануға байланысты және ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағаларын реттеудің міндетті тетіктерінің болмауына байланысты бір облыстың шегінде бағаның түрлі болуы орын алады: 1 л сүттің бағасы 80 теңгеден бастап 250 теңге немесе одан артып кетіп жатады. Ал аймақтар бойынша баға айырмашылығы өте үлкен. Айтарлықтай баға айырмашылығы жергілікті жердің экономикалық-әлеуметтік және табиғи климаттық, т.б. көптеген тікелей және жанама факторлардың әсерінен әр түрлі қалыптасқан.

Қызылорда облысының Қазалы ауданында орналасқан «РЗА» сүт зауытының ерекшелігі – табиғи шикізат сүтті сиырдан сауылысымен-ақ өңдейді. Басты ұстанымы – қоспасыз табиғи өнімдер шығарып, тұтынушыға ұсыну. Сүт өнімдерін технологиялық талаптарын қатаң бақылап, өндірістің жоғары мәдениетін сақтап, қолжетімді бағамен ұсыну. Кешенде Венгрия елінен әкелінген сүт бағытындағы асылтұқымды ең жоғары өнімді мүйізді ірі қара малы бағылуда. Әкелінген малдың өнімділігі жылына 10-13 мың литрдің аралығында. Яғни, қажетті жемшөп қора, мал дәрігерлік талаптары, күнделікті күтімі жолға қойылған. Барлық талаптарды қамтамасыз ету үшін бір бас малға 540,88 мың теңге көлемінде шығын жұмсалуды қажет. Шығынның негізгі бөлігі мал азығына кетеді. Ауданда мал азығы дақылдарының өнімділігі өте төмен және тиісінше өзіндік құны да жоғары.

Индустрияландыру картасына сәйкес Қызылорда облысының Қазалы ауданында салынған тауарлы сүт фермасының қазіргі жұмысы қалыпты. Басында бұл жоба Индустрияландыру картасына еніп, оны іске асырудың бірінші сатысына 2 миллиард теңгеден астам қаржы жұмсалған болатын. Бұл соманың 85 пайызы «ҚазАгроҚаржы» компаниясының қоржынынан келіп түссе, қалғанын «РЗА» акционерлік қоғамы бөлген. Фермаға сиырлар Венгриядан әкелінсе, қажет қондырғы мен құрал – жабдықтар голландиялық «Дер мастер» компаниясынан, 48 сиыр қатар сауылатын «параллель» қондырғысы Ирландиядан жеткізілген. Жалпы, өндірісте сүт кластері жақсы жолға қойылған. Келешекте сүт өңдеу зауытынан арнайы балалар тағамдарын шығару жоспарланып отыр.

«Рза» Акционерлік қоғамының бүгінге таңда өндіретін сүт және сүт өнімдері бойынша Қызылорда облысында өнімдері тұтынылатын бәсекелестер ретінде төмендегі компанияларды айтуға болады: сүт өнімдері кең ассортиментті «Фудмастер» компаниясы; «Адал» компаниясы; «Маслодел» компаниясы. Бәсекелес кәсіпорындар өнімдерінің бағасы нарықта 5-10%-ға артық.

«Рза Агро» ЖШС Республикалық Индустрияландыру картасына енген және сүтті мал шаруашылығының интенсивтілігі, тиімділігі жөнінен тек Қызылорда облысында ғана емес, республикадағы алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың бірі. Германиялық сүт зауытында дайындалатын сүт өнімдеріне сұраныс өте жоғары. 2011 жылы Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында өндірілген сүттің 30%-ға жуығы осы кәсіпорынның үлесіне келеді [2].

Мал тұқымын асылдандыру жұмыстарының жоспарын жасаудың маңызы зор. Жоспардың мақсаты азықтандырудың, бағып-күтудің және бағыттап төл өсірудің жағдайын жақсартудың шараларын белгілеп, іріктеу – сұрыптау жұмыстарын жетілдіріп, малдың тұқымдық және өнімдік сапасын арттыру.

Сонымен, ірі қара мал шаруашылығын жүргізуде төмендегідей тиімділікті арттыру резервтерін және одан мүмкін болатын тиімділік шамасын бағамдадық. (Кесте 2).

Кесте 2. Сүт өндірудің тиімділігін арттыру резервтері

р/с	Орындалатын іс-шаралар	Тиімділігі
1	Жайылымдардан жиналатын шөпті 18ц/га-дан 34 ц/га-ға жеткізу	Жалпы өнім 18%-ға артады
2	Азық рационына фосфор,мырыш, кобальт, иод микроэлементтерін қосу	Қосымша салмақ 16,7%-ға, сүттілігі 12%-ға артады
3	Жүгері сабанын амиак суымен және белокты минералды қоспалармен өңдеу	Концентраттар шығыны 30-35%-ға кемиді
4	Мал дәрігерлік, профилактикалық шараларды қолдану	Мал ауруы 5%-ға кемиді
5	8 танапты күріш ауыспалы егісі мен күздік бидайды қатар егу	6% су үнемделеді
6	Күріш дақылдарына азот және фосфор тыңайтқыштарын енгізу	өнімділік 5%-ға артады
7	Жүгері сүрлеуде бактериалды концентратты қолдану	Концентраттар шығыны 80%-ға кемиді
8	Мүйізді ірі қараны тәулігіне 6-8 рет концентратты азықтармен азықтандыру	Сүттілікті 10,6% -ға арттырады
9	Интенсивті жүгері егісін қолдану	Еңбек шығыны 1,06 сағ/цн-ге кемиді

Сүт және сүт өнімдері өздерінің химиялық ерекшеліктеріне қарай сақтауға және тасымалдауға талап қояды. Сүт алысқа тасымалдауға және ұзақ уақыт сақтауға шыдамай ашып кетеді. Сондықтан сүт өндіретін фермаларды тұтынушыларға неғұрлым жақын орналастыру қажет.

Шаруашылықта қалыптасқан нақты жағдай мен оңтайлы жоспар бойынша ай сайын төлдеуі тиіс мал басы, ай сайынғы сүт өндіру көлемі мен оны өңдеудің арасалмағы елеулі ерекшеленеді.

Қорытындылай келе, сүт және сүт өндіруші кәсіпорындарда тұтынушылар сұранысын талдап, сәйкес шешімдер қабылдап, өндіріс көлемін, өнім ассортиментін жаңартып, өнім сапасын жоғарылату шараларын қарастыру қажет. Ол үшін арнайы мамандандырылған орта және ірі тауарлық шаруашылықтар құру арқылы ішкі нарықты отандық сүт өнімдерімен қамтамасыз ету; тұтынушылар талғамы мен сұранысына сәйкес сүт және сүт өнімдерінің ассортиментін кеңейту арқылы қажеттіліктерді қанағаттандыру; сүт және сүт өнімдерінің қазіргі күнге сай орамдар есебінен сақтау; сүт өнімдерін өндіруші кәсіпорындардың ең басты міндеті өнімнің сапасын арттыру құрамында май және ақуыз басым өнімдерді өндіру; сүт қабылдайтын арнайы дайындау пункттерін ашу; орта және ірі шаруашылық нысандарын ұйымдастыру ісінде экономикалық қызығушылық туғызу және осы мақсаттар үшін ауыл шаруашылық құрылымдары мен бюджеттен берілетін субсидияларды кешенді пайдалануды қамтамасыз ету; республикалық бюджет қаражаттарынан асыл тұқымды мал сатып алуға субсидия беру; мал шаруашылығы, сүт өнеркәсібі және қызмет жасау салаларының бәсекеге қабілетті маман-кадрларын дайындау; сүт және сүт өнімдерін өндіретін кәсіпорындарға инвестиция тартуды қолдау.

Әдебиеттер:

1. Байдақов А.Қ. Ауыл шаруашылығында тәуекелді бағалаудың әдістері және оны басқарудың принциптері // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – Астана, 2007. – №1. – 107-111 б.
2. Табынбаев Ж. Сүт сауып, құт тауып тұр // Сыр бойы. – 2012. – 3 наурыз.

Резюме

В статье были проанализированы производственный потенциал и возможности Кызылординского региона в производстве молока и молочных продукции, рассмотрены факторы, оказывающие отрицательное воздействие на прогрессивное развитие отечественной продукции. Предложены мероприятия по обновлению ассортимента и улучшению качества продукции, резервы повышения эффективности производства молока.

Summary

In this article were analysed production potential and possibilities of the region in production of milk and dairy production, the factors making negative impact on progressive development of a domestic production are considered. And also, actions for updating of the range and improvement of quality of production, reserves of increase of production efficiency of milk were offered.

ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

М.А. ЕЛПАНОВА,

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

М. КУЛАХМЕТОВ,

магистрант,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,

Қазақстан Республикасы

Құрылыс Қазақстан Республикасының ең белсенді дамып келе жатқан салаларының бірі болып табылады. Қазіргі жағдайда елімізде құрылыс кешені өзгермелі болуда, ұлттық экономиканың тұрақсыз секторы болып келеді, ол сыртқы факторлар әсерінің күшеюі жағдайында қызмет етудің тұрақсыздығымен, белгісіздігімен сипатталады. Оның тұрақты дамуы инвестициялық қызметті жандандыруынан, экономиканың өндірістік және өндірістік емес салаларына капитал салымдарының кеңеюіне тәуелді болады.

Құрылыс саласындағы инвестицияның жіктелуін сурет 1-сурет үлгісінде көрсетілген.

Инвестиция – бұл ақшаны, оның сақталуына немесе құнының артуына және табыстың оң шамасын қамтамасыз етуге үміт арта отырып, орналастыруға болатын кез келген құрал [1]. Инвестицияның ұсынылған жіктелуі қазіргі заманның инвестициялық жобалау концепцияларын толығырақ түсіну үшін, құрылыста жүріп жатқан инвестициялық процестерді жан-жақты бағалау үшін қажет.



Сурет 1. Құрылыс саласындағы инвестицияның құрылымдық жіктелуі


Құрылысқа жұмсалған инвестициялар жұмыс істеп тұрған өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік, сауда және басқа кәсіпорындардың жаңа құрылысына, қалпына келтіруге, кеңеюіне және техникалық қайта жарақтандырылуына кеткен шығындарды, тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық құрылысқа кеткен шығындарды қосады. Құрылысқа жұмсалған инвестицияларға құрылыс жұмыстарының барлық түрлеріне жұмсалған шығындар; жабдықтарды монтаждау бойынша шығындар, құрылыс сметаларында көзделген монтаждауды талап ететін және талап етпейтін жабдықтарды сатып алуға жұмсалған шығындар; құрылыс сметаларына қосылған өндірістік құрал-саймандар мен шаруашылық мұқаммалдарын сатып алуға; құрылыс сметаларына кірмейтін машиналар мен жабдықтарды сатып алуға кеткен шығындар; өзге күрделі жұмыстар мен шығындарға кеткен шығындар жатады.

Құрылыс саласының қызмет ету үрдісінде жобалық, бас мердігерлік және кіші мердігерлік құрылыс ұйымдары, құрылыс индустриясының кәсіпорындары және көлік ұйымдары инвесторлардың тапсырысы бойынша құрылыс өнімдерін жаратуға қатысады. Ақпараттық жарнама қызметін атқарушы ұйымдар, банктер, сақтандыру ұйымдары сатушылар (инвесторлар) мен сатып алушылар (мердігерлер) арасындағы мердігерлік қатынасқа, яғни құрылыс өнімдерін несиелеу және сақтандыру, келісім-шарттарды ұйымдастыру, жарнама жасау, кеңес беру, т.б. жолымен қызмет көрсетеді.

Құрылыс кешенінің қызмет етуінің ерекшелігі құрылыс өнімдеріне тапсырыс берушілердің (инвесторлар) өздері ол өнімді пайдалануға қатыспауы мүмкін, оны жалға беруі немесе басқа тұлғаларға сатуы мүмкін. Осылай, құрылыс өнімдерінің соңғы тұтынушылары болып мемлекеттік және жергілікті басқару ұйымдарының қызметкерлері, сонымен бірге елдің тұрғындары бола алады.

Республикада 2003 ж. бастап мердігерлік құрылыс жұмыстарының көлемдерінің 424 млрд. теңгеден 1 876 млрд. теңгеге дейін артуы байқалады, бұл және сәйкесінше физикалық көлемнің жағымды индексі көрсеткішпен бейнеленген. Әйткенмен, 2009-2008 ж. қарағанда экономикалық құлдыраудың жағымсыз зардаптардың нәтижесінде -3% теріс динамика болды (2-сурет).


Құрылыс саласының тұрақты дамуы үшін Үкімет «2010-2014 жылдарға Қазақстан Республикасында құрылыс өнеркәсібін және құрылыс материалдарының өндірісін дамыту бойынша бағдарламасын» өңдеген болатын, ол «2010-2014 жылдарға Қазақстан Республикасының жылдамдатылған индустриалды инновациялық даму бағдарламасының» (ЖИИДБ) ішкі бағдарламасы болып табылады. Түрлі секторлардағы шаралар қатары 6,5 трлн. теңге мөлшерінде мемлекеттік қаржыландыру болжайды, оның ішінде құрылыс өнеркәсібінің дамуына 733 млрд. теңге мөлшерде, басқа салалардың дамуы бойынша басқа мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуынан шектес нәтижені ескере отырып, құрылыс саласын қолдаудың жалпы көлемі көрсетілген инвестициялардың көлемінен жоғары.



Ескерту: ҚР Статистика агенттігі мәліметтері негізінде құрастырылған [2].

Сурет 2. Қазақстан Республикасындағы құрылыс саласының көлемі

Құрылыс саласының негізгі капиталына инвестициялар көлемі жыл сайын өсуде, бұл құрылыс компаниялар негізгі қорларды әрі қарай жаңартуы, инвестициялауы туралы айтады (3-сурет).



Ескерту: ҚР Статистика агенттігі мәліметтері негізінде құрастырылған [2].

Сурет 3. Құрылыс саласының негізгі капиталына инвестициялар көлемі, млн. теңге

Аталмыш мақалада Қызылорда облысының инновациялық жобалардың модернизациялау сұрақтары қарастырылған. Сонымен қатар ауылшаруашылық, өнеркәсіптік және де бөлшек саудадағы инновацияларды модернизациялау сұрақтары қарастырылған. Шағын кәсіпкерлік қызметінің құрылымы мен нақты экономиканың секторына талдау жасалған.

Summary

This article discusses the issues of modernization of innovative projects of Kyzylorda oblast. Including in the industrial, agricultural and retail trades. As well as the structure of the real sector of the economy, the structure of the indicators of SMEs.

ӘОЖ 342.725:008:379.82

ЗАМАНАУИ ДИДАКТИКАДАҒЫ ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ФОРМАСЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

***А.Ж. ӘБДІҒАППАРОВА,**
магистрант*

***Р.Т. ИГЕНБАЕВА,**
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы*

Кез келген іс-әрекеттің тиімді болуы, оның нәтижесі сапалы болуы үшін тұлғаның бойында айқын, күшті, терең мотивтердің болуы шарт. Тұлға қойылған мақсатқа кездескен қиындықтарды жеңе отырып, қолайсыз жағдайлардың болуына қарамастан алға ұмтылып, бүкіл қарқынды күшін

жұмсап белсенді түрде іс-әрекетті жүзеге асырса, оның нәтижесі де жоғары болмақ. Іс-әрекеттің мотивациясымен оны стимулдау тығыз байланысты. Стимулдау – ойды, сезімді, әрекетті қоздыру, итермелеуші күш беру, оған әсер ету. Оқушылардың іс-әрекетін стимулдау үшін қолданылатын әдістердің ішінде көп тарағаны жарыс, танымдық ойын, мадақтау мен жазалау.

Жарыс педагогикалық процесте оқушылардың жетістікке, басымдылық танытуға, лидерлікке құлшынысын, сауатты түрдегі бәсекелестікке ұмтылысын дамыту үшін қолданылады. Оқушылардың оқуда, еңбекте, қоғамдық іс-әрекетте жақсы нәтижеге жету үшін күреске тарту олардың шығармашылық белсенділігін, бастамашылдығын, жаңашыл идеяларын дамытады, ұжымшылдық және жауапкершілік сезімдерін қалыптастырады. Өмірлік тәжірибе көрсеткендей оқу процесінде жарыс әдісін қолдану оқу процесінің тиімділігін арттырады. Жарыс ұжымдық және дара сипатта, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімге есептелген болуы мүмкін. Оны ұйымдастыру және іске асыру барысында жариялылық, көрсеткіштердің нақтылығы, нәтиженің салыстырмалылығы, озық тәжірибені практика жүзінде қолдану мүмкіндігі секілді дәстүрлі қағидаларды ұстану қажет.

Іс-әрекетті стимулдау әдістеріне танымдық ойындар және оқу пікірталастар жатады. Ойын арқылы оқыту әдістері (шынайы кәсіптік әрекет жағдаяттарын имитациялық модельдеу принципіне негізделген оқу-іскерлік немесе әрекетті ойындар).

Ойынның оқыту және ғылыми, өндірістік, ұйымдастырушылық тұрғыдағы мәселелерді шешу мақсатында қолданылатын түрлері көп. Оларға оқу, имитациялық, ролдік, ұйымдастыру-әрекеттік, іскерлік, әскери, инновациялық, басқармалық, т.б. ойындар жатады. Оқу процесіндегі ойын оқытудың формасы да, әдісі де болып табылады. Ойын оқытушы мен студенттің іс-әрекетінің бірлескен, өзара байланысты технологиясының дидактикалық категориясы ретінде де қарастырылады. «Ойын» сөзінің этимологиясына жүгінсек, ол «ой» деген сөзге тікелей қатысты болып шығады. Ойлану арқылы ойынның мақсатына жетуге болады. Сондықтан ойынның адамның ойлау әрекетімен ұштасып жатқандығын байқау қиын емес (Н. Ахметов, Ж. Хайдаров).

Оқу ойындары – студенттің өзіндік білім, білік, дағдыны меңгеруге бағытталған әрекеті. Оқу ойындарының төмендегі сипаттарын атап өтуге болады: тікелей дидактикалық әсер ету, яғни студент пен оқытушы бірлесіп, белгілі бір ролді «ойнайды»; жанамалай дидактикалық әсер ету, яғни оқытушы мен студент бақылаушы немесе жанкүйер ретінде «ойыннан тыс» қалады; аралас дидактикалық әсер ету, бұнда оқытушы мен студент жүргізуші, төреші, эксперт, кеңесшінің ролінде болады.

Ойын әдістерін оқыту процесінде қолдану Еуропа мен ТМД елдерінің жоғары оқу орындарында, Францияның, Германияның, Англияның инженерлік және гуманитарлық жоғары оқу орындарында кең тараған. АҚШ-тың жоғары мектеп жүйесінде бұл әдістің барынша кең көлемде қолданылатындығын атап өткен жөн. Әсіресе Гарвард, Калифорния, Нью-Йорк, Стэнфорд университеттері, сондай-ақ Гопкинс университеті, Лихай, Массачусетс технологиялық институты, т.б. көптеген атышулы университеттер мен колледждері ойындық әдістерді қолдануда ең алдыңғы қатардан орын алады.

Оқытуды ойын арқылы жүзеге асыру жаңалық емес, ол ежелден қалыптасқан әдіс. Дегенмен, Кеңестер дәуірінде жоғары оқу орындарында іскерлік ойын әдісі алғашқы рет ХХ ғасырдың 30-шы жылдары қолданылды.

Жоғары оқу орындарында ойынды ұйымдастыру кеңестік педагогтар мен психологтардың төмендегі тұжырымдамаларына негізделген: ойын субъектінің әлеуметтік дамуының мектебі (Л.С. Выготский); ойынның қиял әрекетімен байланысы (С.Л. Рубинштейн); ойын әрекетінің жалпылама сипаты (Б.Г. Ананьев); ойын мен оқыту еңбекпен ұшталатын әрекеттің дайындық формасы; ойын әрекетінің мотивациясы (Р.И. Жуковская, Л.С. Славина); ойын практикалық танымдық әрекетінің құралы ретінде (Р.И. Жуковская, А.Н. Люблинская).

Ойынның оқыту процесіндегі ролін зерттеуші шетелдік және отандық ғалымдар оны жоғары оқу орындарында қолданудың төмендегі мақсаттарын айқындайды: оқу пәнінің мақсаты мен тұжырымдамасын безендіру (иллюстрациялау); оқыту процесіне студенттердің белсенді араласуын қамтамасыз ету; әрбір ойынға қатысушының жеке өсуін жеңілдету; қабылдауды күшейту, яғни «не?» деген сұрақ пен «қалай?», «қашан?» деген сұрақтардың арасындағы тоқырауды азайту; мотивацияны көтеру, проблемалық сұрақты шешу үшін «жоспар» мен «құрылымды» дайындап алу; бір-бірімен қарым-қатынасты белсенді түрде жүргізу (тұлғааралық және топаралық қарым-қатынасты берік қалыптастыру); жоғары оқу орындарында ойынды қолданудың жалпы мақсаты білімділік, тәрбиелік және дамытушылық сипатта болуы тиіс.

Пікірталас (дискуссия) – ежелден белгілі әдіс, орта ғасырларда өте кең қолданылды (мысалы, пікірталас арқылы шындықты табу). Бұл әдістің негізгі қызметі белгілі бір мәселе бойынша көзқарастардың

пікірталасы арқылы жаңа білімді игеру, өз пікірін бекіту болып табылады. Дискуссияның міндетіне таным процесін дамыту жатады.

Айтысу, ұстанымдардың қарама-қайшылығы, талқыланып отырған материалдың мазмұнына ерекше маңыз беру секілді пікірталас элементтері оқытудың барлық формаларында тіпті лекцияларда да қолданылуы мүмкін. Пікірталас-лекцияларда әдетте көтерілген мәселеге қарама-қайшы көзқарастары бар екі оқытушы шығады немесе артистік дарыны бар бір оқушы шығады. Бұндай жағдаятта дауысты өзгерту, бетперде пайдалану тәсілдері де қолданылады. Пікірталасқа мүмкіндігінше оқытушылар емес, студенттерді қатыстыру керек. Бұл жағдайда әлеуметтік механизмдерді қалыптастыратын белгілі бір топтар құрылғаны дұрыс. Олар іс-әрекеттің жаңа әдістерін дамытады немесе жаңа тәсілдерді ойлап табады.

Дискуссиялық әдістерді тиімді түрде жүзеге асырудың бір жолы пікірталасқа түсушілердің алдын ала білікті дайындығы болып табылады. Оған көтерілетін мәселе бойынша қажетті білімді жинақтау, өз ойын шұбалаңқы емес, қысқа да нұсқа жеткізе білу, өзінің эмоциясын бақылай білу, сұрақты нақ әрі анық қою, оппоненттің ой-тұжырымына құрметпен қарау т.с.с. жатады.

Дискуссиялық әдісті тек гуманитарлық пәндерді жүргізу барысында пайдаланған ұтымды деген пікір жаңсақ, өйткені бұл әдісті тарих, әлеуметтану, этика, әдебиет сынды пәндермен қоса химия, физика, биология т.б. пәндерді өткізу үшін қолдануға әбден болады. Бұл жағдайда дискуссия ғылыми-танымдық пікір алысуға айналу керек. Соңғы кездері аралық және қорытынды бақылауды тест арқылы өткізу студенттердің сөйлеу қабілетін, ойын жеткізе білу қабілетін төмендетті деген пікір айтылуда. Сондықтан практикалық сабақтар барысында бұл әдісті пайдалану – жоғарыда көрсетілген мәселенің тиімді шешімі.

Бұл әдістің тәрбиелік мәні де жоғары. Оның көмегімен білім алушылардың мінез-құлқы, темпераменті, есте сақтау және ойлау қабілеті сияқты танымдық процестерін диагностикалаумен қатар, олардың тәртібін, әрекетін, өзін-өзі ұстай алу қабілетін тәрбиелеп, дамытуға мүмкіндік туады. Дискуссия тақырыбын таңдағанда терең мазмұнды тақырыптармен қатар, адамгершілік мәселелері, адамдар арасындағы қарым-қатынас жөнінде пікірталастыруға болады.

Мадақтау – белгілі бір оқушының немесе ұжымның мінез-құлқын және іс-әрекетін қоғамдық оң бағалау тәсілі. Оның стимулдаушы ролі кез-келген іс-әрекеттің нәтижесін жоғары бағалап, ынталандыруда. Қанағаттандыру сезімін бойында ояту арқылы білімденушінің өзіне деген сенімі дамиды, күш-қуаты артады.

Қазіргі кезең дидактикасы дәстүрлі оқытудан интерактивті оқыту формасы мен әдістердің мынадай негізгі айырмашылықтарын атап көрсетеді: оқушылардың танымдық қызметін міндетті түрде белсенді ету; сабақта оқушының белсендігін мүмкіндігінше ұзақ уақытқа көтеру; оқушының проблемаларды шешу барысында (өз бетімен және топпен) жоғары деңгейде күш-жігер салуы; белсенді қызмет ету үшін эмоционалдық еріктік жағдай танытуы; оқытушы мен оқушылар арасындағы қарым-қатынаста үздіксіз тура және кері байланыстың болуы; мұғалім қызметінің менеджер, оқу үрдісін ұйымдастырушы, кеңесші рөліне ауысуы.

Педагогика ғылымы оқу үдерісінде оқушылардың іс-әрекетін белсендірудің сан-алуан әдістері мен формаларын қарастырады. Соңғы кездері олардың жобалау әдісі секілді кейбіреулеріне ерекше мән берілуде, ал эвристикалық әңгіме, зертханалық жұмыс т.б. сияқты кейбіреулері дәстүрлі оқыту қатарында болғанымен оларға деген көзқарас жаңа сипат алуға.

Жалпы интерактивті оқыту дидактиканың теориялық және практикалық тұрғыдан зерттеуді қажет ететін міндеттерінің бірінен саналады. Ал интерактивті оқыту формаларын, әдістерін пайдалану мұғалімнен аса шеберлік, білімділікті талап етіп, педагогикалық қарым-қатынас барысында демократиялық бағытта болуын қалайды. Педагогикалық үдерісте жаңа технологияларды енгізіп, интерактивтік оқытуды пайдалану мұғалімдерді кәсіби шындайтындығы ақиқат. Сондықтан интерактивті әдісті қолдану кезінде оқушылардың танымдық белсенділігін дамытып, оқушы мен оқытушының біріккен шығармашыл әрекетіне бағыттау қажет екенін басты назарда ұстау қажет.

Көптеген педагог-ғалымдардың пікірінше, оқытудың белсенді әдістері біріншіден, оқушылардың іс-әрекетін өнімді, шығармашылық, іздеушілік сипатқа бағыттайтын әдістер, екіншіден, бұл әдістер оқушылардың танымдық іс-әрекетін ынталандыратын, білім алу процесінде еркін пікір алысуға мүмкіндік беретін тәсіл. Оқытудың интерактивті әдістері оқушыларды белсенді оқу-танымдық іс-әрекетке қатыстыру арқылы жоғары деңгейде білімді, білікті және дағдыны меңгеруге жол ашады.

Оқытудың белсенді әдістері шебер қолданылғанда бірден үш оқу-ұйымдастырушылық міндеттерді шешуге көмектеседі: оқыту процесін мұғалімнің басқару әсеріне бағындырады; жақсы және нашар

оқытын оқушыларды оқыту процесіне белсене қатысуды қамтамасыз етеді; оқу процесін үздіксіз қадағалауға мүмкіндік береді.

Оқытудың белсенді әдістерінің ерекшелігі, оның оқыту барысында барлық оқушылардың таным процесіне араласып, бұрыннан таныс және жаңадан қойылған мәселе туралы не ойлайтынын айтып, талқылауға мүмкіндігінің болуында. Мұнда бір пікірге екінші пікірді ұқсатуға жол бермей, диалогты оң сипатта құруға мүмкіндік туады. Диалогтық білім алу кезінде білім алушы оқушы тек сәйкес мәліметтер мен жағдайға байланысты «сын тұрғысынан талқылау, ойлауды» үйреніп қана қоймай, сонымен қатар күрделі мәселелерді шешуге, альтернативті пікір туғуға, саналы шешім қабылдауға, пікірталасқа қатысуға, басқа адамдармен қатынасқа түсуге үйренеді. Бұл үшін практикалық сабақтарда жекелік топтық, екі адамды қатыстыратын зерттеу жобалары, рольдік ойындар жүргізіп, білім алушыларды әртүрлі ақпарат көздері мен қызықты құжаттар, шығармашылық тапсырмалар беріледі. Оларға нақты жағдайды талқылау, «ми шабуылы», проектіні орындау және жүзеге асыру (ақпараттық, ойындық, зерттеу және шығармашылық), еркін пікірталас және т.б. жатқызуға болады.

Фронталді әдістердің шартты түрде тренинг, рөлдік ойын, ақпараттық технологиялар деп бөлінуі оның интерактивтік сипаттамасын дәлелдей түсіп, ұстазға оқыту мақсатына жету үшін аз уақыт ішінде көп көлемді материалды меңгеруге оқушы мен оқытушының сбірлескен әрекеттерін арнайы ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Рөлдік ойын немесе тренинг өзінің оқытудағы мақсатымен және ерекшелігімен таңдалынады. Әдетте, тренинг ойынға қарағанда көп нәтижелі болып келеді. Себебі, тренинг мазмұнды және уақыттық регламенті болғандықтан мақсатқа жету оңай, ал ойында дағдыларды үйреніп, мәселені соңғы қалып, ойыншының жеңуі бірінші орында. Оқытудың белсенді әдістеріне мыналар жатады: эвристикалық әңгіме; пікірсайыс әдісі; «миды шабуылдау» әдісі; «дөңгелек үстел» әдісі; «іскерлік ойын» әдісі және т.б. Осы әдістерге жеке-жеке тоқтала кетсек.

Эвристикалық әңгіме әдісі өз атауын Сократтық «эвристика» (грек сөзінен – табамын, іздеймін, ашамын) деген сөзінен алынған. Оның ежелгі грекиялық нұсқауында бұл әдіс сол кездегі білім жүйесінің бір түрі – оқушылардың өзіндік ізденісін талап ететін жетекші сұрақтармен ерекшеленген.

Эвристикалық әңгіме әдісін қолданғанда берілген тақырыптың мақсатының айқын белгіленуі, мазмұны нақты фактілермен дәлелденуі, оқушылардың жас ерекшелігі ескеріліп, қарапайым тілмен нақтылы өмірге қатысты мәселелер қозғалуы қажет.

Эвристикалық әңгіме Сократ әңгімесінен бір жағынан бөлек болса, екінші жағынан қызғылықты құрастырылған сұрақтарға деген оқушылардың қызығушылығын арттырумен, олардың ойлауын белсендіруімен ұқсас келеді. Өзінің психологиялық табиғаты бойынша эвристикалық әңгіме қойылған сауалға жауап іздеу немесе ұжымдық ойлау ретінде қарастырылады. Сондықтан педагогика ғылымы проблемалық-іздеу әдісі мен эвристикалық әңгімені бір-біріне ұқсатады. Педагогика бұл екі әдіс арасында формальды-сандық шек қояды: егер эвристикалық әңгіме тақырыпты ашуда тек қана бір элементті есепке алса, проблемалық-іздену әдісіне тұтас проблемалық жағдай арқау болады. Сонымен эвристикалық әңгіме мұғалімнің айрықша шеберлігін талап ететін интерактивті оқытудың бір әдісі болып табылады және оны қолдануда мына жағдайлар ескерілуі керек: әңгіме тақырыбы қызықты, әрі проблемалық сипатта болуы; оқушылардың қойылған мәселені талқылауға белсене араласуы; оған сын көзбен қарап, нақты қорытындылар жасауы, оқушылардың көңіл-күйлері көтеріңкі болуына жағдай туғызу; өзара түсінушіліктің болуы; оқушылардың пікіріне, жауаптарына зейін қойып, дұрыс баға беру; белсенді оқушыларды және олардың дұрыс жауаптарын көтермелеп, қолдап отыру; кемшіліктері болса, әдеппен түзету т.б. [1,2].

Келесі интерактивті әдіс – пікірталас. Пікірталас әдісі жеке тұлғаның интеллектуалды дамуын, оның әлеуметтік белсенділігінің артуына ықпалын тигізеді. Оның себебі пікірталаста алынған тақырыпқа дайындық барысында оқушылар мен студенттер талқыланатын мәселелерге қатысты зерттеу жүргізіп, көптеген ақпаратпен таныса алады. Бұл өз ретінде олардың өзіндік пікірлерін қалыптастыруға, өз ойларын қарсыластарының көзқарастарымен салыстыра отырып, ойын барысында қорғауға үйренеді. Пікірталас жастардың жан-жақты білімдерін жетілдіріп, мәдениетін деңгейлерін көтереді, басқа адамға түсіністікпен қарап, олармен санасуға үйретеді әрі шешендік өнерге баулиды.

Пікірталас өте ежелден белгілі әдіс, орта ғасырларда өте кең қолданылды (мысалы, пікірталас арқылы шындықты табу). Бұл әдістің негізгі қызметі белгілі бір мәселе бойынша көзқарастардың пікірталасы арқылы жаңа білімді игеру, өз пікірін бекіту болып табылады. Дискуссияның міндетіне таным процесін дамыту жатады.

Айтысу, ұстанымдардың қарама-қайшылығы, талқыланып отырған материалдың мазмұнына ерекше маңыз беру секілді пікірталас элементтері оқытудың барлық формаларында тіпті лекцияларда да

қолданылуы мүмкін. Пікірталас-лекцияларда әдетте көтерілген мәселеге қарама-қайшы көзқарастары бар екі оқытушы шығады немесе артистік дарыны бар бір оқытушы шығады. Бұндай жағдаятта дауысты өзгерту, бетперде пайдалану тәсілдері де қолданылады. Пікірталасқа мүмкіндігінше оқытушылар емес, студенттерді қатыстыру керек. Бұл жағдайда әлеуметтік механизмдерді қалыптастыратын белгілі бір топтар құрылғаны дұрыс. Олар іс-әрекеттің жаңа әдістерін дамытады немесе жаңа тәсілдерді ойлап табады.

Дискуссиялық әдістерді тиімді түрде жүзеге асырудың бір жолы пікірталасқа түсушілердің алдын ала білікті дайындығы болып табылады. Оған көтерілетін мәселе бойынша қажетті білімді жинақтау, өз ойын шұбалаңқы емес, қысқа да нұсқа жеткізе білу, өзінің эмоциясын бақылай білу, сұрақты нақ әрі анық қою, оппоненттің ой-тұжырымына құрметпен қарау, т.с.с. жатады.

Дискуссиялық әдісті тек гуманитарлық пәндерді жүргізу барысында пайдаланған ұтымды деген пікір жаңсақ, өйткені бұл әдісті тарих, әлеуметтану, этика, әдебиет сынды пәндермен қоса химия, физика, биология т.б. пәндерді өткізу үшін қолдануға әбден болады. Бұл жағдайда дискуссия ғылым-танымдық пікір алысуға айналу керек. Соңғы кездері аралық және қорытынды бақылауды тест арқылы өткізу студенттердің сөйлеу қабілетін, ойын жеткізе білу қабілетін төмендетті деген пікір айтылуда. Сондықтан практикалық сабақтар барысында бұл әдісті пайдалану – жоғарыда көрсетілген мәселенің тиімді шешімі.

Бұл әдістің тәрбиелік мәні де жоғары. Оның көмегімен білім алушылардың мінез-құлқы, темпераменті, есте сақтау және ойлау қабілеті сияқты танымдық процестерін диагностикалаумен қатар, олардың тәртібін, әрекетін, өзін-өзі ұстай алу қабілетін тәрбиелеп, дамытуға мүмкіндік туады.

Дискуссия тақырыбын таңдағанда терең мазмұнды тақырыптармен қатар, адамгершілік мәселелері, адамдар арасындағы қарым-қатынас жөнінде пікірталастыруға болады.

Пікірталасты ұйымдастыру әрі құрылымы жағынан өте күрделі болып келеді. Оқытудың басқа әдістерінен мұның ерекшелігі, оқытушылардың жай тыңдаушылар қатарында емес, керісінше қаралып отырған мәселеге олардың белсене қатысу жағдайында ұйымдастырылуы, оған ұжым болып пікір алмасуы, дербес ойлай білуге дағдылануы, т.с.с. болып келеді. Соның негізінде оларды сөйлей білуге, өз ойларын еркін жеткізіп, дәлелдей білуге, жолдастарының пікіріне сын көзбен қарай білуге үйретеді. Пікірталасты ұйымдастырудың барысында оқытушылардың дүниетанымы кеңейіп, сенімдері артады өмірлік көзқарастары шыңдалады. Ол әдіс арнайы алдын-ала дайындалған оқу бағдарламасындағы теориялық сұрақтарды еркін әңгіме ету, эвристикалық әңгімеден туындап, «жағалауға шыққан» пікірталасқа айналады [28, 255 бет].

Пікірталас – пікір алмасу кезінде туындайтын әртүрлі ойлардың арасында қызу күрес жүретін сөз-әрекеттік диалогтық формасы. Мұнда әңгімелесу кезіндегідей ой алмасу қарқынды түрде емес, әр түрлі қарқынды өтілуі мүмкін. Бұл әдістің басты ерекшелігі – пікірталасқа түсіп жатқан адамдардың пікірлері қайдан алынғаны белгісіз емес, нақты және дәлелденген болып келеді.

Интерактивті әдіске жататын ойынның оқыту және ғылыми, өндірістік, ұйымдастырушылық тұрғыдағы мәселелерді шешу мақсатында қолданылатын түрлері көп. Оларға оқу, имитациялық, ролдік, ұйымдастыру-әрекеттік, іскерлік, әскери, инновациялық, басқармалық, т.б. ойындар жатады. Оқу процесіндегі ойын оқытудың формасы да, әдісі де болып табылады. Ойын оқытушы мен студенттің іс-әрекетінің бірлескен, өзара байланысты технологиясының дидактикалық категориясы ретінде де қарастырылады. «Ойын» сөзінің этимологиясына жүгінсек, ол «ой» деген сөзге тікелей қатысты болып шығады. Ойлану арқылы ойынның мақсатына жетуге болады. Сондықтан ойынның адамның ойлау әрекетімен ұштасып жатқандығын байқау қиын емес.

Оқу ойындары – студенттің өзіндік білім, білік, дағдыны меңгеруге бағытталған әрекеті. Оқу ойындарының төмендегі сипаттарын атап өтуге болады: тікелей дидактикалық әсер ету, яғни студент пен оқытушы бірлесіп, белгілі бір ролді «ойнайды»; жанамалай дидактикалық әсер ету, яғни оқытушы мен студент бақылаушы немесе жанкүйер ретінде «ойыннан тыс» қалады; аралас дидактикалық әсер ету, бұнда оқытушы мен студент жүргізуші, төреші, эксперт, кеңесшінің ролінде болады.

Ойын әдістерін оқыту процесінде қолдану Еуропа мен ТМД елдерінің жоғары оқу орындарында, Францияның, Германияның, Англияның инженерлік және гуманитарлық жоғары оқу орындарында кең тараған. АҚШ-тың жоғары мектеп жүйесінде бұл әдістің барынша кең көлемде қолданылатындығын атап өткен жөн. Әсіресе Гарвард, Калифорния, Нью-Йорк, Стэнфорд университеттері, сондай-ақ Гопкинс университеті, Лихай, Массачусетс технологиялық институты, т.б. көптеген атышулы университеттер мен колледждері ойындық әдістерді қолдануда ең алдыңғы қатардан орын алады.

Оқытуды ойын арқылы жүзеге асыру жаңалық емес, ол – ежелден қалыптасқан әдіс. Дегенмен Кеңестер дәуірінде жоғары оқу орындарында іскерлік ойын әдісі алғашқы рет ХХ ғасырдың 30-шы жылдары қолданылды.

Жоғары оқу орындарында ойынды ұйымдастыру кеңестік педагогтар мен психологтардың төмендегі тұжырымдамаларына негізделген: ойын субъектінің әлеуметтік дамуының мектебі (Л.С. Выготский); ойынның қиял әрекетімен байланысы (С.Л. Рубинштейн); ойын әрекетінің жалпылама сипаты (Б.Г. Ананьев); ойын мен оқыту еңбекпен ұшталатын әрекеттің дайындық формасы; ойын әрекетінің мотивациясы (Р.И. Жуковская, Л.С. Славина); ойын практикалық танымдық әрекетінің құралы ретінде (Р.И. Жуковская, А.Н. Люблинская).

Ойынның оқыту процесіндегі ролін зерттеуші шетелдік және отандық ғалымдар оны жоғары оқу орындарында қолданудың төмендегі мақсаттарын айқындайды: оқу пәнінің мақсаты мен тұжырымдамасын безендіру (иллюстрациялау); оқыту процесіне студенттердің белсенді араласуын қамтамасыз ету; әрбір ойынға қатысушының жеке өсуін жеңілдету; қабылдауды күшейту, яғни «не?» деген сұрақ пен «қалай?», «қашан?» деген сұрақтардың арасындағы тоқырауды азайту; мотивацияны көтеру, проблемалық сұрақты шешу үшін «жоспар» мен «құрылымды» дайындап алу; бір-бірімен қарым-қатынасты белсенді түрде жүргізу (тұлғааралық және топаралық қарым-қатынасты берік қалыптастыру); жоғары оқу орындарында ойынды қолданудың жалпы мақсаты білімділік, тәрбиелік және дамытушылық сипатта болуы тиіс.

«Дөңгелек үстел» әдісі саясат және ғылым жағынан педагогикаға келген әдіс. Әдетте, «дөңгелек үстел» саясат пен ғылымның әр түрлі саласының өкілдерімен белгілі бір проблеманы талқылап, шешу үшін ұйымдастырылады. Бұл әдісте пікір алмасу белгілі бір пікірлердің сәйкес келуіне мүмкіндік береді, ал ол болашақ жұмыстануда жалпы қорытындыны анықтаудың қызыметін атқарады, содан келіп қоғамымыздағы саяси тұрақтылыққа қол жеткізуге немесе ғылыми ақиқатты табуға болады.

«Дөңгелек үстел» – өз ойын еркін айта білу. Жүргізуші нақты мәселе жөнінде жоспар жасайды. Мақсаты: таңдап алынған тақырыпты талдауға қатысушылардың көңілін аудару білу».

Сонымен «дөңгелек үстел» әдісін мектеп оқушыларына да, студенттерге де қолдануға болады. Ол әдіс оқушылардың өз ойын әдемі, реттеліп жинақталған түрде нақты дәлелдермен қалыпты темпте жеткізіп, сөйлеу барысында белгіленген мәдениет пен шарттардан аспай, ресми тұлға ретінде өздерін сезіне білу, ұқсап бұғуға үйретеді [3, 4].

Әдебиеттер:

1. Пидкасистый П.И., Фридман Л.М., Гарунов М. Г. Психолого-дидактический справочник преподавателя высшей школы. – М.: Педагогическое общество России, 1999. – 354 с.
2. Мижериков В.А., Ермоленко М.Н. Введение в педагогическую профессию: Учебное пособие. – М.: Педагогическое общество России, 1999. – 287 с.
3. Подласый И.П. Педагогика. – М.: Просвещение, 1996.
4. Ступина С.Б. Технологии интерактивного обучения в высшей школе: Учебно-методическое пособие. – Саратов: Издательский центр «Наука», 2009. – 52 с.

Резюме

В статье рассмотрена проблема стимулирования деятельности учащихся в педагогическом процессе путем использования интерактивных методов. Изучены особенности и способы активизации познавательной деятельности учащихся в современном образовании, проанализировано, как интерактивные формы и методы обучения (познавательные игры, дискуссия, круглый стол и т.д.) способствуют активизации познавательной деятельности учащихся на практике. Дана характеристика методов мотивации и стимулирования обучающихся, таких как эмоциональный, познавательный, волевой и социальный.

Summary

The article discusses the problem of stimulating the students in the educational process stimulating the students in the educational process through the use of interactive methods we studied the characteristics and ways to enhance the cognitive activity of students in modern education, analyzed as interactive forms and methods of teaching (educational games, discussion, krguly table, etc.) contribute to enhanced cognitive activity of students in practice. The author of the characteristic of the methods of motivation and stimulation – of students, such as emotional, cognitive, volitional and social.

РЕДАКЦИЯДАН

2012 жылғы 18-19 қазанда Қазақстанның байырғы жоғары оқу орындарының бірі – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің 75 жылдығына арналған іс-шаралар болып өтті. Мерейтой шараларының аясында Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, университет ғалымдары мен студенттерінің ғылыми жетістіктерінің көрмесі, мерейтойға арналып шығарылған жаңа кітаптардың таныстырылымдары, спорттық іс-шаралар, салтанатты жиналыс пен мерекелік концерт ұйымдастырылды. Бұл ауқымды іс-шараларға Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының (ҚР ҰИА) мүшелері, еліміздің, Оңтүстік Корея, Украина, Ресей Федерациясы және т.б. елдердің белгілі ғалымдары мен арнайы шақырылған қонақтар қатысты.

ЖОО тарихынан: Университет негізінде 1937 жылы Қызылордаға көшірілген Қиыр Шығыс корей педагогикалық институты базасында ашылған педагогикалық институт тұр. 1992 жылы Н.В. Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институты Қорқыт Ата атындағы Қызылорда педагогикалық институты болып аталды, кейіннен ол Қорқыт Ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университеті болып қайта құрылды.

1976 жылы Қызылордада Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының филиалы ашылды. Кейіннен ол Ы. Жақаев атындағы Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институты болып, 1996 жылы Қызылорда политехникалық институты болып қайта құрылды.

1998 жылдың наурыз айында Ы. Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институты мен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университеті біріктіріліп, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті (Қорқыт Ата атындағы ҚМУ) мәртебесін алды.

Бүгінгі таңда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті жоғары білімді мамандар даярлауда өз дәстүрін, бірнеше ғылыми мектептердің бағыттарын қалыптастырған, республикамыздағы жетекші жоғары оқу орындарының бірі болып табылады. Жоғары оқу орнында білім алып, бұл күндері есімдері алыс және жақын шетелдерге танымал болған көптеген ғалымдарды университет лайықты мақтан тұтады.

Мамандар дайындау сапасын арттырудың басты мақсаты – олардың нарықтық экономика жағдайында бәсекеге қабілеттілігі және оқытушы-профессор құрамының ғылыми әлеуетінің деңгейі жоғары болуы. Осы мақсаттарға жету жолында университет 60-тан астам ғылыми орталықтармен және шетелдік белді жоғары оқу орындарымен әріптестік қарым-қатынастар орнатты. Бұл ынтымақтастықтың негізгі бағыттары – студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы, қос дипломды білім бағдарламаларын жүзеге асыру, оқытушылардың біліктігін жоғарылату, халықаралық жобаларға, конференциялар мен семинарларға қатысу, магистрлер мен ғылым докторларын даярлау.

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-де М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, И.М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университеті, В.П. Горячкин атындағы Мәскеу мемлекеттік агроинженерлік университеті, Корея Республикасы Каннам университеті, РФА Н.Н. Михлухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институты сынды шетелдік жоғары оқу орындары мен жетекші ғылыми орталықтардың магистратура, аспирантура, докторантурасын 40-тан астам бітірушілері еңбек етіп, жоғары білікті мамандарды даярлау әрі тәрбиелеу ісіне белсене атсалысып жүр.

Қазіргі таңда университетте 27 мамандық бойынша 340 магистрант білім алуда, осы оқу жылынан бастап PhD докторантураның 9 мамандығы бойынша жоғары білікті ғылыми-педагогикалық мамандар даярлау басталды.

Мерекелік іс-шаралар 2012 жылғы 18 қазанда Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада басталып, онда «Қорқыт Ата атындағы ҚМУ: қалыптасу және даму жолдары» кітабының тұсаукесері болды. Кітапта Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің 75 жылдық тари-

хы баяндалады. Іс-шара барысында көпшіліктің назарына «Фотошежіре», «Университет – баспасөз беттерінде», «Біз – университет түлектеріміз» кітаптары да ұсынылды.

Әрі қарай университеттің шетелдерде білім алған жас ғалымдарының, сондай-ақ студенттер, магистранттар, докторанттардың ҚР ҰИА Президиумы мүшелерімен, отандық және шетелдік белгілі ғалымдармен кездесуі өтті. Кездесу барысында ғалымдар өздерінің тәжірибелерін жас әріптестерімен бөлісті, ЖОО арасындағы ынтымақтастықты нығайту мәселелері жөнінде пікірлер алмасты, университеттің жас оқытушылары мен студенттерінің сұрақтарына жауап берді.

Жас ғалымдар өздерін толғандырып жүрген мәселелерді «дөңгелек үстел» басында талқылап, өздерінің алған әсерлері, жоспарларымен бөлісуге мүмкіндік жасағандары үшін белгілі профессорлар мен академиктерге өз ризашылықтарын жеткізді. Лауазымды қонақтар университеттің заманауи ғылыми-техникалық әлеуетіне, кешенді ғылыми зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін материалдық-техникалық базасының мүмкіндіктеріне тоқталды.

Қазір университетте жас ғалымдардың жетекшілік етуімен бірнеше инновациялық жобалар орындалуда. Көптілді білім беру жүйесін дамыту мақсатында университетте «Электронды оқу-әдістемелік оқулықтар кешені Virtual Learning» жобасы іске асырылуда. Ғылыми жобаның мақсаты – білім алушылар үшін Интернет арқылы үш тілде пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің виртуалды нұсқалары желісін жасау. Мұнымен қатар, «Қазақстанның мұнайды қайта өңдеуші зауыттарының олефинді шикізатынан карбон қышқылдарының күрделі эфирлерін алудың қуатүнемдеуші және экологиялық таза технологияларын жасау», т.б. инновациялық жобалар жүзеге асырылуда.

Сырдария өзенінің төменгі жағында орналасқан мәдени ескерткіштерге жүргізілген тарихи зерттеулер мен археологиялық ізденістер нәтижелерін ғылыми айналымға енгізу мақсатында университетте 2011-2012 оқу жылында Археология және этнография ғылыми-зерттеу орталығы ашылды. Орталықтың ғылыми қызметкерлері – Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының бұрынғы аспиранттары, жас ғалымдар.

Мерекелік іс-шаралар 2012 жылғы 19 қазанда жалғасын тапты. Түске дейін Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Студенттер сарайында «Жоғары кәсіптік білімнің инновациялық дамуы: тәжірибесі, мәселелері және келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның пленарлық мәжілісі жұмыс жасады.

Пленарлық мәжілісті университет ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор Қ.А. Бисенов жүргізді. Конференция жұмысына Қазақстан, ТМД елдері мен алыс шетелдің белгілі ғалымдары қатысты.

Конференцияға қатысушылар ғылым мен білім дамуының өзекті мәселелерін талқыға салды. 18 қазанда өткен конференцияның 4 секциясының жұмысы барысында Ресей, Украина, Корея Республикасы, Түркия, отандық жоғары оқу орындарынан келген ғалымдар жоғары кәсіби білімді дамыту мен білім, ғылым және өндіріс салаларындағы әріптестік байланыстар мәселелері тұрғысында пікір алмасып, ойларын ортаға салды. Секциялық мәжілістерде барлығы 200-ден аса баяндама тыңдалды.

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ Еуропалық ЖОО ассоциациясының толыққанды мүшесі болып табылады. Мерейтой университеттің әріптестік шекарасын айтарлықтай кеңейтуге жол ашты. Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-нің Каннам Университетімен (Корея Республикасы), Т.Г. Шевченко атындағы Киев ұлттық университетімен (Украина), К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу аграрлық университетімен (Ресей) және басқа да жоғары оқу орындарымен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою рәсімі жасалды.

Өзінің 75 жылдық тарихында Арал өңіріндегі білім, ғылым мен өнер орталығына айналған Қорқыт Ата атындағы ҚМУ спортта да айтарлықтай жетістіктерге жетті. Екі мәрте олимпиада чемпионы, бірнеше мәрте әлем чемпионы, Сыр өңірінің мақтанышы Илья Ильин – университет түлегі. Ғылыми кеңестің шешімімен И. Ильинге Қорқыт Ата атындағы ҚМУ дене шынықтыру және спорт саласындағы құрметті докторы атағы берілді. Университет сондай-ақ, өзінің түлектері – Марина Вольнова, Алмас Өтешов, Виктор Лептиков, Александр Зайчиков және т.б. республикамыздың белгілі спортшыларын да мақтан етеді.

Мерейтойлық іс-шара барысында спортшылардың құрметіне «Сыр Ана монументі – Орталық алаң» бағытымен велошабандоздардың шеруі және «Қорқыт Ата ескерткіші – Орталық алаң» бағыты бойынша жеңіл атлетшілердің жарысы өткізілді. Велошабандоздар шеруіне университеттің 500 студент-велошабандоздары және 75 кәсіпқой велошабандоздар, жеңіл атлетикадан жарысқа Қорқыт Ата атындағы ҚМУ денешынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасының 75 спортшы-жеңіл атлеттері қатысты.

Н. Бекежанов атындағы облыстық музыкалы-драма театрында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің 75 жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиналысқа Қызылорда облысының әкімі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі (ҚР БҒМ) өкілдері, арнайы шақырылған меймандар, Қызылорда жұртшылығы қатысты.

Салтанатты жағдайда мерейтойлық марапаттар табысталды. Қызылорда облысының әкімі Б.Б. Қуандықов университеттің 18 студентіне оқуларына гранттық қолдау жасау туралы білім сертификаттарын, сондай-ақ бірқатар ғалымдар мен оқытушыларға құрмет грамоталары мен алғыс хаттар табыс етті.

ҚР БҒМ өкілі Д.К. Айтқұлов Білім және ғылым министрі Б.Т. Жұмағұловтың атынан университеттің оқытушы-профессор құрамының мүшелеріне төсбелгілер мен құрмет грамоталарын табыс етті. ҚР ҰИА бірінші вице-президенті, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің түлегі Н.К. Надиров құттықтау сөз сөйлеп, университеттің бес ғалымын ҚР Ұлттық инженерлік академияның құрмет грамоталарымен марапаттады.

Мерейтойға келген қонақтар алдында Қорқыт Ата атындағы ҚМУ бұрынғы ректорлары, шетелдік қонақтар құттықтау сөздерін айтты. Университет ректоры айрықша мақтанышқа айналған түлектерді «Университеттің үздік түлегі» мерекелік медалімен марапаттады.

Салтанатты жиналыс университет студенттері мен оқытушы-профессорлар құрамының күшімен дайындалған үлкен мерекелік концерттік бағдарламамен аяқталды.

Аймақтың білім, ғылым, мәдениет орталығы болып қалыптасқан университеттің шын мәнінде болашағы жарқын, келешегі кемел.

МАЗМҰНЫ

<i>Беркимбаев К.М., Мейірбекова Г.П., Керимбаев Б.Т.</i> Болашақ мамандарды кәсіби даярлауда ақпараттық-компьютерлік технологияларды қолдану тенденциялары	3
<i>Кервенов Қ.Е. Медеубаев Н.Қ.</i> Пәнаралық зерттеулер нәтижесіндегі информатология және оның негізгі бағыттары	8
<i>Ділманова А.Т.</i> Топырақтың азғындалуын математикалық модельдеу мәселесі	10
<i>Бахтиярова С.Б., Жұманазарова Қ.А.</i> Оқу үрдісінде интерактивті тақтаны пайдалана отырып, оқушылардың ақпараттық-коммуникативтік күзіреттіліктерін қалыптастыру	14
<i>Қожатай Б.Б.</i> Білім беру жүйесіндегі ақпараттық технологияның мүмкіндіктері мен тиімділігі	17
<i>Алибекова А.О., Скакова В.С.</i> Шетел тілін оқытуда мультимедиялық бағдарламаларды қолдану	21
<i>Рахметуллаева Р.К., Әбілов Ж.А., Мун Г.А., Абдықалықова Р.А., Үркімбаева П.И., Тоқтабаева А.Қ.</i> Электрондық оқулықтың ақпараттық-коммуникациялық технологиядағы алатын орны	24
<i>Нурланова Б.М., Медеубаев Н.К., Шаукенов Ж.Т., Джанысова Д.Д., Сейтмуратов А.Ж.</i> Мгновенное состояние среды, соответствующее некоторому фиксированному моменту времени двухкомпонентного полупространства	27
<i>Жанмолдаева А.Б., Жанмолдаев Б.Ж.</i> Спутниктік байланыс жүйесінің қабылдаушы құрылғыларының сапалылығын есептеу жолдары және оның математикалық моделі	31
<i>Танибергенова С.С.</i> Дистанционные технологии в обучении иностранному языку	35
<i>Сүлейменова Ж.А.</i> Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар және оны ағылшын тілі сабағына пайдалану	38
<i>Остаева А.Б., Мырзабаева А.Ш.</i> Проблемы обеспечения защиты корпоративных вычислительных сетей	42
<i>Сұлтанбекова Г.Н., Серікқызы М.</i> Шетел тілін оқытуда ақпараттық-коммуникативтік технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы	46
<i>Бекмұратова Х.Қ., Айымбетова М.Т., Үргенішбаева Ж.Р.</i> Қызылорда бекетіне келіп түсетін жүктерді қабылдау-жөнелту қызметінің ақпараттық жүйесін құрудың моделі	50
<i>Айтимова У.Ж., Тажикова Г.Д.</i> Оптимизация запросов в распределенных и параллельных системах управления базами данных	53
<i>Әйтимова Ұ.Ж., Ыбраева А.Ә.</i> Компьютерлік желілерде маршруттау алгоритмдерін пайдалану	56
<i>Әйтимова Ұ.Ж., Балмаханова А.Е.</i> Web-қосымшасындағы ақпараттық өзара қатынас интерфейстері	59
<i>Дәуренбеков Қ.Қ., Еңсебаева Г.М., Егешова М.М.</i> Мобильді силлабус кешені	62
<i>Даутбаева А.О., Мырзахметова С.Е.</i> Исследование наблюдающего устройства с повышенным потенциалом робастной устойчивости	64
<i>Даутбаева А.О., Иманова Ж.У., Бексеитова А.Б.</i> Построение наблюдателя для однопараметрических структурно-устойчивых отображений	68
<i>Еңсебаева Г.М., Есіркепова А.Ө.</i> Мәліметтерді тасымалдау барысында жоғалған ақпаратты есептеуді компьютерлік модельдеу	72
<i>Есіркепова А.Ө.</i> Ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдаланудың негізгі мәселелері	75
<i>Есіркепова А.Ө., Еңсебаева Г.М.</i> Болашақ маманды даярлауда ақпараттық және коммуникациялық құрылғыларды қолданудың артықшылықтары	78
<i>Мырзабаева А.Ш., Мырзамұратова А.А.</i> Корпоративті есептеу желісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуде көпагенттік жүйелердің қолданылуы	81
<i>Наурызбаев Е. А.</i> Конвергентті желілер	85
<i>Түрешибаев А.Т., Омарова У.Ш., Мырзахметова С.Е., Умарсерикова Г.Г.</i> Нелинейное моделирование динамики орбитальных стационарных точек фотогравитационной ограниченной задачи трех тел	88
<i>Тұрлыгулова Н.Ә.</i> Негізгі мектепте сапалы білім беру компоненттерінің бірі – алгоритмдік мәдениет	92
<i>Айтимов М.Ж., Жусипбек Б.К.</i> Google-дің бұлтты қызметтері	95
<i>Айтимов М.Ж.</i> Виртуализация технологияларының негізгі түрлері	98
<i>Минглибаев М.Ж., Сейтмұратов А.Ж., Арипбаева Ж.П.</i> Өзара гравитациялаушы бейстационар үш дене мәселесінің үшбұрышты дербес шешімдері	101
<i>Аубакирова Ж.Қ., Тұрғанбаева Ә.Ж.</i> Модульдік жүйе бойынша оқыту	106
<i>Джарова С.А.</i> Численный метод решения ретроспективной задачи теплопроводности	109

<i>Жайсаңбаев Т.Р., Бекқожаев Ә.</i> Жарық және оның қоршаған ортаға әсері туралы оқу материалының физика курсында пайдаланылуы	113
<i>Жарменова Б.К., Мукеева Г.И., Альменаева Р.У.</i> Эффективность внедрения информационных и коммуникационных технологий в образование	117
<i>Избасаров Е.Ж., Тусупова Б.Б., Сейтмуратов А.Ж.</i> Об использовании методов имитационного моделирования для исследования сложных систем	120
<i>Матурбаева О.Ж.</i> Mathematical methods in the speech recognition systems	122
<i>Нысанқұлова Б.Ә., Құлмырзаев Н.</i> «E-learning» – виртуальды оқытудың бірнеше бағыттары мен оны қолданудың ерекшеліктері	127
<i>Сейтмуратов А.Ж., Аймырзаева А.Б.</i> Білім беруді ақпараттандырудың біріздендірілген құралдарын жасау	130
<i>Тулегенова А.Ж., Есимханова Н.И.</i> Эффективность использования электронных учебников в преподавании истории	132
<i>Сейтмуратов А. Ж., Юлдашева Ұ.Б., Жанысова Д.Ж.</i> Информатиканың соңғы жетістіктерін пайдалана отырып есепті электронды есептеу машинасы көмегімен шығару	135
<i>Искаков Ж., Қалиев Б.</i> Физиканы оқытуда компьютерді және мультимедианы пайдалану	138
<i>Жарбулова С.Т.</i> Актуальные проблемы обучения профессиональному русскому языку в режиме on-line	142
<i>Абеева А.А.</i> Регуляризация уравнения Гельфанда-Левитана методом установления	145
<i>Бақалбаева Г.А., Кенесары А.Б., Құлмырзаев Н.С.</i> Сымсыз байланыс технологиясы – WiMAX	148
<i>Усайнова Г.М., Ибрагимова Н.Ж.</i> Электронды оқыту жүйелері, стандарттар мен спецификациясы	152
<i>Қулакаева И.Ж.</i> Виртуальные карточки коммерческих банков Казахстана и преимущества их использования	155
<i>Әбілмоынова М.Ш.</i> Информатика сабағында power point бағдарламасын презентация әзірлеу құралы ретінде оқыту	160
<i>Ешпанова Д.Д.</i> Методы выявления корреляционной связи при изучении демографических процессов	164
<i>Коптилеуов А.Б.</i> Обзор методов и средств имитационного моделирования производственных систем	170
<i>Бахытұлы С., Қошқарова Ш.З.</i> Кәсіби оқыту педагогтарын дайындауда ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану	173
<i>Мансуров К.Ж., Шорникова О.Н.</i> Разработка модульной технологии обучения и ее использование в учебном процессе вуза	176
<i>Мұратбаева Г.А.</i> Болашақ педагог мамандарын даярлау жүйесінде заманауи білім беру технологияларын пайдаланудың тиімділігін арттыру мәселелері	179
<i>Тілеубай С.Ш., Бекмұратова Х.Қ., Тоқсанова С.Қ., Жалмурзаева А.Н.</i> Bluetooth-ға қатысты қорғалған байланысты құру	184
<i>Диуанова Р.К.</i> Шетел тілі сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану – заман талабы	187
<i>Сүлейменова О.Я., Абрамова Г.В.</i> Болашақ химия оқытушыларын дайындау бағытындағы пәндердің СӨЖ тапсырмаларында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қарастыру	190
<i>Дәуренбеков Қ.Қ., Тулендиев К.Е.</i> Ақпараттық жүйелерді жобалау технологиялары	193
<i>Остаева А.Б., Кабдолдина Н.</i> Требование к платформам приложений серверной стороны	196
<i>Ким С.Т.</i> Методы интерактивного обучения в вузе	198
<i>Балмаханова А.Е., Нұрова Г.Ж.</i> Жоғары оқу орнының компьютерлік желісін құру үшін көп есептік операциялық жүйелердің негізінде тиімді желілік шешімдерді таңдау	201
<i>Байманова З.Ж.</i> Әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың динамикасын статистикалық зерттеу	203
<i>Үсенов С.С., Балтөреев Д.М.</i> Білім беру порталдарын ресурстармен толықтыру ерекшеліктері	207
<i>Қазбайқызы А., Қайырбай Қ.</i> Отандық сүт және сүт өнімдерін дайындау мәселесі	210
<i>Елпанова М.А., Қулахметов М.</i> Құрылыс саласын инвестициялаудың экономикалық аспектілері	213
<i>Өтегенова К.А., Маманова А.</i> Ауыл шаруашылығының материалды-техникалық базасын дамыту мәселелері	216
<i>Өтегенова К.А., Матназаров Қ.</i> Аймақтағы құрылыс нарығының ағымдағы жағдайы	218
<i>Сағынаева М.С., Алтаев И.М.</i> Развитие и реализация индустриально-инвестиционных проектов Қызылординской области	221
<i>Әбдігаппарова А.Ж., Игенбаева Р.Т.</i> Заманауи дидактикадағы интерактивті оқыту формасы мен әдістері	229

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің

ХАБАРШЫСЫ

1999 жылғы наурыздан бастап шығады Издаётся с марта 1999 года

Жылына екі рет шығады Издаётся два раза в год

Редакция мекен-жайы:
120014,
Қызылорда қаласы,
Әйтеке би көшесі, 29»А»
Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда
мемлекеттік университеті

Телефон: (7242) 26-17-95

факс: 26-27-14

E-mail: ksu@korkyt.kz

Адрес редакции:
120014,
город Кызылорда,
ул.Айтеке би, 29 «А»,
Кызылординский
государственный
университет
им. Коркыт Ата

Құрылтайшысы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
Учредитель: Кызылординский государственный университет им. Коркыт Ата

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі
берген 450-Ж бұқаралық ақпарат құралын есепке алу куәлігі, 29 қазан, 1998 ж.

Техникалық редактор: Кұлманова С.А.

Редактор: Мұхиден Б.М.

Компьютерде беттеген: Скакова А.Е.

Теруге 15.11.2012 ж. жіберілді. Басуға 12.12.2012 ж. қол қойылды.
Форматы 60x84 ¹/₈. Көлемі 15,81 шартты баспа табақ. Таралымы 500 дана.
Тапсырыс 56. Бағасы келісім бойынша.

Сдано в набор 15.11.2012 г. Подписано в печать 12.12.2012 г.
Формат 60x84 ¹/₈. Объем 15,81 усл.п.л. Тираж 500 экз. Заказ 0062. Цена договорная.

Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Мақала мазмұнына автор жауап береді.

Қолжазбалар өңделеді және авторға қайтарылмайды.

«ХАБАРШЫДА» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

«Фолиант» баспасы.

010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды